Ал Lesson Study кезінде мұғалім ең бастысы оқушыларды дамытуға, оқу ортасын құруға назар аударады. Сонда ғана оқушылар ақпаратты енжар қабылдамай, оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады.

Сабақты зерттеудің мынадай артықшылықтары бар:

1. Сабақты зерттеу белгілі бір мақсатқа бағытталады;
2. Кәсіби біліктілікті арттырудың бір тәсілі
3. Әріптестер арасындағы өзара қарым-қатынас орнатады;
4. Мектепте білім берудің жаңа бағыты
5. Кері байланыс, өз жұмысын талдау

Lesson Study-ді, яғни сабақты зерттеу мынадай қадамдардан тұрады:

1. Бір пәннен сабақ беретін пән мұғалімдері немесе бастауыш сыныптың 4-6 мұғалімі бірігіп топ құрады. Мұғалімдер белгілі бір нәтижеге жетуді көздейтін, өзара сыйластыққа құрылған талаптарды құрастырып алады.

2. Топтағы мұғалімдер сабақты зерттеудегі басты мәселені анықтап алады, мысалы «А» деген баланың оқуын жақсарту үшін «Х» тәсілді біз қалай тиімді пайдалана аламыз?

3. Топ мұғалімдері қандай сыныпқа зерттеу сабағын ұйымдастыратынын және қай оқушыны зерттейтінін алдын-ала ақылдасып анықтап алады. Сыныпта оқитын оқушылардың ішінен жоғары, орта, төмен көрсеткіштері бар үш оқушыны (А,Б,В) таңдап алады. Lesson Study-дің аяғында әр оқушыдан қандай нәтиже күтетіні туралы қысқа жазып қояды.

4. Топ мұғалімдері бірігіп зерттеу сабағының жоспарын жасайды. Жоспар жасау барысында зерттелетін үш оқушының деңгейіне қарай тапсырмаларды іріктеп алады.

5. Топтың ішінен бір мұғалім зерттеу сабағын жүргізеді де, қалған мұғалімдер зерттелетін оқушыны ерекше назарға алып, байқағандарын жазып отырады.

6. Сабақтан кейін мұғалім бірнеше оқушыдан зерттеу сабағы туралы пікірлерін тыңдайды.

7. Сабақ бітісімен топ мұғалімдері сабақты талдауға кіріседі.

Сабақты талдау төмендегі құрылым бойынша жүргізіледі:

- бақылауға алынған оқушылардың оқу нәтижесі жоспарлау кезінде алдын-ала жасаған болжамға сәйкес келген-келмегенін салыстырады.

- сыныптың жаппай сабаққа қатысу деңгейі тексеріледі;

- зерттеу сабағының барысы мен оқыту үдерісі қалай ұйымдастырылғаны анықталады;

- зерттеу сабағында қойылған оқу мақсатының нәтижеге жеткен-жетпегені анықталады;

- зерттеу барысында анықталған мәселелердің негізінде келесі сабақтың сабақ мақсаты қойылады;

- топ мұғалімдері келесі зерттеу сабағының жоспарын бірігіп жасайды.

Lesson Study-дің 2-3 циклінен кейін топ оқу мен оқытуға өзгерту енгізу жөнінде ақылдасып, шешім қабылдайды.

Мектепте шағын топ құрып, сабақты зерттеу жұмысына мектептің әкімшілігін де қатыстырған дұрыс. Себебі бұл жерде ұстанатын негізгі қағида тек сол сабақтың табысты болуы ғана емес, мектепте оқытудың жалпы сапасын жақсартуға бағытталады. Lesson Study-ді жүргізуді мектептің оқу жоспарына енгізіп, оны жүргізу мұғалімдерге міндеттелген жағдайда ғана бұл әдіс табысты болады. Сондай-ақ әрбір сабақты жоспарлауға кеткен мұғалімдердің уақытын да есептемеуге болмайды. Сондықтан мұғалімнің еңбегіне төленетін жалақы мәселесі де дұрыс шешімін табуы керек, себебі Lesson Study жүйелі түрде үздіксіз жүргізілетін, ұзақ уақытты қажет етеді.

Сабақты зерттеу кезінде мұғалімнің іс-әрекеті ғана емес, оқушылардың оқу әрекеті бақыланады.

Көп жағдайда мектепте жүргізілген академиялық зерттеулер шынайы болмайды, онда өмірден тыс қалған ақпарат басым келеді. Ал егер мұғалімдер Lesson Study арқылы, яғни нақты сабақ беру тәжірибесі (практика) арқылы зерттеу сабағын жүргізумен айналысса мектептегі оқытуды жақсартуға мүмкіндік ашылар еді. Сондықтан да аудандық немесе облыстық оқу-әдістемелік камтамасыз ету бөлімінің мамандары мұғалімдердің кәсіби және ғылыми біліктілігін арттыру мақсатында осы әдісті қолдану мүмкіндігін мұғалімдерге түсіндіріп, оны ұйымдастыруға көшбасшы болса, онда Lesson Study тәсіліне деген қызығушылық артып, оның құндылығы кеңінен мойындалар еді.

*Қолданылған әдебиеттер тізімі:*

1. Пит Дадли. Lesson Study: нұсқаулық. Астана 2015.
2. Асхат Әлімов. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. Алматы, 2015ж.

### **Білім мазмұнын жаңарту аясында педагогтың кәсіби қалыптасу моделін жүзеге асыру**

*Бисалиева А.Т.*

*«Сәулет» мектеп-лицейінің оқу ісінің меңгерушісі*

Бәсекеге қабілеттілік деңгейін айқындайтын негізгі өлшемдердің бастылары білім саласымен тікелей байланысты. Қазіргі таңда білімнің өзектілігі күннен-күнге өсе түсуде.

Әлемдегі ең жақсы мектеп жүйелерінің тәжірибесіне сүйенетін болсақ, білім сапасын арттыруға себеп болатын үш фактор анықталған: 1) мектепте мұғалім тұлғасына лайық, икемі бар адам жұмыс жасау керек;

2) ұстаздарды оқытудың тиімділігі арттыратындай дайындықтан өткізу;

3) әр оқушы сапалы білім алуына жағдай туғызу.

«Мектептің жаны – ол ұстаз» -ұлы сөздер. Жалпы жоғары тиімді мектеп жүйелерінің құрылысымен және оқыту мазмұнымен ерекшеленетін болса да, барлығы мұғалімнің жұмыс сапасын басты назарда ұстайды. Кезінде Германия канцлері Бисмарк франко-пруссия соғысын прусс солдатты емес, прусс офицерін, фельдфебельді, инженерін және солдатты тәрбиелеген прусс ұстазы жеңіп алды деген. 1961 ж 12 сәуірде Юрий Гагарин алғаш рет космосқа ұшқан кезде АҚШ президенті Джон Кеннеди «Космостан орыстарға мектеп партасында ұтылып қалдық» деген екен. Сондықтан да мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесінде белсенді түрде инновациялық технологиялар енгізілуде. Сол өзгерістерге сай мұғалімдердің білімі мен біліктеріне қатар олардың кәсіби даму деңгейіне де талаптар күшейді.

Қазақстан Республикасының Президенті 1996 жылғы «Дарынды балаларға арналған мектептерге мемлекеттік қолдау көрсету мен дамыту» туралы Жарлығына сәйкес талантты жастарды қолдау мен дамыту мақсатында 2002 жылы 2 қыркүйекте Тасқала ауданында жаратылыстану-математика бағытында «Сәулет» мектеп-гимназиясы ашылды. 2002 жылы 28 тамызда Батыс Қазақстан облысы әкімиятының №273 қаулысы негізінде құрылған, құрылтайшысы Тасқала аудандық білім бөлімі болып табылады. Бірінші уақытта аз ғана оқушымен, кішкентай ғимаратта. Мектеп-гимназияның ашылуының басты себепкері болған кәсіби шеберлігі жоғары, өз ісіне жоғары жауапкершілікпен қарайтын, энтузиаст, облыс көлемінде танымал математика пәні мұғалімдері болғаны. Олар Тасмағамбетов Бақтығұл Жұмажанұлы (мектеп басшысы болып тағайындалды), Кабдешов Досымғали Кабдешұлы,

Акишева Роза Ізімқызы. Осы мұғалімдер мектепке математика, физика пәндеріне икемді дарынды және талантты балаларды жинап, балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға тырысты. Креативті, дивергентті және сын тұрғысынан ойлау орын тапты. Себебі оқушылар, ата-аналар, құрылтайшы, аудан жұртшылығы алдында үлкен жауапкершілік тұрды. Олардың сенімін қалай да ақтау және де дәлелдеу керек болды. Соған байланысты бір мәселенің бірнеше шешімін тауып, оларға өзгеше қарап, шығармашылықпен, ерекше тәсілдермен шешуге тура келді. Соның нәтижесінде оқушыларда ерекше мектепке деген патриотизм сезімі пайда болды, қалайда қиын есептерді шығаруға тырысу, облыс көлеміндегі өтетін жарыстарда орын алу, соның арқасында мектепті танытуға ұмтылыс. 2003 жылы оқушылар облыстық математикалық регатада орын ала бастады, содан кейін облыстық пәндік олимпиадада көрінді. Ғылыми жобамен математикадан Республикалық деңгейіне қатысқан оқушы болды, 2004 ж. Қалниязов Дархан «Құрамында модулі бар теңдеулер мен теңдеулер жүйесін шешу» тақырыбымен. Интернет жүйесіне шығу, алғаш рет қашықтықтан оқыту сол жылдары алғаш рет ауданда гимназияда жүзеге асты. Гимназияда оқушыларды өзгеше (критериалды) бағалау жүйесі, яғни гимназиялық баға енгізілді. Мектепке мұғалімдер конкурс негізінде іріктелді, аудан мектептеріндегі ең мықты мұғалімдер қабылданды. Университет бітірген жас ұстаздар келді. Оларды ұжым ретінде, жас және тәжірибесі аз мұғалімдерді үйрету, педагог ретінде қалыптастыру мектеп басшысы мен тәжірибелі мұғалімдерінің басты міндеттерінің бірі болып саналды. Жаңа оқу орнын ұйымдастыруда, ондағы білім-тәрбие мазмұнын айқындауда, әр алуан бағыттарды, идеяларды және өзіміздегі, жалпы білім беруіміздегі дәстүрлі қалыптасқан кейбір тәжірибелерді негізге ала отырып, өз бағытымызды айқындау міндеті тұрды. Ақырында нәтижеге бағытталған оқу-тәрбие үдерісі орнатылды. Білім беру ұйымның беделі жылдар, кейбірде ғасыр өткен соң орнатылады. Егер мектептің беделі жоғары болып орнатылса, ол айналасына энергияны шашып, «маховик» секілді жұмыс жасай бастайды. Мектеп танымал және беделі жоғары болса, оның мүмкіншіліктері де жоғарылай бастайды. «Сәулетте» жұмыс жасайтын мұғалім немесе «Сәулетті» бітірген оқушы үлкен бренд болып әлі де саналады.

Мектепке оқушылар конкурс негізінде қабылданатын болғандықтан, келген оқушының мотивациясы жоғары болады. Себебі ол жақсы білім аламын деп келеді. Сондықтан да мектеп мұғалімдерін білім іздеп келген оқушылардың ниеті ынталандырады, ізденіске итермелейді. Мұғалімдердің бір-бірімен тәжірибе алмасу, бір-бірінің сабақтарына бейресми түрде қатысуы, бірігіп сабақ берулері дәстүрге айналды. «Жақсы нәтижелерге қалай жету керек?» деген сұрақ барлық мұғалімдерді толғандырады. Себебі білімінің дәрежесіне, кәсібилік деңгейіне қарамастан кім болмасын өзінің үздік нәтижесін үнемі ұстап тұра алмайды, білімді үнемі жетілдіріп отыру керек. Ойшыл Плутарх кезінде былай депті: «...Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады».

Біздің де оқушылар сияқты әр түрлі педагогикалық қабілеттеріміз бар. Педагогикалық қабілеттер - функционалдық жүйе, сондықтан оның басты критерийі оқытудың нәтижесі болып табылады. Қабілеттіліктен басқа кәсіби шеберлік мұғалімнің кәсіби құзыреттілігімен байланысты. Қазір кез-келген проблеманы шешуде шығармашылық тұрғыда қарайтын, салыстыра алатын, талдау жасайтын, зерттеушілік, кез-келген жағдайдан шыға алатын педагог қажет. Сондықтан да біздер мектепте білім берудің жеке пікірі креативті, кәсіби тұрғыда жоғары деңгейдегі маман тәрбиелеудегі іс-тәжірибемізді ұсынамыз. Педагогикалық қабілеттер – бұл жүйе, сондықтан оның басты өлшемі қызметтің нәтижесі. Мұғалімнің қабілеттері, кәсіби деңгейі оның кәсіби құзыреттілігімен байланысты. Педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіби деңгейі бірден жоғары болып келмейді, нәтиже бірден болмайды. Бұл педагогикалық ұжым қалыптасуы бірнеше жылғы мақсатталған үрдіс. Осыған сәйкес мектеп жұмысын ұйымдастыруда ұжым болып проблемаларды анықтап, оның шешу жолдарын

талқылаймыз. Талдау барысында анықталған проблемалар бойынша педагогтардың өзін-өзі кәсіби жетілдіруі үшін, оның теориялық негіздерін білу қажеттілігі туындайды. Осыдан мектептің зерттеушілік тақырыбы анықталады. Зерттеушілік тақырыбы төңірегінде мектептің әдістемелік тақырыбы және одан әр педагогтың жеке тақырыбы шығады. Тақырып бойынша жұмыстардың негізі – әр педагогтың өзін-өзі зерттеу функциялары және кәсіби жетілдіруі болып табылады.

Мұғалімнің осы бағытта нәтижелі жұмыстануы үшін:

- Мектепте әріптестер арасындағы толеранттық қарым-қатынас, өз іс-тәжірибесімен алмасуға болатын ашық инновациялық орта қалыптасқан;

- Әріптестер арасында жан-жақты, бей ресми өзара белсенді қарым-қатынас орнатылған;

- Мектептің дамуына әр педагог белсенді түрде өз шығармашылық жұмысымен үлесін қосады.

Осы тақырыпты жүзеге асыру үшін келесі әдістер кешені пайдаланылады:

- Теориялық –жеке іс-әрекетінің жан-жақты талдауы, синтездеу, абстракциялау, нақтылау, модельдеу, педагогикалық тәжірибені талдау, талдаудан алынған эмпирикалық деректер мен өз қызметін ретроспективті талдауын жинақтау.

- Эмпирикалық-тәжірибелік-эксперименттік жұмыс, озық тәжірибені зерттеу және талдау, бақылау, сауалнама, рейтинг, әңгімелесу, сұхбат алу, өзін-өзі бағалау, сараптамалық бағалау жүргізу.

Тақырып бойынша жұмыс жүргізу барысында әр түрлі өлшем пайдаланылып, талдаулар, ақпарат жинақтау, салыстыру қызметтері атқарылуда.

I кезеңде – тақырып бойынша мұғалімдердің теориялық дайындық деңгейі, қажетті жағдайлардың болуы анықталады.

II кезеңде – мұғалімдердің осы тақырып бойынша өзін-өзі кәсіби даму деңгейлерінің критерийлері көрсеткіштері жасалады.

III кезең – зерттеу нәтижелерін талдау, сапалық және сандық нәтижелерін жинақтау.

Бағытталған, жүйелі жұмысты ұйымдастыру нәтижесінде әр мұғалім нақты өзінің жеке даму траекториясын анықтау барысында жеке тұлға ретінде психологиялық, кәсіби маман ретінде өзгереді және өзін-өзі тәрбиелейді. Бұның себебі зерттеушілік дағдыларын дамыту барысында жаңа жолдар, бағыттар іздеуде мұғалімнің жаңа педагогикалық құндылықтары пайда болады: өзіндік сана, өзін-өзі дамыту, креативті, коммуникативтік, рефлексиялық және болжау қабілеттері.

Біздің мектеп мұғалімдерінің өзін-өзі кәсіби жетілдіруін қарқынды дамыту моделі бағытта жүргізіледі.

<i>Педагогтың өзін-өзі кәсіби жетілдіруін қарқынды дамыту моделі</i>		
<i>1 – кезең</i> мотивациялық	<i>2 – кезең</i> ұйымдастырушылық	<i>3 – кезең</i> рефлексивті
<b>ОРТА</b>		
Инновациялық орта Мектептің даму жоспары, ғылыми-әдістемелік жұмыс жүйесі	Толеранттық орта Психологиялық орта, позитивті қарым-қатынас, демократиялық тұрғыда басқару, әлеуметтік педагогикалық қолдау, диалог	Ашық орта Мектептен тыс кәсіби қарым- қатынас, ақпараттық кеңістік, тәжірибені жинақтау және насихаттау жүйесі
<b>НӘТИЖЕ</b>		
Өзім жасай аламын (қызмет атқарушы субъект)	Басқалармен бірге жасай аламын (әрекет етуші субъект)	Басқалар үшін істей аламын (өзгеріске бейім субъект)
<b>КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТ ДЕҢГЕЙІ</b>		
Репродуктивті Әрекеттің талапқа сай таңдаулы түрлерін меңгереді	Эвристикалық Жеке жұмыс стилі қалыптасады	Креативтік басқалармен қарым-қатынаста жеке стилі қалыптасады

Мұғалімдердің кәсіби қалыптасуына басшылық ету келесі міндеттерді іске асыруды талап етеді.

I кезең – мотивациялық – мұғалімдерді зерттеушілік іс-әрекетке тарту.

II кезең – ұйымдастырушылық – педагогтарды инновациялық технологияларға оқыту.

III кезең – рефлексивті - алған іс-тәжірибелерін жинақтап, таратуға мүмкіншілік беру.

Мектептің даму жоспарын дұрыс жасау арнайы ұйымдасқан орта қалыптасуына, зерттеушілік жұмыстарға бағыттау, педагогтардың білімін жетілдіру жүйесінің қалыптасуы нәтижесінде мұғалімнің өзінің жеке беделінің артуына әкеледі.

I. «Мен өзім жасай аламын» кезеңінде басқарушылық іс-әрекеттер мұғалімдерді бір мақсатты көздейтін, біріккен жұмысқа ұйымдаса алатын ұжымға топтастыру болып табылады. Олардың алға басуының бір шарты әр түрлі жерлерден ақпарат алу, өзі тәжірибелеріне сүйену және әріптестерімен ақылдасып, пікірлесу болады.

II. «Басқалармен бірге жасай аламын» кезеңінде мұғалімдер өзін-өзі басқару, жұмысын жетілдіруге үйрену арқылы жеке белсенді іс-әрекет жасауға бағытталады. Мұғалімдердің тақырып бойынша табысты жұмыс жасауына мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс жүйесі, әдістемелік бірлестікте, шығармашылық топтардағы ізденушілік, шығармашылық жұмыстары әсер етеді. Бір пән мұғалімдері, деңгейлік бағдарлама бойынша біліктілігін арттырған мұғалімдер топтары бірігіп сабақтарын жүйелі түрде жоспарлайды, зерттейді, талдайды, іс-тәжірибелерімен алмасады.

Қорытынды «Басқалары үшін істей аламын» кезеңінде міндеттері болып табылатыны: тақырып бойынша меңгерген технологияларымен, жинақталған тәжірибелерімен бөлісу, оларды басқаларға үйрету, тарату.

Біздің моделіміз бойынша ұйымдастырған жұмыс нәтижесінде келесі қорытындылар жасауға болады.

1. Педагогтардың кәсіби өсуіндегі маңызды мәселе – ол қажеттіліктің туындауы, оң қызығушылықтың пайда болуы, өз іс-әрекетінің мақсатын анықтай алатыны. (Мен өзім жасай аламын, сондықтан мен осы тақырыпты зерттеймін...)

2. Белсенді инновациялық іс-әрекетте жұмыс жасауы тұлғаның өзін-өзі дамытуына әкеледі. (Басқалармен бірге жасай аламын, өзара қарым-қатынаста тәжірибе жинақтай аламын).

3. Өз тәжірибесін жинақтау, талдау, алмасу, кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуға әкеледі (Басқалар үшін жасай аламын, сонда өзім үнемі кәсіби жетілемін, өсемін).



Қазіргі таңда «Сәулет» мектеп-лицейінде 46 педагог жұмыс жасайды. Оның ішінде 75% жоғары және бірінші санатты мұғалімдер. Мектеп аудан мұғалімдері үшін әдістемелік орталық болып саналады. Себебі, мектеп педагогтары өз іс-тәжірибелерімен облыс, аудан, мұғалімдерімен үнемі алмасуда. Мектепте мұғалімдер үшін тақырыптардың берілуі, есептер шығару жолдары, сабақтарды ұтымды ұйымдастыру, қосымша білім беруді ұйымдастыру, жаңа технологияларды тиімді пайдалану, оқушыларды олимпиадаларға, интеллектуалдық байқауларға дайындау бойынша шеберлік кластары, оқыту семинарлары, конференциялар аудан, облыс көлемінде ұйымдастырылып, өткізіледі.

Мектеп мұғалімдері облыс, республикалық деңгейде шығармашылық кәсіби байқаулар мен сайыстарда, олимпиадаларда, регаталарда жүлделі орындарға иеленуде. Сонымен қатар, мұғалімдердің іс-тәжірибелері халықаралық, республика, облыс, аудан көлемінде таралуда.

Мұғалім ізденімпаз болса, оқушы білімпаз болады. Мектеп оқушылары жүйелі түрде халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі олимпиадалар, ғылыми жобалар, интеллектуалдық, шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары аталуда.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

*Қолданылған әдебиеттер:*

1. Введенский В.Н. Моделирование профессиональной компетентности педагога // Педагогика. – 2003. – №10. – С. 51-55.
2. Кучугурова Н.Д. Формирование профессиональной компетентности будущего специалиста // Проблемы и перспективы педагогического образования в XXI веке. – М., 2000. – С. 360-362.
3. Құрманалина Ш.Х. және т.б. Педагогика. Астана-2007. 274-307 бет
4. Компетенции в образовании: опыт проектирования : сб. науч. тр. / под ред. А.В.Хуторского. – М.: Научно-внедренческое предприятие «ИНЭК», 2007. - 327 с.

**Жаңартылған білім беру мазмұны – болашаққа бағдарлану негізі**

**Бисенбаева М. К.**  
Алматы қаласы, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы  
Алматы облысы бойынша педагог  
қызметкерлердің біліктілігін арттыру  
институтының аға оқытушысы

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңартылған білім беру бағдарламасымен оқыту Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға айтарлықтай үлесқосуына жолашады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керектігін атап көрсетеді.

Қазақстан – 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құрып, әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болу үшін де қол жеткізетін басымдықтардың бірі ол – білім [1].

Білім беру мазмұны – жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі.

Қазіргі уақытта тың жаңа идеялармен әр сабақты түрлендіріп, жан-жақты жаңаша оқытудың тиімді жолдарымен оқыту – заман талабы. Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек [2].

Әлем бойынша білім беру жүйесінде келешек жастарға қандай білім беретіні туралы мәселе туындауда. Осы мәселенің негізінде «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені оқыту керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сауалдардың туындайтыны рас. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық әдістемелермен тығыз байланысты. Сондай-ақ, оқушылар оқу арқылы мәдени, эмоционалдық, зияткерлік, әлеуметтік және рухани жағынан даму мүмкіндігіне ие болады. Оқу оқушылардың жаңа білімді меңгеруіне де, алған білімін әрі қарай дамытуына мүмкіндік береді.

Неліктен енгізілген жүйе тіл мамандарынан бастау алды? Жаңартылған білім беру бағдарламасы тілдік қызмет дағдыларын дамытуға (тыңдау, айту, оқу, жазу) аса назар аударылып отыр. Оқу кезеңінен жазба тілге дейінгі оқытудың бірізділігін жүзеге асыруды көздейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы қарым-қатынас құрудың маңызын түсіну және сабаққа арналған тілдік мақсаттарды белгілеу көзделген. Тілдік мақсат үш тілде оқытудың коммуникативті дағдыларын дамытуды қолдау болып табылады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының іске асуы үшін: оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу арқылы білім беру саласындағы халықаралық үрдістерді, білім беру бағдарламасын құру теориясын, оқыту тәсілдерін енгізуге негіз болатын теориялық алғышарттарды қарастырады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының алға қойған мақсаты: оқу бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұны және мақсаттарымен танысып, педагогикалық тәсілдерді түсініп және қолдана білу арқылы оқу мақсаттарына қол жеткізуде критериялды бағалау жүйесін тиімді пайдалану арқылы, оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру [3].

Өз білімі мен мәдени деңгейін үздіксіз арттырып отыратын, өзіне және қоғамға пайда келтіре алатын, табысты бола алатын жоғары адамгершілікті, шығармашыл, сыни ойлайтын тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамыту – заман талабы. Егер оқытудың дәстүрлі моделінде



берілген тапсырмаларды мезгілінде орындаған білім алушы жақсы оқушы деп есептелсе, жаңарған білім мазмұнында алдыңғы орында жігерлілік тұрады, ол өмірде табыстылық, ұтқырлық, түрлі мәселелерді шешу даярлығына кепіл бола алады. Білім мазмұнын жаңарту оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруды, көпмәдениетті тәрбиені болжайды, үштілді білім беру саясатын, мұғалімдердің кәсіби қызметте ақпараттық технологияларды пайдалануын ескереді [4].

Елімізде білім жүйесінде жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейдегі ұлттық мәндегі жұмыстар жүргізілуде. Білім беру бағдарламаларының, бағалаудың, оқулықтардың және педагогиканың ұлттық стандарттарымен байланысты өзекті білім берудегі құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жетістіктерін арттыруды, сонымен қатар, инновациялар мен озық тәжірибелерге қол жеткізуді, ұлттық сәйкестікті мектепбағдарламасы арқылы растау мен іске асыру үшін және барынша ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуі үшін қажетті дағдыларды дамытуды қамтиды.

Ғалым Андерес Шлейхердің: «XXI ғасыр мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандылығының шынайылығын ұғынатын өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек» деген пікіріне сүйенсек, Қазақстандағы жаңартылған білім беру бағдарламасының нәтижесі оң әсерін беретіні сөзсіз. Ғылым саласындағы мұндай елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға және табысты болу үшін әрбір азаматқа қажетті білім мен дағдыға терең әсерін тигізеді», - деп оң бағасын берген [3].

Әсіресе, орыс тілінде оқытатын мектептерде оқушыларға қазақ тілін оқыту барысында оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту арқылы алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген ортада бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас жасауды тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім алады. Оқушылар қоғамда орын алатын әр алуан жағдайларда табысты ынтымақтастық пен өзара түсіністік тудырып, қарым-қатынасқа түсіп, сонымен қатар, тілдік дағдыларын жетілдіре алады.

Жаңартылған білім беру мазмұнындағы бағдарламанегізі тілдік бірліктерді және олардың тіркесімділігі мен қолданылу ерекшеліктері туралы білімді меңгеруде үлкен қолдау көрсетеді. Осының нәтижесінде мектеп оқушыларының сөздік қорлары толығып, тілдік дағдылары жетіледі, ұлттық құндылықтарды құрметтеуді, оны бағалауды үйренеді.

Жаңартылған білім беру мазмұнында тілді меңгерту – мемлекеттік тілді сонымен қатар туыстық, достық және бауырмалдыққа баулудың басты шарты болып табылады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы қазақ тілін меңгертуде «қазақ тілі саласының кеңею» фактілері ескерілді. Оқу бағдарламасы сындарлылық теориясына негізделі отырып, дамыта оқытудың және мұғалімдердің көмегімен неге қол жеткізе алатыны арасындағы айырмашылықты көрсететін жақын арадағы даму аймағы тұжырымдамасын ескереді. Бұл – оқыту мен оқуда үдете оқытуды көздеу. Қазіргі таңда қазақ тілімен қатар, орыс және ағылшын тілдерін қатар үйрету арқылы тілді тез және оңай меңгертуге болатынына болжамдар жасалып отыр. Тілдік дағдыларды қалыптастыра отырып, сын тұрғысынан ойлай алатын, ақпарат пен білімді енжар қабылдап қана қоймай, белсенді түрде үйрене алатын жағдай жасау арқылы оқушылар үшін тиімді оқу ортасын бірлесіп құруға жол ашатын тамаша іргетас. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытуда оқушылардың тілдік күзиреттіліктерін арттыруға көмектесу, тілдің рухани құндылығын, ол еліміздің азаматтарына жауапкершілікпен түсінушілікті жүктейтінін жеткізе білуіміз керек.

Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі пәні бойынша білім беру мазмұнын жаңарту «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»: «қазақ тілі өмірдің барлық салаларында көшбасшы болады» дей келе, сонымен қатар жастар қазақ тілі сияқты жоғары деңгейде орыс тілі мен ағылшын тілін тең үйренуін мақсат етеді. Үш тілді бірдей жоғары деңгейде үйрену үшін жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында бірлесіп жұмыс істеуді көздейді.

*Пайдаланған әдебиеттер:*

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 ж. 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-Ш «Білім туралы» Заңы мен бұл заңға 2012 жылы 09 қаңтарда енгізілген толықтырулардағы және өзгерістердегі мемлекеттік саясаттың негізгі ұстанымдары.

3. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде мектептердегі «Қазақ тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы, – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016ж.

4. Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2014ж.

### **Инновационная деятельность - как условие развития сферы образования**

*Калиниченко О. В., Волкова К. Р., Назмутдинов Р. А.*

*Костанайская область, Костанайский район,*

*г. Костанай, Казахстан. г. Елабуга, Татарстан, Россия*

Инновационная деятельность 60-80-х гг. связана с именами талантливых педагогов В. А. Сухомлинского, М.П. Щетинина, В.Ф. Шаталова, Л.В. Занкова, Ш.А. Амонашвили, Е.Н. Ильина, С.Н. Лысенковой, наиболее ярким открытием которых стала «педагогика сотрудничества». В эти же годы появляются авторские школы Е.А. Ямбурга, В.А. Караковского и др.

В настоящее время возникает необходимость уточнения сущности инновационной деятельности педагогического коллектива образовательного учреждения, систематизации и осмысления существующего инновационного опыта и обогащение педагогических инноваций новыми разработками.

Анализ современной психолого-педагогической литературы в области образования [1,2,3] свидетельствует о существовании различных точек зрения на инновационную деятельность, что приводит к различным позициям в оценке ее результатов и часто затрудняет проведение объективной экспертизы инновационного процесса.

Различные определения инновации отражают основное ее содержание: создание и распространение разного типа новшеств. Инновация – это содержание и организация «нового», тогда как нововведение – это только организация нового. Как считает С.Д. Поляков [4], нововведение – это новшество, вводимое в данном образовательном учреждении или местности (регионе, стране), ориентированное на реализованный образец (новацию). Первая реализация новшества в естественных условиях может считаться новацией.

В.А. Сластенин [5] также считает, что категория новизны относится не столько ко времени, сколько к качественным чертам изменений. Кроме того, нововведение – это не есть что-то принципиально новое, впервые созданное, а есть новшество, где-то уже успешно апробированное на практике, детально изученное и с учетом местных условий вводимое в данное учреждение.

М.М. Поташник [6] употребляет термин «инновация» как процесс освоения новшества. Инновационный процесс имеет сложное строение, в котором выделяется следующая иерархия структур инновационной деятельности:

- деятельностьная структура, как совокупность компонентов (мотивы, цель, задачи, содержание, формы, методы, результаты);

- субъектная структура, как деятельность всех субъектов развития (директора, его заместителей, учителей, ученых, учащихся, родителей и т.д.);

- уровневая структура, как инновационная деятельность субъектов на международном, федеральном, региональном, районном и школьном уровнях;
- содержательная структура, как рождение, разработка и освоение новшеств в обучении, воспитании, управлении и т.д.;
- структура жизненного цикла, включающая этапы: возникновение, рост, зрелость, освоение, диффузия, насыщение, рутинизация, кризис, иррадиация;
- управленческая структура, как взаимодействие четырех видов управленческих действий: планирование, организация, руководство, контроль;
- организационная структура, включающая собственно организационный, диагностический, прогностический, практический, обобщающий и внедренческий этапы.

А.И. Пригожин, К. Ангеловски, В.А. Кан-Калик, В.С. Лазарев, Н.Р. Юсуфбекова рассматривают инновацию как процесс создания и использования нового опыта, связанного с изменениями в социально-образовательной среде, как преобразование и изменение в образе деятельности, стиле мышления педагога, как проявление творчества в педагогической деятельности.

Понятие «инновация», по мнению А.М. Саранова [7], отражает целенаправленный процесс создания, распространения и использования новшества, логику развертывания новшества от идеи до его использования, а также логику отношений между участниками инновационного процесса. Основываясь на идеях системного подхода, можно утверждать, что только целостность всех его компонентов и этапов ведет к качественному изменению системы, к ее переходу в качественно иное состояние, что порождает ревизию устаревших форм, правил, ролей, способов обеспечения ее эффективности, стабильности и жизнеспособности.

А.Лобок [8], анализируя инновационную образовательную деятельность, заявленную в виде образовательных инициатив и проектов в рамках Федеральной экспериментальной площадки, классифицирует направления инновационной деятельности следующим образом:

- проектная деятельность, связанная с моделированием внеучебных открытых образовательных пространств, предполагающих максимальную активизацию субъектности детей, педагогов и родителей в сфере дополнительного образования;
- проекты, ориентированные на создание единого воспитательно-образовательного пространства, объединяющего учебную и внеучебную жизнь детей, преодоление жестких рамок классно-урочной системы, ориентации на событийность школьной жизни;
- проекты, связанные с организацией различных форм взаимодействия образовательных проектов как инновационно-образовательного метапространства.
- проекты инновационной образовательной деятельности, ориентированные на построение различных форм коммуникативных отношений между участниками образовательного процесса, на построение эффективных коммуникативных сред;
- инновационная образовательная деятельность, связанная с организацией внешкольного воспитательно-образовательного пространства, с выходом образовательной деятельности в социум;
- инновационные образовательные деятельности и проекты, имеющие культурологическую и этнокультурную ориентации, в которых культура предстает не как музейный экспонат и не как предмет для учебного усвоения, а как особый способ мироощущения, как созидательное отношение к жизни, как личностно-субъектный диалог с культурой;
- инновационные образовательные направления и проекты, связанные с решением задач управления инновационными образовательными процессами.

О.Г. Хомерики [9] выделяет следующие группы (типы) нововведений с точки зрения их отнесенности к той или иной части учебно-воспитательного процесса:

- инновации в содержании образования;
- инновации в методиках, технологиях, методах учебно-воспитательного процесса;

- инновации в организации учебно-воспитательного процесса;
- инновации в управляющей системе школы.

Каким же образом необходимо конструировать и сопровождать педагогические нововведения, чтобы они соответствовали потребностям образовательной системы? Саранов А.М. называет четыре уровня реализации инноваций в области образования: концептуальный, организационно-деятельностный, научно-методический и внедренческий. На каждом уровне решаются свои специфические задачи.

Задачи концептуального уровня:

- методологическое обоснование приоритетных общенаучных идей, необходимых и достаточных для разработки концепции обновления и отражение в концепции специфики данной школы (лицей, гимназии различного профиля).

Задачи организационно-деятельностного уровня:

- подбор и расстановка педагогических кадров внутри школы, поиск
- привлечение научных консультантов, специалистов для чтения новых курсов и факультативов, создание научно-методического совета для планирования, координации и контроля опытно-экспериментальной работы, создание творческих групп учителей экспериментаторов для разработки и опытной апробации новых курсов и направлений деятельности, обеспечение материально-технических условий для проведения опытно-экспериментальной работы.

Задачи научно-методического уровня:

- разработка и апробация различных вариантов учебных планов.

Задачи внедренческого уровня:

- описание основных направлений деятельности всех участников нововведения, определение средств и условий осуществления намеченного плана, определение методов и механизма мониторинга, корректировка инновационного процесса.

Продуктивность любых изменений всегда зависит от степени их адаптированности к конкретным условиям и принципам регулирования, которые способствуют этой адаптированности. По мнению М.В. Гнево [10], продуктивность инноваций определяется реализацией следующих принципов:

1. Принцип научности, предполагающий научную обоснованность принимаемых решений и вводимых в действие инноваций
2. Принцип комплексности, предопределяющий учет всех внешних и внутренних факторов, оказывающих влияние на эффективность инновационного воздействия.
3. Принцип вариантности, предполагающий множественность путей реализации инновационного воздействия в соответствии с особенностями социально экономического развития образовательного учреждения
4. Принцип целенаправленности, предусматривающий конкретную нацеленность инновационного воздействия на реализацию конкретных программ и проектов.
5. Принцип адекватности, то есть соответствия форм и методов инновационных процессов актуальному состоянию субъектов, учреждения и образовательной ситуации в целом.
6. Принцип эффективности, предполагающий позитивные результаты инновационного воздействия, как для субъекта, так и для регулирующих структур.
7. Принцип адаптивности предусматривает такое управление, когда желаемое состояние системы определяется на основе накопленного опыта, а принимаемые решения можно приспособить к возникающим ранее непредусмотренным условиям.
8. Принцип ресурсной достаточности предусматривает организационное, финансовое, информационное, социально-психологическое, кадровое и другие виды обеспечения.

Таким образом, мы можем сказать, что инновационная деятельность является условием развития личности, включенной в нее. Более того, инновационная деятельность

актуализирует творческий потенциал личности, который поддерживает и развивает содержание самой деятельности.

*Список литературы:*

1. Белкин А.С. Педагогический мониторинг. М.: Институт педагогических исследований РАО, 1998.
2. Волчок Л.А. Управление процессом формирования мотивации педагогического коллектива к инновационной деятельности: Автореф. дис. канд. пед. наук. – М., 2006. - 17 с.
3. Гузеев В.В. Инновационные идеи в современном образовании// Школьные технологии. – 1997. – № 1. – С. 3-10.
4. Поляков С.Д. Психопедагогика воспитания. М.: Новая школа, 1996. –160 с.
5. Славина Л.С. Трудные дети // Избр. психол. труды. М.: Ин-т практ. психол.; Воронеж: НПО «МОДЭК», 1998.
6. Поташник М.М., Моисеев А.М. Управление современной школой (В вопросах и ответах). М.: Новая школа, 1997. – 352 с.
7. Саранов А.М. Тенденции в развитии инновационного поиска в современной школе // Известия Российской академии образования. – 1999. – №3. – С. 68-74.
8. Лобок А. Рекомендации по разработке и совершенствованию образовательных программ по направлениям инновационной деятельности // Школьное планирование. – 2003. – №3. – С. 4-49.
9. Хомерики О.Г. Системное управление инновационными процессами в общеобразовательной школе: Дис. канд. пед. наук. – М., 1996. -186 с.
10. Гневко М.В. Инновационное развитие муниципального образования. СПб.:, 2003. – 217 с.

**Формирование профессиональной компетентности педагогов в условиях обновления содержания образования**

*(Из опыта работы методического кабинета города Павлодара)*

***Нурахметова Ш.С.***

*заведующая методическим кабинетом  
отдела образования города Павлодара*

Система образования города Павлодара представлена разнообразными по типу и виду организациями образования, в которых работают 2860 учителей, 2280 воспитателей и педагогов ДОУ, 435 педагогов дополнительного образования.

Характерной особенностью системы является включенность педагогических коллективов в инновационную деятельность по решению актуальных задач развития образования, стремление к постоянному улучшению достигнутых результатов.

В данном контексте методический кабинет является важным звеном в системе образования, обеспечивающий практическую реализацию образовательной политики региона. Это определяет и цель деятельности - создание оптимальных условий для реализации творческого потенциала педагогических кадров, стимулирования мотивационной активности педагогов к реализации инновационных подходов в решении новых задач по обеспечению качества образования в аспекте формирования функционально грамотной личности в условиях обновления содержания образования.

Учитывая особенности системы образования областного центра и то, что реализация поставленной цели должна быть основана на приоритетах, определенных Государственной программой развития образования и науки РК на 2016-2019 гг., в канун нового учебного года был проведен многоаспектный анализ деятельности кабинета с дальнейшим уточнением задач, содержания и форм работы с организациями образования.

Главный вопрос, на который мы должны были ответить и который в принципе стоит перед всеми работниками системы образования – Как обеспечить соответствие нашей деятельности вызовам времени? Ведь основная функция методической службы в условиях обновления содержания образования – это обеспечение оперативного и массового внедрения

системообразующих инноваций в практику через понимание того, что обновление образования – это есть обновление во всех его составляющих – и в содержании, и в методах, и в формах, средствах обучения, системе оценивания, взаимоотношениях «учитель-ученик».

Именно эти позиции отражены в направлениях, содержании и формах работы методического кабинета города как центра организации системы непрерывного образования педагогов региона, обеспечивающего методическое сопровождение всех вводимых инноваций и представлены на модели организации методической службы отдела образования города (*Приложение 1*).

Деятельность методической службы осуществляется по 4 направлениям:

- организационно-методическое;
- информационно-методическое;
- инновационно-методическое;
- мониторинговое.

Целью организационно-методического направления является внедрение эффективных технологий образования для обеспечения положительной динамики качественных изменений в организации УВП и управления им. пределение содержания данного направления объясняется тем, что в структуре профессиональной компетентности руководящих и профессиональных работников организаций образования одна из ведущих компетенций – владение современными инновационными технологиями, в том числе проектной деятельностью. Их усвоение обеспечит необходимые изменения в умении определять стратегии развития, планировать деятельность и объективно оценивать результаты.

Для реализации организационно-методического направления проводятся: семинары, семинары-практикумы, мастер-классы, вебинары, круглые столы, научно-практические конференции, курсовая подготовка педагогов. Особая роль в данном направлении отведена летней школе заместителей директоров по УВР. Школа проводится ежегодно в июне месяце в течение двух дней. Это стало определенной традицией, одобренной педагогическим сообществом. Сложились и определенная процедура её организации.

Смысл проведения летней школы в том, что в первый день представляются наработки системной деятельности года, во второй день – осмысление новых направлений в аспекте приоритетов года с участием представителей науки, специалистов управления образования, АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Павлодарской области.

Для руководителей методических объединений и творческих групп действует 3-х годовичная Школа тренеров по апробации и внедрению инновационных технологий на основе проведения ОДИ.

За период проведения игр подготовлено 307 тренеров, из них 164 – городского и 143 – школьного уровней. Восьмой год функционирует городской клуб «Профессионально-личностное самоопределение молодых специалистов» («ПроЛС»).

Потребность в новом качестве образования и путях его достижения формируется через деятельность 34 постоянно действующих творческих групп для учителей-предметников, начальных классов, воспитателей дошкольных организаций образования, 15 центров по внедрению и апробации инновационных технологий.

Второе направление работы методического кабинета - информационно-методическое имеет своей целью нормативно-правовое обеспечение и методическое сопровождение профессиональной деятельности педагогов в условиях поэтапного перехода на 12-летнее образование.

Для реализации данного направления проводятся педагогические чтения, научно-практические конференции, формируются электронные библиотеки, медиатеки, сборники материалов по организации УВП в текущем учебном году с размещением на сайте отдела образования.

В числе важных аспектов организации работы в данном направлении является информирование педагогов о проводимых курсах и опыте работы учителей в условиях обновления содержания образования (база данных педагогов).

Инновационно-методическое направление деятельности методического кабинета в настоящее время приобретает в условиях обновления содержания образования новый импульс. И здесь в качестве основного ресурса реализации новых подходов к организации учебно-воспитательного процесса с учетом приоритетов развития системы образования выступают те педагоги и руководители, которые прошли обучение на уровневых и краткосрочных курсах по вопросам развития функциональной грамотности школьников, а сейчас на курсах по обновлению содержания образования.

Это педагоги, способные сами с новых позиций успешно организовать и мотивировать деятельность учащихся. И, кроме того, в режиме коучингов, менторингов и других различных форм обучения способствовать не только информированию о преобразованиях, но и содействовать повышению уровня профессиональной компетентности своих коллег.

Именно менторство мы рассматриваем в качестве одной из основных стратегий повышения квалификации в системе непрерывного образования. В данном направлении совместно с филиалом АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Павлодарской области на основе международного опыта формируется практика организации корпоративного обучения, как обучения на рабочем месте. В каждой школе организована система коучингов и менторинг, между организациями образования – социальное партнерство. Такая логика построения работы позволяет обеспечить органическую взаимосвязь курсов с посткурсовой деятельностью, развивать у педагогов рефлексивную культуру, быстрее и качественнее внедрять идеи в практику работы.

Одним из приоритетных направлений модернизации образования становится сегодня совершенствование контроля и управления качеством образования.

В 2015 году совместно с филиалом АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Павлодарской области и департаментом по контролю в сфере образования и науки мы провели серию семинаров по реализации идей пилотного проекта по оценке качества образования с использованием критериев и дескрипторов. Была проведена апробация разработанных идей на базе одной из школ города. Актуальность инновационного опыта подтверждается Государственной программой развития образования и науки РК на 2016-2019 гг., где в п.5. «Усовершенствовать менеджмент и мониторинг развития среднего образования» раздела «Среднее образование» указано, что школы будут оцениваться по критериям и дескрипторам, будет совершенствоваться процедура самооценки школ.

Уже сегодня наработанный опыт позволяет организациям образования успешно проходить аттестацию в условиях модернизации системы оценивания. Все плановые аттестации учреждений образования за последние три года были успешными.

Совместно с ИнЕУ формируется опыт организации трехязычного образования на базе 18 школ (№№4, 7, 9, 13, 14, 17, 19, 20, 24, 29, 30, 34, 39, 40, 41, 42, 43, школы «Стикс»), этой теме было посвящено проведение августовских секций работников образования и творческих групп.

Особое внимание уделяется проведению эксперимента по обновлению содержания начального образования на базе средней общеобразовательной школы № 39. Учитывая актуальность создаваемого опыта при методическом кабинете организована стратегическая лаборатория для учителей, работающих в 1-ых классах.

С учетом приоритетного направления развития образования по внедрению в учебный план курса «Робототехника» создаются условия для осуществления соответствующей профессиональной подготовки учителей (за 2016 год курсы были организованы и проведены курсы, которые прошли 52 учителя информатики и 17 директоров).

Хотелось бы отметить, что в организации деятельности по всем названным направлениям мы используем весь арсенал коммуникативных возможностей для современного учителя, который за последнее время заметно расширился.

Новые формы коммуникации, такие как он-лайн конференции, мастер-классы, виртуальные классные комнаты, совместная работа в сети, способствуют обмену опытом, дают возможность комментировать и задавать вопросы, не взирая на расстояния, наблюдать положительный опыт других педагогов на виртуальных мастер-классах, повышать свой квалификационный уровень и ИКТ компетентности в принципиально новом информационном пространстве.

Мы четко осознаем проблемы, которые возможны при организации методической работы такого масштаба. Педагог учится, эмоционально реагирует на все новые идеи, но, возвращаясь на рабочее место, может потерять желание действовать. Нужна обратная связь и мотивация к дальнейшим действиям.

Это предусмотрено содержанием деятельности методического кабинета и отражено в проведении мониторинга как основы в получении обратной информации для определения имеющихся затруднений и планирования дальнейших действий.

Целью мониторингового направления методического кабинета является получение аналитико-диагностической на основе реализации квалиметрического подхода к изучению результативности образовательного процесса в условиях обновления образования. В качестве ресурса получения обратной связи мы используем виртуальную приемную, электронный Дайджест «100 вопросов – 100 ответов».

В течение года для реализации мониторингового направления организуются: анкетирование, опросы участников образовательного процесса, экспертиза методических материалов.

Проводится рейтинг творческой активности педагогов, методических служб организаций образования с подведением итогов на августовской секции в форме «Учительской олимпиады», награждением организаций образования и педагогов, изданием книги «Табыс», внесением имен лучших педагогов и руководителей в Книгу «Золотых имен» за личный вклад в развитие системы образования г. Павлодара.

Всё многообразие направлений и форм организации взаимодействия методического кабинета с организациями образования города позволяют обеспечить охват практически всех педагогических работников на основе дифференцированного подхода к разным категориям педагогов организаций образования г. Павлодара.

Повышению качества методической службы города способствует партнерство с учеными Павлодарских вузов области, педагогическим колледжем, коллективами инновационных организаций образования, филиалом АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Павлодарской области. В числе партнеров – ВУЗы республики (ЕНУим. Гумилева, КИМЭП, КазГЮА, КПКУ), ВУЗы ближнего и дальнего зарубежья (НГТУ, ОмГУ, Алтайский ГУ, ТПКУ). Мы всегда открыты к диалогу. В сентябре были проведены международные ОДИ по проблемам повышения качества образования. Традиционно на базе методического кабинета города организуется учеба для методистов рай, гор методкабинетов области.

Традицией в городе стал проводимый в канун профессионального праздника, конкурс «Учитель года», а также конкурсы «Лидер в образовании», «Лучший педагог, воспитатель, социальный педагог».

На протяжении последних трех лет методическая служба города занимает первую позицию в рейтинге рай- и гор- методкабинетов Павлодарской области. Опыт деятельности городского методического кабинета обобщен Инновационным центром развития образования и воспитания Павлодарской области.

Как оценить результат работы методических служб? Какой критерий считать главным? Ответ на данный вопрос мы соотносим с поставленной целью. А это означает, что



главное в оценке – повышение качества образования, проявление творческой активности педагогов и руководителей, возросшая потребность в самообразовании и самореализации.

Следует отметить, что по итогам 2015 года эффективность деятельности образовательных систем Павлодарской области определена Министерством образования Республики Казахстан как «высокая», что отмечено в Национальном докладе о состоянии и развитии системы образования РК. Такая оценка характерна только Павлодарской области, что свидетельствует о результативности и творческой активности педагогических кадров, в том числе г.Павлодара.

Подтверждением тому являются следующие факты и статистические данные. В городских и областных профессиональных конкурсах в 2016 году приняли участие более 1900 педагогических работников (78%). Из 205 участников конкурса «Лучшее методико-дидактическое пособие» призовые места заняли более 70% педагогов.

Первые места в областных конкурсах: «Учитель года - 2016», «Лучший социальный педагог» заняли павлодарские учителя.

В 2015-2016 учебном году в республиканских, областных и городских профессиональных конкурсах приняло участие более 2300 педагогических работников (80%). Из 135 участников республиканских педагогических чтений победителями и призерами городского тура стали- 37, областного тура –7, республиканского - 2.

Город гордится личными достижениями педагогов, результатами их участия в Республиканских конкурсах: победитель республиканского конкурса «Лучший педагог» Жумабаева А.К., учитель географии школы–гимназии №39, автор учебников «Экономическая география» 9 класса. Учебник, а также практикум для учащихся, методическое пособие учителю рекомендованы МОН РК к использованию в школах республики.

В числе призеров и лауреатов республиканской олимпиады «Галантливый учитель – одаренным детям» стали Серикбаев А.С. (учитель информатики школы №19), Омарова А.К. (учитель химии Жетекшинской СОШ), Каиркенова А.С. (учитель английского языка школы №29).

Главными факторами, обеспечивающими системный успех, являются ориентация на личностное развитие педагога, культ профессионализма, корпоративную зрелость педагогических коллективов. А это – серьезный шаг навстречу тем переменам, которые осуществляются в рамках реализации государственной политики в области образования.

Мы можем констатировать переход методической службы города в новое состояние, которое характеризуется открытостью, мобильностью, своевременной реакцией на изменения внешней среды и запросы потребителей, восприимчивостью к инновациям, экономической целесообразностью и управляемостью.

Непрерывность образования в условиях обновления содержания образования для каждого педагогического работника города Павлодара обеспечивается возможностью его движения на основе сотрудничества и развития корпоративной культуры по маршруту самообразования и самосовершенствования на пути к постоянному достижению качественных результатов. Именно это выступает сегодня в качестве определенного гаранта повышения конкурентоспособности системы образования г. Павлодара, как областного центра системы образования Павлодарской области.

Стратегия дальнейшего развития методической службы определяется государственной политикой в области образования, стремлением к созданию вариативной и гибкой к современным условиям образовательной среды для профессионального, творческого развития педагогов и руководителей, удовлетворения их профессиональных потребностей, формирования корпоративной культуры среди педагогических коллективов.

**Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде мамандар**

## даярлаудың жолдары: жаңа амалдар

*Ш.Қ. Исаханова, Г.Н. Боранбаева*

*Алматы облысының әдістемелік кабинеті,  
Талдықорған қаласы, [tal.metodtip@mail.ru](mailto:tal.metodtip@mail.ru)*

Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту – қазіргі қоғамның жаңашыл талабы болып отыр. Бұл саланы дамыту өркениетке жетудің бір жолы.

Бүгінгі кәсіптік оқыту – техникалық қызмет көрсетуші және басқарушы еңбек мамандарын кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтитын кәсіптік білім беру жүйесінің бір бөлігі болғандықтан, техникалық және кәсіптік білім жүйесі тұлға мүдделерін, еңбек нарығының сұраныстарын және экономика мен әлеуметтік саланы дамытудың перспективаларын қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады.[1]

Осы орайда, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында техникалық және кәсіптік білім беру саласына, оның ішінде жұмысшы мамандардың беделіне қатты назар аударды. «...жұмыспен қамту бағдарламалары және қайта оқыту арқылы жұмыс істейтін адамдарға мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында 2017 жылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіби-техникалық білім беру» жаңа жобасын жариялады. [2]

Ал техникалық және кәсіптік білімнің міндеттерін жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламаның негізгі индикаторларының бірі техникалық және кәсіптік білім беру арқылы оның беделін арттыру, кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ету, елдің индустриалдық-инновациялық даму сұраныстарын ескеру және кәсіптік білім беру мазмұнын жаңарту болып отыр. [1]

Алматы облысында жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын 73 оқу орны (40 мемлекеттік, 33 жекеменшік) бар. Оқу орындары техникалық және технологиялық, ауылшаруашылық, құрылыс, педагогикалық, медицина, қызмет көрсету және сервис, мәдениет, өнер, заңгер, экономикалық салалары бойынша мамандар даярлайды.

Елбасының «Еліміздегі әрбір азаматтың мамандықтарының санаты әлемнің кез келген мемлекетіне қажетті болатындай дәрежеде болу керек»- деген келелі мәселесі педагогикалық инновацияларды бірінші қатарға шығарды. Техникалық және кәсіптік білім саласына енгізілген инновациялық үдерістер мен жаңашылдық мүмкіндіктерін ұштастыруға бағыттаған облыстық әдістемелік кабинет 4 жылдық жұмыс аясында шығармашыл педагогтарды анықтап, оқытушыларымыздың тәжірибе жинақтауына және озық іс-тәжірибені тарату жолында 27 семинар, 15 байқау, 4 педагогикалық оқу, 4 әдістемелік десант, 12 әдістемелік кеңес, 15 конференция ұйымдастырып, 500-ден астам педагогтың тәжірибе таратуына әдістемелік тұрғыдан ықпал етті. Дәл осы тәжірибе алмасу семинарларында жаңа білім беру мазмұнының, инновациялық технологиялардың тиімділігі, мүмкіншіліктері ашық сабақтар, әдістемелік күн, презентациялар алаңы іскерлік ойын, шебер-сынып арқылы оқытушыларға кеңінен көрсетілуде. Нәтижесінде жас мамандар аталмыш шаралардан үлкен тәжірибе жинақтап, әдістемелік қоржынды көптеген ақпараттармен толықтырып та жатыр.

Мамандықты дұрыс таңдаудың кепілі - кәсіби бағдар беру жұмысы. Колледждер жыл сайын ашық есік күнін ұйымдастырып, мектеп оқушыларының кәсіптік-техникалық мамандықтарды таңдауына кеңінен ықпал етеді. Десек те, бір сарынды жұмыстың берер мүмкіндігі де аз. Сол себепті кезекті тамыз кеңесі мен әдістемелік кеңес жұмысына облыстық кәсіпкерлер және индустриалды-инновациялық даму басқармасының, кәсіпкерлер палатасының адами капиталды дамыту бөлімінің, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының өкілдерін қатыстыра отырып, өзекті проблемаларды анықтадық. Соның бірі алдағы 5 жылда облысымызға қажетті мамандардың

сұранысының мониторингісі және кәсіпкерлер палатасының мектеп оқушыларына жүргізген сауалнамасының көрсеткіштері. Сауалнама қорытындысы зер салсақ, мектеп оқушыларының 90% -ы әкім, прокурор, сот төрағасы, құқық қорғау органының басшылары секілді лауазымдық жұмыстардың иегері боламыз деген. Егер барлығы басшы болса, қарапайым еңбек иесі кім болмақ? Сондықтан біз жұмысшы мамандығын кеңінен насихаттау мақсатында, Елбасының «Ұлт жоспары-100 нақты қадамды» жүзеге асыру аясында «Аспаз», «Тігінші», «Дәнекерлеуші», «Шаштараз» мамандықтары бойынша облыстық семинар жұмысын ұйымдастырып, мамандықтың өзіндік ерекшелігін кеңінен білу үшін оқушыларға «Терең білім-тәуелсіздігіміздің тірегі» тақырыбында олимпиада жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде «Айтуға оңай» ток-шоу бағдарламасы арқылы кәсіптік білімнің мәртебесін республика көлемінде насихатталуына ат салыстық. Жоғарыда жүргізілген іс-шаралардың тұрақты әрі жаңашыл әдіс-тәсілдерді енгізу мақсатында «Жастарға кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыруды әдістемелік қамсыздандыру» тақырыбында колледж директорының кәсіби бағдар беру жұмыстары жөніндегі орынбасарларына арнайы оқу семинарын да өткіздік. Атқарылған жұмысымыздың көрсеткішін биылғы оқу жылына қабылданған оқушылардан аңғаруға болады.

Еңбек нарығындағы ғылым мен техниканың, технологиялардың қарқынды дамуына байланысты, қоғамның индустриалды-инновациялық талаптарына төтеп беретін білікті, маман қажет. Бұл жаңа білім беру бағдарламасын туындатты.

Қоғамның жаңа білім беру бағдарламалары модульдік тәсіл негізіндегі қазақстандық жұмысберушілер талаптары бойынша құрастырылған, мұнда әрбір модуль нақты жұмыс түрлері үшін нақты құзыретті құрастыруға бағытталған. Құзырет білім алушылардың әр түрлі пәндердің аралас тақырыптарын оқу арқылы интеграцияланған білім, білу мен дағдыны алу және оны практикалық бекіту негізінде құрылады. [3]

Жаңа білім беру бағдарламасын қолдану икемділігіне және мамандықтар бойынша Типтік оқыту бағдарламаларымен біріктіруіне қолжеткізу мақсатында МЖМБС жалпы ережесімен белгіленген оқыту уақыты көлемін ұстану ұсынылады.

Бағдарламалардың маңызды компоненті білім алушылардың практикалық даярлыққа тіреуі болып саналады. Ол үшін бағдарламаларда арнайы модульдер мен өндірістік оқыту араласқан. Яғни, егер Типтік оқыту жоспарында (ТОЖ) өндірістік оқыту бөлек көрсетілген және кәсіптік практикаға енеді, ал жаңа бағдарламаларда – арнайы модульдер бойынша үлестірілген.

Бағдарламалардың тағы бір ерекшелігі – ол білім алушылардың нәтижеге бағытталуы. Мұнда білім алушының академиялық құзыретін құрайтын жалпы кәсіптік пәндер бойынша оқылған білім, білу және түсіну бағасы және арнайы модульдер бойынша оқу нәтижесі ретінде құзырет деңгейін тексеру туралы айтылған. Бітірушінің оқыту моделін құруға жаңа тәсіл осыдан тұрады, алғашқыда осындай моделдің негізін біліктілік сипаты құрған. Жаңа білім беру бағдарламасы оқу мазмұнын жалпы қызмет түріне құрылатын жақын біліктілік бойынша интеграциялауға мүмкіндік береді. Бір қызмет түрінде бірнеше қатысушылар болады, мысалы: жұмысшы, техник және кіші инженер. Интеграцияланған үдерістер деп біз нақты білім ортасында болатын үдерістерді түсінеміз және оның барысында білім деңгейі, блоктар, модульдер, бағдарламалардың біркелкі білім жүйесіне интеграциясы болады. Осындай интеграция негізінде біркелкі үздіксіз сабақтас ілесетін интеграцияланған білім беру бағдарламалары құрастырылады; оқу пәндер, тақырып пен дидактикалық бірлік (оқыту элементтері) оқудағы қайталауды шығарып тастау есебінен меңгеру кезінде, білім беру үдерісі қысқа мерзімде өтеді.

Институционалды реформаларды жүзеге асыру қадамдарының бірі – экономиканың басым бағыттары негізінде кәсіби мамандарды дайындау болғандықтан, «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы әлемнің жетекші оқу орындарының бағдарламаларымен сәйкестендірілген 45 мамандық бойынша оқу жоспарларын құрастырып, бекітті. Қазіргі уақытта тағы 65 мамандық бойынша жоспарлары қайта қарастырылуда. Жаңа

білім беру бағдарламасында модульдік, кредиттік және дуальді оқыту тәсілдерін пайдалану мүмкіндігі ескеріледі. Бағдарлама креативті, практикалық бағыттағы инновациялық модульді қамтамасыз етіп, студенттердің практикалық дағдыларын арттырумен қатар біліктіліктерді кезең-кезеңмен алу мүмкіндіктерін жүйелейді. Мысалы: бірінші және екінші модульде жұмысшы мамандығын, үшінші модульде орта буын мамандарын даярлауға, ал төртінші модульде қолданбалы бакалавриат мамандығын алуға болады. Жаңа білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін ағымдағы жылдың мамыр-шілде айларында республика көлемінде 2600 арнайы пән оқытушыларын курстан өткізсе, оның ішінде 219-ы біздің облыстың оқытушылары болып отыр. Соның ішінде 10 оқытушымыз тренерлік жұмысты жүргізіп, бағдарламаның қарқынды жүзеге асырылуына белсенділік танытуда. Біз енгізіліп жатқан жаңашылдықтарды кезекті республикалық, облыстық тамыз кеңесінде кеңінен талқылап, оқу үрдісіне жүйелі енгізу жұмыстарын бастап та кеттік. Соның бірі жуырда өткен он-лайн кеңес. Кеңесте көтерілген мәселелер негізінде облыстық әдістемелік кабинеттің тарапынан мамандықтардың бейініне байланысты арнайы шығармашылық топ құрылып, қараша айында «Ауыл шаруашылық» бейіні мамандығының оқу-әдістемелік бірлестігі болған Талғар агробизнес және менеджмент колледжінде республикалық семинарды «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мамандарымен, тренерлерімен бірлесіп өткізбекпіз.

Жаңа білім беру бағдарламасы дуальді оқу жүйесін ұйымдастыру барысында өндірістік оқу мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін кәсіпорын-әлеуметтік серіктес базасында және практикалық оқыту бөлімінде оқыту модулін сипаттаумен танысу жеткілікті. Яғни, кәсіпорын-әлеуметтік серіктес базасына тәуелді оқыту модульді сипаттау кәсіпорындағы оқыту тәртібін дайындауға мүмкіндік береді. [3]

Өздеріңізге белгілі техникалық және кәсіптік білім саласына Германияның тәжірибесін ескере отырып, дуальді оқыту жүйесінің енгізіліп жатқанына да біраз жылдар болды. Облысымызда алғашқы жылдары 8 колледж дуальді оқытуды қолға алған болса, бүгінде бұл көрсеткіш 18 колледжге (25,7%) артты. Олар облыстық кәсіпкерлер палатасымен бекіткен жол картасына енгізілген және оның 5-уі ауылшаруашылық мамандықтары. Колледж басшылары 37 мамандық бойынша дуальді оқыту жүйесін енгізу негізінде 132 кәсіпорынмен үш жақты келісімшарттарға қол қойды. Оның 19-ы агроөнеркәсіп кәсіпорындарымен болып отыр. Дуальді оқыту негізінде 1034 студент білім алуда, оның 271-і ауылшаруашылық мамандықтары бойынша.

Қол қойылған келісімшарттарда мемлекеттік ұйымдарда және бизнес-аумағында мемлекеттік және жекеменшік серіктестік жағдайы негізінде техникалық және қызмет көрсетудің білікті мамандарын даярлау үшін тапсырмалар анықталған. Алайда, дуальді оқыту жүйесін енгізу бойынша бірқатар қиындықтар да орын алуда. Ол студенттердің толыққанды жұмысқа орналаспауы, практикадан өту барысындағы төлемақының болмауы және ауылды жерлерде ауылшаруашылық кәсіпорындар ұсақ болғандықтан дуальді оқытуды толық жүргізуге мүмкіндіктің аз болуы. Шешімін таба алмай жатқан олқылықтардың орнын толтыру жұмыстары біртіндеп жүргізілуде.

Ұлы педагог К.Ушинский: «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның мұғалімдігі де жойылады», - деген екен. Сондықтан XXI ғасыр білімінде ақпараттық-коммуникативтік технология зор рөл атқарып, ғылыми ақпараттар мен техникалық жаңалықтар сәт сайын жаңарып отырған тұста, мыңнан астам оқытушыларымыз жыл сайын біліктіліктерін Отандық, шетелдік орталықтардан тұрақты жетілдіріп отырады. Ресурстық орталығымызға осымен екінші жыл қатарынан Германия елшілігінің бас аспазшы эксперттері келіп, әлемдік стандарттарға сай негізделген біліктілік арттыру курсы өткізуді дәстүрге айналдырды.

Назарбаев зияткерлік мектебінің тәжірибесін оқу үрдісіне енгізуді жоспарлаған педагогикалық колледждеріміз педагогикалық шеберлік орталығынан біліктіліктерін арттырып, облыстық әдістемелік кабинеттің ықпалымен «Нәтижеге бағытталған білім беру

моделіндегі білім жетілдіру курстарының жаңа бағыттары» тақырыбында он-лайн семинар көрсетті.

Ізденіс пен шығармашылықты басты орынға қойған бірнеше колледждеріміз Дүние жүзілік даму банкінің арнайы жобасына қатысып, әр түрлі мамандықтар бойынша грант иегерлері атанған. Сол жобалардың негізінде Дүние жүзілік банк есебінен 147 модульдік білім беру бағдарламалары әзірленген болатын. Алматы экономикалық колледжі жобаның 2 кезеңі бойынша грантты ұтып алып, CISCO желілік академиясының жоғары технологиялық құрылғыларын иеленгендіктен, академияның оқу ресурстарын толық пайдалануға мүмкіндік алды. Бағдарламаның біреуін Алматы экономикалық колледжі «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша эксперименттік оқу жоспарын, оқу бағдарламаларын Беларусь Республикасының кәсіптік білім институтымен бірлесіп даярлап, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бекітті. Алдағы оқу жылында оқытушыларға ұйымдастырылатын біліктілік арттыру курстарын қашықтықтан оқытуды жоспарлап отырмыз. Бұл оқу үрдісінің үзілмеуіне, оқытушылардың уақытын үнемдеуіне, қаражат шығынын азайтуға және білімді тұрақты жетілдірудің мүмкіндіктерін туындатпақ.

Жаңашылдықтарды сапалы ендірудің талаптары күннен-күнге артып отырған тұста 2020 жылдан бастап, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарын халықаралық аккредиттеуден өту жобасы енгізіліп жатқаны баршаға аян. Осыған орай, 2020 жылға дейін колледждердің аккредитациядан өту кестесі бекітілген. Қазіргі таңда әр мамандықтың толыққанды мүмкіншіліктерін заманауи құрылғылармен жабдықтау мәселесі колледждерге үлкен ауқымды жұмыстарды қойып отыр. Десек те, Талдықорған медициналық колледжі 3 мамандық бойынша институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өтіп, Финляндияның JAMK ғылыми қолданбалы университетімен отырған келісімшарты негізінде болашақ мамандарға «Медбике ісі» мамандығы бойынша қолданбалы бакалавриат біліктілігін алуға мүмкіндік тудырды. Ендігі кезекте әдістемелік кабинет колледж базасында оқу ісінің орынбасарлары мен әдіскерлеріне 2 күндік оқу семинарын ұйымдастырмақпыз.

Әлеуметтік әріптестік-кәсіби дайындық сапасын арттырудың шарты болғандықтан, біздің серіктестігіміз «Өрлеу» БАҰО, ЖОО-мен, педагогикалық шеберлік орталықтарымен, Өңіраралық интеграция, РҒӘО, Кәсіпкерлер палатасы, ҚРКҒА тұрақты қалыптасқан. Сондықтан облыстық әдістемелік кабинетінің әріптестігі Сіздермен одан әрі жалғасын табады деп сенемін.

Жаңа білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты болашақта арнайы модульдерді қысқа мерзімде, қайта даярлауға және біліктілікті арттыру үшін қолдану мүмкіндіктерін туындату арқылы автономды және белгілі нәтижеге (құзырет) жету болып келеді. [3] Біздің барлық іс-шараларымыз «Ұлт жоспары-100 нақты қадамды», «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын және мемлекетімізді жаңа тұрпатта дамытуға бағытталғандықтан, кәсіптік білімнің беделін арттыру басты міндетіміз.

*Қолданылған әдебиеттер:*

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2016

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан Халқына Жолдауы Астана. 30.11.2015 [el.kz/m/articles/view/](http://el.kz/m/articles/view/)

3. Бөрібеков Қ.Қ., Далабаев Ж.Қ. «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу/ әдістемелік құрал. – Астана: «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ, 2015. - 108 б.

**Білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік қызметті мақсатты ұйымдастыру сапа кепілі**

*Картбаева Д.А.  
педагогика ғылымдарының магистрі  
«Өрлеу» БАҰО филиалы АҚ  
Алматы облысы бойынша  
педагог қызметкерлердің  
біліктілігін арттыру институты*

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларының қазіргі заманғы талаптарына сай мамандарды даярлауда әдістемелік қызметтің мазмұнын жанартуға ықпал етуқазақстандық әдіскерлердің әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты.

Яғни, білім берудің сапасын жақсарту үшін заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелер, білікті мамандар қажет. Білім – қоғамды әлеуметтік-мәдени, ғылыми үрдіспен қамтамсыз ететін жоғары құндылық. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты.

Қазіргі күні болашақтың «маманын» тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтымақтаумен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалімдердің білімін жетілдіруді ұйымдастыруда әдістемелік қызметтің орны ерекше. Заман талабы, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті.

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі әдістемелік қызметтің кәсіби шебер ұйымдастырылуы немесе көрсетілуі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педагогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. ҚР-ның педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған үш айлық курс бағдарламалары, білім беру жүйесінде педагогтар алдына жаңа міндеттер қойып, оларға үн тастады десек те болады. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. Бүгінгі таңда білім беруді жетілдіру ісінде әдістемелік істің басты талабы қажеттіліктерді анықтау деп ойлаймын. Ол үшін тәжірибе алмасу, тарату және даму мақсатында үнемі мақсатталған семинарларды жүйелеп ұйымдастыру керек. Мақсат қоюда ескерілетін жағдай: білім беру үрдісіне қатысушылардың басты құзыреттілігін қалыптастыру арқылы білім беру сапасын арттыруды міндетті түрде ескеру.

Әрбір кафедра сапалы білім берудің әдіс-тәсілдерін жинақтау базасын жандандыру қажет. Міндетті түрде оқу үрдісін бақылау, сараптау оң нәтижесін беретіні анық. Осы орайда біздің әдістемелік жұмыстарымыз т к басшылығымен оң нәтижесін беріп келе жатыр деп айтуға болады. Әрбір семинар нәтижесі мұқият зерделеніп, қаншалықты тиімділігі жүйелі зерттеліп, анализ жасалынып отырады. Сонымен бірге, оқып үйрену және қолдану үшін жоспарланған өзара тәжірибе алмасу мүмкіндіктерін көптеп қарастыру қажет.

Ең алдымен, әдістемелік қызметтің бірнеше жылға арналған жұмыс тақырыбын жоспарлап алу қажет. Тақырып таңдауда білім беру жүйесіндегі құрылымдар жағдайында педагогтердің кәсіби құзырлылығын қалыптастыру негіз болады.

Әдістемелік қызметті ұйымдастыруда өзара ынтымақтастық, өзара байланыс және өзгеруге икемділік нәтижеге бағыттайтынын ескереміз.

Сонымен, әдістемелік қызмет қамтиды:

- Әдістемелік жүйенің даму стратегиясын белгілеуді;
- Шығармашыл тұлға ретінде педагогті дамытатын ғылыми негізделген, икемді, тарамдалған үздіксіз біліктілікті арттыру, соның әдістемелік қызметтің жүйесін жасау;
- Білім беруді дамыту бағдарламаларының жүзеге асырылуын әдістемелік қамтамсыз ету;

- Білім берудің өзекті мәселелері және оны жүзеге асырудың әдістемесі бойынша педагогтер мен басшы кадрларға ғылыми – әдістемелік көмек;

- Инновациялық қызматтің дамуына түрткі болу.

Әдістемелік қызметтің басты бағыттары.

1. Ақпараттық қызмет:

- Білім мазмұны және әдістемесі жағдайында педагогтердің шығармашылық қызметінің нәтижелері бойынша мәлімет жүйесін құру;

- Білім беруді дамытудың өзекті мәселер бойынша проблемалық – бағдарлы мәлімет қорын жасау;

- Ғылыми – әдістемелікәдебиеттер қоры бойынша кітапханамен жұмыс.

2. Диагностикалық – болжау қызметі.

- Біліктілікті арттыруға деген педагогтердің, соныңішінде басшы кадрлардың сұранысын диагностикалау;

- Педагогикалық шеберлік пен білімсапасы деңгейін диагностикалау;

Білім мазмұнын жаңарту қызметі.

Білім берудің жаңа мазмұны енгізу дидактикалық және әдістемелік қамтамасыз ету;

- Бейіндік оқыту бойынша базистік оқу жоспарын игеруде әдістемелік көмек беру;

4. Инновациялық және эксперимент жүргізу қызметі.

- Ақпараттық білім беру ресурстарын жасау;

- Білім беру үрдісіне ақпараттық – телекоммуникациялық жобаларды енгізу;

- Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру тиімділігін талдау жолдарын қарастыру.

5. Біліктілікті арттыру қызметі.

- Педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды жоспарлау жүйесін реттеу;

- 12 жылдық білімберуге көшуге байланысты педагог кадрларды қайта даярлауда әдістемелік жобалар ұсыну;

- Әдістемелік қызмет мамандарының біліктілігін арттыруда әдістемелік тақырып бойынша жұмыстарды жүйелі тақырыптық семинарлар, біліктілікті арттыру курстары, дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар, кәсіби шеберлік байқаулар, шығармашылық жұмыстарды қорғау түрлерін ұйымдастыру.

Әдістемелік құжаттар әзірлеуде мониторинг әдістемесін жетілдіру қажет.

Сонымен бірге, педагогтерді ғылыми – тәжірибелік конференциялар, семинарларға қатысуғатарту әдістемелік көмекті ұйымдастырудың түрінің бірі.

- Авторлық материалдарды әзірлеп ғылыми жобаларға қатысу педагогикалық тәжірбиені жинақтау,зерттеу, нәтижелер бойынша шығармашылық топтық жұмыстарды білім беру үрдісіне енгізуге, таратуға болады.

Әдістемелік қызметтің жаңа бір бағыты – педагогтарды өздігінен білім алу арқылы өз іс – әрекетін жобалауға, өзін-өзі дамытуға, шығармашылығын дамытуда жаңа құзыреттілікті қалыптастыру болып табылады.

Әдістемелік жұмыс – ғылыми жетістіктерге, озат педагогикалық тәжірибелерге, сонымен қатар мектептің оқу-тәрбие үрдісі бойынша қорытынды талдаулары мен сараптамаларына негізделген біртұтас жүйе.

Ол–педагогикалық ғылыми-теорияның мұғалімнің кәсіби шеберлігін көтеруге бағынышты жүйелі, жеке және ұжымдық жұмыс. Соңғы уақытта, заман талаптарына орай әдістемелік жұмыс сипаттамасының барлық компоненттеріне:атап айтқанда, мақсат, мазмұн, ұйымдастыру және дидактикалық формалар, әдіс-тәсілдеріне жаңашылдықтар енгізіліп жатыр. Әдістемелік жұмыстың ақпараттық, бақылау-коррекциялық сияқты дәстүрлі қызметтік аяларынан басқа инновациялық, яғни болжамдық, жобалық, зерттеушілік, оқытушылық қызметтері қосылды. Атқарылып жатқан әдістемелік жұмыс барысында мұғалімдердің кәсіби деңгейін дамыту үшін келесі талаптарды қолданамыз:

- педагогикалық және психологиялық деңгейін көтеру;

- жаңа технологияларды, әдіс-тәсілдерді зерттеп, меңгеру және оны өзінің кәсіптік жұмысында қолдана білу;
- мұғалімнің педагогикалық-кәсіптік оң көзқарастары мен құндылықтарының қалыптасуы, әрі оның тұрақтылығына жету;
- өз білімін көтеруге, шығармашылық жұмысатқаруға ынталандыру, қажетті жағдайлар туғызу, педагогтарды ақпараттық жағынан қамтамасыз ету;
- авторлық бағдарламалар, курстар, құралдар, мақалалық ізденістер жасауға ұмтылдыру, жан-жақты қолдау көрсету;

Оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық, педагогикалық бағыттағы негізгі ой-тұжырымдары төмендегідей сипатталады:

- есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;
- білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;
- оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту.

Өтілетін түрлі әдістемелік отырыстарды жаңаша түрде ұйымдастырып өткізуді дәстүрге айналдыру керек.

Әдіскер маман үшін кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін біз жақсы түсінуіміз керек және өмір бойы іздеушілікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін анық аңғарғанда ғана толық нәтижеге жете аламыз. Әдіскер маманның әрбір сөзіісі, қимылы, аяқ алысы, жүрісі, көзқарасы психологиялық жәнеізгілік тұрғысынан мұғалімнің жүрегінен үлкен орын алады. Сондықтан әрбір әдіскер үшін оқу мен тәрбие үрдісін ұйымдастыру мол білімділікті, ақылдылықты, дұрыс іскерліктер мен дағдыларды қолдануды қажет етеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Безруких М. М., Ефимова С.П. «Технологии обучения» М., 2006, 63стр
2. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. Ақтобе. РИПК СО, 1999.
3. Монахов В.М. Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса. Волгоград: - Перемена.-1995.
4. Махмутов М.И. Мектептепроблемалықоқытудыұйымдыстыру. Алматы :Мектеп.- 1981.
5. Шушакова Е.В. «Научно- методическое сопровождение инновационных процессов в сельской школе».
6. Ш.Беркімбаева, А.Құсайынов, А.Рысбаева, М.Бұлақбаева. Жоғары мектеп педагогикасы
7. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2011ж.

## Сетевое сообщество – залог успеха

***Рахимбаева Г.Б.***

*(о работе профессионального сетевого сообщества сертифицированных учителей Шелекского региона, Енбекши казахского района, Алматинской области)*



Сетевое сообщество учителей школ Шелекского региона «Жалын» создано в октябре 2015 года на официальной встрече учителей сетевого сообщества района «Жулдыз» на тему: «Сетевое сообщество-залог успеха» как открытая площадка, созданная для общения учителей, внедряющих новые подходы в практику преподавания и обучения. Данная площадка является средством самообразования педагога, повышения его профессиональной компетентности, конструктивного обсуждения проблем, возникающих в ходе преподавательской практики, обобщения и распространения результатов педагогической деятельности педагогов.

В Послании Президента Республики Казахстан говорится: «... нам нужна современная система образования, соответствующая потребностям экономической и общественной модернизации. Реформа образования – это один из важнейших инструментов, позволяющих обеспечить реальную конкурентоспособность Казахстана»[1].

Участие в профессиональных сетевых объединениях позволяет учителям общаться друг с другом, решать профессиональные вопросы, реализовать себя и повышать свой профессиональный рост.

Профессиональное сообщество составляют учителя Шелекского региона (средние школы им.Бижанова, А.Молдагуловой, П.Вихрева, Абая,Алтынсарина, Кенжебаева, Розыбакиева, Жандосова, Момышулы, с.Масак), ведущие совместную деятельность после окончания курсов обучения учителей по программам 1-3 уровней в рамках уровневых программ повышения квалификации педагогических кадров РК, реализующих модули уровневых программ в процессе преподавания для совершенствования практики преподавания и обучения. Это 40 учителей, прошедших уровневую подготовку:8 учителей 1 уровня, 4 педагога 2 уровня и 28 учителей 3 уровня

Цель: создание площадки сотрудничества учителей для совершенствования школьной практики через обмен опытом, совместную исследовательскую деятельность, коллегиальное решение общих проблем. План работы сетевого сообщества составлен на основе Плана работы ведущей школы с филиалом Центра педагогического мастерства г. Талдыкурган, координационным центром которого является КГУ «Средняя школа им.Х.Бижанова с ДМЦ», и направлен на пополнение и генерирование знаний учителями, разные формы сотрудничества участников образовательного процесса школ, конструктивное обсуждение проблем, возникающих в ходе преподавательской практики.Согласно плану один раз проходили заседания сертифицированных учителей в форме «Круглого стола», цель которых – анализ проделанной работы, определение проблем, возникающих на данном этапе деятельности, координирование дальнейшей деятельности, выработка последующих шагов, позволяющих добиваться успешности.

Проблемой, которую необходимо решать в новом учебном году, является документальное сопровождение функционирования сетевого сообщества. На мой взгляд, фотографирование во время оживлённой профессиональной беседы, ведение протокола в его традиционной форме невольно превращают данную деятельность в формальную повинность. Поэтому необходимо продумать такие формы документального сопровождения, которые бы соответствовали новым подходам к учебно-воспитательному процессу и способствовали созданию коллаборативной среды.Приоритетное направление деятельности сертифицированных учителей – внедрение новых подходов в практику преподавания и обучения. Способом определения общих проблем в практики преподавания и обучения, а также определения успешности или неуспешности внедрения новых подходов в практику преподавания являются открытые уроки внутри сетевого сообщества: наблюдение учителей за деятельностью своего коллеги и деятельностью учащихся на уроках дают возможность не только пополнить свои знания, но и определить совместно способы разрешения проблем в практике преподавания и обучения.

Своими наработками учителя, окончившие уровневые курсы, делятся с педагогами школ через проведение открытых уроков. В течение учебного года была организована и

проведена Неделя открытых уроков сертифицированных учителей в СШ им.Х.Бижанова. Учителя с интересом наблюдали за деятельностью учащихся и учителя на уроке, приемами и стратегиями, которые использовались на занятии, по окончании уроков, задавали вопросы, уточняли. Рефлексия учителей, присутствующих на открытых уроках, показала, что это самый действенный и эффективный способ вовлечения учителей, не прошедших уровневые курсы, к изменению своей практики преподавания и обучения.

Проблемой, которую необходимо решать и в следующем учебном году, является создание коллаборативной среды среди участников сетевого сообщества. Сложившийся стереотип: к тебе пришли на урок, после идет «разбор» урока, присутствующий на уроке скажет об ошибках, создаёт психологический барьер, мешает созданию доверительных отношений между участниками сетевой группы.

Наиболее эффективное партнерство отличается:

1. Совместными исследовательскими группами;
2. Совместными мероприятиями по профессиональному развитию (встречи представителей различных школ)
3. Плановыми визитами в другие школы (визиты с целью взаимного обучения внутри сетевого сообщества)
4. Совместными тренингами и процессами коучинга и менторинга(группы по реализации подхода «Lesson Study»)
5. Объединенными рабочими группами (проектные группы, группы планирования)

Приоритетным направлением деятельности сертифицированных учителей является работа школ посредством проведения семинаров, тренингов, коучингов, направленных на повышение мотивации педагогов к преобразованию практики, привлечение их к успешному партнерству, вовлечение в процесс преобразования школьной практики преподавания и обучения, рефлексия.

В течение 2015-2016 учебного года были проведены методические семинары:

1 «Критериальное оценивание» (сш. им.Жандосова))

2 «Подход Lesson study(сш. им. Кенжебаева)

Рефлексия по итогам семинара свидетельствует об эффективности и полезности данной работы. Учителя школ в качестве положительных аспектов отмечают следующее

- В диалоговой среде рождается истина.
- Добровольное участие в тренинге гарантирует заинтересованность участников в деятельности
- Представленная информация, а так же информация «добытая» в групповой работе.
- Форма проведения.
- Возможность обменяться мнениями с коллегами.
- Новые формы ведения занятия (элементы для занятий)
- Применение новых форм и методов в обучении.
- Возможность общаться с коллегами.
- Виден процесс становления.
- Активная форма работы всех членов группы.
- Новое – хорошо забытое старое (Джигсо, обучение в сотрудничестве)

Вместе с тем отмечают следующие недостатки такой форме работы коллектива, как методический тренинг

- Затрачено слишком много времени.
- Некоторые спорные аспекты остались без ответов.

Анализ проведенных методических коучингов и тренингов говорит о необходимости более тщательной подготовки к ним: необходимо строго регламентировать время, не выходя за рамки обозначенного в анонсе тренинга, подбирать такие задания и использовать такие приемы и стратегии, которые бы учителя могли использовать на своих уроках, независимо от

предметного направления. Необходимо продумывать конечный продукт тренинга, а также раздаточный материал, которым могли бы воспользоваться педагоги после проведенных тренингов.

Учителя, окончившие уровневые курсы, активно делятся своими наработками не только с учителями своей школы: в мае 2016 года для педагогов учителями средней школы им. Кенжебаева проведен семинар «Lessonstudy», цель которого - познакомить коллег с приемами активизации деятельности учащихся на уроке через приемы критического мышления.



В мае 2016 г. для учителей школ был организован и проведен конкурс «Лучший коучинг». Цель - оказать содействие участникам занятия в понимании назначения коучинга, его целей и задач и рекомендовать лучший коучинг на районный смотр-конкурс лучших ведущих школ.



Д

руг  
им  
спо

собою совершенствования практики преподавания и обучения, а также средством обобщения и распространения результатов педагогической деятельности являются публикации учителей в печатных изданиях.

Главной особенностью эффективного сетевого сообщества является функционирование его участников на основе взаимного доверия [3]

Большую помощь в работе оказывают администрации школ. Стало традицией проводить неофициальные встречи, где решаются школьные проблемы.

Совершенствование профессионального мастерства есть непрерывный процесс, особенно если речь идет о педагоге. Сетевое профессиональное сообщество является важной составляющей этого процесса. Поэтому необходимо вести работу по дальнейшему расширению и стабильному функционированию сетевого сообщества обучающихся учителей школ региона. В 2015-2016 учебном году наряду с продолжением работы в данных направлениях, уже дающих результат, будет уделено большее внимание внедрению в процесс преобразования практики планирования и проведения Lessonstudy.

*Список литературы*

1. Программа курсов повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан. Первый (продвинутой) уровень. Второе издание.
2. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана.

## **Білім берудегі инновациялық үдерістерді белсендірудің әдістемелік жолдары**

*Иманхатова Г.Ж.*

*Алматы облысы әдістемелік кабинетінің әдіскері*

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, дамыту бағытына байланысты. Қазіргі кезеңде егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика тарихы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр, себебі білім беру жүйесі өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Дәстүрлі оқыту әдістемесінің білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруге кепілдік бермейтінін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр, сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйені оқыту үрдісінде іске асыру үшін оны технологияландыру қажеттілігі туындады.

Педагогтердің кәсіби шеберлігін, біліктілігін дамытып, шығармашылық потенциалын көтеру арқылы сапалы білім беруге қол жеткізу – әдістемелік жұмыстың нәтижелі жүргізілуіне тікелей байланысты. Бұл мәселелерді іске асыруда әдістемелік жұмыстың ұйтқысы болып отырған әдіскерлер әдістемелік іс-шаралардың тақырыбын ғана өзгертіп қоймай, оның мазмұнын әдістемелік жұмыстың жаңа түрлеріне сай өзгерте білуі шарт.

Педагогика ғылымындағы бүгінгі таңдағы өзекті мәселесі сабаққа оқытудың технологияларын пайдалану екендігін ескерсек, алдымен мұғалімді әдістемелік тұрғыдан қаруландыру қажет екені белгілі. Кейбір ұстаздар қауымының әлі де – бүгінгі өскелең ұрпақ өмір сүріп отырған уақыттың өткен буын заманына мүлдем ұқсамайтынына мән бермей отырғаны көптеген қиындықтар келтіруде. Бізді қоршаған дүние өте жылдам қарқынмен өзгеруде, ал білім алу мен зерделеу тәсілдері, оқушылардың қабілеттерін дамыту формалары, әдістері мен технологиялары оқу үдерісіне баяу енуде. Қазіргі қоғам өзінің іс-әрекетіне өзі басшылық жасап, шұғыл шешім қабылдай алатын тұлғаны қажет етеді. Ондай тұлғалар оқытудың жаңа технологиялары нәтижесінде қалыптасатынын соңғы жылдары тәжірибелер көрсетіп отыр. Жаңа педагогикалық технологиялар тұлғаның ойлау жүйесін қалыптастыруды, әр түрлі жағдаяттарда нақты шешімдер қабылдай білуге, өзіндік көзқарасы мен пікірін жеткізе білуге үйретуді мақсат етеді десек, бұл педагогикалық ұстанымдар – білім беруді жаңартудың негізгі өзегі.

Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Әдістемелік кабинеттің түпкі мақсаты педагогтердің оқыту технологияларын барынша меңгеруі мен қолдануына ықпал ету болғандықтан, ең алдымен облыс педагогтерінің инновацияны игеру деңгейін анықтауды жөн көріп, «Педагогтардың жаңашылдықты қабылдау деңгейі» бойынша ерікті түрде сауалнама жүргізілді. Оның нәтижесін талдау арқылы мұғалімдердің кәсіби сұраныстарының диагностикасы жасалынып, білім беру үрдісіне оқыту технологияларын ендіру мен қолдану жайында ақпараттық банк деректері құрылды.

Атап айтсақ, педагогтердің 64 % - инновацияға оң көзбен қараймын, 22 % - ішінара қолданамын десе, 4%- мүлдем қарсымын деген қорытынды жасады. Сондай-ақ, мұғалімдердің 48 % инновациялық технологияларды курстардан, 35% семинар-практикумдардан, 15% әріптестерімнен десе, 10% - бұқаралық, электрондық ақпарат құралдарынан қабылдайтынын көрсеткен.

Мұғалімдердің қолданып жүрген технологиялары негізінде мониторингке жүгінсек, 48% - Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясын, 24% - Дамыта оқыту технологиясын, 27% - Ж.Қараевтың « Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесін», 18% - Модульдік оқыту технологиясын, 16% - Н.Оразақынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын қолданса, 68% - Ақпараттық-коммуникативтік технологияны, жобалау технологиясын, проблемалық оқытуды қолданады екен. Сауалнама нәтижесінде:

- педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға ықпал етеді

- инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану, оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады деген тұжырымға келді.

Сонымен қатар, педагогтардың басым бөлігі оқыту технологияларын курста оқығаннан кейін жалғасын курсаралық жұмыстарда тапса, әдістемелік семинарларда тәжірибе алмасса, оның өзі жүйелі түрде ұйымдастырылса деген ұсыныстарын білдірген болатын.

Педагогтердің технологияларды игеру деңгейі анықталғаннан кейін, педагог мамандардың сұраныстары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктері қарастырылды, олардың біліктілігін арттыруды мақсатты түрде жүзеге асыруға ден қойылды. Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда мұғалімдердің нәтижелі еңбек ету қабілетін арттыруға негізделген оқыту семинарларын, тренингтер, оқу-әдістемелік конференциялар өткізудің тың жолдарын іздестіргенді жөн көріп, әдістемелік кабинет қызметінің бұрында болмаған жаңаша түрі «Әдістемелік күндер» өткізу, жедел «Әдістемелік десант» ұйымдастыру жоспарланды. Бұл шаралар облыс мұғалімдерінің проблемаларын терең зерттеуге, мамандардың кәсіби қиыншылықтан шығуына, жергілікті жердегі білім мекемелерінде қызметін жоспарлау және ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек көрсету секілді оң нәтижелер береді.

Әдістемелік десант – мектеп педагогтерінің біліктілігін шыңдауға және кәсіби шеберлігін жетілдіруге бағытталған әдістемелік көмек берудің бір құралы.

Десант жұмысы облыс пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілік тәсілдемесін жетілдіру, жекелеген пәндер бойынша күрделі тапсырмаларды талдаудың жаңашыл әдістемелерін тәжірибеге енгізу және мектеп оқушыларының пәндер бойынша білім сапасын көтеру мақсатында өткізілді. Бұл әдістемелік десантта интербелсенді сессия, консалтингтік қызмет және педагогикалық іс-әрекеттердің түрлі бағыттары бойынша әдістемелік, тәжірибелік көмектер берілді. Облыс бойынша анықталған білім көрсеткіші төмен мектептер, аудандық әдістемелік кабинеттермен бірлесіп әдістемелік десант өткізілді. Шығармашылықпен жұмыс істейтін, инновациялық технологияны меңгерген жаңашыл мұғалімдер қатарынан арнайы мобильдік топ құрылып, әдістемелік десант жұмысына тартылды. Облыстың 12 ауданның 22 мектебінде әдістемелік десант өткізіліп, оған 585 педагог және 473 мектеп оқушылары қатысты. Десант кезінде негізгі пәндер бойынша мобильді топ оқушылардан тест алып, сол тест қорытындысы бойынша пән мұғалімдерімен тиісті әдістемелік іс-шаралар және ашық сабақтар өткізді. Педагогтерді интербелсенді жұмыстарға тарта отырып, оларды оқыту туралы ортақ ұстаным мен жаңашыл көзқарастың қалыптасуына, жаңашылдықты қабылдауға кедергілерді жеңе білуіне ықпал етілді. Нәтижесінде оқу жылы аяғында десант өткізілген 12 мектептің орташа білім сапасы 48%-дан 65,5%-ға дейін артып, 17,5% өсу динамикасын көрсетуі нәтижеге бағытталған жұмысымыздың көрінісі.

Білім беру жүйесіндегі басым бағыттарды айқындауда облыстық әдістемелік кабинет тарапынан әдістемелік күндер өткізу дәстүрге айналды. Аймақтағы әдістемелік кабинеттер

арасында іс-тәжірибе алмасу, кәсіби байланыс орнату арқылы әдістемелік қызметті жандандыру мақсатында «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында әдістемелік қызметті ұйымдастыру», «Жаңа бағыттағы әдістемелік қызметтің рөлі», «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік қызмет көрсетудің рөлі», «Нәтижеге бағытталған білім берудегі мұғалімнің рөлі», «Әдістемелік қызметтің ұйымдастырылу бағыттары» және т.б. тақырыптарда өткен әдістемелік күндерде әдіскерлер өзара тәжірибелерімен бөлісті. Бұл әдістемелік күндерде білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін, құзырлық деңгейін арттыру және оқытудың тиімді әдістерін қолдануда әдістемелік нұсқаулар беріліп, кеңестер (консалтингтік қызмет) ұсынылды.

Аудандық, қалалық әдістемелік кабинеттер қызметінің тиімділігін арттыруда рейтингтік бағалау критерийлері әзірленді. Бұл рейтинг әдіскерлердің кәсіби шеберлігін жүзеге асыруға, өз ісін тиімді ұйымдастыруға және жеке тұлғалық зияткерлікті дамытуға бағытталған.

Сондықтан қазіргі әдістемелік жұмыста белгілі бір нәтижеге жету үшін қойылатын бүгінгі заман талабы – өзіндік ой-тұжырымы бар, логикалық ойлау қабілеті дамыған, өз көзқарасы мен пікірін ашық айта алатын, ақпараттар ағымынан қажетін іріктеп ала білетін, қоғамдық ортаға икемді, өз жолын дұрыс таңдай алатын жас ұрпақ тәрбиелеудің бірлестік мүшелерін ұйымдастырып, топтастыру. Қорыта айтқанда, облыстық әдістемелік кабинеті өзінің жүйелі әдістемелік қызметіне инновациялық идеяларды тоғыстырып, облыс педагогтерінің белсенді жаңашыл ізденістерін қолдауда және кәсіби педагогикалық шеберліктерін жетілдіруде әлі де маңызды жұмыстар атқаратынымызға сенімім мол. Еліміздің кемел болашағы мен өскелең ұрпағының жарқын болуының кепілі – біздер мен Сіздердің атқарып отырған еңбегімізді нәтижесі болмақ.

### **Взаимодействие педагогических ассоциаций – залог успешной работы методического кабинета**

*Анаятова З. И.*

*Алматинская область,*

*Жамбылский район,*

*село Ұзынағаш*

«Экономический подъем, наблюдаемый в Казахстане, требует компетентного конкурентоспособного на рынке труда специалиста, умеющего самостоятельно решать профессиональные задачи, творчески подходить к своему труду. Однако несоответствие уровня знаний, умений учащихся школ задачам профессиональной подготовки специалистов среднего звена, несовершенство оценочных стандартов при учете и контроле знаний, умений студентов заставляет педагогов искать пути системности в реализации задач целостного развития личности.

Определение: Ассоциация (союз; лат. *associa* — присоединять) - одна из организационно-правовых форм, являющаяся добровольным объединением и/или граждан с сохранением права последних вступать в другие объединения.

Педагогические ассоциации нашего колледжа:

- Учебно-методический совет
- Цикловые методические комиссии
- Школа передового педагогического опыта
- Школа молодого преподавателя

• Редакционный совет



Педагогический совет: Цель: Реализация Государственной программы развития образования 2010-2020 годы, рассматривает и анализирует основные проблемные вопросы организации учебно-воспитательного процесса.

Задачи:

1. Демократизация системы управления учебно-воспитательным процессом;
2. Определение основных направлений учебно-производственной и воспитательной деятельности, содержания, форм, методов и средств повышения качества профессионального образования и личностного развития обучающихся.

Методический совет: Координирует работу предметных цикловых комиссий, проводит диагностику профессиональной деятельности преподавателя, экспертизу передового опыта, авторских учебных программ, учебных пособий, учебников.


За учебный год проведено 6 заседаний методического совета. Рассматриваемые вопросы отражали работу коллектива по единой методической теме и проведению паспортизации кабинетов и комплексного методического обеспечения предметов.

На заседаниях методического совета рассматривались вопросы:

1. Обсуждение и утверждение документации регламентирующее работу методического совета.
2. Утверждение и корректировка рабочих программ на 2015-2016
3. Особенности составления «Портфолио преподавателя»
4. Аттестация преподавателей
5. Организация эффективного информационного библиотечно-библиографического сопровождения педагогов и студентов.
6. Обучающие занятия для преподавателей по разработке цифровых образовательных ресурсов: компьютерное тестирование, интерактивные наглядные пособия.

Достижение: За года работы методического совета увеличилось количество открытых уроков, интерес к проведению преподавателями уроков с использованием мультимедийного обеспечения, интерактивных методов, нестандартных форм урока (деловая игра, викторины, бинарные уроки).

### Графики динамики открытых и внеклассных уроков



Поощрения: За активную преподавательскую деятельность, наши преподаватели поощряются премиями, что еще больше стимулирует преподавателей.

Участие в мероприятиях района: Конкурс сочинений среди учащихся школ Жамбылского района, посвященный Всемирному Дню Борьбы со СПИДом.

- КВН посвященный Всемирному Дню Борьбы с туберкулезом.
- Научно практические конференции
- Викторины.

### Графики проведения мероприятий



Школа передового педагогического опыта.

Цель: Повышение педагогической квалификации работников, совершенствование методики проведения различных видов занятий и их учебно-методического и материально-технического обеспечения, оказание помощи в овладении педагогической техникой и педагогической технологией (преподаватели клинических дисциплин).

За учебный год проведено 6 заседаний. Рассматриваемые вопросы отражали работу коллектива по единой методической теме, повышение педагогической квалификации. На заседаниях методического совета рассматривались вопросы:

1. Организация деятельности ШППО
2. Создание дидактических материалов, презентаций, буклетов.
3. Семинарское занятие: «Инновационные формы уроков, литературные вечера на занятиях казахской и русской литературы»
4. Открытые занятия, бинарные уроки, с проведенным анализом.





Школа молодого преподавателя. Цель: Создание условий для эффективного развития профессиональной компетентности начинающего педагога.

*Задачи работы школы молодого преподавателя:*

1. Удовлетворить потребность молодых преподавателей в непрерывном образовании и оказать им помощь в преодолении профессиональных затруднений.
2. Создать условия для совершенствования профессиональных компетенций молодого преподавателя и организации воспитания профессиональных компетенций обучающихся в процессе преподавания дисциплины
3. Оказать помощь молодым преподавателям по внедрению в образовательный процесс здоровьесберегающих технологий.
4. Способствовать формированию индивидуального стиля деятельности преподавателя.

За учебный год проведено **9** заседаний. Рассматриваемые вопросы отражали работу коллектива по единой методической теме, повышение педагогической квалификации.

1. Знакомство с ГОСО ТипО нового поколения и локальными актами колледжа.
2. Проектирование модулей образовательной программы
3. Основы коммуникативной компетентности.
4. Знакомство с характеристикой стиля педагогической деятельности.
5. Формирование индивидуального стиля
6. Проведение тренингов «Будем знакомы», «Учитель в начале пути»
7. Методическое занятие «Творчество преподавателя-нестандартный подход».
8. Посещение уроков опытными преподавателями. Самоанализ урока.

Были разработаны «Положения о наставничестве», План профессионального становления молодого преподавателя», Методический паспорт.

Сотрудничество. Внутриколледжские ассоциации активно сотрудничают с редакционным советом. Цель создания редакционного-издательского совета: повышения уровня компетентности преподавателя, повышения успеваемости и заинтересованности в учебе обучающихся.

**Білім беру үдерісін жаңартуда оқытудағы жаңа**

## әдіс-тәсілдерді дамыту басты мәселе

**Қ.Қ.Құнанова**

*Қ.Сағырбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-балабақшасының бейнелеу өнері, сызу пәнінің мұғалімі  
Бөкей ордасы ауданы, Саралжын ауылы*

Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, онымен бірге үнемі өзгеріп отырады. Ол әр ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, үнемі жетіліп, уақыт өткен сайын күрделене береді. Қай кезеңде де жалпы білімнің атқаратын қызметі – жас ұрпақтың танымдық дүниесін байытып, дамуын қамтамасыз ету. Заман өзгерісіне қарай мектептерге қойылатын талап та, ондағы оқыту және тәрбиелеу әдіс-тәсілдері де өзгеруде.

Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, шынайы өмірге белсене араласатын, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, ой-өрісі кең, кәсіби деңгейі жоғары, сауатты, танымдық әрекетке қызығушылығы мол оқушы тәрбиелеу.

«Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек. Оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» - деп А.Байтұрсыновтың ерекше қолдап айтқан өсиетіне сай, қазіргі әлемдегі мұғалім оқушысының алдында терең білім, жан-жақты білікті тұлғасымен дараланып тұруы тиіс. Ендеше, ұстаз тек шығармашылық жұмыспен шұғылданып, үнемі ізденіс үстінде болып, оқу жүйесінде жаңа технологияны, тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланса, шәкірттеріміздің білімдерінің нәтижесінің жемістерін көретініміз анық.

Міне осы тұрғыда мен өзімнің оқу жүйесіне біртіндеп еңгізуге әрекет етіп жүрген тәжірибеммен бөлісіп, өз көзқарасымды әріптестеріме жеткізсем деймін. Жаңа заманның ағымы сындарлы оқыту теориясында негізделген оқытудағы жеті модульдің ішінен мен «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» модуліне кеңірек тоқталғым келеді. Себебі, бұл модульдің қарастыратын мәселелері менің тәжірибемде бүгінгі күні орындалуда және өз нәтижесін беруде.

Оқыту – бұл жекеленген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені.

«Оқуды үйретудің» қозғаушы күші «метатану» болып табылады. «Метатану» деп индивид қалай ойлайтынын, оқитынын қадағалау, бағалау, бақылау, кейінгі оқу үдерісінде мұндай ойлаудың нәтижелерін саналы қолдану үдерісі ретінде сипаттауға болады. Бұл үдерісте мұғалім оқушыға:

- Оқу міндеті қоятын талаптарды түсінуге;
- Жеке зияткерлік үдерістерін және олардың қалай ықпал ететінін білуге;
- Тапсырмаларды орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға;
- Нақты тапсырма үшін барынша оңтайлы болып табылатын стратегияларды таңдауға көмектеседі.

Осы төрт тармақты іске асыру үшін оқушылардан оқуды үйрену талап етіледі. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек, соның арқасында оқушылар ақпаратты енжар қабылдамай, оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады. [1:29]

Оқуды үйрету үдерісінде сипатталатын төрт тармақты жұмысымының алғышарты етіп ала отырып мектептегі жұмыс тәжірибемді нақты мақсаттар көздей отырып жүргізіп келемін. Ең әуелі орта мерзімді жоспарымда жоспарлағандай, оқу міндетіне қойылатын талаптарды оқушыға қалай орындатамын? - деген сұраққа жауап іздедім. Бұл сұраққа жауап беру үшін ең әуелі өзім нысанаға алған сынып оқушыларының әрбір іс-әрекетін, ынта-зейінін, жеке зияткерлік қасиеттерін, ойлау, талдау, сөйлеу қабілеттерін ескеріп отыру үшін зерттеп, бағдарламаны жүзеге асыруда қолданылатын әдіс-тәсілдерді қалай жүзеге асыруға болатындығын ойлана келе әуелі оқушыларыммен оқыту ортасын құруды бастадым. Егер

мұғалім мен оқушының білім игеруді бастау нүктесі өзара үйлеспейтін болса, онда оқуда табысқа жету күмәнді болады. Осыған орай, әр сабағымда оқушыларымның оқу үдерісінің әр аспектілеріне белсене қатысуы үшін өздерінің болжамдары мен сұрақтарын тұжырымдайтындай, бір-біріне кеңес беріп, өз алдына мақсат қойып, алынған нәтижелерді қадағалап, эксперимент жасай алатындай тапсырмалар беруге тырысып келемін. Мысалы: «Қазақтың ұлттық киімі» тақырыбындағы сабағымда үйден өткен тақырып бойынша құрастырып келген сұрақтарын «Он сұрақ» әдісі ретінде ұйымдастырып, жауап алғыздым. Бұл тапсырманы берудегі мақсатым оқушы сұрақтар құрастыруда өздерін іздендіру, сұрақ қою техникасын игеру, ұтымды жауап беруге талпындыру болатын. Оқушылар «Иә» немесе «Жок» деген жауаптармен сұрақ қоюшы оқушыны одан әрі ойландырды, басқа оқушыларға түрткі болып ынталандырды, ынтымақтастық атмосферасы қалыптасты. Ал «Күпия зат» әдісінде тақтадан «Қазақтың ұлттық киімін киген қыз бала» суретін жасырып оқушылардан суретке байланысты сұрақ қоюларын өтіндім. Сұрақтарды белгіленген уақыт ішінде аяқтаған оқушыларды тақта алдына шығарып сұрақтарын тыңдап сынып оқушыларымен формативті бағаладық. Бұл тапсырманы орындауда сыныптағы әзірге кедергісі бар оқушылар ерекше қызығушылықпен қатысты. Оқушылардың құрастырған бес сұрағынан «Ол қандай бұйым?», «Олар несімен қызық?», «Ол тарихи зат па?» деген кейбіреуінің сұрақтары дұрыс бағытталғандықтан формативті бағалауда сыныптастары жақсыға бағалап оқушылардың ынтасын арттырды. Сыныптағы жақсы оқитын оқушылар әдеттегідей сыныптастарынан өзгеше сұрақ қоюға тырысты. Олар: «Қазақтың кең жайлауынан нені аңғаруға болады?», «Ұлттық салт-дәстүріміздің белгісі нелер деп ойлайсыңдар?». Келесі «Ұлттық қолөнер» тақырыбындағы сабағымда жазбаша диалог ретінде «Кілт сөз» әдісін қолдандым. Яғни жаңа тақырыпқа байланысты «Киіз басу», «Тоқымашылық», «Зергерлік өнер» деп жазылған парақшаларды үйлестіріп, оқушылар топпен бірігіп жүріп автобус аялдамасы әдісімен жазылған сөзге байланысты топпен өз ойларын өрбітеді. Бұл тапсырманы берудегі мақсатым оқушыларды түрткі сұрақтарға дұрыс, ұтымды, балама жауаптарын жаза отырып, ойлануға жетелеу. Осы тапсырмаға байланысты оқушы жауаптарынан: Тоқымашылық – тоқымадан көп нәрселер, киімдер, жемпір, шұлық тоқиды. Тоқыма жіпті жасау үшін әуелі жүн түту керек. Тоқымадан көптеген нәрселер жасауға болады. Тіпті гобеленді де тоқымашылық өнеріне жатқызамыз. Тоқымашылық керемет құнды дүние. Осындай тапсырмалар нәтижесінде жаңа тақырыпқа қажетті терминдерді анықтап алдық та «Блум кубигі» бойынша оқушылар кубикті лақтыру арқылы түрлі тапсырмаларды орындады. Мысалы: «Ұлттық қолөнердің түрлеріне қарай ерекшелігін зерттеңіз», «Ұлттық қолөнердің ескі түрін заманауи түрлерімен салыстырыңыз», «Бір-бірінен ерекшеліктерін суреттеңіз» деген тақырыпқа байланысты тапсырмаларды беру арқылы жаңа тақырыпты оңай меңгеруге болады.

Бұл тапсырмалар легін қолдану барысында ұққаным салыстырмалы түрде бұрын тек оқулықтағы ақпаратта не берілген соны түсіндіріп, қайта сұрап, оқулықта қандай сурет салуға берілген соны салғызып жүрдім. Енді сабақтың басында миға шабуыл, ой шақыру сынды әдістерді қолданып, жаңа материалға тиімді әдістерді ұтымды қолдану арқылы өтсе, оқушы бұл тәсілдер арқылы ақпаратты басқа қырынан іздестіріп, тереңірек мағынада қабылдауға үйренеді екен. Бұл жерде АҚШ-тың Мэн штатындағы Ұлттық оқу зертханалары ұсынған оқу пирамидасын есіме алдым. Әрбір сабақтарымда қолданған әдіс-тәсілдерімнен оқушыларымның алған ақпараттарын сақтауының орташа пайызын шығаруға тырысамын. Мұғалім нақты тапсырма үшін барынша оңтайлы болып табылатын стратегияларды таңдаса, оқушы ақпаратты сақтау, оны болашақта қолдануда кедергі аз болатынын көргендеймін. Осы тапсырмалардан оқушыларым талқылау 50% жүргізіп, мұғалімнен, бір-бірінен үйренгендерін тәжірибеде 75% жасап көрсетіп, бір-біріне үйретіп 90% соңында дайын бұйымды жасап шығарып сабақ барысында көп жетістіктерге жетулеріне өздері тікелей ықпал жасайды. Мен осы модульді өз тәжірибеме еңгізе отырып біз үшін оның қаншалықты маңыздылығы барын саралап жүрмін.

Әлеуметтік-сындарлылық тұрғыдан білім беруді түсіну осы бағдарламада айтылған «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» негізінде жатыр. Балалар өзінің түсінігін өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланысқа сәйкес құратын белсенді білім алушылар болып табылады. Жеті модульдердің барлығында қарастырылатын идеяларды білім беру мен білім алудың жаңа тәсілдері деп санауға болатынына қарамастан, біз жаңа әдістер ретінде «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйретуді» ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік-сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты.

Ал «қалай оқу керектігін үйретуде» оқушы алған білімін есте сақтап, өз бетімен іздене отырып, жауапкершілікке үйренеді. Қалай оқу керектігін үйрету бұл оқушының «өзін-өзі реттеу» болып табылатыны анық. Бұл үдерісте оқушылар түсінеді, бақылайды, өздерін қадағалап қабілеттерін шындайды. Мысалы «Ою-өрнек» тақырыбындағы сабағымда жүзеге асқан «Идеялар себеті» мен «1 минуттық эссе» әдістері арқылы оқушылар өз түсінген ақпараттарын жанама түрде көрсету арқылы бөлісті. Соның ішінде «1 минуттық эссе» жазу бұл оқушының көрген нәрсесін өмірмен байланыстырып, не түйгенін, не ұққанын, өзінің ішкі ойын ашық та түсінікті қылып жеткізуге арналғандай.

Оқушылардың өзін-өзі реттеуі үшін топтық жұмыстың орны ерекше екенін де мен өз тәжірибемде байқап келемін. «Сыныптағы бірлескен жұмыс оқытылатын пәннің мазмұнын берумен шектеліп қана қоймайды, ол сонымен қатар, мұғалімнің ынтымақтастық атмосферасында оқуды қамтамасыз етуіне бағыттайды» деген ойды ескере отырып оқушылармен сабақты бастамас бұрын, өзара ынтымақтастық атмосферасын құрып алу керектігіне көзім жетті. Ол үшін әр сабағымда оқушыларды топқа бөліп, кейде жұптық жұмыс орындатып, көшбасшылық қасиеттерін анықтау мақсатында үштік жұмыстар да жүзеге асып отырады. Байқағаным топ мүшелері бірге жұмыс жасауға тырысады, топта ынтымақтастық атмосферасын құра отырып, жаңа тақырыпты өз бетінше меңгеруге мүмкіндік туды. Топқа бөліну арқылы жұмыс жасауда оқушы тек бөлінгенді ғана үйренбейді. Олар топқа бөліну үшін сыни ойланады. Мысалы: менің «Ою-өрнектер» тақырыбындағы сабағымда оқушылар топқа «Пазл» стратегиясы бойынша бөлінді. Мен ұсынған геометриялық фигуралардан қиылған суреттердің қиықтарын құрастыра отырып, сыни ойланып, топ құрады. Бірігіп жұмыстанды, талқылады, бір-біріне ықпал жасай отырып, жүйелі жұмыс жүргізді. Және бұл геометриялық фигуралар олардың сабақ барысында одан кейінгі іс-әрекеттерімен тікелей байланысты болды. Менің ойымша осындай қызығушылық танытатын стратегияларды қолдану оқушының ақпаратты неғұрлым ұзақ сақтауына ықпалын тигізеді.

Бұл оқудың маңыздылығы оқушылардың пікірі маңызды деп қарастырылуында, қай оқушы болмасын өзіне жеке дара көңіл бөлгенді ұнатады, оның пікіріне мұғалім ризашылығын білдірсе, бала үшін одан артық сый жоқ. Осындай сәттерде оқушылар өздерінің оқуы үшін жауап беретініне де көздері жетеді. Сонымен қатар, Выготский [1:28] когнитивті дамудың, оқушылар өздерінің (ЖАДА) «жақын арадағы даму аймағында» жұмыс істесе, жақсаратындығын атап көрсеткен. ЖАДА оқушы дамытатын дағды мен қабілеттер, өз бетімен жасай алмайтын тапсырмалар көлемін айқындайды. Бұл тапсырмаларды орындауда, оқушыларға жананы үйренуде тірек болатын ересектердің көмегі немесе қолдауы керек. Бұл қолдау қарым – қатынасты қамтиды және де, Выготский бұл жағдайда білім берудің негізгі құралы деп есептейді. Бұрын практикалық жұмыс барысында өзім жаңа тақырыпты түсіндіріп, кейін практикалық жұмыста не істейтінімізді егжей-тегжейлі баяндасам, бұл сабақта тек бағыт сілтеуге тырысамын. Мысалы: «Өрнек түрлері» тақырыбындағы сабағымда «Ойлан, бірік, бөліс» әдісін жаңа материалды өз беттерімен меңгертуге пайдаландым. Сабақ барысында бөлінген 4 топқа Орыс өрнегінің 4 түрін ұсындым. Олар: «Дымков», «Хохлама», «Гжель», «Богород» өрнектері. Оқулықтағы немесе интернет ресурстарын қолдана отырып аталған тақырыпқа тұжырымдамалық карта жасауды ұсындым. Оқушылар өз беттерімен ақпаратты меңгеріп, ойларын біріктіріп, бір-бірімен бөлісті. Осы кезде 1 топтың дайындаған «Дымков» өрнегі тақырыбындағы тұжырымдамалық картада

берілген мәлімет өте жоғары болды. Себебі тақырыпқа байланысты мәлімет толық қамтылған, топ оқушылары қызықты деректерімен толық бөлісе алды. Бұл топтың оқушыларының жұмыс бағытында нақтылық болды. Дымков ойыншықтарының қай елдің өнері, қай қалада пайда болған, не себепті «Дымков» деп аталған, қандай мәні бар, ойыншықтың формасы қандай болады, кімдер қолданған, Дымков ойыншықтарының түстерінде қандай айырмашылық бар? – деген сынды сұрақтар төңірегінде топ болып ой өрбітіп, тұжырымдамалық картасын талдады. Топ оқушылары жауаптарды саралай келе «Бағдаршамның» жасыл түсімен 1-топтың жауабын жоғары бағалады. Топтар ішінде 3-ші топтың жауабы сәл төмендеу болды. Себебі тұжырымдамалық картаға тек суретін салумен шектелген, ой өрбітулері де төмен дәрежеде болды. Мен бұл қиындықты еңсеру үшін осы топқа берілген «Городецк» өрнегінің жасалу жолына қатысты видео көрсетіп, дайын бұйымдарды көрсету арқылы жауап бердім. Жалпы өз бетімен орындауға берілетін тапсырмалар оқушыларды жан-жақты дамуына ықпал жасайтынын аңғардым. Мысалы: өз бетімен жұмыс кезінде тақырып төңірегінде іздену, бір-біріне түсіндіру, топта тиімді жұмыстандыру үшін көшбасшылық қасиеттерін айқындау, интернет ресурстарын, басқа да құрылғыларды қолданып техникалық сауаттылықтарын арттыру сынды қасиеттер дамыды деп есептеймін. Сонымен қатар бұрынғы дәстүрлі сабақтарда қойылатын сұрақтарды қоймауға тырысып, олардың сыни тұрғыда ойланып жауап айтуларын талап етіп, дамытып жүрмін. Ал дәстүрлі сабақтарда қойылған сұрақтар бала ойының дамуына кедергі болатынын және ойын тежейтініне көзім жетті.

Білім берудің диалогтік тәсілдерін дамытуда мен сабақтарымда сұрақ қою арқылы оқушының: сындарлы сөйлеуіне ынталандыруға, білімге құштарлығын оятуға, сыни тұрғыда ойлануға, бір-бірін үйретіп, үйренуге, пікір бөлісіп, оны құрметтей білуге, өздерін және өзгені бағалай білуге, бірімен бірі диалогтік қатынасқа түсуге, ойын жинақтап, талдауға үйренетіндігін, кез келген жағдайды шешуде мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы және өзгелер арасында серіктестік құру арқылы ой бөлісетіндігін дамытып келемін. Білім алуда пікірлесу, сұрақ қою барысында серіктестерінің айтқандары елеулі орын алады деп білемін.

Мерсер өз зерттеулерінде әңгімелесу, сұраққа жауап беру оқушылардың білім алуының ажырамас бөлігі деген болатын. Мен үшін сұрақ қойып жауап алуда сабақтарымда қолданған «Он сұрақ», «Өрмекші торы», «Серпілген сауал» әдістері көмектесе, жауап айтуда «Аквариумдағы алтын балық», түрлі шығармашылық тапсырмалар соның ішіндегі «Ұлттық киім үлгілерін топтастыр», «Ұлттық киім атауларына байланысты анаграмма құр», тақырыпқа қатысты шашыраңқы сөздерден «Сөйлем» құрастыру сынды тапсырмалар ұтымды көрініп жүр. Оқушылардың білім алуда сұраққа жауап беруі, ізденуі, тыңдауы мен сөйлеуі арасында байланыс анағұрлым нәтижелі болатынына көзім жетті. Оқушы қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы білімдерін шыңдайды. Өтілген әр тақырыпқа байланысты оқушыларға түрткі, сынама сұрақтар қоя отырып, білгендерін ортаға салуға бағыттаймын.

Сөзімді қорыта келе, бейнелеу өнері пәнінде болу керек нақты талаптар: эстетикалық, танымдық, шығармашылық, практикалық. Осы талаптарды орындауда түрлі стратегияларды қолдану, суретші шығармаларын талдау, суретте не бейнеленгенін талқылау, оқушыларға түрлі деңгейдегі сұрақтар қою арқылы қол жеткізуге болатындығына үйреніп келемін. Осындай әдіс-тәсілдерді орайластырыла жоспарланған сабақтарымда сыни ойлауға бағыттайтын сұрақтарды пайдалану арқылы оқушы пікірін білдіріп, сұрақ қойып диалогқа түсуге жетелеп жүрмін. Соның нәтижесінде мен диалогтік оқытудың тиімді жақтары мынада болғанын байқадым:

– Сабақ барысында уақытты тиімді пайдалануға болады екен. Ал диалогтік әңгіме құру уақыт үнемдеуге тиімді.

– Оқушылар бір- бірін тыңдай білуге үйренеді. Сұраққа жауап бере алмаған оқушы басқаларды мұқият тыңдайды.

– Оқушылар сыни ойлауға көмектеседі, пікір алмасады.

– Оқушы бір- бірін оқытады.

Сабақ барысында мынадай кедергілер кездесті:

- Сөздік қоры аз болғандығынан кей оқушылардың жауаптарының жұтаңдығы;
- Сұрақтарды бір тақырып төңірегінде ғана қоюы;
- Сабақтың тақырыбынан аса алмағандығында;

Бұл бағдарламада оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, нәтижесінде ойын еркін жеткізе алатын, сенімді, сыни ойлай алатын, таным белсенділігі жоғары тұлға қалыптастыру менің басты мақсатым. Әрине дәстүрлі сабақтарды да жоққа шығаруға болмайды. Оның да алар орны бар. Бірақ жаңа әдіс-тәсілдер арқылы баланы өмірге бейімдеп дайындаймыз десем артық айтқандық болмас. Ақпарат алмасу заманында талай белестерді бағындыру үшін сыни ойлану, ақпарат құралдарын тиімді қолдану, өзіміз қолдана білумен қатар оқушының да үлес қосуына итермелеу, бағыттау, жаңалықтарға құлақ түріп, өзгерістердің ілгерілеуіне баса назар аударып әрекетке көшуіміз керектігіне толық көзім жетті. Мұғалімдік тәжірибемдегі мақсат – заман талабына сай құзіретті тұлға қалыптастыруда осы жеті модульді жүйелі қолдана отырып, өз тәжірибемді толықтыру, жетілдіру. Және әр нәрсені ұйымдастырар алдында «Неге?», «Не себепті?» «Не үшін қажет?», «Қалай орындауға болады?» деген сынды сұрақтардың үнемі ойымызда жүру керектігін ескеремін деп сендіремін. Педагогикалық қызметімде теориялық білімді тәжірибеммен байланыстыра отырып, мүмкіндіктерді ашуға, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдердің теориялық негізін енгізген бұл курста оқыту жүйесіне жаңа көзқараспен қарайтын болдым. Келешекте оқушылардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығы одан да артатынына сенемін.

«Мектептің жаны-мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім»-дейді Ахмет Байтұрсынов. Бүгінгі мұғалім жаңашыл әдіс-тәсілдерді игеріп қана қоймай, сабақта оны тиімді пайдалана отырып, өз тәжірибесін дамыту үшін «Қалай оқыту керек?», «Нені оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап бере отырып, білім беруі тиіс деп есептеймін. Кез-келген мұғалімнің нәтижесі жоғары болу үшін өзінің оқыту әрекетіне талдау жасап, өз іс-тәжірибесін сыни тұрғыдан бағалай алуы қажет.

Ыбырай Алтынсариннің: «Жаман ұстаз болуы мүмкін, бірақ жаман оқушы болмайды», - деген түйінді сөзі әр мұғалімге ой салады. Сыныптағы оқушылардың мүмкіндігін ескере отырып, мұғалім өзінің сабақтарын жоспарлауы қажет. «Нені жасау керектігі мен оны қалайша жақсы жасауға болатындығын нақты білу де өнер», - деп Ф.У.Тейлор айтқандай, мұғалім оқытудағы іс-әрекетті нақты жоспарлап, өзінің тәжірибесіне өзгеріс енгізудің жолдарын да осы жоспарлаудан бастауы керек.

Оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын, мүмкіндіктерін, қабілеттерін дамыту мен шығармашылықтарын арттыруға негізделген оқу сабақтарда жүргізілген әрекеттер оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді түрлендіре жоспарланғандықтан, оқытудағы әрекеттер сәтті өтеді. Мұғалімдер үздіксіз іздену нәтижесінде өз тәжірибелеріне өзгеріс енгізе алады. Оқытудағы жаңа тәсілдерді меңгереді, рефлексия жасау негізінде өз сабақтарына талдау жасай алады, іскерлік тәжірибесін арттырып, сыни тұрғыдан ойлану дағдысы қалыптасады. Алдағы оқыту тәжірибелеріне дамыту жұмыстарын дұрыс жоспарлап, сапалы оқытуға қол жеткізеді. Ұлы ғалым Д.И.Менделеев: «Ғылымды сүйген және жақсы меңгере білген мұғалім ғана оқушыларына терең де мағыналы білім бере алады» - деген екен.

*Пайдаланылған әдебиет:*

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші базалық деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

**«Даму алгоритмі» арқылы оқушылардың  
көшбасшылық қабілеттерін дамыту**

*Н.Т.Аккалиева*  
*Атырау облысы, Құрманғазы ауданы*  
*Абай атындағы жалпы орта мектебі*  
*I санатты орыс тілі мен*  
*әдебиет пәнінің мұғалімі*

Жаңа білім мазмұны - тұлғаның адамгершілік-рухани қасиеттерін дамыту үшін сабақта білім беру ортасын құру: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жетілдіру болып табылады.

Қоғамға білімді, адамгершілігі мол және белсенді, ұтқыр, тапқыр адамдар қажет. Олар өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті, ынтымақтастыққа қосылатын, өз тағдыры мен ел тағдырына жауапкершілік сезіміне ие болуы қажет.

Қоғам ішіндегі мәдени және саяси сауатсыздық, жастарымыздың болашақта дамуы, өсуі үлкен проблемаға айналғалы тұр.

Біздің уақыт көшбасшы кім болды? Көшбасшы, Лидер ( *ағылшын. leader – ведущий, бірінші, алда жүретін адам*) – қандай да бір топта (ұйымда) беделді тұлға болып танылған адам. Көшбасшысы қалғандарын артынан ертіп отырып, өзі мүдделі болған іске достарының арасында қызығушылық оятуға қабілетті. Адамдар дәл онымен қиын сәттерде кеңескісі келеді, қуанышымен бөлісуге дайын, Көшбасшы әрқашан көмек көрсетуге дайын.

Мектеп – білім бесігі десек, сол мектепте ұйымдастырылған оқу – тәрбие үрдісі еліміздің болашағына ықпалын тигізді, өйткені ұлттық мектеп – қоғам идеясының жүзеге асырушысы. Мектепте оқушының көшбасшы болып қалыптасуында орны бөлек. Көшбасшы оқушы болашақта айналасындағы адамдарға жақсы әсері болуы үшін, сынып жетекші тәрбие жұмысын тиімді жүргізуі керек.

Сынып жетекші баланың жеке басының дамуына педагогикалық жағдай жасайтын, өзін-өзі тануына көмек көрсететін, әлеуметтік өмірге бейімделген, рухани дүниесі бай, білімді, зерттеу мәдениеті қалыптасқан, бәсекеге қабілетті жас ұрпақты дамытып, жетілдіретін маман болып табылады.

Өз сыныбындағы оқушыларды саралай отырып, оларға жеке дамуына жол сілтейтін сынып жетекші. Жақсы құрылған тәрбие жұмысына қатысқан жасөспірім өзінің өмірдегі жолын қателеспей табуға тиіс, өткені көптеген жасөспірімдер көшбасшыға қажетті қасиеттерін байқауға болады, бірақ әркімнің өзін дамытуға жәнәнығайтуға мүмкіндігі жоқ. Қазіргі таңда оқушы бойындағы көшбасшылық қасиеттерің анықтап, оларды дамыту жолдары көп жерлерде зерттеліп, анықталып келеді.

Көшбасшының қалыптасуы мен топтың дамуы бұл үздіксіз және үзілмейтін процесс. Көшбасшы болып тұмайды, оған айналады. Тұлға өмір бойы тәрбиеленіп қалыптасады, ал мектептің уақыты тұлға қалыптасуының маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады.

Джон Максвелл: «Жетістікке жету үшін, артыңыздан қолдаушыларды ертіңіз, жетістікті еселеп көбейткіңіз келсе - Көшбасшыларды ертіңіз!» деген.

Барлық жерде екі адамнан артық адам жиналып қалса, көшбасшылықты қалыптастыру проблемасы туындайды. Топ құру процесінде оның кейбір қатысушылары неғұрлым белсенді рөл атқара бастайды, қалғандары олардың сөзіне үлкен құрметпен құлақ асады. Сол кезде қатысушылардың тобының көшбасшылары мен ізбасарларына бөлінуі басталады.

Лидерлік - бұл жеке басын қуәландыратын, барлық қалған топ мүшелері құқығын мойындап, өзіне ең жауапты шешім, олардың мүдделерінің бағыты мен сипатын қозғайтын және анықтайтын қызмет. Ол ресми түрде тағайындалуы мүмкін, немесе ресми емес, бірақ ұжымды өзінің ұйымдастырушылық қабілеттерінің күшімен басқарып отырады.

Көшбасшысына тән мынадай психологиялық қасиеттері: өзін-өзі сенімділік, өткір және икемді ақыл, құзыреттілік ретінде өз ісін егжей-тегжейлі білу, мықты ерік-жігер, адамдардың психологиясының ерекшеліктерін түсіну қабілеті, ұйымдастырушылық қабілеті.

Алайда, нақты топтарды талдауы көрсеткендей, кейде аталған қасиеттерге ие емес адамда көшбасшыға айналады, және екінші жағынан аталған қасиеттерге ие адам көшбасшы болып табылмайды.

Сонда ситуативті лидерлік теория пайда болады, бір жағдай туындаған кезде, оны оңтайлы шешу үшін, сапасы, қасиеттері, қабілеттері, тәжірибесі бар адам көшбасшы болады, топтың жағдайын жасайды.

Әр түрлі жағдайларда топ мүшелері әр түрлі адамдарды көшбасшы ретінде ұсынады. Лидер бұл топ айнасы, осы нақты берілген тобында пайда болады. Тобының көшбасшы болып табылатын адам басқа топта міндетті қайтадан көшбасшы бола қоймайды. (басқа топта әр түрлі құндылықтар, көшбасшыға деген түрлі үміттер мен сұраныстар)

Бірінші кезекте, оқушылардың мектепте оқу дайындығы, психологиялық- әлеуметтік бейімделуі, қарым-қатынас деңгейі, мінездері, көшбасшы деңгейін диагностикалау мақсатында сауалнамалар жүргізілді. Ата-аналармен, бастауыш сынып жетекшісімен пікірлескенім, оқушыларды жан-жақты зерттеуге көмегін тигізді. Зерттеулерде Б. Д. Парыгин көшбасшыларды бөлген екен. Көшбасшылардың жіктелу топтарына жақын келетін оқушыларды топтастырдым. Жұмыстар жиынтығы төмендегідей болды.

Көшбасшылық жіктелуі		Оқушы аты- жөні
Қызметінің сипатына қарай	Әмбебап көшбасшы	Бекзат, Нүргүл
	Ситативті көшбасшы	Маркен, Жанболат, Даниал К., Айнажан
Ішкі болмысына қарай	Көшбасшы – орындаушы	Асылгүл, Ұлыбек, Амангүл
	Көшбасшы-дем беруші	Дильназ, Арман, Сержан
	Іскерлік көшбасшы	Аруна, Батима, Жанел
	Эмоционалды көшбасшы	Данагүл, Дияс, Даниал Ж, Саида, Айбибі
Стилі бойынша басшылық	Авторитарлық көшбасшы	Сабыржан
	Демократиялық көшбасшы	Асем

Сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттері жақсы деңгейде екені анықталды. Екінші кезекте сынып оқушыларының көшбасшылық қасиеттерін еселеу үшін Дамуалгоритмі жасақталды. Негізі ол тек 5-6 сыныптарға арналған, себебі 7-8 сыныптарда Даму алгоритмі сол уақыттағы оқушылардың даму деңгейіне қарай кері жасақталады.

Алгоритм – математикадағы ең бір іргелі ұғымдардың бірі. Алгоритм сөзі IX ғасырда өмір сүрген, адамдардың квадрат теңдеулерді жүйелей құрып оны шеше білуге үйреткен ұлы математик *Әл-Хорезмидің* атының латынша жазылуы *algorithmi* сөзінен алынған. Осылайша алгоритм ұғымы математикада ертеден қолданыла бастағанымен, математикалық теорияның объектісі ретінде кейбір проблемаларды зерттеуге байланысты XX ғасырдың 30-шы жылдарында зерттеле бастады.

*Алгоритм* деп берілген идеяны шешудегі жасалатын әрекеттерді дәл және қарапайым етіп жазуды айтамыз. Басқаша айтқанда алға қойылған мақсатқа жетуде орындаушыға біртіндеп қандай әрекеттер жасау керектігін дәл көрсететін нұсқауларды немесе әрекеттерін орындалу реттілігін анықтайтын жарлықты алгоритм дейміз. Алгоритм белгілі бір реттілігімен бірінен соң бірі орындалатын бірнеше қадамдардан тұрады. Алгоритмнің әрбір қадамы бір немесе бірнеше қарапайым операцияларды қамтиды.





Алгоритмнің әр объектісі сынып жетекшінің негізгі жұмыстарына қосылады, және әрқашан психологиялық- педагогтік қызметінің іс-әрекеті қатарласа жүреді. Оқушылардың мектепте оқу дайындығы, психологиялық- әлеуметтік бейімделуі, қарым-қатынас деңгейі, мінездері алгоритм арқасында көптеген өзгерістерге әкеледі.

«Эрудит» жағында оқушылардың білім дағдысын қалыптастыру жұмыстары орын алды. Мектепте білім алуға қатысты жұмыстар тоқтаусыз жүріп отырады. Сол мезгілде оқушылар еріксіз ынтымақтастық ұйымдастырады. Бұл жұмыстарда ішкі болмысына қарай ерекше көрінген көшбасшы оқушылар көптеген жетістіктерге қол жеткізеді. Өздерінің керектігін сезініп, оқуға мотивациясы асқақтайды.

«Өзін- өзі басқару» жағында жұмыс арқылы оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады. Барлық оқушы қамтылған бұл жұмыс түрлері мектеп ішіндегі оқушының міндеттерін айқындауға, тәртібін қадағалауға мүмкіндік береді. Сыныптағы Эмоционалды көшбасшылар қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік алады.

«Креативті тұтану» жолында барлық оқушылар көшбасшылық туралы түсініктерін кеңейтіп, пайдалануға болатын кеңес алып, талқылап жүреді. Тарихымызда ерекше орын алған көшбасшы тұлғалардың нақыл сөздері интернет желісінде көп кездеседі. Бұл мезгілде сынып жетекшінің міндетті оқушыларға сапалы парақшалар тауып, олардың жақсы әсер етуін, мағынасын ашуына көмектесу болып табылады.

5 сыныпта Абайдың нақыл сөздерін парақша ретінде дайындап алып келіп, сынып оқушыларымен оны талдау керек. Оқушы есінде қалатындай ұлы адамның ақыл сөздері алға тарту, мағынасын ашу болып табылады.

1.Әкесінің баласы –дұшпаның Адамның баласы –бауырың	2. Жаман дос-көлеңке: Басыңды күн шалса, Қашып құтыла алмайсың;	3.Досы жоқпен сырлас, Досы көппен сыйлас
--	---	---

Абай өз заманының сипатын, халқының сол кездегі жағдайы мен психологиясын, жеке адам бойындағы жақсы не жаман ниеттерді, өзінің дүниетанымын көрсеткен. Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі Ғ. Мүсірепов мынадай пікір айтады: «Абайдың қасиетті - өз табының тілегінің көп қиналыстар, толғаулар, тәнге – жанға түскен жаралар арқылы жыртылып айырылуында, өз заманынан биік тұруында».

Абай атамыз тәлімгер ұстаз болған еді. Ақын тәрбиеге көнетін жалпы халық емес, жеке адам, оның дара ерекшеліктері. Жеке адамға ақыл, мінез, іс, адамшылықты сақтайтын ұят - намыс керек дегенді айтады. Ал осындай адамшылықты жүрекпен байланыстырады. Жүрек - адамның ішкі сезімі деген ұғымда қолданған. Абай мынадай қасиеттерді жаманға жатқызады: қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп адам саумақ, орынсыз күлкі, ұрлықпен мал табу бос мақтан, оның ішінде қырт мақтан, жұмысы жоқтық. Бұларды ақын өз өлеңдерінде де көп жырлаған еді. Осы әдеттердің неге жаман болатынын көрсеткен.

«Лайфхак» дегеніміз(англ. *life hacking*) тұрмыстық проблемаларды шешуге көмектесетін сол уақытты үнемдейтін кішкентай трюк немесе пайдалы кеңес.Әдетте, лайфхакер жаңа ештеңе ойлап таппайды, іс жүзінде қолданыстағыәдістемелердіменгеріп алады.лайфхак дегеніміз- қиындықты жеңілдету!

"Лайфхакинг термині" IT-лексиконынан2004 жылы британдық журналист Дэнни О'Брайенмен алынған. Ол *life* ("өмір") және *hack* ("взлом"). Он соединил слова *life* («жизнь») и *hack* («сындыру»). Оқушылар көптеген мағлұматтар оқып, танысып жатпайды. Сынып жетекші әлемде дәлелденген, пайдаланудағы әдістемелерді оқушыларына ұсынады.

Луиза Хей «Өзің-өзіне көмектес» кітабында орын алған «Мен өзімдегінің бәрін мақұлдаймын» деген техникасы оқушыға өзін жақсы көруге үйретеді.

Дейл Карнеги кеңестері оқушыға өзін көп адамдар жиналған жерде өзін жақсы көрсетуге үйретеді

Барлық жасалған жұмыстар оқушы өміріне көп жағымды жаңалық әкеліп отырады. Күнделікті бала көшбасшылық қабілетін қалай дамытуға болатыны туралы мағлұмат алып отырады. «Өзін-өзі басқару» жолында алынған адамгершілік қасиеттерін, «Эрудит» кезінде жинаған білім қоры, түрлі өмірлік кеңестер «Крестивті тұтану» арқылы оқушы жан- жақты дамып, көшбасшылыққа өзін- өзі үйретеді.Болашақта алгоритм өзгерістертілім, бала сапасына қарай «Дебаты», «Театр» деген тармақтар қосылады.

Сыныптағы барлық оқушы көшбасшы болып кетпейтіні анық, дегенмен оқушылар ашылып, сыныптағы тәбие, оқу сапасы төмендемей отырады. Болашақта осындай алгоритм аясында білім, тәрбие алған оқушы құзыретті менеджері, тиімді басшы, топтың бағалы мүшесі- Көшбасшы болып қалыптасады.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Жандыбаева М.М. «Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қызметті ұйымдастыру» Атырау 2013- 14 б
  2. Фетискин Н.П., Козлов В.В., Мануйлов Г.М. «Социально-психологическая диагностика развития личности и малых групп» – М., 2002. 391-392б
  3. ДЖОН МАКСВЕЛЛ «21 неопровержимый ЗАКОН ЛИДЕРСТВА». Минск 2005, -107б.
  4. Кричевский Р.Л., Дубовская Е.М. «Психология малой группы», МГУ 1991
- Web – sites:
- А) <https://ru.wikipedia.org/wiki>
  - Б) [http://harvestg12.com/books/1\\_Leadership\\_RUS.pdf](http://harvestg12.com/books/1_Leadership_RUS.pdf)
  - В) <http://www.xarakter.net>

**Тарих сабағында заманауи әдістемелер мен педагогикалық**

## технологияларды ұтымды пайдалану мәселелері

*Жалимбетова Б.Қ.*

*№91 орта мектептің тарих, адам*

*және қоғам пәні мұғалімі*

*Қызылорда облысы, Қазалы ауданы*

Қазақстан дамуының жаңа кезеңіндегі еліміздің әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудағы жаңа стратегиялық бағдарлар қоғамның анықтығы мен ақпараттануы қазіргі білім беруге қойылатын талаптарды өзгертіп, еліміздің әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керектігін талап етті [1].

Оқушының өзіндік білім алуға, ойлауға, әр түрлі мәселелерге үніле қарауға, оны өз бетімен шешу жолдарын табуға, өзіндік даму жолын анықтауға бағыт-бағдар беруші мұғалімнің әдістемелік қоржынында педагогикалық технологиялар жеткілікті болу керек. Сондықтан, әр ұстаз өзінің кәсіби деңгейін жоғары сатыға көтере отырып, оқушыға жаңа инновациялық технологиялар негізінде нәтижеге бағытталған білім беріп, оның жан-жақты дамуына жағдай жасау қажеттілігі туындайды [2]. Әр мұғалімнің негізгі міндеті – оқушыға тек білім беріп қана қоймай, алған білімін өздігінен дамытып, жеке және қоғам қажеттілігіне икемдеп, дұрыс, тиімді пайдалана және әлеуметтік бәсекелестікке төтеп бере алатын, мәдени ортаға бейімделгіш, дара тұлға, білікті азамат дәрежесіне көтерілген адам дайындау деп есептеймін. Тарих пәнінде қазіргі таңда да білім беру үрдісін ұлттық үлгі негізінде қалыптастыра отырып, әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктіру қажет.

Сабақ – мектепте оқушыларға білім мен тәрбие берудегі негізгі үрдіс. Тарих пәні сабақтарында өзімізге бұрыннан белгілі әңгіме, баяндау, пікір алысу сияқты әдістермен қатар, картамен жұмыс, көрнекі құралдар қолдану, тарихи көркем әдебиетті пайдалану, мерзімдік баспасөз, интернет материалдарына жүгіну қажеттігі де туындайды. Сонымен қатар, баланы ғылыми ізденіске баулу, ғылымға деген ой-таным, көзқарасын қалыптастыру, өмірдегі өз орның сезінуге, толыққанды шығармашыл адам етіп тәрбиелеу де пән мұғалімінен талап етілетін міндет болып отыр [3].

Бүкіл әлемді шарпып өткен жаһандану үрдісі білім саласын да шет қалдырған жоқ. Дәстүрлі білім жүйесі ХХІ ғасырда өмір өзгерісін, білім талаптарын толық қанағаттандыра алмайды, сондықтан сабақты жаңа технология жағдайында өткізу қажеттігінің өзі өмір талабы болып отыр. Қазір оқушының танымдық белсенділігі, сабақта ұйымдастырылған түрлі ситуацияларға қатысуы арқылы өзі де кейіпкерге айналып, сол жағдайдан шығу үшін әр түрлі жолдарын іздеуі, ойлануы, жоспар құруы, нәтижесінде «өз жаңалығын» ашуы оқушыны шығармашылық тұлға дәрежесіне дейін көтеріп отыр [4].

Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қана қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, міне ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Әлемдегі ең озық мектеп жүйелері оқытудың сапасын арттыру мақсатында үш ұстанымға берік сүйенген екен:

1. Мұғалімдікке сәйкес адамдарды тарту (білім беру жүйесінің сапасы онда жұмыс істейтін мұғалімдердің сапасынан артық болмайды);

2. Бұл адамдарды тиімді педагогтарға айналдыру (оқыту сапасын арттыру-оқушы нәтижелерін арттырудың жалғыз жолы);

3. Жоғарғы кәсіби білім беру, әр балаға қолжетімді болатындай жүйе құру (әрбір оқушының деңгейін көтеру-жалпы жүйенің нәтижелілігін жоғары деңгейге көтерудің бірден-бір жолы).

Әлемдегі білім беру саласындағы реформаларға жүргізілген зерттеулер, осы үш ұстанымның оқушының білім сапасын арттыруда шешуші рөл атқаратынын көрсетіп отыр.

Қазіргі Қазақстандық білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан өзгерістер жоғарыда айтылған негізгі үш ұстанымның соңғы екеуінің жүзеге асып жатқанын дәлелдейді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы мен Кембридж университетінің білім беру Факультеті бірлесе жасаған Деңгейлік Бағдарламасы аясында мектеп мұғалімдерін оқыту арқылы оларды тиімді педагогтарға айналдыруға қадам жасап жатса, жеті модульді топтық жұмыстар арқылы кіріктіре оқыту әр балаға қолжетімді болатындай етіп білім беруге негізделген [5]. Деңгейлік Бағдарламаның Қазақстанда қазіргі кездегі қолданыстағы ХХІ ғасыр талабына жауап бере алмайтын дәстүрлі білім беру жүйесін ығыстырып шығатынына әбден көзіміз жетті. Сондықтан, Қазақстандағы жалпыға бірдей білім беретін мектептердің мұғалімдерін Деңгейлік Бағдарламасы аясында оқыту маңызды үрдістердің бірі. Алғашқы 2012 жылы Деңгейлік Бағдарлама бойынша білімімді жетілдіріп, мектептегі іс-тәжірибеден өткеннен кейін, менің білім беруге деген көзқарасым мен мұғалім ретіндегі іс-тәжірибемде өзгерістер болды: курс барысында дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыстың оқушылардың арасындағы диалогтық оқытудың дамуына, олардың бірін-бірі оқытуды жүзеге асыруына, оқушылар мен мұғалімдердің арасындағы қарым-қатынастың дұрыс орнығуына т.б. зор ықпалы бар екенін түсіндім. Курс барысында ең үздік оқушыларды анықтайтын сенімді өлшемдер: оқушылардың есте сақтауы және білімі арқылы, өз білімін жетілдіруі арқылы, ойлау қабілетінің жылдамдығы арқылы, мәселені шешуге икемділігі арқылы, күрделілікке және сүйіспеншілікке қызығушылығы арқылы, ерте жасынан бастап ерекше қабілеттерін ұзақ уақытқа шоғырландыру қабілеті арқылы, ерте символдық белсенділігі арқылы жүзеге асырылатына көзім жетті, және өзімнің бірнеше жылдық тәжірибемде қолданып келемін. Негізгі сабақтарда топтық жүйе қолданылып, оқушы білімін бағалау да жаңаша сипат алды. Топ ішінде бағалау арқылы, біз оқушыларды әділ бағалауға, оқушы жетістігі мен кемшілігін саралай білуге үйретеміз. Сонымен, оқушының ой-таным әрекеттерін арттырудың тиімді құралдарының бірі-оқушының өзіндік жұмысы мен өздігінен білім алу әрекеті болып есептеледі. Өз бетімен білім алу, жоғарғы сынып оқушыларына тән болғандықтан, мұғалім көбінесе бағыт беруші, оқушының ой-өрісін дамытушы, шеберлігін шыңдаушы болмақ. ХХІ ғасыр мұғалімі қандай болмақ десек, қазақтың данышпан ақыны, ұлы Абайдың отыз екінші қара сөзінде: «Білім ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмей, іздегенмен табылмас», - дейді [6]. Мұғалім оқушыға бағыт-бағдар бере отырып, өзі де көп біліп, көп зерттеп, сабақ беру барысында оқушылардың бойында тарих пәнін оқып-үйренуге деген құштарлықты оятып, жауапкершілікке үйретіп, пәнді меңгеру тәсілдерін, яғни оқу қызметін қалыптастыру қажет. Осыдан барып оқушы бойында іскерлік пен дағды меңгеріледі.

Сонымен қатар, жаңа технологияларды және интерактивті әдістерді оқу үрдісінде қолдану, оқушылар жинақталған тәжірибесін сыртқа шығарып, оны өмірінде пайдалана алады. Жалпы заман талабына сай білім беру қашан да өзекті мәселе. ХХІ ғасыр-техниканың озық дамыған ғасыры. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында елімізде көптеген мектептер компьютермен қамтамасыз етілді. Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса барлық сабақтарды компьютердің қуаттануымен жүргізуді үйрену-бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Біздің №91 орта мектептің тарих пәнін оқыту құралы ретінде компьютерді қолдану-оқу үрдісін белсенділігін, оқытуды жекешелендіруге, оқушының өзін-өзі бақылауына мүмкіндік туғызып отыр. Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз-берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік технологиялармен алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады. Оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасына негізделеді. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері мұғалімдерге баланы оқытуда бейне және ойын бағдарламаларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды

көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Оқыту үрдісінде оқыту әдістерін тиімді пайдалану, білім беру жүйесін тұтастай жаңа оқыту технологиясын енгізу оқыту процесінде толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Қазіргі оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологиялар кеңінен енуде. Оқушыны пәнге қызықтырумен қатар, саналы ойлауға тәрбиелейтін, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра алатын, өзіндік пікірі бар, қоғамдағы болып жатқан түрлі қарама-қайшылықтарды түсіне білетін, еркін сөйлеп, өз пікірін ашық айта алатын ойлы ұрпақ тәрбиелеуде сабақтың маңызы зор. Сол сабақ атты театрдағы басты кейіпкеріміз-оқушы болса, онда барлығымыздың бағытымыз бір, бағдарымыз байсалды болмақ. Әр мұғалім оқушыға көпқырлы сабақ беретін болған соң, қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануы тиіс. Мұғалім шеберлігі-ізденіс нәтижесі. Сондықтан, орыстың ұлы педагог-ғалымы К.Д. Ушинскийдің «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады»-деген [7]. Бұл “Ұстаз” атты ұлы сүрлеуге соқпағын салып жол тартқан көкірегі ояу, көзі ашық әрбір адамға берілген елеулі ескерту. Сабақты тартымды өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдалану қажет. Жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеуде білім беру ісінің инновациялық дамуына ерекше орын беруіміз керек. Бұның өзі оқытудың белсенді әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үдерісінде кеңінен жағдай жасайды. Жаңаша оқыта алатын білімді ұстаздарды қажет етеді. Олай болса, қоғам сұранысына сай болашақ кәсіби деңгейі жоғары педагог мамандар даярлауда оқушыларды оқытудың жаңашыл әдістемесімен мұғалімдердің озат тәжірибелерімен жан-жақты таныстыру, қоғамның білім беруге қойылатын жаңа талаптарын түсіндіруге септігін тигізеді.

#### *Әдебиеттер тізімі:*

1. Н.Ә. Назарбаев. Жаңа әлемдегі Қазақстан «Қазақстан -2030» стратегиясы. Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2007 ж 28 ақпан. Алматы. 2007. 72 б
2. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». «Орталық Қазақстан» газеті, 15 желтоқсан, 2012 жыл.
3. «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам». «Егемен Қазақстан». 10 шілде, 2012 жыл.
4. Методологические и конкретно-исторические проблемы изучения Отечественной истории. Алматы, 2005.
5. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, «НЗМ» ДББҰ, 2012. 41 б
6. «Білім берудің инновациялық стратегиясы – мемлекеттің, қоғамның және жеке тұлғаның тұрақты даму факторы» тақырыбындағы дарынды балаларға арналған білім беру ұйымдары қызметкерінің педагогикалық тамыз кенесінің материалдар жинағы. Алматы обл. Қаскелен қ. 2014 жылғы 7-8 тамыз, 84-88 б.
7. «Қазақстан тарихы». Әдістемелік журнал, №1-12. 2010-2012 жж.

#### **Из собственного опыта работы по внедрению критического мышления на уроках физики в условиях обновления содержания образования**

**Сарбалиев С.Б.**

*Западно-Казахстанская область,*

"Мир быстро становится другим в связи с глобализацией и модернизацией, которые влекут за собой огромные проблемы для людей и общества. Школы должны подготовить учеников жить и работать в мире, в котором большинству людей необходимо сотрудничать с людьми разных культурных слоев, принимать во внимание различные идеи, перспективы и ценности; в мире, в котором люди должны решать, как доверять и сотрудничать, несмотря на наличие различий, часто преодолевая при этом пространство и время с помощью технологий; в мире, в котором их жизнь будет зависеть от вопросов, которые выходят за пределы национальных границ. Школы двадцать первого века должны помогать ученикам развивать самостоятельность и самобытность, которая осознает реальность национального и глобального плюрализма, подготавливая их к тому, чтобы они могли присоединиться к другим в жизни, работе и гражданской позиции"

Андреас Шлейхер, использующий обязанности директора Управления образования и профессиональной подготовки и специального советника Генерального секретаря ОЭСР по политике образования.

С данной цитатой нельзя не согласиться в том, что наших детей, мы должны обучать самостоятельности, навыкам сотрудничества, работать с новыми информационными технологиями, приспособляться к позитивным переменам быстроменяющегося мира.

По всему миру были пересмотрены или же на данный момент пересматриваются образовательные системы на предмет того, какое образование они предоставляют для своих будущих поколений. При этом были заданы ключевые вопросы, такие как "Чему действительно должны учиться дети для того, чтобы быть успешными в двадцать первом веке?" и «Что является наиболее эффективным способом обучения этому?»

Как показывает педагогическая практика, наши дети плохо умеют анализировать, обобщать, сравнивать, делать выводы.

Среди учителей немало работающих по традиционной педагогике, где доминирующее положение на уроке остается за учителями. А ученик занимает "пассивную" позицию. Я считаю, что это наводит к тому, что необходимо кардинально меняться в первую очередь учителям. Построение уроков акцентировать на "активной деятельности ученика". Основными целями и задачами урока должна стать: развитие мышления учащихся, умение анализировать, сопоставлять, формировать культуру чтения умения учащихся критически оценивать новые знания. И здесь эффективным в этом плане зарекомендовало себя применение приемов развития критического мышления на уроках того или иного предмета. /В нашем случае я буду вести речь о "физике"/. Еще одним убедительным доводом того, что на сегодняшний день актуально применение приемов развития критического мышления у учащихся на уроках является:

1. Самостоятельность решения определенных проблемных ситуаций

2. Самостоятельность в изучении физических законов, явлений, объектов.

Соответственно из этого, вытекает следующий результат: ученики будут заинтересованы в обучении.

Критическое мышление - концентрация мышления на процессе решения каких-либо вопросов или проблем. Критическое мышление проявляется каждый раз, когда происходит процесс рассуждения, формулировки выводов или решения проблем.

*Современная интерпретация.*

Критическое мышление - дисциплинарный подход к осмыслению, оценке, анализу и синтезу информации, полученной в результате наблюдения, опыта, размышления или рассуждения, что в дальнейшем может послужить основанием к действию.

Компоненты навыков критического мышления:

- Выявления проблем и определение оптимальных средств их решения.

- Понимание важности приоритетов, иерархии и последовательности действий в решении проблем - сбор соответствующей информации.

- Установление контекстных предпосылок и приоритетов

- Понимание и четкое, объективное вербальное воспроизведение

- Интерпретация данных с целью дальнейшего оценивания, доказательства и аргументирования

- установление наличия /или отсутствия/ логической связи между предложениями

- составление выводов и обобщений

- экспертиза полученных выводов и обобщений

- реконструирование первоначальной модели собственных убеждений на базе приобретенного опыта.

- формирование адекватных суждений о конкретных предметах /явлениях и т.д./ в контексте реалий повседневной жизни.

Базовый уровень процесса критического мышления

- сбор релевантной информации

- оценка и критический анализ документов

- обоснованные выводы и обобщения

- корректирование предположений и гипотез на основе значительного опыта.

Для эффективного развития критического мышления у учащихся необходимо включать приемы данной технологии на каждом уроке. При этом не обязательно урок должен проходить в рамках какой-либо конкретной технологии. Важно чтобы, основные приемы и методы использовались регулярно.

Из собственной педагогической практики ознакомлю вас с применением приемов развития критического мышления учащихся на уроках физики.

*Прием "Анализ физической задачи"*. Решая физическую задачу, ученики вначале разбирают условие задачи: одной чертой подчеркивают физические величины данные в условии, двумя чертой подчеркивают, что нужно найти в задаче. После этого рисуют физическую модель задачи, при этом объясняют о каком физическом явлении или законе идет речь в задаче.

При решении задачи, вслух анализируют ход решения, комментируют каждую формулу или математическое действие. После завершения решения задачи у доски, остальные учащиеся оценивают правильность решения, указывая на те или иные недочеты, неправильные ходы решений. Этот прием учит учащихся в первую очередь рассуждать, анализировать.

*Прием "Работа в паре"*: Работа в паре, учащимся я даю задание. После выполнения заданий ученики друг другу ставят вопросы и оценивают правильность ответов .

Этот прием учит учащихся ставить вопросы друг другу и критически относиться к ответам.

*Прием "намеренные ошибки"*. При закреплении нового материала даю задание с ошибками. Учащиеся работая с этими заданиями находят ошибки, исправляют и объясняют в чем заключается та или иная ошибка.

Этот прием учит учащихся критически относиться к заданиям и развивает способность доказывать.

*Прием "Групповая работа"*. Участвуя в групповой работе, ученики учатся

1. Быстро мыслить

2. Излагать пусть краткие, но точные выводы

3. учатся самостоятельно добывать знания /что развития критического мышления у учащихся очень немаловажно/

4. контролировать работу друг друга

5. Формировать собственную точку зрения

6. Обосновывать свою идею, мысль

*Прием "составление задачи по рисунку".* Даю учащимся рисунки с изображением физических явлений, процессов. Учащиеся по рисунку составляют условие физической задачи. Этот прием учит учащихся находить логические связки между рисунками и физическими явлениями.

*Постановка толстых и тонких вопросов.* При работе с неуспевающими детьми ставлю "тонкие вопросы".

1. Вопросы, содержащие вопросы следующего характера: "Что такое?", "Дайте определение?", "Что называется?" т.е. вопросы требующие однозначного ответа, формулировки, определения законов, физических явлений, величин.

Остальной категории учащихся ставлю толстые вопросы:

1. Сравните, докажите, найдите, сопоставьте, в чем сходство и различие?, Почему? Объясните?

Тема «Диффузия в твердых телах, жидкостях и газах» в 7 классе.

«Тонкие» вопросы	«Толстые» вопросы
Существует ли диффузия в твердых телах?	Почему дым от костра перестает быть видимым даже в безветренную погоду?
Зависит ли скорость диффузии от температуры?	Где лучше сохранить детский шарик, наполненный водородом: в холодном или теплом помещении?
В каком веществе: в жидком или газообразном скорость диффузии будет больше?	Почему не рекомендуется мокрую ткань, окрашенную в темный цвет, оставлять на длительное время в соприкосновении с белой тканью?
Можно ли объяснить диффузию движением молекул вещества?	Открытый сосуд с углекислым газом уравнили на весах. Почему со временем равновесие весов нарушилось?

*Прием "Комментирование ответов".* Обычно сильным учащимся даю задание при устных ответах домашнего задания других учеников, дать комментарий. что было подробно высказано, что было недостаточно, что было упущено совсем. это прием учит осмыслить ответы других, оценивать.

*Прием "Работа с вычислительным прибором СЛХ".* Само по себе работа с вычислительным прибором СЛХ вызывает заинтересованность. И в основном я даю задания после исследовательских работ с помощью данного прибора:

1. Исследовать зависимость физических величин друг от друга
2. Объяснить график, полученный на основе экспериментальных данных
3. Построить график, исходя из исследовательской работы

*Прием "Домашние исследования"* Задания на дом я включаю простые опыты из подручных средств, на основе которых учащиеся строят свои рассуждения, доказывают то или иное физическое утверждение.

На уроках учащиеся пишут эссе: "Физика в быту", "физика в быту", "Физика вокруг нас", "Отрицательные воздействия шума на организм", "Оптические явления в природе".

*Прием «Верные и неверные утверждения»* часто применяю в образовательном процессе 7 класса, только я его называю «Верить - не верить». Приведу пример при рассмотрении темы «Взаимодействие молекул». На стадии рефлексии учащиеся должны дать ответ: «да» или «нет».

1. Вещества состоят из мельчайших частиц, едва различимых невооруженным глазом (нет).

2. Вещество состоит из мельчайших частиц, которые можно увидеть с помощью электронного микроскопа (да).



3. Объем газа при нагревании увеличивается, т.к. каждая молекула становится больше по размерам (нет).

4. Молекула – мельчайшая частица вещества (да).

5. В молекуле может быть более 1000 атомов (да).

6. Стальной шарик при нагревании увеличивается в объеме, т.к. промежутки между молекулами становятся больше (да).

7. Пленка масла, растекаясь по поверхности воды, может занять любую площадь (нет).

*Художественные формы письменной рефлексии.* Синквейн – это стихотворение, представляющее собой синтез информации в лаконичной форме, что позволяет описывать суть понятия или осуществить рефлексию на основе полученных знаний. Это французское стихотворение, состоящее из пяти строк.

Синквейн быстрый, но мощный инструмент для рефлексии, так как он даёт возможность резюмировать информацию, излагать сложные идеи, чувства и представления в нескольких словах, что не просто. Интересно использование синквейнов в качестве средства творческого самовыражения.

В переводе с французского слово «Синквейн» означает стихотворение, состоящее из пяти строк, которое пишется по определенным правилам. Составление синквейна требует от учеников краткоизложения учебной информации. Прием используется для закрепления и рефлексии. Синквейн позволяет выражать свои мысли в свободной форме, но опять же по определенным правилам.

Правила для написания синквейна:

1. На первой строке записывается существительное, которое является темой синквейна.

2. На второй строке необходимо записать два прилагательных, которые будут раскрывать тему синквейна.

3. В третьей строке пишется три глагола, которые описывают действия, относящиеся к теме синквейна.

4. В четвертой строке пишется целая фраза либо предложение, в котором ученик высказывает свое отношение к теме.

5. Последняя строка – это слово-резюме, которое позволяет выразить личное отношение ученика к данной теме.

Процедура знакомства с синквейном:

1. Объяснить правила написания синквейна.

2. Привести пример синквейна.

3. Задать тему синквейна.

Пример: Слово-существительное, задающее тему: Закон Кулона.

Два словосочетания, характеризующих заданную тему:

Крутильные весы, взаимодействие точечных зарядов.

Предложение, вывод, характеризующее тему: Сила взаимодействия двух точечных неподвижных заряженных тел в вакууме прямо пропорциональна произведению модулей зарядов и обратно пропорциональна квадрату расстояния между ними.

При прохождении темы «Трансформаторы»:

Трансформаторы

Повышающие, понижающие.

Гудят, преобразуют, нагреваются.

Нужны во благо человеку.

Опасны.

При прохождении темы «Электризация»

Электризация

Вредная, полезная.

Притягиваются, трутся, искрятся.

Сообщение телу электрического заряда.

Ей поддаются все тела

Технология развития критического мышления появилась сравнительно недавно и использовалась в основном гуманитарными дисциплинами. Я как учитель физики применяю эту технологию к урокам физики, что содействует развитию критического мышления у учащихся и повышению эффективности обучения.

#### ***Список литературы:***

1. Образовательная программа курсов повышения квалификации руководителей общеобразовательных организаций в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан. Первое издание, 2015 год.
2. Инструктивно- методическое письмо "Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2016-2017 учебном году"
3. "Педагогический диалог" №2 /16/ 2016год. Информационно- методический журнал.
4. Руководство для учителя по программе третьего /базового/ уровня в рамках уровневых программ повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан.
5. 9 сыныпта физика сабағынан лабораториялық практикумда PASPORT Xplorer CLX есептегіш құралды пайдалану (әдістемелік құрал). Орал, 2015жыл.
6. Творческая разработка«Реализация технологии развития критического мышления посредством чтения и письма на уроках физики»Климова И.Н.,учитель МОУ Истринской СОШ № 3

### **Жас мұғалімдермен жұмыс жүйесін ұйымдастыру тәжірибемнен**

***Тілеубергенова А. Т.***

*Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласы  
«№19 жалпы орта білім беретін мектеп» мемлекеттік  
мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, директордың  
оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке жаратып, тұрмыс игілігіне жарата білуі мен бағаланады. Инемен құдық қазғандай қиын да күрделі, орасан қажыр – қайрат пен ерік – жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл. Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі. Ақыл – ой – азаматтығымыздың алдараспаны. Жаңа ғасырда жаңа өмірге аяқ басқан жас мамандар, әсіресе жас ұстаздар заман талабына сай өзгеше өмір сүруге дайын болуы керек. Осы бағытта мектебімізде жастардың өмірге өз үлесін қосып, орнын табуы ерекше ықпал ететін дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына, олардың да мәдени – әлеуметтік іс – әрекетін, кәсіби мамандығын жетілдіруіне барлық жағдай жасалған. Мектепте «Жас мұғалімдер» клубы құрылған. «Жас мұғалімдер» клубының мақсаты: оқу-тәрбие процесінде оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін меңгерту. Жаңа сабақты меңгерту барысында тиімді әдістерді пайдалануды үйрету болса, міндеттері: мектептің жалпы ішкі жұмыс жүйесіне дағдыландыру, әр жұмыс уақытын мақсатты тиімді пайдалауға баулу кәсіби жағынан толысып және әдістемелік жағынан шеберліктерінің жетілуіне бағытталған шараларды мазмұнды да тиімді өткізу. «Жас мұғалімдер» клубына жас мамандар мүше болып, оларға тәлімгерлер тағайындалып, жоспар бойынша жүйелі жұмыс жасайды. Жас мамандарға әрдайым әдістемелік көмек көрсетіліп, педагогикалық шеберлігін шыңдау мақсатында жоспарға сәйкес педагогикалық оқулар, дөңгелек үстелдер, байқаулар, шебер сынып, коучинг, конференциялар өткізіліп отырылады. «Жас мұғалімдер» клубы мектептің кітапханасымен, психология кабинетімен байланыс жасайды.

Негізгі менің жас маманмен жүргізілетін жұмыс жоспарымның құрылымы мынадай үш кезеңнен тұрады:

I. Бейімделу

## II. Өзіндік анализ

### III. Нәтиже

Жоспарлау негізінде біріншіден: оның жеке ішкі жан дүниесіне, мінезіне, көңіл – күйіне қарай отырып, оның икемділігін анықтаймын. Қандай да болмасын жұмыс түрін алмас бұрын, бақылау, қатысу арқылы қандай жұмысқа қабілетті екенін байқаймын. Сонымен қатар жас маманның баламен қарым - қатынасын және ұстазбен қызметтестік болуға деген қабілетіне орай аша білдім. Міне, енді осылар арқылы тестер, диагностика, сауалнамалар әзірлеймін.

Әрі қарай жас маманға жұмысымды былай ұсынамын: бақылау, екі жақты қатынас, сұрақ - жауап, шағын тапсырмалар ұсыну. I, II жарты жылдық бойынша жас мұғалімдердің өзін-өзі бағалау парағын толтыртамын: [5]

#### Бағалау парағы

№	Уақыты	Балл -I жарты жылдық					Балл -II жарты жылдық				
		1	2	3	4	5	1	2	3	4	5
1	Мен оқушымен жеке жұмыстар ұйымдастыруды білемін										
2	Мен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыра білемін										
3	Оқушылармен тәрбиелік шараларды ұйымдастыра білемін										
4	Мен әріптесімнің сабағына талдау жасай аламын										
5	Мен педагогикалық зерттеу әдістерін меңгергенмін										
6	Педагогикалық зерттеу әдістерін меңгергенмін										
7	Менің «нағыз ұстаз» болуға дайындығым										
8	Сабағымды жаңа педагогикалық технологиямен ұйымдастырамын										

Білім беру жүйесінде яғни жас ұрпақтың қоғамдық өмірге, арнайы мекеме жүйесіне зияткерлік даярлығы бақылау арқылы, педагогикалық жаңалық ашу, оны бағалау және қоғамдастықты меңгеруі, болашақта жас мамандардың тәжірибені өз жұмысында пайдалануын қадағалау басты жұмысым. Әрбір жоспарын, алынған іс әрекеттің аяқсыз, нәтижесіз қалмауын қадағалаймын, бағыт бағдар беріп отырамын. Жас маманның жеке дамуына «Жан дүниені үңіл» тақырыбында семинар -тренинг өткізіп, өз ой -пікірлерін еркін жеткізе білуіне мүмкіндік туғыздым.

Тренингтің жас мамандар үшін мектеп өміріне бейімделуі, оқушы психологиясын жетік меңгеру мен эмоцияны сабырға жеңдіру, педагогикалық тактиканы сақтай білуге бейімдеуде өзіндік ролі болды деп ойлаймын. Семинар -тренинг соңында психодиагностикалық тест бердім. 45-50 ұпай жинап бала тәрбиесіне жан- тәнімен берілген ұстаз екендігін дәлелдеген 8 мұғалім болса, екі мұғалім 21-30 ұпай арасында жинап әлі де іздену керектігін көрсеткен.

Білім беру жүйесі мамандардан кәсіби икемділік пен сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару жайындағы біліктілікті қажет етеді. Өйткені қазіргі арнаулы және жоғары оқу орнын бітірген жас буын-еліміздің келбеті. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты- саяси –экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», - деген тұжырым жасады. Ол үшін бүгінгі оқу үрдісіне сай педагогикалық шеберлік қажет. Жас маманның бойындағы педагогтік шеберлік-дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі. Осы орайда жас мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетіп отырудың маңызы зор.

Әдістемелік жұмыс дегеніміз – ғылым мен озат тәжірибе жүйесінің тұтас жетістігі, бір – біріне қатысты жан – жақты білімі жетілген өз ісінің маманы, шебер ұстаз ісіне бағытталған, мектеп ұжымының шығармашылық деңгейде болуына және дамуымен тығыз байланысты.

Әдістемелік жұмыста бастысы:

1. Мұғалім жұмысындағы қиындықты анықтау.
2. Өз уақытында көмек беру.
3. Ғылыми жетістіктерімен таныстыру.

Алдымен жас мұғалімдерді перспективалық жоспар барысында біліктілік курсынан өткізіп отырдым. Қазіргі таңда 15 жас мұғалімнің бесеуі біліктілік арттыру курсынан өткен жоқ. 10 мұғалімді біліктілік арттыру курсынан өткіздім. Курстан келген жас мұғалімдермен пікіралысу мақсатында дөңгелек үстел өткізіп, мұғалімдердің курстан үйренгендерін, тәлімгерлер мен тәжірибелі ұстаздар сабағына қатысқанда үйренген жайттарды ортаға салады.

Сондай-ақ, апталықтар, тәжірибе алмасу күндерін яғни семинарлар өткіземін. Жас мұғалімдер клубы жетекшісі ретінде 10-сыныпқа Абайдың қарасөздерінен өзім ашық сабақ өткіздім. «Теориялық білім мен методикалық шеберлік ұштасқанда» дөңгелек стол, «Инновациялық технология әдістерін қолдану барысында оқушылардың ой белсенділігін арттыру» деген тақырыпта семинар өткіздім. «Сыни олау арқылы топтық жұмыстың тиімділігі» тақырыбында коучинг, «Көшбасшылық» тақырыбында шебер сынып өткізіп, тәжірибелі мұғалімдерге ашық сабақтар қойып, жас мұғалімдердің сабаққа қатысуын қамтамасыз еттім. Тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысу арқылы жас мамандар сабақ үрдісінде кездесетін қиындықтарды шешу жолдарын үйреніп отырды.

Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімге көшуді көздейді. Білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта болса, оны жалғастырып сабақтастыратын жас мамандар болмақ. Ол үшін жас маманға қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілік, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, зерттеушілік, әлеуметтік тұлғалы ақпараттық күзиреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілігі, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға болу [2]. Егер жас маман ізденуден жалықпайтын шығармашыл тұлға болса, ол сабақты түрлендіріп, тұлға жүрегіне жол таба біледі. Сондықтан олардың функционалды сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. «Адамға оқып-үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей әдістемелік жұмыстарды жаңаша ұйымдастыруда мұғалім жұмысын жаңашыл педагогтар еңбектерімен таныстыру жұмыстары жас мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу, оқу танымын ұйымдастыруда кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін үнемі оқып-үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Жас мұғалімдер жұмысына мониторинг, рейтинг жасай отырып, мектебімізде жас мұғалімдер тұрақтылығын, білім дағдыларының қалыптасу барысындағы жетістіктерін аңғарамыз.

Жеке тұлғаның жан-жақты жетілуіндегі басты ерекшелік өз бетімен іздену, ғылыми жұмыспен айналысу болса, мектептегі жас мұғалімдерді «Дарын» орталығымен тығыз байланыс жасату негізінде біршама игі істер жүзеге асты. Биология пәнінің мұғалімі Г. Сабырованың жетекшілігімен 10- сынып оқушысы А. Төлегенова «Вирусты ісіктер және одан қорғану жолдары» тақырыбындағы ғылыми жұмысы аудандық ғылыми жобалар байқауында I орынға ие болса, тарих пәні мұғалімі Л. Сүлейменованың жетекшілігімен 8- сынып оқушысы Д. Жалғасова «Р. Қарамановтың ерлікке толы ғұмыры» жұмысы I орын, қазақ тілі пәні мұғалімі Ж.Төлегенованың жетекшілігімен оқушы

Н.Көшербаев «С.Мұратбеков шығармаларындағы адамгершілік» тақырыбындағы жұмысы ІІ орынға ие болды. «Зияткер І» республикалық сырттай ғылыми жоба байқауынан да жас маманда жетекшілігімен жүлделі орындарға ие болып жүрген оқушылар бар. Педагогикалық технология жеке басын дамыту мен білім беру мақсатына жету жолындағы іс-әрекеттің жүйелі дамып отыратын жобасы ретінде оқушы белсенділігін арттыруды көздейді. Ал оқушы белсенділігінің артуы оны шығармашылыққа жетелейді.

Мұғалімнің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтық тәжірибесі дамуының алғышарты болып табылады. Бұл орайда, жас ұстаздардың атқарған істері өз нәтижелерін көрсетіп келеді. Математика пәнінің мұғалімі Т. Ерболатова математика пәні панорамалық сабақтар байқауынан ІІ орын, биология пәнінің мұғалімі Г. Сабырова биология пәні мұғалімдерінің олимпиадасында ІІ орын, «Интерактивті тақтаны озық пайдаланушы» байқауынан І орын, жаратылыстану- математика пәні мұғалімдері арасында өткен «Полиглот-2016» байқауына қатысқан екі мұғалім де жүлделі орындарға ие болып, үш тілді еркін меңгерген жан-жақты жетілген маман ретінде таныта білді. А. Құрманязова «Нашақорлық бекеті» байқауынан аудан бойынша І орын, облыстан ІІІ орынды иемденді.

Қорыта айтқанда, жас мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыруда әдістемелік жұмысты жүйелі жүргізудің мәні зор. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім сапасын арттыруда заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсынудың маңыздылығы жоғары [6],»-деп жас мамандарға артылар сенімнің жоғары екендігін айтқан болатын. Олай болса, ел сенімін ақтар жас мамандарды білікті маманетіп шығару жолында жұмыстанып келемін. Менің болашақтағы жоспарым:

1. Он-лайн режиміндегі сабақтарға қатыстыру
2. Ғылыми жұмыспен шұғылдануға баулу
3. АКТ мүмкіндіктерін тиімді қолдануды тәжірибеге енгізу
4. Ата-анамен байланысты нығайту
5. Баспасөз беттеріне сабақтарын енгізу.
6. Деңгейлік курстарда өткізу.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Білім бастауы А.Б. Сарсекенова
2. Құзіреттілікті қалыптастырудың жолдары. Г.Құдайбергенова
3. Қазақстан мектебі журналы 2013 ж. №6
4. Мектеп директорының орынбасары журналы. 2013ж. №5,6

### **Ата-ана социумымен ынтымақтастық**

***Нұржанова Ш.Ө.***

*М.Жұмабаев атындағы  
№39гимназия, Қарағанды қаласы*

Сынып жетекші жұмысы оқушы 12-14 жас аралығында болғанда күрделі ме?- деп ойлаймын. Балалар 5 сыныпқа келгенде бала қылықтарымен тартымды болады. 6 сыныпта, жасөспірім 12 жасқа толғаннан бастап балалардың мінез-құлықтары өзгере бастайды. Биылғы жылы 7 сыныпта балалардың жасөспірім шағында ата-аналар социумымен ынтымақтасып, тәрбие жұмыстарын жүргізуге жоспар жасалынды. Тәрбие жұмысы оқу процесімен бірге жүргізілді. Ата-аналармен «Ғаламторға тәуелділік» тақырыбында жиналыс өткізілді. Бұл тақырыпты таңдау себебім, өркениет өркен жайған бүгінгі өскелең дәуірдегі өрелі жаңалықтардың бірі- ғаламтор техникасы екені баршамызға аян. Қазіргі таңда осы техника біздің күллі тұрмыс-тіршілігімізге дендеп енді. Бұл күндері ғылым-техника, мәдени-

ағарту, емдеу-денсаулық сақтау, сауда-финанс қатарлы сан алуан қызмет өтеу түрлерінің әрі тез, әрі өнімді, әрі икемді жақсы жүрілуін компьютерсіз, компьютерлер өзара тұтасқан ғаламторсыз көз алдыңызға елестетуіңіз қиын. Тіпті мектеп оқушыларының өзі осы ғаламтор мүмкіндіктерін бір күн де пайдаланбауы мүмкін емес. Жиналыста ата-аналармен топтық жұмыс өткізілді. Онда «Ғаламтордың оқушы өміріндегі маңызы», «Ғаламтордың бала өміріне зияны» туралы ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті. Ата-аналар ғаламтор туралы құнды пікірлер айтып, жағымды ойларымен бірге оқушы денсаулығы мен оқу үлгеріміне тигізетін әсері жайлы да пікірлерін ортаға салды. Ата-аналармен бірігіп баланы ғаламторға тәуелділіктен құтқарудың жолдарын қарастырып, «Ғаламторға тәуелсіз бала» моделін жасадық. Нәтижесінде: балалардың ғаламторды мөлшерден тыс пайдалануына шектеу жасайды. Әдеби кітап оқуларына ықпал етеді. Демалыс күндері балаларымен табиғатта серуендеу ұйымдастырады. Күн сайын баласымен әр түрлі тақырыпта әңгімелесуді қолға алады. Ата-аналармен бірігіп жасаған «Ғаламторға тәуелсіз бала» моделі оқушылардың оқу үлгерімінің жақсаруына әсері болды. I тоқсанда оқу үлгерімі 37% болса, II тоқсанда 46% болды.

Келесі жиналыста ата-аналармен «Жасөспірімдердің өтпелі кезеңіндегі тәрбиенің маңызы» тақырыбында жұмыс ұйымдастырылды. Күтілетін нәтиже: жасөспірімнің өтпелі кезеңінде ата-ана баласын қолдау, оны жақсы көру, сыйлап, пікірімен санасу, сыртқы ортаның ықпалына тез ұшырайтын өтпелі кезеңде жасөспірімге түсіністікпен қарау, балаға өмірге керекті дұрыс ақыл-кеңес беріп, салдары ауыр болатын жаман әдеттерден сақтандыру.

Өтпелі кезең бұл жеткіншектің балалықтан ересектікке қадам басқан күрделі психологиялық кезең. Әр елде сол елдің мәдени және діни салтына байланысты өтпелі кезең әр түрлі анықталады. Бұл жас жеткіншектің жыныстық жағынан жетілу, биологиялық жағынан шұғыл өзгерісті бастан кешетін кезең. Әр түрлі елдерде өтпелі кезең 12-16 жас аралығында көрініс табады. Психологиялық жағынан алғанда әр адамда өтпелі кезең әр түрлі болады. Сондай-ақ өтпелі кезең жеткіншекте жүріс-тұрыста тәуелсіздікке ұмтылу, қоғамда өз орнын табуға тырысу, өзін көрсету, кейде өз ортасын өз талғамына бейімдету ретінде байқалады. Ата-аналық тұрғыдан өтпелі кезең өте бір алаңдаушылық тудырады. Бұл уақытта баланы бақылауда ұстау қиындап, ата-анасының әсіре қамқорлығынан арылып, бала өз бетінше шешім қабылдағысы келеді, өзіне психологиялық жағынан жақпаған істерге жақпаушылығын білдіреді. Бұл уақыттарда жастардың барлық нәрсені татып көрсем деген әуестігі артып, бұзықшылықтарға қосылып кету, ішімдік, анаша, есірткі секілді нашар қылықтарға еріп кету қаупі зор. Бұған қоса, өтпелі кезеңде жасөспірімдердің романтикаға деген құмарлығы күшейіп, ол ойындағыдай болмай қалған жағдайда салдары өз өзін өлімге қиюға дейін апаратын жайттар кездеседі. Жасөспірім бұл шақта өзінің дене бітіміне мән бере бастайды. Биологиялық жетілу барысында дене бітімінде кемістік болса, мазасызданады. Жасөспірімдерде өзін салыстыра бастайтын өз сұлулық эталоны болады. Көпшіліктен ерекшеленіп, көзге түсуге тырысады. Қыз балалар мен ұлдардың арасындағы қарым-қатынас та қалыптылығын сақтай алмайды. Бұл кезеңде қыздар мен ер балалар арасында өзіндік айырмашылықтар да кездеседі. Қыздарда жасөспірімдік дағдарыс ұлдарға қарағанда ерте басталып, тезірек аяқталады. Қыз балалар үшін өтпелі кезеңде жыныс гормондарында үлкен өзгерістер орын алып, сол өзгерістер оның жүйке, қан тамырлары, эндокринді жүйесінде ауытқулар, қимыл қозғалыстарында ебедейсіздіктер тудырады. Қыз бала әсіресе өзінің жеке бой күтіміне ерекше мән береді. Ұл балаларда бұл кезде қарсыласу, бұзықтық, тілазарлық жиілеп, ересек болып көрінуге көбірек талпынады. Физиологиялық жағынан иықтары кеңейіп, белдері жіңішкереді. Дауыстары тұрақсызданып, нәтижеде жуандай түседі. Әкешесіне талап қоюы жиілейді. Отбасындағы жайсыздықтарға қатты намыстанып, ата-анасына да сын көзбен қарайды. Тез өкпелегіш, көңілге алғыш, тыз етпе ашуланшақ мінезге тап болады. Психолог мамандар бұл уақытта жасөспірімдердің өмірден түңіліп, айналадағы құбылыстардың барлығын жағымсыз қабылдайтынын айтады. Жасөспірімдер түрлі арман

мен қиялға беріліп, өзіндік өмірдегі таңдауын жасауға талпынады. Бұл кезеңнің балалардың тәртібі мен сабақ үлгеріміне кері әсері бар. Кейбір балалар қоғамды жатсына бастайды. Ағзада болатын өзгерістерге байланысты өтпелі кезеңде жасөспірімдер өмірінде сезімге берілгіштік, түрлі мазасыздықтар көбейеді. Сондықтан ата-аналар мен ұстаздар үшін ең басты нәрсе: бұл күйзелісті әрі сыртқы ортаның ықпалына тез ұшырайтын өтпелі кезеңде жасөспірімдерге түсіністікпен қарап, оларға өмірге керекті дұрыс, басалқы ақыл-кеңес беріп, салдары ауыр болатын жаман әдеттерден сақтандыру. «Өтпелі кезеңдегі жасөспірімдер» бейнефильмі ұсынылды. Әр ата-ана бейнефильм туралы ойымен бөлісті. Топтық жұмыстар ұйымдастырылды. «Өтпелі кезеңдегі жасөспірімнің тәрбиесіне отбасының ықпалы», «Өтпелі кезеңдегі жасөспірімнің тәрбиесіне мектептің ықпалы», «Өтпелі кезеңдегі жасөспірімнің тәрбиесіне достарының ықпалы», «Өтпелі кезеңдегі жасөспірімнің тәрбиесіне қоғамның ықпалы» Топтар өз тақырыптары бойынша презентация жасады. Мектеп психологы мен дәрігер ата-ана өз ойларымен бөлісті. Ата-аналар балаларының өтпелі кезеңіндегі тәрбиенің маңызы туралы мол ақпарат алғандары туралы кері байланыста жазды. Ата-әжесі мен әкешесімен бірге тұратын баланың тәрбиесінде осы кезеңде жауапкершіліктің жоғары болатынын жас ата-ананың жазған ойынан білдім. Балалармен «Отбасындағы әдет-ғұрыптар» тақырыбында әңгіме жүргізілді. Жанұяда қандай әдет-ғұрыптарды ұстанасыздар? деген сұраққа. Біздің үйде әке, ана және балалар бірге отырып ішкен ас тәтті болады дейді, сондықтан біз үстел басына барлығымыз жиналғанда тамақ ішеміз. Отбасындағы өздерінен кіші балаларға көмектесетіндерін, үлкендердің айтқандарын тыңдайтындарын айтты. Отбасында қандай күнді атап өтесіздер? деген сұраққа балалар туған күндерін, жаңа жыл, 8 наурыз, наурыз мерекелерін айтты. Балаларды бір-бірімен жақсы араласып, танымдық ойындармен қызығушылықтарын арттыруға, мерекелік дастархан басына жинауды ата-аналармен бірігіп жоспарладық. Жаңа жыл, 8 наурыз, 7 мамырда мерекелік дастархан ұйымдастырылды. Әр отырыста балаларға ұнайтын түрлі танымдық ойындар ойналып, қызықты көріністер көрсетілді.

Тәрбие сағатында оқушылардың жақсы қасиеттерін, ұнамайтын қасиеттерін, жақсы әдеттерін, жаман әдеттерін анықтадым да ата-аналарлармен балалардың жағымсыз қасиеттерін, жаман әдеттерін тыю үшін «Отбасындағы бала тәрбиесі» тақырыбында жиналыс өткізілді. Балалардың жақсы қасиеттері: еңбекқорлық, мейірімділік, ақ көңілділік, адалдық, кішіпейілділік. Ұнамайтын қасиеттері: тез ашулану, қызғаншақтық, қырсықтық, ұмытшақтық, жеңілтектік. Жақсы әдеттері: ерте тұру, сөзінде тұру, жауаптылық, ұқыптылық. Жаман әдеттері: жалқаулық, көп ұйықтау, кеш жату, интернетте ұзақ отыру, қатты сөйлеу, сөз қайтару, еркелік, өтірік айту. Жиналыста «Менің балам фразасын 10 рет жазыңыз. Енді осы фразаны өз балаңыздың мінезімен байланыстырып, жазбаша осы нұсқаларды жалғастырыңыз деген тапсырма берілді. Мысалы: «Менің балам ұқыпты», «Менің баламның зейіні төмен». Ата-аналар жазған мінездемелерді екі топқа бөлді. 1. Баласының бойындағы жағымды қасиеттері 2. Өзгерткісі келетін қылықтары Енді ата-аналарды күнделікті тәжірибелеріне жүгінуге шақырдым. Елестетіңіз, заманауи үлкен супермаркеттің алдында тұрсыз. Онда үш қабат бар:

1-ші қабатта сапасы төмен ақауы бар заттар сатылады.

2-ші қабатта орташа сапалы және орташа бағадағы заттар

3-ші қабатта ең сапалы, жақсы заттар сатылады

-Сіз қай қабаттан заттарды сатып алғыңыз келеді? Ата-аналар кезекпен жауап берді.

Отбасымызда бала өмірге келгеннен бастап біз оның «3-ші қабатқа» сәйкес келгенін ақылды, ақкөңіл болып, музыкалық мектепке немесе шет тілдері мектебіне барғанын қалаймыз. Мүмкін қиял арманымыз орындалар...

Өкінішке орай, өмірде бәрі керісінше. Әр бала өзінше бір әлем. Оның бойында 1,2,3 қабаттардан бір нәрсе болады. Сіздің балаңыз да одан тыс емес, оған көзіңіз жетеді. Оның бойында сізге ұнайтын жағымды қылықтармен қатар, өзгерткіңіз келетін қылықтар да

болады. Мен сіздерге осы мінездерді сату үшін жарнамалауларыңызды ұсынамын. Сол жағымсыздың ішінен жағымды қылықтарымен ерекшелеп, басқалар сатып алғысы келетіндей етіп жарнамалауларыңызды сұраймын. Мысалы : «қисықтық, себебі ол қайсарлықпен ұқсас. Баланың бойына қисықтық емес қайсарлықты қалыптастыру керек. Қайсар адам еңбекқор, тәуекелшіл сияқты жарнама жасау тапсырылды.

Топтарға қызғаншақтық, ашуланшақтық, жалқаулық, еркелік мінез-қылықтарды жарнамалау берілді. Мінез- құлықты атайды, түсіндіреді.

1. Бұл жұмысты орындау жеңіл болды ма? Не қиындық туғызды?

2. Бұл мінез-құлықтардың жаңа жағын байқадыңыз ба?

3. Бұл мінез-құлықтардың өмірде қажетті екенімен келісесіз бе?

4. Атқарылған жұмыстан кейін оларды қаншалықты қабылдайсыз? деген сұрақтар арқылы қорытындыланды. Ата-аналар мен балаларға берілген жұмыстардан бала бойындағы жағымды, жағымсыз қасиеттер мен әдеттердің сәйкес келгені таңқалдырды. Ата-аналар баласының бойындағы қасиеттерін, әдеттерін толық білетіні анықталды. Бала бойындағы қызғаншақтық, жалқаулық, ашуланшақтық, еркелік мінез-қылықтарды тыюға жұмыс жасалынды. Ата-аналар социумымен жасалынған жұмыстар арқылы жыл соңында сыныптың білім сапасы 54%-ке көтерілді. Оқушылардың арасында достық қарым қатынастар жақсарды. Жыл басында ортақ тіл табыса алмаған Қазбек пен Алан дос болды. Исаның мінезі жақсарды. Аружан мен Ажардың білімге қызығушылықтары артып, жыл соңында екпінділер қатарына қосылды. Оқу жылының басымен салыстырғанда сынып балаларының арасында ұйымшылдық қалыптасты. Әр түрлі спорттық сайыстарға қатысып жүлделі орындар алды және бірін-бірі қолдаушылықтары артты. Мектеп бойынша «Жыл сыныбы» сайысына қатысып 3 жүлделі орынды жеңіп алды.

*Қолданылған әдебиеттер:*

1. Философия и методы RWCT в действии С. Мирсеитова. А., 2004ж.

2. Жарықбаев Қ.Ж. Психология Алматы 2002ж.

## **Биология сабағында оқушыларды сыни ойлауға үйрету**

***Нығызбаева Г.Ж.***

*Өскемен қаласы, Қ. Нұрғалиев атындағы № 43 мектеп-лицейі, химия және биология пәндерінің мұғалімі, жоғарғы санатты, III деңгейлі*

Ақпараттық кеңістікті кеңейту және әлемдік қоғамдастыққа кіру жағдайында адамзат ресурстарының қалыптасуындағы білім беру рөлінің өсуі еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің өлшемдері ретінде мектептің білім беру жүйесін жаңа талаптар бойынша жоспарлау үшін маңызды. Бүгінгі күні білім беру саласы «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басым бағыттарының бірі болып танылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіргізу туралы міндет қойған болатын. Бұл мәселені жүзеге асыруда білім беру жүйесін жетілдіру айтарлықтай рөл атқарады. Қазақстандықтардың әлеуетін ашу үшін жаңа мүмкіндіктер жасау саясатында, ерекше сапалы білім беру жүйесі бағытында жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі сабақ беру деңгейіне тарту міндетін қойған [1].

Оқыту сапасын арттыруда білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының ең үздік білім ресурстары мен технологияларына теңқолжетімділікті қамтамасыз ету; оқушылардың алған білімдері тез өзгеретін әлемде табысқа жеткізетіндігінен қанағаттану; жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани



дамығаназаматын қалыптастыруқажет [2].

Оқу мақсаты басымдылығының өзгеруі білім мен тәрбие мазмұнына елеулі түрде ықпал етіп, оны жаңартудың ең басты бағыттарын айқындауға және нақтылы міндеттер белгілеуге мүмкіндік береді. Жаңа мазмұнды оқытудың нәтижелілігі мұғалімнің шеберлігі мен ізденісіне көп байланысты.

Адамзатты өркениетке жеткізетін құрал-білім. Осы құралды жеткіншектер бойына дарытушы ұстаздар қауымы. Сондықтан ұстаз жан-жақты тұлға болу керек. Ұстаздық жолда жай ұстаз емес, бала жанын түсінетін, өз пәніне қызықтыра білетін ұстаз,болу керек.Бүгінгідей керемет технологиялар мен ақпарат заманында білім беру өмірдің басты талабы. Бүгінгі жастарымыз білімді,әрі тәрбиелі келешек өркениетті Қазақстанның білімді азаматы.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі екенін ұқтым. Оқушы — ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, мұғалім — әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы екенін түсіндім. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — шыңдалған ой, ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау

Мұнда әр сабақ үш кезеңнен тұрады: қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс. Оқытуда жақсы нәтижеге жету үшін сабақтың әр кезеңінде стратегияларды сабақтың мазмұнына қарай ұтымды пайдаланған жөн. Мысалы қызығушылықты ояту кезеңінде ассоциациялық карта, кілтті сөздер, кішігірім дөңгелек стол, араласқан оқиғалар тб, ал мағынаны ашу кезеңінде БББ, инсерт, екі жақты күнделік, джиксо, оқытуға басшылық, ой толғаныс кезеңінде екі жақты күнделік, сementикалық карта, эссе, кроссенс стратегияларын қолдану өте тиімді.

Оқушыларға сапалы білім беру үшін бағдарламаның жеті модулін ықпалдастырып жүйелібағытта жұмысымды жалғастырудамын.Осындағы жеті модульдің бірі сыни тұрғыдан ойлау. Мұнда сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған.Сыни тұрғыдан ойлау деген бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, жинақтауға, анализ жасауға, бағалауға бағытталған пәндік шешім болып табылады. Сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау көбінесе баламалы шешімдерді қабылдауға, бір нәрсені елестетуге, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді. Сын тұрғысынан ойлау дағдыларының негізгі тізбесіне талдау, пайымдау, қадағалау, түсіндіру, метатану, қорытынды жасау, бағалау енеді (Мұғалімге арналған нұсқаулық 49).

Сыни тұрғыдан ойлаудың негізгі идеясы:

- Баланың сыни ойлауын бағалау(ұтқырлық,сынаржақтылықтың болмауы,пайым, тәртіп, өзіндік сана-сезім);
- Сыни ойлауды дамыту – зерттеушілік үшін сапалы және мазмұнды әңгімеге көңіл бөлу;
- Диалог арқылы сыни ойлау;
- Ойлау туралы ойлану;
- Рефлексивті практик;

Сын тұрғысынан ойлауды дамытуда сұрақтардың маңызы ерекше. Сыныпта осындай әртүрлі сипаттағы сұрақтар қойылу үшін оқушыны оған үйретіп қана қоймай, сонымен бірге сол ортаны жасау қажет. Сондықтан мұғалімдер үшін берілген төмендегі стратегияларды басшылыққа алдым.

- Жан-жақты жауаптарды талап ететін сұрақтар қою;
- Сұрақ қойылған соң, оқушылар жауаптарын ойланып алу үшін уақыт беру;
- Сіз не қоса алар едіңіз деген сұрақтар қою;

- «қызық екен, мен ол туралы ойламаппын» деген түсінікті пайдаланып, естігендерін сынамай және қарсыласпай, өз пікірін айта алу;

- Сұрақты басқа оқушыларға бағыттауға мүмкіндік беру.

Мұғалім ретінде, жаңа стратегияларды биология сабағында қолдану барысында оқушының өз бетімен білім алып, алған білімді іс жүзінде дәлелдей алатын және «үндемейтін», «енжар» оқушының қызығушылығын оятып, оны «сөйлетуге» болатындығын өз тәжірибемнен байқадым. 9-сыныпта биология пәнінен СТО технологиясының әдістерін қолданып, бірнеше сабақтар өткіздім. Онда ЖИГСО, белгілер әдісі, венн диаграммасы, бес жолды өлең, топтастыру әдістерін қолдандым және жеке, топтық, рольдік ойын жұмыстар жүргізілді. Үй тапсырмасын «6 неге сұрақ» ойыны түрінде ұйымдастырып, қай топта сұраққа айтпаған оқушы саны көп, сол жеңіледі. Сабақты жарыс түрінде ұйымдастырып жауап бермей қалған оқушыны қалдырмай, қайта оның есебін алып, оны сол бала үшін топтың артта қалғанын түйсігіне жаймен жеткізсе, ол оқушы да басқа оқушылардан қалмай жауап беруге тырысатынын және оған топтағы басқа оқушылар міндетті түрде көмектесетініне көз жеткіздім.

Мысалы, 10 сыныпта биология пәнінен «Вирустар құрылысымен ерекшелігі» тақырыбында «Қызығушылықты ояту» бөлімінде үй тапсырмасын сызықтық диктант, құпия сан бойынша тексеруім қызықты ғана емес жеңіл болып көрінуі, олардың жақсы баға алуға құлшыныстарын оята түсті. «Мағнаны ажырату» кезеңінде жаңа тақырыпты сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Меңгеруде БББ стратегиясы қолайлы екенін байқаған соң, балаларға вирустардың түрлері мен ерекшеліктер туралы не білетіндерін жұптарымен бірлесе отырып жазуға тапсырма бердім. Себебі басқа оқушылармен әңгімелесу – оқушының қызмет белсенділігін қамтамасыз ететін және түсінігін дамытатын маңызды құрал (МАН, 29-бет).

Тақырыптасабақтың негізгі бөлімінде ЖИГСО тәсілдерін қолдануды ұйғардым. Өйткені оқытудың бұл тәсілінде уақыт үнемделеді және тақырыпты бөлімдерге бөле отырып, шапалақ белгісі кезінде алмасып отыратын топ ішінде өз беттерінше білімді меңгеру кейін топтық жұмысқа ұласады. ЖИГСО -2 тәсілімен сабақты меңгерту басталған сәтте әр топ белсенді жұмыс жүргізді. Бұл тапсырмада әр топқа қызыл, сары, көк түсті қағаздарға жазылған сұрақтар таратылып алдымен жеке жұмыс жүргізілді. Оқушыларға шапалақ белгісімен бірдей түсті дискі иелері бірге топтасып отырып, ортақ тақырыпты талқылау, өз топтарына оралып тапсырманы түсіндіруі біраз жауапкершілікті талап етті. Мәтіннің келесі бөлімдерін меңгерту мақсатында ЖИГСО-1 тәсілімен жұмыс істетуді жалғастырдым. Мұнда тақырыптың бөлімдері әр топқа бөлініп беріліп, түсініп оқу, түртіп алу тәсілі бойынша жеке жұмыс жүргізуді тапсырдым. Шапалақ белгісімен жеке жұмыс топтық жұмысқа ұштастырылды. Оқушыларды сергітіп алу үшін жас ерекшеліктерін, сыныптың кеңдігін ескере және тақырыппен үйлестігін туындата отырып, «Менің мекенім» сергіту сәтін өткіздім. Сабақтың «*Ой толғау*» кезінде әр топ тұжырым карта жасау арқылы жаңа тақырып бойынша не ұққандарын бейнеледі. Келесіде оқушылардың білімдерін бекіте түсу мақсатында вирустар суреті таратылып оларды елімізде вирустық аурулар және таралуы, пішіндерінің алуан түрлі болуын ескере отырып, постер сызу тапсырылды. Тапсырманың мерзімінде сәтті орындауы олардың ұйымшылдығын байқатты. Сағат тілінің бағытымен «*Галереяға*» саяхат кезінде сынып бөлмесінің кеңдігі оқушылардың еркін қозғалуына, постерге өз ұсыныс пікірлерін жазуға жақсы мүмкіндік берді. Сабақ соңында оқушылар қолдарындағы дискіні айналдыра өз-өзіне және әр топтың бір мүшесіне бағалауды жазды және сабақтағы өз көңіл күйін ортасындағы шеңберге смайлік түрінде белгіледі. Көңілді смайликтерді көріп, әрине, менің де көңіл-күйім көтерілді. Балалар тарапынан алған бағалауларын және сабақ кезеңдері бойынша жинаған ұпайларының жиынтығын шығарып бағалау жүргіздім.

Сонымен, сын тұрғысынан ойлаудың әдістемелік тәсілдерін оқу үрдісінде қолданғандағы маңыздылығы мынада:

- мотивацияның артуы;
- дербес іс-әрекеттің артуы;
- ойлаудың белсенді болуы;
- оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан-жақты дамуы;
- логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеру.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері жандана түседі және білім прагдимасы қалыптасады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші базалық деңгей.
2. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы.
3. Асхат Әлімов. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. Алматы, 2013
4. С. Мерсейтова. Исследование процесса обучения// Лучший опыт учителей, Алматы, 2009
5. Жақсылықова Г. Интербелсенді әдіс-тәсілдер//Әдістемелік құрал, Өскемен, 2014

### **Инновационный менеджмент в реализации программы развития школы-гимназии**

***Ивонина И. Е.***

*директор КГУ «Школа-гимназия №35 отдела образования  
акимата г. Экибастуза» Павлодарской области*

Современная школа должна удовлетворить заказ государства и выйти на новое качество образования. Под новым качеством образования понимается достижение обучающимися таких образовательных результатов, которые позволят им быть успешными в получении современного образования и, в дальнейшем, востребованными на рынке труда, умеющими решать моральные проблемы межличностного и социального общения. Задачи и ориентиры обновления образования обозначены следующим образом: ориентация на качественное обучение, воспитание и развитие всех без исключения учащихся; формирование функциональной грамотности; приоритет личностного развития обучаемых перед всеми формами их информирования; максимальное развитие способностей каждого учащегося.

В школе-гимназии разработан проект для эффективной реализации программы развития школы по теме: «Управление процессом достижения нового качества образования как условие формирования успешной, функционально грамотной личности».

Школа-гимназия, разработавшая программу развития, встала на путь системного инновирования, реализации приоритетных направлений развития государства, области и города в соответствии с социальным заказом государства, родителей и социума, поэтому единственно возможной формой управления становится инновационный менеджмент.

В современной литературе данное понятие рассматривается в трех аспектах. Это, во-первых, управление инновациями, во-вторых, одно из направлений стратегического менеджмента, осуществляемого на высшем уровне руководства организации, в-третьих, менеджмент, базирующийся на новейших разработках в сфере управления. Инновационный менеджмент – с одной стороны, это управление, нацеленное на повышение конкурентоспособности организации с помощью внедрения инновационных технологий в совокупности с изменением мировоззрения педагогов. С другой стороны, это управление инновациями.

Инновационный менеджмент включает в себя следующие значения:

• управление не только процессами, но и людьми, непосредственно осуществляющими процессы или иным образом влияющими на процессы;

• управление, осуществляемое в социально-педагогической среде;

• управление, при котором осуществляется педагогическое воздействие на людей.

Менеджмент, направленный на инновации, обладает рядом особенностей, по сравнению с менеджментом, целью которого является обеспечение

стабильного функционирования. К особенностям инновационного менеджмента, осуществляемого в общеобразовательной школе, относятся следующие:

• возможность достижения школой значительно более высоких результатов, чем при стабильном функционировании;

• позитивное отношение к новому;

• новизна выполняемых работ;

• постоянное ожидание чего-то нового (новых идей, результатов, проблем, конкурентов и т.д.);

• возможность реализации участниками инновационного процесса личностных потребностей высшего уровня (социальных потребностей, потребностей в самоактуализации, самовыражении, высоких творческих результатов);

• необходимость постоянного повышения профессиональной компетентности участников инновационного процесса;

• расширение диапазона требований к личностным качествам участников инновационного процесса;

Управление инновационной деятельностью - процесс сложный, многофункциональный, включающий разнообразную совокупность действий, среди которых: постановка стратегических и тактических целей, анализ внешней среды с учетом неопределенности и риска, анализ инфраструктуры и возможностей организации, диагностика реально сложившейся ситуации, прогнозирование будущего состояния организации, поиск источников творческих идей и их финансирования, формирование инновационного портфеля, стратегическое и оперативное планирование, управление научными и методическими разработками, совершенствование организационных структур, анализ и оценка эффективности инноваций, разработка стратегии и тактики инновационного маркетинга, диверсификации и управление рисками и др.

Но главными направлениями и задачами инновационного менеджмента, на наш взгляд, следует считать разработку и осуществление единой инновационной политики; определение системы стратегий, проектов, программ; ресурсное обеспечение и контроль за ходом инновационной деятельности; подготовку и обучение персонала; формирование целевых коллективов, групп, осуществляющих решение инновационных проектов, создание инновационной среды. Управление инновационными процессами многовариантно, предполагает сочетание стандартов и неординарности комбинаций, гибкость и неповторимость способов действия, исходя из конкретной ситуации. В инновационном менеджменте готовых рецептов нет и быть не может. Но он учит тому, как, зная приемы, методы, способы решения тех или иных задач, добиться ощутимого успеха в развитии организации.

Развитие школы на основе инноваций представляет собой сложный и длительный процесс, конструирование которого неизбежно приобретает стратегический характер и требует разработки соответствующей стратегии управления.

Выбор инновационной стратегии — одна из важнейших проблем управления нововведениями. Результаты деятельности коллектива подтверждают, что стратегии нововведений лежат в основе успеха ее деятельности.

В процессе перевода образовательной организации в режим развития мы выделяем следующие этапы:

1. Осознание важности, необходимости и неизбежности будущих преобразований одним из членов административной команды школы-гимназии, т.е. наличие своего рода «идейного вдохновителя» и «генератора» будущих идей.

2. Формирование команды, подразумевающей не столько административную (менеджерскую) команду, что само по себе является неременным и необходимым условием, сколько идейных сторонников из педагогического коллектива, методически и технологически подготовленных к осуществлению инновации.

3. Мотивация членов педагогического коллектива и формирование готовности учителей к инновационной деятельности.

4. Проблемный анализ школы-гимназии, построение "проблемного поля" и определение главной (ключевой), на сегодняшний день, проблемы.

5. Выработка проектной идеи развития школы. Так на сегодняшний день нами разработано 6 проектов в рамках реализации программы развития школы. Это выбор объекта нововведений, который исходит из жизненной необходимости школы-гимназии и однозначно понимаемый большинством участников образовательного процесса.

6. Определение конкретных управленческих действий по реализации выработанной идеи, т.е. составление плана или программы ее реализации.

7. Отслеживание первых шагов по реализации проектной идеи с целью коррекции последующих управленческих действий.

В рамках управления инновационными процессами необходима следующая совокупность управленческих действий:

- разработка нормативно-правовой базы управления инновационным процессом, включающей описание функциональных обязанностей и механизмов взаимодействия структурных подразделений управляющей системы;

- определение содержания инноваций, обеспечивающих целостное развитие школы-гимназии на основе интеграции инновационных потенциалов школы, семьи и социальной среды;

- разработка научно-методического обеспечения инновационного процесса;

- подготовка подразделений структуры управления инновационным процессом к выполнению их функциональных обязанностей, педагогических кадров к инновационной деятельности, учащихся и их родителей к участию в инновационном процессе;

- обновление структуры внутришкольного управления; создание инновационного совета школы, инновационных и экспертных групп, творческих объединений педагогов, учащихся, родителей;

- обновление и реконструкция материально-технического оснащения учебно-воспитательного процесса;

- внедрение системы непрерывного образования и самообразования педагогических работников, направленной на повышение профессионально-педагогической компетентности в освоении инноваций;

- реализация системы организационно-процедурных механизмов выдвижения, экспертизы и реализации инновационных идей;

- осуществление системы управленческой поддержки образовательных инициатив и педагогического творчества;

- внедрение методики экспертизы инноваций;

- разработка и введение нормативов оценивания инновационно-педагогической деятельности;

- внедрение технологии определения эффективности управления инновационным процессом в школе;

- введение дополнительных образовательных услуг.

В управленческой практике нами практикуются различные формы интеграции инновационных усилий, повышения инновационного потенциала организации, вовлечения

учителей в инновационную деятельность. Это постоянно действующий семинар по актуальным проблемам, над которыми работает школа-гимназия; стажировка, повышение квалификации; педагогические, методические советы, круглые столы, дискуссии; деловые, ролевые, эвристические, организационно-деятельностные игры по генерированию новых педагогических идей; творческая работа учителей в фокус-группах; самообразование, работа с научно-методической литературой; самостоятельная исследовательская, творческая деятельность над темой, участие в коллективной экспериментально-исследовательской деятельности в рамках общей проблемы; практикумы, тренинги; инновационные технологии обучения, интерактивные методы научно-методической работы; описание инновации как опыта работы, выступления на научно-практических конференциях, семинарах; творческие отчеты учителей по обобщению опыта и др.

Управление в инновационном менеджменте осуществляется с помощью различных методов, которые представляют собой систему правил и процедур выполнения различных задач управления инновациями. Используются как общие методы менеджмента, применяемые во всех сферах управленческой деятельности, так и специальные, характерные для инновационного менеджмента. К специальным методам относятся: методы выявления мнений (интервью, анкетирование мнений, выборочные опросы, экспертиза); аналитические методы (системный анализ, написание сценариев, сетевое планирование; методы оценки (риска, шансов, эффективности инноваций и др.); методы генерирования идей (мозговая атака, морфологический анализ, деловые игры и ситуации); принятия решений (таблицы решений, построение деревьев решений, сравнение альтернатив); методы прогнозирования (экспертные, экстраполяции, аналогии, имитационные модели), наглядного представления (графические модели, должностные описания и инструкции); методы аргументации (презентации, ведение переговоров).

В управлении инновационными процессами в школе-гимназии свою эффективность доказали следующие методы руководства инновационной деятельностью: методы создания эффективно работающих творческих, исследовательских групп, эффективной системы коммуникаций; методы мотивации (стимулирование, создание креативного поля, мотивирующий контроль); методы создания условий для профессионального роста членов педколлектива; методы регулирования социально-психологического климата в коллективе, формирования внутришкольной культуры, интегрирующие усилия субъектов инновационного процесса в достижении целей развития школы.

Результат инновационной деятельности – конкретные изменения в объекте преобразований, качестве образовательной, педагогической и управленческой деятельности. Педагогический мониторинг позволяет осуществить непрерывное научно обоснованное диагностико-прогностическое наблюдение за состоянием, развитием инновационного процесса, качеством его управления.

Качество инновационной деятельности школы-гимназии оценивается на основе трех групп критериев:

- критерия качества преобразований, выражающемся в соотношении реальных результатов деятельности школы-гимназии с поставленными целями инновационной деятельности, моделью выпускника школы, государственными образовательными стандартами и т.д.;
- критерия эффективности, отражающего отношение достигнутых результатов к затратам времени, усилий, других ресурсов;
- критерия мотивации, так называемого критерия школьного самочувствия учащихся и учителей.

Для измерения эффективности управления развитием школы мы предлагаем следующие критерии оценки:

1. Уровень информированности членов педколлектива о новшествах, которые потенциально могут быть освоены школой-гимназией,

2. Полнота выделения актуальных проблем школы-гимназии (понимание членами коллектива проблем школы, а также их причинно-следственных связей).

3. Рациональность выбора общей и частных целей инновационной деятельности в школе-гимназии: поставленные цели максимально соответствуют возможностям решения актуальных проблем школы-гимназии.

4. Интегрированность целей развития школы-гимназии: цели отдельных нововведений согласованы с общей целью и между собой.

5. Реалистичность планов.

6. Заинтересованность педколлектива школы-гимназии в освоении нового.

7. Контролируемость инновационных процессов в школе-гимназии.

Инновационные процессы, происходящие сегодня в образовании, безусловно, ведут к позитивным изменениям. Благодаря инновациям появляются авторские концепции, новые модели школ; разрабатываются программы развития школ; активно обновляется содержание образования на основе идей гуманизации и гуманитаризации; происходит перестройка форм, методов, процесса обучения и воспитания с учетом личностно-ориентированного подхода, компетентностного подхода; создаются системы мониторинга, диагностического сопровождения образовательного процесса, осуществляется переход школ из режима функционирования в режим развития и саморазвития.

#### *Литература.*

1. Инновационные модели школы: учеб.-метод. Пособие: В 3-х кн..- СПб., 2003
2. Котлярова И. О., Кутан Б. А., Сериков Г. Н. Модернизация образования на селе: инновационный проект: Научно-методическое пособие / Под науч. ред. Г. Н. Серикова. - Курган - Челябинск: ГлавУО, 2001.
3. Лазарев В.С. Системное развитие школы. - М.: Педагогическое общество России, 2002
4. Мазур З.Ф. Управление инновациями: социально-образовательный аспект.- М., 2001
5. Поташник М. М., Лоренсов А. В., Хомерики О. Т. Управление инновационными процессами в образовании. - М., 2004.
6. Программно-целевое управление развитием образования / Под ред. А. М. Моисеева. - М.: Педагогическое общество России, 2001.
7. Розов Н.Х. Теория и практика инновационной деятельности в образовании.- М., 2007
8. Сидоров В.С. Инновации в сельской школе: теория и практика управления: монография.- Шадр, 2006
9. Тодосийчук А.В. Теоретико-методологические проблемы развития инновационных процессов в образовании.- М., 2005
10. Управление развитием инновационных процессов в школе / Науч. ред. Т. И. Шамова, П. И. Третьяков. - М., 2005.
11. Шамова Т. И., Третьяков П. И., Капустин Н. П. Управление образовательными системами: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Под ред. Т. И. Шамовой. - М.: Гум. изд. центр ВЛАДОС, 2001.
12. Юсуфбекова Н.Р. Общие основы педагогических инноваций: Опыт разработки теории инновационного процесса в школе. - М: Педагогика, 2001.

### **Психолого-акмеологическое сопровождение инновационной деятельности в образовательной среде**

*Назмутдинов Р. А., Калиниченко О. В., Волкова К. Р.,  
Костанайская область,  
Костанайский район, г. Костанай*

Качество образования стало не только научной, но и острой практической проблемой в связи с повсеместной аттестацией образовательных учреждений, осуществляемой, как правило, по традиционным внешним показателям, к которым относится процент успеваемости, число поступивших в Вузы, число победителей олимпиад и конкурсов, процент учащихся, оставленных на второй год обучения, количество правонарушителей и т.п. Сам термин «образование» обычно фиксирует лишь результаты освоения школьных и вузовских программ, и не отражает процессы естественного развития, воспитания и накопления жизненного опыта, которые характерны для периода школьного обучения, при этом образовательное учреждение традиционно выдает выпускнику аттестат зрелости, который должен свидетельствовать о готовности к самостоятельному вхождению в социум.

Мы считаем, что термин «зрелость» должен выступать, как интегральный показатель результатов образования, развития и воспитания, процессов созревания и взросления. Это положение дает нам возможность обратиться к идеям акмеологии относительно содержания понятия «зрелость» в частности, и в целом, использовать акмеологический подход в психологическом сопровождении субъектов образовательной среды. Привлекательность идеи акмеологического подхода в практике психологического сопровождения инновационной деятельности по формированию образовательной среды определяется следующими положениями:

1. Педагогика, психология и акмеология имеют сходные задачи. Они заключаются в том, чтобы выявить те свойства личности, которые должны быть, по мнению А. А. Бодалева [1], сформированы и закреплены на каждом возрастном этапе развития, «для того, чтобы состоялось его большое акме».

2. Говоря о развитии личности, как безусловной цели образования, мы можем опираться на методологические основания акмеологии, в рамках которых принцип развития понимается как индивидуальное совершенствование, движение к зрелости, высшему уровню, как признание субъектного характера развития и преодоление противоречий, самостоятельно разрешаемых субъектом, как многоплановость развития в разных сферах.

3. Анализ акмеологической литературы показывает, что в настоящее время наиболее интенсивно разрабатывается акмеология субъекта деятельности, что имеет большое значение для реализации субъект-субъектных отношений в рамках педагогического взаимодействия.

4. Зрелость, или, по мнению В.Н. Максимовой [3], «акмеформа», включающая индивидуальность, творчество, здоровье, духовность, рассматривается на методологическом уровне в рамках акмеологии образования. С акмеологической точки зрения, подчеркивает А.А. Деркач [4], зрелость личности подразумевает развитие морально-нравственных качеств, гуманистической направленности личности, нормативности поведения и отношений.

5. Акмеологический подход дает возможность использовать интегральный критерий зрелости по отношению и к учащемуся, и к педагогу. Таким образом, мы получаем универсальный критерий для изучения развития всех субъектов образовательной среды.

6. Методологическая и методическая разработанность методов акмеологического влияния позволяет службе практического психолога в образовании конструировать, апробировать и совершенствовать активные методы развития всех субъектов образовательной среды.

7. Реализация задач гуманистического развития личности ребенка невозможна без решения задач прогрессивного личностно-профессионального развития педагогов. Категория профессионализма наиболее полно разработана также в рамках акмеологической теории. Кроме этого, акмеологическая модель позволит дать обоснованный акмеологический прогноз развития педагогического коллектива с учетом истории развития инновационных процессов в конкретном учебном заведении.



Истоки формирования акмеологической теории зрелости восходят к исследованиям Б.Г. Ананьева его и научной школы. Б.Г. Ананьев [5] утверждал, что сложности в определении объективных критериев зрелости «привели к замене понятия «зрелость» на понятие «взрослость». Ученый ввел понятие «глобальной зрелости», как интегральной характеристики развития всех жизненных сил человека, как гармоничное сочетание природных, личностных и субъектных показателей целостного развития на определенном этапе его взросления в процессе непрерывного образования, включая школьное.

Характеристики зрелой личности (или личностной зрелости) представлены в диспозиционной теории личности Г. Олпорта, с точки зрения которого зрелый человек имеет широкие границы самоидентичности, способен к социальному познанию, к теплым, социальным отношениям, проявляет сочувствие и терпимость: демонстрирует эмоциональную саморегуляцию, позитивное самовосприятие, объективно воспринимает мир, собственный опыт и свои притязания, стремится к достижению лично значимых и реалистичных целей; имеет адекватную самооценку, владеет цельной жизненной философией, системой ценностей, которые придают значимость и смысл практически всему, что делает человек. Аналогичными характеристиками обладает самоактуализирующаяся личность, описанная А. Маслоу. Развитие, формирование зрелости растущего человека неразрывно связано с его образовательной деятельностью. На рубежных этапах возрастного развития, так или иначе соотносимых со ступенями обучения в системе непрерывного образования, растущий человек достигает своей вершины, своей зрелости, которая воплощается в готовности к переходу на новую, более высокую ступень развития и образования. Таким образом, зрелость – это субъективно - объективная категория, отражающая личный жизненный опыт и природные ресурсы растущего человека, объективные закономерности его взросления, а также результаты образования в соответствии с государственными стандартами. Зрелость – это и социально-педагогический результат, возникающий в процессе взаимодействия социальной и педагогической среды, развития и взросления растущего человека. Зрелость – это и вершина (микроакме), которая образуется на пересечении двух гетерогенных процессов: возрастного психофизиологического созревания, когда доминируют онтогенетические закономерности, и образовательно - воспитательного воздействия. Зрелость – это интегральное качество и показатель развития растущего человека в образовательной среде. Каждый возрастной этап развития, так или иначе, связан с определенным периодом обучения. Он заканчивается достижением своей вершины, состоянием определенного вида зрелости, суть которого в готовности к развитию, образованию на последующем этапе: дошкольник достигает школьной зрелости, т.е. готовности к обучению в школе; выпускник начальной школы – к учебной зрелости, т.е. готовности к образовательной деятельности в основной школе; выпускник основной школы достигает личностной зрелости, т.е. стремления к личностному самоопределению, к осмысленному и ответственному выбору дальнейшего образовательного маршрута; выпускник средней школы - к социальной зрелости, готовности к жизненному (личностному и профессиональному) самоопределению [3]. Таким образом, ориентация школы на формирование социальной зрелости выпускника может способствовать обеспечению целостности образовательно-воспитательного процесса и более высокому уровню его качества.

Реализация на практике акмеологической теории зрелости означает, по мнению И.Ю. Зимняковой, приближение к решению проблем преемственности между ступенями обучения в школе, снятия стрессов и кризисов, стабильность развития школьника как здоровой личности и творческой индивидуальности [6].

Еще одна, очень важная, характеристика акмеологического подхода, которая касается проблемы развития личности. Именно эта характеристика говорит в пользу необходимости выбора акмеологии, как методологической основы для разработки системы психолого-акмеологического сопровождения образовательных учреждений. Важно подчеркнуть, что

для акмеологов важны не только процессы самореализации, а еще то, что является принципиальным с акмеологической точки зрения, ее направленность. В акмеологическом понимании, по мнению А. А. Деркача [7], главным содержанием развития должна стать прогрессивная и гуманистическая самоактуализация и самореализация личности. В этом смысле акмеологический подход близок к идеям С. Л. Рубинштейна [8], который подчеркивал, что «...уровень развития определяется тем, насколько субъект является теплом и светом для других. Оценка высшего – с точки зрения того, как оно и что изменяет, усовершенствует в других людях».

Целостное развитие растущего человека и поэтапное формирование его зрелости возможны, по мнению Б. Г. Ананьева и А. А. Бодалева, при определенных психолого-педагогических условиях:

- содержание образования строится как человекознание, отражает в образовательных областях отношение человека к миру, другим людям;
- технологии обучения поднимаются на качественно новый, акмеологический уровень, обеспечивая успех и высокие достижения обучения каждого ученика;
- в школе создается акмеологическая образовательная среда, способствующая успеху, творчеству, достижению зрелости, в которой престижно хорошо учиться и работать, соблюдать морально-правовые нормы взаимодействия педагогов и ребенка;
- взаимодействие с родителями направлено на их поэтапное формирование как субъектов педагогического процесса, чему способствует информационное обеспечение, привлечение к соучастию и творческому сотрудничеству во внеклассной и учебной работе.

Таким образом, акмеологический подход в организации практической психологической деятельности позволит выделить системообразующим понятием акмеологическую перспективу личности, что открывает достаточно широкое междисциплинарное проблемное поле, работая в котором, психолог привлечет к сотрудничеству большинство членов коллектива.

Исходя из акмеологического подхода, психолого-акмеологическое сопровождение субъектов образовательной среды можно рассматривать, как особый вид профессиональной деятельности психолога, обеспечивающий с помощью акмеологических средств продуктивное личностно-профессиональное развитие субъектов образовательной среды. В свою очередь, продуктивное личностно-профессиональное развитие педагога позволит, по мнению Е.А. Александровой, выстраивать субъект-субъектные отношения по поводу потенциальных возможностей ребенка, его «зон ближайшего развития» и жизненных перспектив, где результатом станет «индивидуальная образовательная траектория ученика» [9].

Моделирование процесса психолого-акмеологического сопровождения в контексте развития личности педагога и учащегося предполагает выбор инструментальной модели деятельности для достижения целей сопровождения. В нашем исследовании реализация психолого-акмеологического сопровождения осуществлялась в рамках структурно-функциональной модели, основными элементами которой являются цель, объект, субъект, предмет, принципы, средства, условия и результаты сопровождения.

Объект психолого-акмеологического сопровождения – инновационная педагогическая деятельность. Предмет сопровождения – личностно-профессиональное развитие педагогов в условиях инновационной деятельности. Субъекты сопровождения – лица, оказывающие психологическую помощь в процессе инновационных изменений: психологи школы, студенты-психологи. Принципы психолого-акмеологического сопровождения – гуманистическая направленность и ориентация на общечеловеческие ценности, принцип компетентности, профессиональной и научной ответственности, практической целесообразности, вариативности, комплексности, профессионального сотрудничества, конфиденциальности и беспристрастности.

Цель сопровождения – обеспечение развития кадрового потенциала, необходимого для решения задач инновационных, гуманистически направленных преобразований школьной образовательной среды. Средства сопровождения – психолого-акмеологические технологии, оказывающие конструктивные воздействия на процессы самопознания, самооценки и саморазвития, а также психолого-педагогический мониторинг, объективизирующий информацию о влиянии психолого-акмеологических технологий на развитие субъектов образования. Условия психологического сопровождения: полисубъектность. Результаты сопровождения – личностно-профессиональное развитие педагога и развитие учащегося. Системообразующим понятием в структурно-функциональной модели психолого-акмеологического сопровождения выступает акмеологическая перспектива личности. Функции психолого-акмеологического сопровождения: информационно-аналитическая (сбор и анализ психологической разноуровневой информации, осуществление экспертных оценок, организация мониторинга, разработка прогнозов, выявление проблемных зон), акмеолого-технологическая (консультирование, тренинг, психологическое просвещение, психопрофилактика), и научно-исследовательская (обобщение опыта, разработка новых методов решения практических задач).

Содержание сопровождения выстроено в соответствии с алгоритмами саморазвития и движения к акме, разработанными в рамках акмеологической теории [7]:

1. актуализация потребности в личностном и профессиональном самопознании;
2. знакомство с основными средствами самопознания и освоение их;
3. формирование профессиональных и гуманистических ценностных установок, эталонов и норм к субъектам и объектам профессиональной деятельности;
4. развитие подсистем профессионализма деятельности и личности;
5. рефлексия профессиональной деятельности и личностно-профессиональных качеств;
6. формирование потребности в профессиональном самосовершенствовании.

В соответствии с основными компонентами структурно-функциональной модели психолого-акмеологического сопровождения наполняется конкретными формами и содержанием работы, появляется возможность выстраивания текущей работы психолога как логически продуманного, осмысленного процесса, охватывающего все направления и всех участников внутришкольного взаимодействия. Этот процесс опирается на ряд важных организационных принципов, касающихся построения школьной психологической практики. К ним относится системный характер ежедневной деятельности школьного психолога, закрепление содержания деятельности на уровне управления (в перспективных и текущих планах работы педагогического коллектива школы), утверждение важнейших форм психологической работы в качестве официального элемента учебно-воспитательного процесса на уровне планирования, реализации и контроля результатов и др.

Подводя итог всему сказанному, мы можем сделать вывод о том, что деятельность психолога в рамках структурно-функциональной модели психолого-акмеологического сопровождения предполагает:

организацию сотрудничества между психологами и педагогами школы в целях развития профессиональной компетентности;

осуществление совместного психолого-педагогического анализа образовательной среды с точки зрения тех возможностей, которые она предоставляет для обучения и развития школьника, и тех требований, которые она предъявляет к его психологическим возможностям и уровню развития;

определение психолого-акмеологических критериев эффективного обучения и развития школьников;

разработку и внедрение определенных мероприятий, форм и методов работы, которые рассматриваются как условия успешного обучения и развития школьников, достижения ими на каждом этапе развития индивидуального микроакме.

Таким образом, психолого-акмеологическое сопровождение, как особый вид деятельности практического психолога, представляется перспективным и с точки зрения осмысления целей и задач школьной психологической практики, и с точки зрения разработки конкретной модели деятельности психолога, которая может быть внедрена и реализована.

*Список литературы:*

1. Бодалев А.А. Акмеология как учебная и научная дисциплина. М.: РАУ, 1993.
2. Акмеология: методология, методы и технологии (материалы научной сессии, посвященной 75-летию члена - корреспондента РАО. Президента МААН Нины Васильевны Кузьминой). М.: РАГС, 1998. – 279 с.
3. Максимова В.Н. Акмеологическая теория в контексте проблемы качества образования // Педагогика. – 2002. – С. 9-15.
4. Деркач А.А., Зазыкин В.Г., Маркова А.К. Психология развития профессионала. М.: 2000. – 234 с.
5. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания // Избранные психологические труды в 2-х т. / Под ред. А.А. Бодалева и др. М.: Педагогика, 1980. –Т.1. – 230 с.
6. Зимнякова И.Ю. Психологическое сопровождение развития акмеологических предпосылок в системе деятельности школьной психологической службы: Автореф. дис, канд. психол, наук. – Кострома, 2006. – 24 с.
7. Акмеология: Учебное пособие /А. Деркач, В. Зазыкин. СПб.: Питер, 2003. –256 с.
8. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. СПб.: Питер, 2002. – 528 с.
9. Александрова Е.А. Педагогическое сопровождение индивидуального образования и идея свободного воспитания // Новые ценности образования: свободное воспитание: отечественные традиции и инновации. М.: Свет, 2003. – С. 71-82.

## **Кері байланыс оқушы жетістігін бақылаудың негізгі құралы**

*Шаргабаева Ж. С.*

*Атырау облысы, Жылыой ауданы,  
Құлсары қаласы, №7 Е.Халықов  
атындағы мектептің жоғары  
санатты бастауыш сынып мұғалімі*

Рефлексия адамның өз білімі мен әрекеттерін талдау, сол туралы өзіне есеп беру болғандықтан мұнда басқа адамдардың пікірлері мен бағалауының алатын орны ерекше, өйткені өзіне сырт көзбен қараған адам басқа адамдардың өзі туралы пікірлері арқасында рефлексиясын тереңдете түседі. “Рефлексия” сөзі латынның “reflexio” деген сөзінен шыққан. Шетел сөздерінің сөздігінде рефлексияға “ішкі жан дүние мен өзін-өзі тану жайлы ойлану” деген анықтама береді. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі рефлексияны “өзіндік талдау” деп түсіндіреді. Бүгінгі таңда педагогика “рефлексияны” іс-әрекет пен оның нәтижесіне талдау жасау деп көрсетеді.

Өзі туралы сырт пікірлерді адам қарым-қатынаста біледі. Осындай қарым-қатынаста өзі туралы пікірді есту мен білуді кері байланыс деп атайды. Сырт пікірлер адамға өзінің қайда және қандай екендігін білуге көмектесіп, болашақ әрекеттеріне түзету енгізіп, оларды жоспарлау мүмкіндігін береді. Сол себепті кері байланыс - келесі әрекеттерді ынталандыруға бағытталған рефлексияның ақпараттық негізі.[2]

Адамның бір ерекше қасиеті бар: біз өзіміз туралы өзгелердің пікірін естігіміз келіп тұрады. Сондықтан да кез келген әрекеттен кейін басқалардан «Қалай болды? Мен сырт көзге қалай болып көріндім? Қалай сөйледім (жасадым, отырдым, тұрдым, жаздым, т.б. әрекеттерді келтіруге болады)?» деп өзіміз туралы пікірін сұраймыз. Сол әрекетті бақылаған адам өз пікірін айтады, бағасын береді. Оның пікірі өзіміздің оймен сәйкес келуі немесе келмеуі де мүмкін. Алайда сырт пікір бізге білім мен әрекеттерімізді түзету, өзгерту,

жақсарту мүмкіндігін береді. Олардың мұндай пікірі біз үшін кері байланыс болады. Осылайша өзгелердің өзіміз туралы пікірлері бізге өзімізді тануға, ішкі «Мен»-нің қалыптасуына көмектеседі. Ал енді осыған қарама-қарсы жағдаятты көз алдыңызға елестетіп көрейік: Сіздің әрекетіңізден кейін бір де бір адам ләм-мим деп жұмған аузын ашпады, өз ойын айтпады делік. Осындайда өзіңізді қалай сезінер едіңіз? Әрине, мұндай жағдаяттың қуаныш және қанағат әкелуі екіталай, өйткені біз өз әрекетімізді басқалардың талдағанын және бағалауын қалаймыз.

*Кері байланыс* (ағылш. feedback) – адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі, реакциясы. Жетістікке жеткендігін көрсететін кері байланыс (оқушылар, мұғалімдер және ата-аналар үшін). Мұндай кері байланыс «әсердің» бейресми бағалануынан бастап ресми жазбаша тестілерге дейін түрленуі мүмкін, бірақ негізгі мақсат оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму, мысалы, білім, түсіну және дағды туралы хабарлама беру болып табылады. [1]

Кері байланыстың мәнін «Екі жұлдыз, бір тілек» атты тәсіл жақсы келтіреді. Алдымен біреудің әрекеті мен жасаған ісін мақтаймыз, оның жағымды және тиімді жақтарын атап көрсетеміз, содан соң бұл жұмысты қалай жақсартуға болатындығы туралы ұсыныс айтамыз, бағыт-бағдар сілтейміз.

2013 жылдың наурыз айында Амстердамда өткен «Ұстаз сапасы» атты оқытушылық қызметтің Халықаралық Саммитінде оқу мен оқытудың сапасы көп жағдайда кері байланысқа тәуелді екендігі аталды. Ұстаздардың оқушылар тәрбиесіне жасайтын ықпалын бағалау өте қиын, алайда ата-ана, оқушылар мен қоғам мүшелерінің кері байланысы осы мәселені айқындауға қолғабыс болады. Саммит мұғалімдерге өздерінің кәсіби біліктілігін жақсарту үшін кері байланыстың өте қажет екендігін және біраз жетістіктерге бастайтындығын кеңінен атап көрсетті. (<http://asiasociety.org/teachingsummit>).

Әлемнің ең бай адамы Билл Гейтстің «Мұғалімдерге шынайы кері байланыс керек!» деп баса айтып, АҚШ білім беру жүйесі алдында осындай мақсат қойғандығы бекерден бекер жәйт емес. Оның ойынша, АҚШ білім беру жүйесі Шанхай мектептерінен үлгі алуы керек: Қытайдың бұл мегаполисінде әрбір мұғалім – мейлі ол тәжірибелі болсын, мейлі жас болсын – өз сабақтары мен әрекеттеріне кері байланыс алуға және өзгелерге беруге құқылы екен: мұнда кері байланыс мұғалім кәсібінің ең маңызды бөлігі деп есептелінеді.

Джон Хэтти, 1999-2009 – барлық инновация әдістерін қамтитын 180,000 жұмысты зерттеуіне сүйене отырып ең табысты бола білетін сабақтың жоспарланған бөлігі кері байланыс екенін көрсеткен.[3]

#### Оқушылардың оқуына әсер ету

*Джон Хэтти, 1999-2009 – барлық инновация әдістерін қамтитын 180,000 жұмысты зерттеу*

	әсер мөлшері
• Кері байланыс	0.73
• «Мұғалім-оқушы» қарым-қатынасы	0.72
• Жетік менгеру үшін оқыту	0.58
• Мақсат қою	0.56
• Кұрдастардың оқытуы	0.55
• Күтілетін нәтижелер	0.43
• Үй тапсырмасы	0.29
• Мектептің мақсаты мен саясаты	0.24
• Қабілеттері бойынша бөлу	0.12

*Сурет-1. Джон Хэтти жасаған зерттеу нәтижесі көрсеткіші*

Блэк пен Уильямның Ұлыбританиядағы Бағалау Реформасы Тобымен бірлескен зерттеулері бағалау арқылы оқытуды жақсарту оқытуға енгізілуі тиіс алдамшы қарапайым бес түйінді фактормен байланысты екендігін көрсетті: Оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету. Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы, бұл өз кезегінде оқушыларды өзін - өзі бағалауға қатыстырады. Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды түрлендіру. Бағалаудың оқушылардың өзін - өзі бағалауы мен қызығушылығына едәуір ықпал ететіндігін мойындау, бұл өз кезегінде білім алуға түбегейлі түрде ықпал етеді. Оқушылардың өз оқуын қалай жетілдіру керектігін түсіну үшін өздерін-өздері бағалай алуын

қамтамасыз ету және өзара бағалау арқылы құрдастарымен бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.[1]

<b>Түрлері</b>	<b>Әдіс - тәсілдер</b>
Көңіл – күйдің алуандығын білдіретін әртүрлі суреттер, түрлі- түсті карточкалар	«Бағдаршам» әдісі, «Күн сәулесі» әдісі, «Алма ағашы» әдісі, «Көңіл күй шыршасы»
Бет әлпетті бейнелейтін карточкалар	«Күлегештер бейнесі», «Басбармақ», «Оймақтар», «Автопортрет»
Көңіл-күйді бояу түстерімен анықтауға болады	«Түрлі түсті стакан», «Көңіл күйлі жапырақтар», «Алты қалпақ», «Түрлі түсті сулықтар»

Кері байланыстың түрлерін:

1. Көңіл-күй мен эмоциялық жағдайдың рефлексиясы
2. Сабақтағы іс-әрекеттің рефлексиясы (іс-әрекеттің нәтижесіне талдау).
3. Оқу материалының мазмұнына рефлексия деп үш түрге бөлуге болады. Кері байланысты ауызша және жазбаша түрде аламыз.

<b>Қолдану кезеңі</b>	<b>Әдіс - тәсілдер</b>
Үй тапсырмасын тексеру кезінде	«Табыс баспалдағы», «Табыс ағашы», «Вагондар», «Белгілер», «Автопортрет», «Айнымалы бекет», «Шынайылық», «ия», «Қасиеттер аллеясы», «Ашық жәрмеңке»
Материалды бекіту кезінде	
Жоба қорғау кезінде	
<b>Қолдану кезеңі</b>	<b>Әдіс - тәсілдер</b>
Сабақты қорытындылау	«Тегов» бұлттары стратегиясы, «Графикалық карта», «Сауалнама», «ЗК», «+,-, қызықты», «БББ» кестесі, Рефлексиялық экран, «Кубик» әдісі, «Асық» әдісі, «ҚҰС (костым, ұсыныс, сұрақ)», «Кеше, бүгін, ертең»
Бағалау	
Кері байланыс	

Жазбаша кері байланысқа қарағанда ауызша кері байланыс арқылы көп жетістікке жетеміз. Ауызша кері байланыс арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады. Уақытты ұтымды пайдалану үшін осы түрін қолданған абзал. Кері байланысты қолданғанда мынандай жәйттерді есте ұстаған дұрыс:

- Кері байланыстың үйренудің ең тиімді әдісі екендігін ұмытпаңыз, өзіңізге қажетті екендігін де естен шығармаңыз. Бұған қоса кері байланысты жұмысымызды жақсартудың, өз олқылықтарымызды түзетудің ең тиімді нысаны деп қабылдау керек. Сол себепті кері байланысты сабырлықпен және іштей болса да ризашылықпен қабылдау керек.

Кері байланыс әрқашан да субъективті болады, өйткені ол біреудің өзіндік пікірі. Осы тұрғыдан алғанда кері байланысты ақиқат деңгейіне шығарудың қисыны жоқ шығар. Оны басқа адамның бағасы деп қабылдап, оның еш міндетті емес екендігін естен шығармаған абзал.

Мүмкін кері байланыстың ең құнды жағы бізге ұнамайтын бөлігі болатын шығар: айтылған сын мен ескертпелер, айқындалған кемшіліктеріміз бен қателеріміз. Алайда мен сіздерге кері байланыс бергенде тым қатал сыншы болмауды ұсынамын. Сондықтан да кемшіліктерді тіке бетке баспай, оларды жанамалай жеткізген жөн болар? Мысалы, мынандай сұрақтар арқылы: «Неліктен Сіз бұлай жасадыңыз (айттыңыз, жаздыңыз, ұйғардыңыз, т.б.)? Мүмкін олай емес, былай болар?» немесе «Егер мына жерге мынандай өзгертулер енгізе, не болар еді?»

Негізінен кері байланыстың үш негізгі қызметін ажыратуға болады: әрекеттерді түзету мен реттеу, тұлға аралық қатынастарды реттеу, өзін өзі тану құралы. Сондықтан оның мазмұны жағымды, позитивті болу керек. Кері байланыстың негізгі идеясы жасалған істі бағалау емес (оның жақсы не жаман жасалынғандығын анықтау), керісінше, не жасалуы керектігін көрсету.

Сонымен, кері байланыс оқу/оқыту мен үйренудің/үйретудің қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтау мүмкіндігін береді. Кері байланыс арқылы оқу мен

оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға болады. Кері байланыс дұрыс жауап немесе бағыт таңдалынып, қателерді түзету әрекеттерін іске қосады.

Оқыту мен оқуды кері байланыс арқылы оқушы жетістігін бақылау құралы ретінде кері байланыс жасау арқылы мұғалім рефлексиялау дағдысы қатар дамып жатады.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Астана. 2013 жыл
2. Мұғалімдердің рефлексиялық дағдыларын қалыптастыру жолдары: Астана 2015
3. Кері байланыс. Көрінетін оқу.

### **Математика сабақтарында оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеу**

**Султанова Ж. М.**

*Жаңақала ауданы, «Д.Нұрпейісова» атындағы ЖОББМ, математика пәнінің жоғары санатты мұғалімі*

«Шеберліктің белгісі - әртүрлі әдісті біліп, сабақта қолдана білу» А.Байтұрсынұлы. Елімізде білім саласында айтарлықтай өзгерістер болды. Соның бірі - Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының Кембридж университетінің халықаралық бағдарламасы бойынша оқытуы деп есептеймін. Оқытуда оқушының жеке тұлға ретіндегі келешегі, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым- қатынас нәтижесі көзделеді. Кембридж университетінің сарапшылары ұстаздарға білім беру үдерісінің тиімділігін жақсарту және сапалы біліммен қамтамасыз ету үшін тұлғаның өз ойын еркін жеткізе алу қабілетін, сыни тұрғыдан ойлауын арттыру, сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жүйелі қолдану, оқытуды жеке тұлғаға бағыттаудың тәсілдерін, балалардың өздігінен білім алуы мен дамуын дәлелдейтін бағалау жүйесін кеңінен жүргізу қажеттігін ұсынған. Бұл курс енгізіліп жатқан жаңартылған бағдарлама үшін маңызды қадам боп табылды. Бұл курсты оқыған мұғалімнің тәжірибесі жаңартылған бағдарламамен жұмыстануға жетерлік.

Білім мазмұнын жаңарту шеңберіндегі оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытып, шығармашылыққа тәрбиелеу үшін кәсіби білімі жоғары жаңа заман ағымына сай жұмыстанатын шығармашыл ұстаз керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев: «Біз қазір «білім-ғылым-инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз», - деген екен. [3]

Қазақстанның әлемдік үрдістерге кіруі, дамыған елдердің стандарттарына деген ұмтылысы білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өтуіне әкелді.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпағы үшін мұғалім кәсіби, шығармашылық, мәдени деңгейін арттырумен, оқыту үдерісінде жаңа әдіс-тәсілдерді іскерлікпен ұштастыруға тиіс. Әрбір педагог әдістемелік қызметінің бүгіні мен болашағына жұмыстануы қажет. Сабақ беру әдістерімен қатар, қосымша зерттеушілік жұмыстарымен айналысуы керек.

Мен ғылыми зерттеу жобамның тақырыбын «Математика сабақтарында сыни ойлауды дамыту жолдары» деп алдым. Өйткені, мұғалім оқушылардың сыни ойлауын туғызу арқылы өзі де дамиды және танымдық қабілеттерін арттыру арқылы шығармашылық деңгейге

жеткізеді. Сыни ойлау дағдыларын дамытудағы маңызды әдіс - Блум таксономиясының деңгейлік сұрақтары. Блум таксономиясының құрылымы танымдық үрдістің бір деңгейінен екінші деңгейіне, яғни қарапайымнан күрделігі біртіндеп өтеді деп саналады. Сыныпта осындай сұрақтар қою арқылы оқушылар үйреніп қана қоймайды, сондай орта қалыптастырады. Оқушылар шығармашылық деңгейге көтеріледі. Блум таксономиясы - жеке тұлғаға бағытталған шығармашылығын дамытушы және білімді толық меңгерудің әдісі болып табылады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л. Стил, Куртис С.Мереди, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізін салушылар Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа аламын. [3]

*Күтілетін нәтиже:* Сыни ойлау арқылы оқушылардың белсенділігі, өзіндік сана-сезімі мен пайымы, шығармашылығы және дарынды тұлғаның эмоционалдық сферасы дамиды; мұғалімнің кәсіби білімі артады.

*Зерттеу жаңалығы:* Интербелсенді әдістерді қолдана отырып тұлғаның сыни ойлауын дамыту арқылы шығармашылыққа тәрбиелеу және дарынды тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту.

*Қорытындысы:* Сыни ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын проблемаларды өздігімен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау оқушыларды ақпаратпен жұмыс жасауға, өзбеттерімен түсінуге, шешім қабылдауға үйретеді. Сыни ойлау әр адамды табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады: адам басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түседі, ортақ шешім, ортақ ой түйеді.

Сабақта сыни ойлауларын дамыту мақсатында Блум таксономиясының деңгейлік сұрақтары қолданылады, сұрақ-жауап арқылы бір-бірімен тиімді диалогқа түседі. Интербелсенді әдістер арқылы оқушылар жаңа тақырыпқа өтеді, тақырыптың мәнін ашады, сабақты жан-жақты талдайды, жинақтайды және оның болашағын бағалайды. Оқуды бағалау және оқыту үшін бағалау жүзеге асады. Деңгейлік тапсырмалар арқылы шығармашылықпен жұмыстанады және топтық жұмыста ұжымдық іс-әрекетке тәрбиеленеді. Нәтижесінде дарынды және талантты тұлғалар өсіп жетіледі.

«Нашар мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» -деп неміс педагогі А.Дистерверг айтып өткендей бүгінгі таң мұғалімдері жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы тұлғаны алған білімін сыныптан тыс қолдануға жетелейді.

Мен сабағымды оқушының көңіл-күйін білуден, міндетті түрде танысу, сәлемдесу, көңіл-күй немесе логикалық ойлауға негізделген ойсергектерінен бастаймын.

Топқа бөлінуді өткен тақырыптармен байланысты, немесе өткен сабақ пен бүгінгі сабақты байланыстыратындай етіп құрамын. Алдымен оқушы суырған шиырмасына не жазылғанын қарап, ол туралы 1 секунд болсада ойлау керек, сосын құрдастарымен тез қарым-қатынасқа түсіп өзінің қай топқа жататынын тауып қосылу керек. Топ құрылған соң аттарын соған байланысты қойып, қорғау қажет. Бұл жерде «Ұйымшыл топты» бағалау болады.

8-сыныптағы «Биквадрат теңдеу» тақырыбында шиырмада толық квадрат, толымсыз квадрат және келтірілген квадрат теңдеулерге мысалдар жазылып, оқушылар сол мысалдар бойынша 3 топқа бөлініп, топқа мысалдарға сәйкес ат қойып, «неге олай аталды?» сұрағына жауап беріп, анықтамаларын айтып топ аттарын қорғады. «Не білгім келеді?» арқылы квадрат теңдеуге келтірілетін теңдеу биквадрат теңдеу тақырыбына келеді.

6-сыныпта «Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу» тақырыбында шиырмаға  $ax=v$  түріндегі сызықтық теңдеу, санды теңдік және  $ax+v=cx+d$  түріндегі бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу мысалдары жазылды. Оқушылар алдыңғы екі топқа тез бөлінді де, 3- топ аттарын қалай атарын білмей тұрып қалды. Мен сұрақтар қойдым: «Берілгенін оқы?», « $ax=v$  түріндегі теңдеумен салыстыр, сонда не байқадың?», «Неге?», «Қандай теңдеу деп ойлайсыздар?» Бұл бүгінгі бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу екен.



10-сыныпта «Жазықтықтардың перпендикулярлығы» тақырыбында топтың атын топ басшылары суырды, «бұл атаулар нені білдіреді?» деген сұраққа кеңістіктің негізгі 3 ұғымына байланысты атау деп тапты. «Бұл ұғымдарға анықтама беріле ме?» деген сауалға жауап берді. Үш ұғымның өзара байланысын түсіндірді.

«Адасқан әріптер» әдісі бойынша жаңа тақырыпты жазып, «Атаулар туралы 3 сұрақ» әдісімен жаңа тақырыпта кездесетін терминдерге сипаттама береді. «Жазықтықтардың перпендикулярлығы» тақырыбындағы жазықтық ұғымы негізгі ұғым, анықтама берілмейді, ал перпендикуляр терминіне төмендегідей сұрақтар қойылып, оқушы пікірлері тыңдалады. Бұл терминді бұрын қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз? Қалай қолдандыңыз, мысал келтіріңіз? Осы сабақта бұл атау қандай қолданыста болады деп ойлайсыз? Мұғалім сұрақтарды шығармашылық тұрғыда әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиіс.

Үй тапсырмасын тексеруді немесе өткен сабаққа шолуды кластерлер арқылы, «Шаттық шеңберде», «Шынжыр», «Бұл кім?», «Мен кімін?» ойындары негізінде сұрақ-жауап арқылы бір-бірімен диалогқа түсіріп ұйымдастырған тиімді. Бұл жерде сабақ басында оқушылардың сыни ойлауын, белсенділігін арттыру үшін кіріспе сұрақтар немесе Блум таксономиясының деңгейлік сұрақтары қамтылады.

6-сыныпта «Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу» тақырыбында өткен сабаққа шолуда  $ax=b$  жазуын суырған оқушы басқа оқушылармен диалогқа түседі:

- Мен кімін?
- Сен теңдеусің.
- Қандай теңдеуің?
- Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеусің.
- Неге?
- Себебі, құрамында бір ғана айнымалы  $x$  бар, анықтамасын айтады.
- Менің қандай қасиеттерім бар?
- Менің түбірімді қалай табуға болады?
- Маған мысал келтіріңдер.
- Менің санды теңдіктен ұқсастығым, айырмашылығым неде?
- Болашақта менің қандай көмегім бар, пайдам бар?

Бұл жерде оқушының деңгейі де, білімі де көрініс табады және жоғары деңгейде диалогқа түседі. Диалог арқылы баланың сыни ойлауы, сөйлеу мәдениеті дамиды.

10-сыныпта «Жазықтықтардың перпендикулярлығы» тақырыбында үй тапсырмасын тексеруге оқушы төмендегідей деңгейлік сұрақтар қойды: Екіжақты бұрыш деген не? Оның элементтерін атап, сызбадан көрсетіңдер? Екіжақты бұрыштың сызықтық бұрышы деген не? Екіжақты бұрыш моделінен сызықтық бұрышы  $30^0$ ,  $45^0$ ,  $90^0$  болатындай етіп бүктендер. Не айтуға болады? Екіжақты бұрыш пен жалпы бұрыш ұғымдарының айырмашылығы неде? Өмірде, күнделікті тұрмыста қолданылуына мысалдар келтіріңдер. Бұл ұғымдардың болашақта қолданыста қажеті бар ма?

Балаларды ойлауға итермелейтін ашық деңгейлік сұрақтарды сабақта қолдану арқылы олардың сыни ойлау деңгейлерін, белсенділігін арттыруды көздедім. Сұрақтарды оқушылар өздері әзірлейді, жауап береді.

Негізгі бөлімде жаңа сабақты өзбеттерінше түсіну үшін «Биквадрат теңдеу» тақырыбында топта алгоритм құрса, «Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуде» оқулықтағы алгоритм бойынша топтық жұмыс, «Жазықтықтардың перпендикулярлығы» тақырыбында «Үш қадамды сұхбат» әдісімен жұптық жұмысы жүргізілді. «Ойлан, Жұптас, Пікірлес» интербелсенді әдісі арқылы берілген уақыт ішінде өз тобында не жұбында қағазға түсіреді, талқылайды, пікірлеседі, содан соң тақтаға жазып көрсетеді, геометрияда постерде қорғады. Танымдық қабілетін аша білетін деңгейлік тапсырмаларды пайдалану арқылы шығармашылыққа жетеледім. 8-сынып оқушылары әлем, квадрат теңдеу, биквадрат теңдеу, тазша бала тірек сөздері арқылы ертегі құрса, 6-сынып «Теңдеуге» өлең шығарды, өмірден

мысал есептер келтірді, 10-сынып оқушысы «Перпендикуляр ұғымы» деген өлең шығарды. Сабақтағы әдіс-тәсілдерге байланысты топтық, жұптық, өзін-өзі және Блум жүйесімен бағалаулар оздырылады.

Қорытынды бөлімінде «Алты қалпақ», «Бес саусақ», «Кемпіркосақ», «Шеңбердегі доп», «Бір ауыз сөз», «Білемін, білдім, білгім келеді», «Гүлдер», «Смайликтер», «Баспалдақ» тәсілдерінің бірі арқылы рефлексия жасап, кері байланысқа түседі. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» айтылады.

Математика сабақтарында интербелсенді әдістерді қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлауларын дамыту жолдары жетіледі, шығармашыл тұлға тәрбиеленеді.

Мен сабақтарымда Блум таксономиясын қолдануды және бағалауды қолға алдым. Сабақтың өн бойын немесе кейбір бөлімдерін (үй тапсырмасын тексеру, негізгі және бекіту) Блум жүйесімен құрдым. Деңгейлік сұрақтарды Блум түймедағына орналастырып, жауап беруді дағдыға айналдырдық.

Блум жүйесімен құрылған деңгейлік тапсырмаларды сабақта жиі қолдандық.

Математика сабақтарында интербелсенді әдістерді және Блум таксономиясын қолдану оқушылардың сыни ойлауларын дамытады, шығармашыл тұлға тәрбиеленеді.

Мектебімде интеллектуалды дарынды жасөспірімдерге арналған қосымша сабақтар ұйымдастырылды. Ондағы бағдарламада қаралатын тапсырмалар қиындатылған түрде танымдық қабілеттерін дамытуға арналды. Шынайы өмір мен ғылымның байланысын қарастыруға көп уақыт бөлінді, бұның өзі олардың тапсырмаға деген қызығушылығын арттырып, оны шешуге ұмтылысын күшейтті. Әртүрлі сайыстар, семинар, шебер сыныптар жаңа әдіс-тәсілмен өтуде.

«Балалардың бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар» деп Т.Фуляр айтқандай бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу – бүгінгі заманның талабы.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Бірінші деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері » ДББҰ, 2012
2. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. А.Әлімов, Алматы-2015.
3. ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2014 ж.
4. [www.zkoipk.kz](http://www.zkoipk.kz) сайтындағы жаңалықтардан, баяндамалар
5. ЖОО-да интербелсенді әдістерді қолдану. А.Әлімов, Алматы-2015.
6. Педагогикалық ізденіс. Алматы, Рауан, 1990
7. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы», Ақтөбе-1999

### **Оқушылардың тиімді басқарудың көмегімен өз оқуын ұйымдастыра білу жолдары**

*Алдабергенова Г. Ш.*

*Тараз қаласы, №54 орта мектебі,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Егеменді еліміздің алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу саясаты қоғамымыздың барлық саласында түбегейлі өзгерістер

енгізіп, жаңа талаптар қойылып отыр. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір-көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай-ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. Сындарлы оқытудың жоғарыдағыдай сипатталып, түсіндірілуі мұғалімнің ой-пайымы мен негізгі көзқарастарын, сондай-ақ сол көзқарастарға қатысты бірқатар баламалы шешімдерді де қамтиды. [1]

XXI ғасырда білім берудің мақсаттары мен міндеттерін түбегейлі өзгерту кезек күттірмес мәселеге айналып отыр. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқытын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, берген білім күткен нәтиже бермейді. Сапалы білім - ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Бүгін мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті. Өйткені қазіргі кезеңдегі ақпараттардың толассыз ағыны педагогтардың қазіргі таңдағы басты міндеті - оқушыларға білімді үйіп-төгіп беру емес, берген білімді өз бетінше тиімді игеру үшін оқушыларды қажет құралдармен жарактандыру болып отыр.

Оқу машығы, яғни «оқығанды тоқи білудің» мәселесі барлық педагогикалық тұжырымдамаларда қарастырылған, дегенмен оған педагогикалық біліктілікте және Еуропалық біліктілік жүйесінде (2006ж.) айрықша ден қойылған.

«Оқу машығы» - бұл оқумен шұғылдану қабілеті және оқудағы табандылық. Адамдар уақытты ұтымды пайдалану арқылы және өзін жеке немесе топ ішінде тиімді басқарудың көмегімен өз оқуын ұйымдастыра білуі тиіс. Бұл біліктілікке жеке оқу үрдісін, қажеттілікті түйсіну, қол жетімді мүмкіндіктерді анықтау, жемісті оқуға бөгет болар кедергілерді жою білу жатады. Бұлардың барлығы жаңа білім мен білікті игеріп, өңдеп, сіңіруді сондай-ақ ұмтылысты білдіреді. Оқу машығы оқушыларды білім мен біліктерін түрлі жағдайларда – үйде, жұмыста, білім мен тәрбие үрдісінде қолданып пайдалану үшін алған білімдері мен өмірлік тәжірибелерге сүйенуге баулиды. Мотивация мен сенім (өзіне сенімділік) жеке біліктіліктің шешуші шарты болып саналады [2]

Оқу машығы, ең алдымен, сауаттылықты және әрі қарай оқуға қажетті біліктерді айыра білу сияқты машықтарды игеруді талап етеді. Оларға сүйене отырып әр адам жаңа білім мен машықты тауып, қорытып, бойына сіңіре білуі керек. Адамдар өздігімен оқуға, өзіндік тәртіпке, сондай-ақ топпен бірлесіп жұмыс жасау үшін уақыттарын бөлуге дайын болуы қажет. Оқу үрдісінің ажырас бір бөлігі болып саналатын ұжымдық оқуда олар түрлі топтармен пікірлер алмасып, өзінің және өзгелердің білгендерімен бөлісуді, қажетін алуды, өз жұмысын бағалауды, кеңес сұрауды, ақпараттар мен қолдау іздеуді білуі тиіс.

Өмірде игі табыстарға жету үшін шұғылданып жатқанына сенімді болу және мотивация қашанда оң ықпал етеді. Түйінді мәселелерді шешуге деген жігерлілік оқуға және кедергілер мен өзгерістерге өздігімен төтеп беруге қолдау көрсетеді. Алған білім мен өмірлік тәжірибелерді қолдануға ынталы болу, оқуға мүмкіндік табуға және білімінді өмірдің түрлі жағдайларында қолдануға ұмтылыс жасау – бұлар әрдайым оң жолға бастайтын бағдаршам іспетті. Енді тиімді оқудың тәсілдеріне тоқталатын болсам, білімді мәтіннен алу үшін мәтінді оқығанда ақпарат көздеріне нұсқайтын негізгі сөздердің астын сызып отыру керек. Негізгі сөз мәтін талдаудағы мәтіннің мазмұнын білдіретін сөздер жиынтығы. Олар

мәтінде жиі ұшырасады, көбінесе мәтіннің тақырыбы болып келеді. Одан әрі қарай тақырыптың мазмұнын сұрақ түрінде жазып немесе әр абзацтағы негізгі ойды сөз немесе сөйлеммен жазу қажет. Оқу тапсырмаларын оқып шығып, оқу тапсырмасын орындау үшін өзіңнің нені білетінің және жаңадан нені меңгергеніңді анықтайсың. Егер тапсырмаларға жауабың толық болмаса, сабақтың мәтінін қайта оқып шығу қажет. Сабақ барысында оқудың тиімділігін арттырудың жолы өз қызметіңді жоспарлау болып табылады. Мәтін – белгілі бір тәртіппен орналасқан және тұтас күйінде қаралатын сөйлемдер мен сөздерден тұратындықтан, біз жоспарлауда төмендегі қағидаларды ұстанамыз:

- Мәтінді бөліктерге бөл (әдетте, әрбір бөлік мәселенің әр қырын көрсетеді).
- Әр бөлікті нөмірле және әрқайсына тақырып қой (жоспардың бірнеше нұсқасын жасауға)
- Мәтіндегі түйінді толымды мазмұндауға мүмкіндік беретін нұсқаны таңда.
- Жоспарды мұқият сарала. Оның мәтінді кіріспеден қорытындыға дейін толық қамтитындығына көз жеткіз.

Жоспар құрылып болған соң, мәтінді оқып шығып, бірінші пунктте не айтылатынын, екінші пунктте не айтылатынын және т.с.с. нақтылау қажет. Содан соң оқулықты жауып, жадында сақталғанын жоспарға қарап отырып (оқулыққа емес), дауыстап айтып көру керек. Кейін айтылғанда ұмытылып қалғандарын белгілей отырып, есте қалғандарын дауыстап қайталап айтып, мәтінді тағы бір оқып шығу қажет.

Мәтіннің негізгі идеясын айқындау үшін алдымен мәтінмен танысамыз. Онда авторға, басылым жылына, автор пайдаланған библиографиялық дереккөздерге назар аударамыз және мәтіннің құрылымымен танысып (тақырыбы, тақырыпшалар, кіріспе, мазмұны, қорытындылар), мазмұндаудың сипатын анықтаймыз (ақпараттық немесе проблемалық).

Содан соң мәтінді мұқият оқимыз. Ол былайша жүзеге асады:

Негізгі ұғымдардың астын сызу.

Бұл ұғымдарды, сөздердің мағыналарын білетін-білмейтініңді тексеру (білмесең – сөздікке жүгін) Ал негізгі идеяларды анықтау үшін) маңызды емес ақпаратты (қажетсіз қайталаулар, мысалдар) алып тастап, қажетті терминдерді ғана қалдырамыз. Содан кейін реттілікті сақтап, жоспарды пункт түрінде дәптерге жазамыз және мәтін жазуға көмекші құрал ретінде құрылған жоспарды пайдаланып, жоспардың әр пунктін қажетті ақпаратпен толықтыра отырып мәтін құрастырамыз.

а) Әр бөлімде кім туралы (немесе не жайында) және не айтылатыны түсінікті болу үшін жоспардың пункттерінде негізгі ойларды білдір;

Мәтінді оқығанда маңызды емес мәселелер де кездеседі, мұндайда маңызды емес мәселерді оқудан аулақтанғын келсе, сұрақтарды оқып шыққан жөн. Соңында ақпараттардың ойдағыдай жүйелі баяндалғанын, сөйлемдердің анық және дұрыс құрылғанын тексеріп оқып шығамыз.

Мәтінді оқу үшін мынаны есте сақтаған дұрыс:

а) Мәтінді алдын ала бөліктерге бөлшектемей тұрып, материалды оқу барысында негізгі ойларды ажыратып ал. Мәтіндегі негізгі ойлар бір бастаудан тараған «жылғалар» сияқты тұтас мағыналық байланыста болуы керек. Негізгі ойлар төңірегінде бөліктер өздігінен құрылады.

б) Айқындалған ойлардың негізінде қысқа әңгіме құрастыр («кім туралы, не туралы айтылады?») және «Ол туралы не айтылады?»). Егер жазған сөйлемдерінің қайсы бірі басқаларына сәйкес келмесе, онда негізгі ой айқындалмаған, сондықтан мәтіннің сол жеріне қайта оралу қажет.

Бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселелері мемлекетіміздегі ғылыми-педагогикалық тұрғыда әлемдік жинақталған тәжірибені және отандық озат тәжірибені ісаралай отырып, оқытумен тәрбиелеуде заман талабына сай жаңашыл ұстаз, жаңашыл, құзырлы тұлға қалыптастыра алады.

XXI ғасыр-ғылымғасыры. Сондықтан жаурапаққа, жасбуынғажаңашабілім беру жолындатүбегейліөзгерістержүріпжатыр. Жеке тұлғаяғни, дарынды, шығармашылықтұлғақалыптастырубілім мен тәрбиеберудегі мемлекеттікістің маңыздысы. Мақсаттыбілім беру – тұлғадамуын жүзеге асыратын мәселе. Ендеше, адамзат баласының өз ұрпағына оқыту тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, жаңашыл әдіс-тәсілдер, озық тұлғаларын дамытуда ұстаздарымыздың еңбегі жанып, мәртебесі биіктей берсін.

*Пайдаланған әдебиеттер:*

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2014
2. Рудик Г.А. Оқудың 101 техникасы.

## **Оздоровительно-развивающие игры для детей с нарушением зрения**

*Дискант М. П.  
город Павлодар*

Қазақстанда білім алушылардың оқу жетістігін бағалайтын үш халықаралық TIMSS-2015, PISA-2015 және PIRLS-2016 (апробация) зерттеулері аяқталды. Атап айтқанда, PISA-2015 (математика, жаратылыстану және оқу сауаттылығын бағалау) зерттеуіне елдің барлық өңірінен 232 білім беру ұйымдарынан 15 жастағы 7 873 білім алушылар қатысты. Ал TIMSS-2015 (математика және жаратылыстану білімдерін бағалау) жобасына Қазақстанның 179 білім беру ұйымдарынан 9 621 оқушы, оның ішінде 4 763 төртінші сынып оқушылары және 4 858 сегізінші сынып оқушылары сынақтан өтті.«TIMSS-2015 және PISA-2015 халықаралық зерттеулер нәтижелері 2016 жылдың желтоқсан айында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы мен IEA тарапынан жарияланады», - делінген министрлік мәліметінде[3].

Жаһанның жаңалықтарынан қалып қоймас үшін өскелең ұрпағымызды жағдаяттық тапсырмалармен дайындағанымыз абзал болар. Осы орайда назарларыңызға PISA, TIMSS тапсырмаларынан бірнеше мысалдарды ұсынып отырмын.

**1-мысал.** Ыдыс. Параллелепипед пішінді ыдыс берілген. Басқа ешқандай ыдыссыз және өлшемей ақ ыдыстың көлемінің тең жартысын сумен толтыру қажет.

*1-сұрақ.* Суретін салып көрсетіңіздер және түсіндіріңіздер. *Шығарылуы:* 1. Егер ыдыстың біржақ басын судың беті параллелепипедтің диагональді қимасымен сәйкес келгенше көтерсе, сонда ыдыстың дәл жартысы болады (1-сурет)



1-сурет

**2-мысал.** Еуропаның ең биік сарқырамаларының бірі – Утигард сарқырамасы 610 метр биіктіктен құлап ағады.

*Сұрақ.* Мұндай биіктіктен су қанша уақытта құлайды?

А. 18 с. В. 6 с. С. 11 с. 20

*Жауап.* Судың құлау уақыты кедергі күші жоқта 11 с тең болады.

**3-мысал.** Ең батыл өсімдікке «құтырған қияр» жатады. Бұл «артиллерист» жабайы түрде Қырымда жиі кездеседі. Оны кәдімгі қиярдан үстін жапқан қылқаншалар арқылы айыруға болады. Жапырақтары да, жемісі де кәдімгі қиярдікіндей. Ол толық піскен соң «құтыра» бастайды. Өзінің мінезімен адамды да, жануарды да шошытуы мүмкін. Қияр өзінің аяқшаларынан сықырлай босап, секіріп, айнала бастайды. Жемістің аяғы болған өзектен тұқым аралас, жабысқақ шырын сорғалап, 6-8 метрге дейін атқылайды. Сөйтсе, жеміс піскенге дейін, оның ішінде газдар жинақтала береді екен. Піскен уақытында оның қуысындағы қысым үш атмосфераға дейін жетеді.

*1-сұрақ.* 6-8 метр биіктікке жету үшін тұқым аралас сорғалаған шырын қандай жылдамдықпен атқылауы тиіс.

А. 15,8 м/с. В. 18,4 м/с. С. 12,6 м/с.

*Жауабы.* С.

*2-сұрақ.* Осыған орай, энергия қалай өзгереді?

*Жауабы.* Сорғалаған шырынның жылдамдығы 12,6 м/с, оның кинетикалық энергиясы потенциалдық энергияға айналады.

**4-мысал.** Түйенің 100-120 кг-ға дейін май жинайды, бұл майлар судың көзі болып табылады. Май ыдыраған кезде 40-50 кг су береді. Түйе бас алмастан 130 л су іше алады.

*1-сұрақ.* Түйе судың қандай массасын іше алады?

А. 50 кг. В. 70 кг. С. 130 кг.

*Жауабы.* С.

*2-сұрақ.* Осынша су ішу барысында түйеге әсер ететін ауырлық күші қалай өзгереді?

А. 1100 Н-ға азаяды. В. 1300 Н-ға ұлғаяды. С. 2000 Н-ға ұлғаяды.

*Жауабы.* В.

*3-сұрақ.* 80 кг. май ерігенде қанша су береді (литр есебімен)?

А. 55 л. В. 84 л. С. 32 л.

*Жауабы.* С.

**5-мысал.** Сым резистор арқылы өтетін ток күшінің тәуелділігін зерттеу үшін ондағы кернеуден 2-суретте көрсетілген электр тізбегі жиналды. Сұрақ. 0,22А ток күшін көбейту үшін кернеуді қаншаға жоғарылату қажет?




2-сурет


**6-есеп.** Құты. Табанының ұзындығы 48 см болатын цилиндр тәрізді құтының ішкі қабырғасында жоғарғы ернеуінен 3,5 см жерде бір тамшы бал жабысып тұр, ал оған диаметрлік қарама-қарсы сыртқы қабырғасында шыбын отыр (3-сурет). Шыбынның балға дейін жылжып бара алатындай ең қысқа жолдың ұзындығын табындар.

3-сурет

*Шығарылуы:* Цилиндр тәрізді құтының бүйір бетінің жазбасын қарастырамыз (4-



сурет). А нүктесінен В нүктесіне дейінгі ең қысқа жол ұзындығы  $AB^1$  кесіндісінің ұзындығына тең болатын  $ACB$  жолы болып табылады.  $ABB^1$  үшбұрышының  $AB$  катеті шеңбердің ұзындығының жартысына тең, ал  $BB^1$  катеті 7 см-ге тең екенін ескерсек, онда іздеп отырған ең қысқа қашықтық  $\sqrt{24^2 + 7^2} = 25$



4-сурет

**7-есеп.** Жас. Әкесі және баласының жасын бірге қосқанда – 34 жас, баласы мен атасының жасын бірге қосқанда – 65 жас, ал әкесі мен атасын бірге қосқанда – 85 жас.

*Сұрақ.* Сонда әкесі, баласы және атасының әрқайсысы неше жаста?

*Жауабы:* \_\_\_\_\_.

**8-есеп.** Қозғалыс. Екі пойыз  $v_1=36$  км/сағ және  $v_2=54$  км/сағ жылдамдықпен бір-біріне қарсы жүріп келеді. Бірінші пойыздағы жолаушы екінші пойыздың жандарынан  $t = 6$  с уақытта өткенін байқады.

*Сұрақ.* Екінші пойыздың ұзындығы қандай?

*Жауабы:* \_\_\_\_\_.

**9-есеп.** Қашықтық. Мағжан үйге велосипедпен қайтып келе жатыр. Оның үйінің жанында отырған ит Мағжанды көріп оған қарсы 10 м\с жылдамдықпен жүгірді. Мағжанды

орта жолда кездестірген соң қайтадан кері үйге ғарай жүгірді. Сонан соң ол тағы қарсы жүгірді де оны жолдың -де кездестіріп кері бұрылып үйге ғарай қайта жүгірді бұл арада ол тура 50 м қашықтықты жүгіріп өтті [4]

1-сұрақ. Ит Мағжанды қандай қашықтықтан көріп қалды?

A. 98 м B. 200 м C. 120 м D. 320 м

Жауабы: \_\_\_\_\_.

2-сұрақ. Ит барлығы қанша метр жүгірді?

A. 300 м B. 270 м C. 400 м D. 200 м

Жауабы: \_\_\_\_\_.

3-сұрақ. Ит қанша секунд жүгірді?

Жауабы: \_\_\_\_\_.

4-сұрақ. Мағжан мен иттің жылдамдығын салыстырыңдар?

Жауабы: \_\_\_\_\_.

Сөзімді топшылайтын болсам, жоғарыдағы келтірілген іспеттес тапсырмалар мен есептерді орындату арқылы келешек буынды теориялық тұрғыда болса да жағдаяттық мәселелерді шешуге даярлай алатынымызға сенемін. Осы арқылы егеменді еліміздің ертеңіне қажетті ұлттық кадрларды (инженерлер, сәулетшілер(архитекторлар), дизайнерлер, энергетиктер, өнертапқыштар, т.т.) қалыптастыруға ықпал ету әрбір педагогтың борышы деп білемін. Ол үшін оқушылардың ой қиялдарына ерік бере отырып, олардың алдарында жаңа көкжиектер бар екеніне иландырсақ болғаны.

*Пайдаланған әдебиеттер*

1. «Математика және физика» №2, 2015 жыл
2. PISA-2015 зерттеуінің әлеуетті қатысушылары – 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту курсының оқу бағдарламасы. Әдістемелік құрал. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 36 б.
3. [http://www.inform.kz/ru/kazakstanda-okuzhetistigin-bagalaytyn-timss-2015-pisa-2015-zhane-girls-2016-zertteuleri-ayaktaldy\\_a2772748](http://www.inform.kz/ru/kazakstanda-okuzhetistigin-bagalaytyn-timss-2015-pisa-2015-zhane-girls-2016-zertteuleri-ayaktaldy_a2772748)
4. PISA-2015 халықаралық зерттеуге дайындықты әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету. Әдістемелік жинақ. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 118 б.

## **Білім беру мазмұнын жаңартуда ағылшын тілін оқытудың мазмұны мен әдістемесі**

**Немеребаев Е. С.**

*Алматы облыстық әдістемелік  
кабинетінің әдіскері*

Әрбір мемлекеттің ең басты байлығы – адам болса, сол елдің келешегі үшін жасалатын игі істер мен үміт болашағының иесі бүгінгі өскелең ұрпағы екені даусыз. Мемлекетіміздің қарқынды дамып, алға қадам басқан тұста білім берудегі әдістемелік жұмыстардың рөлі артып, әлемдік жаңалықтарды жатсынбай қабылдап, жеке тұлғаға білім нәрін түрлі жаңа әдіс – тәсілдер арқылы сіңірту бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Қазақстандық білім беру жүйесіндегі үлкен реформаларды жүзеге асырудағы басты міндеттердің бірі жалпы орта білім беру ұйымдарында үш тілді тиімді меңгеруге бағытталған ағылшын тілін оқыту.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Мен бүгінгі ұрпақтың үш тіл білуін қолдаймын. Мемлекеттік тіл – мемлекетті құрушы ұлттың тілі, ал орыс тілін білу – ұлы байлық. Ағылшын тілі ілгерілеушілік пен технологиялардың тілі болғандықтан біз оны үйренуге тиіспіз» деді. Яғни, Елбасы келешек заманның кілті көп тіл білу мен керекті мамандыққа еркін қол жеткізу мүмкіндігінде екендігін болжап отыр. Себебі, қазіргі заман

талабы – жас ұрпақтың барынша көп тіл білуі. Тілдерді меңгерген сайын өмірдің қай саласында болса да жас буынның өрісі кеңейеді.

Бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру үшін еліміздің индустрия, ғылым салаларын дамытуға бар күшімізді салуымыз қажет. Осы орайда, жас ұрпақтың ағылшын тілін меңгеріп, мектеп қабырғасынан-ақ әлемдік ғылым-білімнің тілін іс жүзінде қолдана алатындай даяр маман болып шығуы үлкен жетістік.

Бүгінгі күні үш тілді білім беру бағытында балабақшада тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндердің тақпақты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде мүдірмей жатқа айтуы, қай тілде білім беретін мектеп болса да үш тілдің қатар жүргізілуі, өзге ұлт өкілдері балаларының мемлекеттік тілді меңгеруге талпынысы, тіптен барлық оқушылардың ағылшын тілін меңгеруге деген ықыластарының күшеюі сияқты маңызды шаралар іске асырылуда.

Жасөспірімдердің тілге деген қызығушылығын, оқу-зерттеу қабілеттері мен интеллектуалдық мүмкіндіктерін ашуға, оқушыларды шығармашылық ізденіске баулу арқылы тілді білуге, құрметтеуге «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын іске асыру аясында «Туған елге тағзым» акциясын, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгерген жасөспірімдер (12-17 жас) арасында «Мәңгілікке сүйікті туған өлке» облыстық сырттай олимпиада дәстүрлі түрде жүргізілуде.

2015-2020 жылғы үштілді білім беру Жол картасын жүзеге асыруда облыс мектептерімен өзара ынтымақтастық байланыста тәжірибе алмасуды ұйымдастыратын, педагогикалық тың идеялар өзегі мен тартушы нысан болып саналатын тірек (№25,14,9 ОМ) және базалық (№20,24 ДБАЛ, ОМГ) мектептер, НЗМ тілдік ортаға енгізу тәжірибесін таратуда Талдықорған қаласындағы №11, №7 тірек балабақшалары жұмыс жасайды.

XXI ғасыр – интеграция ғасыры. Интеграция – ел тәуелсіздігіне еш қауіп тудырмайды, керісінше, нығайта түседі. Ол нарықты кеңейтеді, алыс-беріс пен барыс-келісті арттырады, бәсекелік қабілетімізді шыңдайды. 2014 жылдан бері облыстық әдістемелік кабинеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті арасында ынтымақтастық байланыс орныққан. Көптілділікті дамыту стратегиялық жоспарын іске асыруда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті мамандарымен дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мектеп лицейлері, гимназиялары, жалпы орта білім беретін тірек мектеп педагогтеріне «Организация обучения языковым и неязыковым предметам в школе по технологиям полиязычного образования» тақырыбында өткен оқыту семинары, Жетісу Мемлекеттік университетінің шет тілдері кафедрасымен бірлесіп «Сөйлеу дағдыларын дамытудағы тиімді әдіс – тәсілдер» тақырыбында өткен семинар – тренинг педагогтердің тәжірибе алмасуы мен кәсіби өсуіне серпіліс берді. Жоғары оқу орындарымен серіктестіктің жемісі ғылым мен білімді бірлесе дамытудың көрінісі. Сондықтан келешекте ағылшын тілін оқытудағы оқу бағдарламаларын жасау, пән мұғалімдерінің ғылыми іс-тәжірибелерімен бөлісу, әдістемелік қолдау көрсетуде бірнеше инновациялық жобалар жоспарлануда.

Көптілде білім беретін мектеп мұғалімдерін дайындау мәселесіне келетін болсақ, Қарағанды қаласының Букетов атындағы мемлекеттік университетінің мол тәжірибесіне сүйене отырып, болашақта тәжірибе алмасу мақсатында іс-шаралар ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Облысымызда жоғары оқу орындарымен өзара ынтымақтастық байланыс арқылы білім мен ғылым саласындағы бәсекелестік қабілетті арттырып, маман даярлау ісіндегі мол тәжірибені бірлесіп игеруге қолжетімді мүмкіндіктердің пайда болуы сөзсіз.

Жоғарыда атап өтілген білім беру саласындағы басым бағыттарды айқындауда облыстық әдістемелік кабинет тарапынан білескен іс-шаралар өткізу дәстүрге айналды. Атап айтсақ, 1-11 сыныптарға арналған ағылшын тілін оқыту бағдарламасына сәйкес Назарбаев зияткерлік мектебі Британдық кеңестің тренерімен бірлесе ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне Digital Resources тақырыбында семинар тренинг, облыстағы жалпы білім

беретін мектептердегі ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің біліктіліктерін, оқыту әдістемесін жетілдіруде Macmillan Publishers баспасының Қазақстандағы өкілдігімен бірігіп «Motivating teenage learners» тақырыбында оқыту семинары, «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасының мектепке дейінгі, орта, кәсіптік – техникалық білім беру мекемелерімен, жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты дамытуда «Күншуақ», №15 балабақшаларында, Қазақ-түрік жасөспірімдер, №24 Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын лицейлері, сондай-ақ «Білім» гуманитарлық-техникалық және Бизнес, құқық, жаңа технологиялар колледж базаларында екі күндік «Тілдің үштұғырлығы көпмәдениетті тұлға қалыптастырудың негізі» тақырыбында облыстық ғылыми – әдістемелік семинар өткізілді. Аталған шара көптілді білім беру тәжірибедегі жетістіктерімізді ортаға салып, ой бөлісуде ұйымдастырылған «Билингвальді және көп тілде білім беру: мәселелер мен күтілетін нәтижелер» тақырыбында Алматы, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарымен бірлесіп өткен өңіраралық семинарда жалғасын тапты.

Облыстағы жалпы орта білім беру мекемелеріндегі нәтижелі шығармашылық жұмыстардың үлгісін іріктеп алу арқылы шығармашылықпен еңбек ететін шетел тілі пәні мұғалімдерінің тәжірибесін насихаттауда кабинет тарапынан «Үздік инновациялық шет тілі сабағы» сырттай байқауы өткізіліп отырады.

Сапалы білім беруді және жоғары танымды қалыптастыруға ұмтылу, білім шекарасын жылжыту, функционалды сауатты мектеп оқушыларын өмірге даярлау – жаңа әлемде нақты қос не көптілділік болып табылады. Дегенмен, дарынды балаларға арналған білім беру ұйымдарында ағылшын тілін тереңдетіп оқыту бағдарламасын іске асыруда және жалпы орта білім беру ұйымдарында ерте жастан ағылшын тілін оқыту үрдісінде бірқатар мәселелер туындады:

- жаңартылған білім беру мазмұны аясында облыс бойынша тек 29,5 % ағылшын тілі пәні мұғалімдері біліктіліктерін жетілдірді;

- көптілде білім беру мекемелері арасында ағылшын тілін тереңдетіп оқыту бағдарламасын іске асыруда бірыңғай жұмыс жоспарын құру;

- ерте жастан ағылшын тілін оқытуда тілді жетік меңгерту әдістемесін жетілдіру.

Аталған мәселелерді шешуде жаңартылған білім беру мазмұны бағдарлама бойынша ағылшын тілі пәні мұғалімдерінен мобильдік топ құру арқылы әдістемелік десант, семинар-тренинг, әдістемелік күндер өткізу жоспарлануда. Сонымен қатар, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибелерін жалпы білім беру мекемелеріне енгізу мақсатында экспериментті алаңдар құрылып, әдістемелік тұрғыда түрлі шаралар жүргізуде, шалғай жатқан мектептермен байланыс орнатуда виртуалды кабинеттер арқылы семинарлар, сабақтар өткізіледі.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Ол үшін пән мұғалімдері өзара кәсіби әрекеттестікте ғылыми байланыстарды нығайтып, шетел тілдеріндегі ақпараттық ресурс көздерін тиімді пайдалануға қол жеткізуі тиіс. Көптілділік заман талабына айналып отырған кезеңде ана тілімізді ардақтай отырып, өзге тілдерді білгеніміз әлемдік жаһандану үрдісінде өмірдің барлық жағынан бәсекелестікке төтеп беруге мүмкіншілігімізді арттырады. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру, Біздерге қойылып отырған талап. Олай болса жас ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие беру біздің міндетіміз.

**Сапалы біліммен мектеп оқушыларын қамтамасыз етуде әдістемелік кабинеттің педагогикалық ұжыммен жаңашылдық іс-әрекеті**

*Керімбекова Л.М., аға әдіскер  
Нургазинова Н.Ы., әдіскер*



Әдістемелік кабинет тақырыбы: «Инновациялық оқыту технологияларын меңгерген білікті маман – бәсекеге қабілетті қоғамның негізі»

Мақсаты – аудан мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыра отырып әдістемелік шеберлігін, шығармашылығын дамыту.

*Міндеттері:*

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында «Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Білім және ғылым Министрлігінің құқықтық-нормативті құжаттарын басшылыққа алып, орындалуын қамтамасыз ету.

- педагогтардың оқыту технологияларды толық меңгеруі арқылы әдістемелік деңгейін жетілдіру, жетістікке қол жеткізуіне ықпал ету;

- интеллектуалдық деңгейі жоғары оқушылармен жұмыстарды жетілдіру және жүйелеу;

- педагогтардың озық іс-тәжірибесін жинақтау және тарату жұмысын түрлі деңгейде жалғастыру;

- педагогикалық ұжымның даму жетістіктерін жүйелеу мониторингтерін жүргізу;

- педагогтардың жаңа жүйе бағдарламасы бойынша білімін жетілдіру курстарынан өтуін, білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мамандардың білімін жетілдіруін ұйымдастыру;

- мұғалімдерге көмек ретінде әдістемелік кабинетте қажетті ақпараттық материалдарды жинақтау, толықтыру.

Әдістемелік қызметтің циклограммасының іс-шаралары төмендегідей жүйеленген:

Әдістемелік кабинет жұмысы.

Нормативтік құжаттармен жұмыс.

Әдістемелік Кеңес.

Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс.

Жалпы педагогикалық өзекті мәселелер бойынша аудындық іс-шаралар.

Пәндардің оқытылу жағдайын зерделеу бойынша әдістемелік көмек, әдістемелік күн.

Педагогтардың кәсіби байқаулары.

Жас мамандармен жұмыс.

Педагог мамандардың білімін жетілдіру.

Озат педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату.

Оқушылармен өткізілетін іс-шаралар.

Дарынды балалармен жұмыс (пәндік олимпиада, ғылыми жоба жарысы, интеллектуалды ойындар, байқау, сайыстар).

БАҚ-мен жұмыс.

Жылдық жоспарды жоспарлау барысындағы іс-шаралардың қорытындысын қарау, шешімдер мен ұсыныстарды қарастырудағы ауданның әдістемелік кабинетінің әдістемелік кеңесіне шығарылатын мәселелер белгілі бір тақырып аясында жүйеленіп, жинақталынып қаралады.

Атап айтсақ, қаңтар айында «Оқу-тәрбие жұмысын жүйелі ұйымдастыру – сапалы білім негізі» тақырыбында 2015 жылы атқарылған жұмыстар қорытындысы және 2016 жылға арналған әдістемелік жұмыс жоспарын бекіту, әдістемелік пән бірлестігі жұмысын жоспарлау, жинақтау және жүргізу, оқушыларды ҰБТ-ға дайындаудағы аралық тестілеу көрсеткіштеріне талдау жасау жолдары, мектептердегі ҰБТ-ға дайындығын I жарты жылдықтағы қорытындысы, облыстық пән олимпиадасы және ғылыми жоба жарыстарының қорытындысы, аудан мектептерінің оқу жетістіктерін сырттай бағалауға дайындық жұмыстырының ұйымдастырылуы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында үш тілді білім беруді

дамытудың негізгі бағыттары мәселелері көтерілген. Ал келесі әдістемелік кеңесте наурыз айында «Оқыту үрдісіне жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу – нәтижеге бағытталған білім беру кепілі», маусым айында «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық үдерісті ұйымдастыру, тамыз айында «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мазмұны мен түрлері», қараша айында «Қазіргі оқу үрдісінде тұлға қалыптастыру мәселесі мен сыныптан тыс шаралардың үйлесімділігі» тақырыбы аясында мәселелер жоспарланып қарастырылды.

Ауданның әдістемелік кабинетінің педагог мамандармен жүргізілетін іс-шаралары «Педагогикалық шеберлік керуені» континуумының 4 алаңдарының жұмыс жүйесінде:

1-алаңда - «Сындарлы оқыту теориясы және тәжірибесі» алаңы

2-алаң алаңда - «PR – технологиясы»

3 алаңда - «Әдістемелік топтар

4 – алаңда - «Оқу мен оқытудағы жетістіктер»

Осы алаңдарда жүйеленген әдістемелік іс-шаралар төмендегідей бағыттарда жүргізілуде.

**1.«Сындарлы оқыту тәжірибесі» алаңы**

(білім берудің озық тәжірибелері бойынша тренинг, семинарлар, ой бөлісу)

Аудандық “Жаңару» – кәсіби желілік қоғамдастығындағы жаңа жүйе бағдарламасы бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтар басқарушы кеңестегі Текелі қаласындағы №2 орта мектебіндегі құзырлы орталықтың 2-ші тобында 2 жетекші мектепке жинақталған, олар Қ.Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясында - 13 мектеп, Қ.Жапсарбаев атындағы орта мектебінде – 12 мектеп.

**Менторинг – мұғалімнің кәсіби өсуінің құралы.**

Мақсаты: Тәлім алушыға шынайы мақсат қоюға және оған жету жолдарын жоспарлауға көмектесу

Міндеті: Оқу мен оқытудағы белсенді әдіс-тәсілдерді таныстыру, кәсіби біліктілігін арттыруда іс-тәжірибесімен бөлісу

**Менторинг циклі:**

Түсіндіру, көрсету; Жоспарлармен танысу;

Ұсынымдарды түсіну; Рефлексия; Іс-тәжірибе;

Тиімділігіне баға береді;


Тәжірибелер жинақталады;

Блум негізінде сабақты талдайды;

7 модульді қолданады;

Ынтымақтасқан іс-әрекетке бейімделеді.

Күтілетін нәтиже: кәсіптік даму, өзін-өзі жетілдіру, өзін іс жүзінде таныту.



Жаңаша



Формативті бағалау



Кері байланыс



Топтық жұмыс

Ментор күрделі міндеттердің шешімін және өзара қарым-қатынасты сенімділікке, серіктестікке, шынайылық пен адалдыққа негізделе отырып, бағыныстыларға кәсіби қолдау көрсетуді ұсынады. Менторинг үдерісі дербес дамуға деген ұмтылысқа, өзін-өзі қабылдауға, ары қарайғы кәсіптік және дербес дамуын жоспарлау машығына шоғырланады.

**2-алаң - «PR – технологиясы»** - педагогтардың өзара және қоғаммен байланыс қызметі, екі жақты өзара түсіністік арқылы үйлесімділікке қол жеткізу болса, ауданда жаңа форматта жұмыс жасайтын ауданның шығармашылық топтары:

- “Шабыт” озық іс-тәжірибе алмасу тобы,
- “Айқын” білім мазмұнын жаңарту тобы,
- “Жаңару” кәсіби қоғамдастығы,
- “Зерде” жас мамандар тәжірибесін шыңдау бағыттарындағы жұмыстары арқылы

тәжірибе алмасады.

Осы шығармашылық топтардың жұмыстарынан күтілетін нәтижелері:

- Мұғалімдер арасында құнды диалог құрылады.
- Алқалық пен кәсіби даму мәдениеті тәрбиеленеді.
- Мұғалімдер жақсы тәжірибесімен бөлісе алады.
- Барлық мұғалімдер зерттеу сабағын өткізеді.
- Оқушылардың білім сапасы артады.

Жаңа форматтағы зерттеу сабағына тоқталсақ, зерттеу сабағының мақсаты - бірлескен жұмыс арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдысын, білім сапасын арттыру.

Ауданның әдістемелік кабинеті мен мектептердің бірлескен жұмыстары арқылы: Зерттеу сабағы - өткізілген мектеп саны – 25, қамтылған сыныптар саны – 40, зерттелген сабақ саны – 120, мектеп жетекшілерімен және әдіскерлердің коучингі - 36, зерттеуші топ отырысы- 120 өтті.

3 алаң - «Әдістемелік топтар» жұмысы жоспарланып, нәтижелі жұмыстар жүргізіледі.

- Аудандық әдістемелік жұмыс жүйесі таратылды
- Сабақта тиімді технологияларды қолданды
- Оқушының тақырыпты меңгеру деңгейі қадағаланды
- Есеп шығаруда уақытты үнемдеп, ең тиімді әдіспен есептің дұрыс жауабын таба білуге дағдыланды

- Оқушы білімі іс- жүзінде қолдана білуі бақыланды

- АКТ толық мәнінде қолданылды

- Бақылау жұмыстарын өткізу арқылы оқушылардың білім деңгейлері анықталды.

- Тест жинақтарымен жұмыс жүргізілді

1.1. «**Пәндік енгізуде**» - тақырып бойынша пән мұғалімдері білім мазмұнын физика, химия, биология, математика, тарих ғылымдары аясында түсіндіріліп, жан-жақты талдап, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында қолданыс аясы кеңінен ашылады.

1.2. “**Үштік одақ**” бағытында бір пәннен үш мұғалім тақырыпты түсіндірудегі, мысалы математикадан есептерді шығарудың әртүрлі әдіс –тәсілдерін қарастырады, осыған орай оқушылар өз қабілетіне қарай тиімді әдіс –тәсілді таңдайды, сол арқылы өз білімін бекітеді.

1.3. **Жаңа модификациялық кабинеттердегі** құрал-жабдықтарды пән мұғалімдерінің тиімді қолдануы - сапалы білім негізі. Аудан мектептеріндегі физика -17, химия -17, биология - 9, лингфонды-мультимедиялық - 13 кабинеті, 98 интербелсенді тақта оқушыларға сапалы білім беру мақсатында қолданылуда. Ауданның әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен осы бағытта оқу жылында 4 оқыту семинары, 3 тәжірибе алмасу семинары, 1 облыстық семинар-тренинг, 6 шебер сынып өткізілді.

2. “**Шуак**” мектеп тренерлері жұмысында мұғалімдердің әдістемелік білімін жетілдіру, тақырыптық әдістемелік десант жұмысы жоспарланып жүргізілді. Атап айтсақ

облыс бойынша Н.Алдабергенов атындағы орта мектебінде, аудан бойынша – 3 рет, Ақын Қабан жырау атындағы, Қызыларық, №12 орта мектептерінде «ҰБТ-ға дайындаудың тиімді жолдарын ұсыну» тақырыбында жүргізілді.

Әрекеттестік жұмыс –ЖЕТІСТІККЕ бастар жол дегендей, аудандық әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен “Жаңа бағыттағы әдістемелік қызметтің рөлі” облыстық әдістемелік күн өткізіліп жоғарыда аталған шаралар таныстырылып, аудан педагогтары мен әдіскерлер іс-тәжірибелерімен бөлісті.

**4-алаң «Оқу мен оқытудағы жетістіктер» шаралары** «Білім, біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы» деп А.Байтұрсынов айтқандай үстіміздегі жылы ауданымыздың білім саласы облыстық рейтингте барлық көрсеткіш бойынша үздік нәтиже көрсетіп, 3 орынды иеленді. Облыстық «Жыл мұғалімі» байқауында Н.Алдабергенов атындағы орта мектебінің география пәнінің мұғалімі С.Ж.Аринов «Зерттеуші мұғалім» номинациясы ие болды. «Педагогикалық олимп» облыстық байқауында Қ.Жалайыри атындағы орта мектеп-гимназиясының математика пәнінің мұғалімі З.Темірғали 1-орын, Жапсарбаев атындағы орта мектептің биология пәнінің мұғалімі Н.Рустемова 2-орын, Жетіжал орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі Б.Күренов «Жаңашыл» ұстаз» номинациясын жеңіп алды. Облыстық «Үздік тарих пәнінің мұғалімі» байқауында Мұқаншы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Н.Жексембекова 3-орын, облыстық жас мамандардың «Педагогикалық дебют» байқауында Мұқаншы орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі Ж.Усимбаева 3-орын, облыстық «Үздік шағын жинақталған мектеп мұғалімі» байқауында Қызылтоған орталау мектебінің география пәнінің мұғалімі Сейсебай Ф. 3-орынды иеленді. Жапсарбаев атындағы орта мектептің математика пәнінің мұғалімі Ж.Сабырқұлова «Облыстың үздік математика пәні мұғалімі» сырттай байқауда 3 орын алды. Мамыр айында Алакөл ауданы Жыланды орта мектебінің базасында «Қазақстандық математика пәні мұғалімдерінің ассоциациясы» мен Алматы облысының білім басқармасының ұйымдастыруымен облыстық математика мен физика пәнінен жас пән мұғалімдерінің шығармашылық байқауында Мұқаншы орта мектебінің математика пәні мұғалімі Талдаубек Нұрдыбек пен Егінбаев атындағы орта мектептің физика пәні мұғалімі Қызырхан Азат III орынды иеленіп, аудан командалық III дәрежелі Дипломмен марапатталды. Осы оқу жылында № 12 Айнабұлақ орта мектебінің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Ақжолов Ұлан Сүлейменұлы Қазақстан республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өткен республикалық байқауға қатысып, 2 орынды иеленді және «Үздік алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі» төсбелгісімен, «Қазақстан патриоты» медалімен марапатталды.

Жуырда ғана осы оқу жылының басында ауданның музыка мектебі облыстық «Үздік қосымша білім беру мекемесі -2016» байқауында жүлделі I орынды иеленіп қайтты.

#### **Деңгейлік оқу бағдарламасының іс-тәжірибесін ұйымдастырудағы әдістемелік кабинеттің рөлі**

**Ынтыбекова Н. А.**

*Үштөбе қаласы, Қаратал аудандық білім бөлімі  
әдістемелік кабинет әдіскері*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Елімізді әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттің қатарына кіргізу туралы міндет қойған болатын. Бұл мәселені жүзеге асыруда білім беру жүйесін жетілдіру айтарлықтай рөл атқарады.

Бүгінгі таңда оқу сапасын арттыруда білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының ең үздік білім ресурстары мен технологияларына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету; оқушылардың алған білімдері тез өзгеретін әлемде табысқа жеткізетіндігінен қанағаттану; жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және

рухани дамыған азаматын қалыптастыру қажеттігі бәрімізге мәлім. Осындай заманға сай ұрпақ тәрбиелеуде «Назарбаев Зияткерлік мектебі» дербес білім беру ұйымына қарасты Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсының деңгейлі бағдарламасы бойынша сертификатталған, педагогтік шеберлігі жоғары жаңа форматтағы ұстаздарымыздың білім саханасына шығуын заңдылық десек те болады.

5-қыркүйек 2012 жылы Назарбаев Университетінің студенттері алдында «Қазақстан білім қоғамы жолында» сөйлеген сөзінде Елбасы «...бүгінде халықаралық стандарттар негізінде Назарбаев Университеті мен Зияткерлік мектептер табысты жұмыс істеуде... Олардың тәжірибесін бүкіл қазақстандық білім беру жүйесіне таратып, барлық білім беру мекемелерін солардың деңгейіне тарту қажет» деп атап айтты. Осыған байланысты ортақ мақсатпен бірлескен педагогтердің кәсіби қоғамдастығын құру тәжірибесі мен идеясы Кембридж университетімен бірлесе отырып, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО әзірлеген Қазақстан Республикасы педагогикалық кадрларының біліктіліктерін арттыру курстарының жаңа деңгейлік бағдарламаларын жүзеге асыру жолымен бүкіл Қазақстанға таратылды.

Деңгейлік бағдарламаны іске асырудың тұжырымдамалық негіздері мен деңгейлік қағидаттарын оқып шыққан сертификатталған мұғалімдер халықаралық білім беру жүйесімен танысады, әріптестеріне коучинг пен менторинг процесі арқылы оқытудың тәжірибесін өзгертуге, желілік педагогикалық қоғамдастық қызметі ХХІ ғасырда оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, өзін-өзі ынталандыру, өзін-өзі реттеу, оқи білу дағдыларын белсенді әрі табысты қолдану дайындығын қалыптастыруға ықпал ететін қажетті білім ортасын құруға мүмкіндік береді. Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне өз мектептерін жеткізу жолында еңбек етеді, қызмет жасайды.

Қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ қалыптастыру, өресі кең, рухы биік, тілін ұлтымның үні деп сезінетін, патриоттық сезімі қалыптасқан арманы асқақ, мұраты асқар, ортақ Отаны - Қазақстанды құрметтейтін жүрегі мен тілегі бір, адамгершілік қасиеттері мол оқушыларды тәрбиелеудегі ең негізгі сын да, салмақ та ұстаздарға бағытталғаны түсінікті. Осы жолда ұстаздарға бағыт-бағдар беріп, әдістемелік дайындығы мен кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әдістемелік қызметті қайта қалыптастырып, оған қойылатын талаптарға сай бағыттауда аудандық әдістемелік кабинеттерге зор міндеттер жүктеліп отыр. Әдістемелік қызметтің мазмұнын үнемі жандандырып отыру - білім беру ұйымдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін, біліктілігін арттырудың негізгі құралы болып табылады.

Қаратал аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен 2012-2016 жылдар аралығында 197 мұғалім (1-деңгей-57, 2-деңгей-43, 3-деңгей-97) деңгейлік оқу бағдарламасы бойынша сертификатталды. Бұл аудан ұстаздарының 22 пайызын құрайды. Сонымен қатар биылғы 2016-2017 оқу жылында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО мен Кембридж университетінің білім беру факультеті бірлесіп жасаған ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру Бағдарламасы аясында "Мектеп тренерлері" курсын аяқтаған 1, 2-деңгей бойынша сертификатталған 23 ұстазымыз әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен деңгейлік бағдарлама бойынша курстан өтпеген мұғалімдерді процеске тартуды қамтамасыз ету үшін мектепішілік курстар өткізуде. Педагогтардың кәсіби дамуы мақсатындағы аталған курс 100 академиялық сағат көлеміндегі «Тәжірибедегі рефлексия» білім беру арнайы бағдарламасы арқылы жүзеге асырылуда. Бүгінгі күні 23 мектеп тренері ауданның 547 ұстазының біліктілігін арттыруда. Бұл аудан мұғалімдерінің 65,8 пайызын құрайды.

Деңгейлік оқу бағдарламасының курсы басталған 2012 жылы 23 ұстазымыз 3-деңгей бағдарламасы бойынша сертификатталды. Осы сертификатталған 23 ұстазымыздың жұмыстарын үйлестіру үшін білім бөлімі әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен шығармашыл мұғалімдерді анықтау және қолдау, тізбектелген сабақтар топтамасын орта

мерзімді жоспарлау барысында педагогикалық тәжірибені жетілдіру және кәсіби шеберлігін шыңдап, мұғалімдердің шығармашылық жұмыстарын ұсынуға бағыт беру, жұмыстарын порталға салу мақсатында және педагогтарды ізденістерге және педагогикалық шеберлікке тарту және олардың шығармашылық белсенділігін қолдау; мұғалімдердің әдіскерлік мәдениет деңгейін және кәсіби күзiреттiлiгiн арттыру; мұғалiмдерге көмек ретінде әдiстемелiк жұмыстардың электронды қорын жинақтау; мұғалiмдердiң қалыптасқан дағдыларын айқындау т.б. мiндеттердi орындау барысында iс-шара жоспары бекiтiлiп, төмендегiдей жұмыстар жүргiзiлдi.

«Оқу үдерiсiнде деңгейлiк бағдарламаның тұжырымдамалық негiздерiнiң тәжiрибеде табысты жүзеге асырылуын қамтамасыз ету», «Бағдарламаның түйiндi идеяларына сәйкес рефлексивтi ойлау», «Жетi модульдi ықпалдастырған тiзбектелген сабақтар топтамасын оқыту үдерiсiн жоспарлау», «Оқушылардың оқыту үдерiсiне белсендi қатыстырылуын қамтамасыз ету», «Оқушылардың оқудағы жетiстiктерiн тиiмдi бағалау, оны жазылған есептерiнде дәлелдi көрсете бiлуi» тақырыптарында аудандық оқу және практикалық семинарлар, сертификатталған ұстаздардың кәсiби тәжiрибесiнде орын алған сапалы өзгерiстердi анықтау мақсатында «Сертификатталған мұғалiмдердiң кәсiби қызметiндегi оң өзгерiстердi мониторингiлiк зерттеу жолдарымен бөлiсу», «Сертификатталған ұстаздар қызметiнiң мониторингiн ұйымдастыру» тақырыптарында дөңгелек үстелдер өткiзiлдi.

Қаратал аудандық бiлiм бөлiмi әдiстемелiк кабинетi «Өрлеу» бiлiктiлiктi арттыру ұлттық орталығы» акционерлiк қоғамының филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердiң бiлiктiлiгiн арттыру институты» деңгейлiк бағдарламалар орталығымен тығыз қарым-қатынас орната отырып, «Сертификатты растауға негiзделген құжаттарды жинақтау мен талдау жолдары» атты аудандық семинар өткiзе отырып, зерттеу жүргiзудiң негiзгi тәсiлi оқушы, ата-ана, мектеп әкiмшiлiгiнен алынған сауалнамаларға сәйкестендiру сараптамасын тәсiлi (жалпылау, талдау) жасап, нәтижесiн шығарып отырды. Атап айтсақ, 2012-2013 оқу жылының 4-тоқсанында сертификатталған ұстаздарымыздың сабақ беретiн сыныптарындағы бiлiм сапасының артқанын байқасақ, оқу жылы соңындағы әр түрлi педагогикалық байқауларда ұстаздарымыз жүлделi орындарға ие бола бастады.

2013 жылы 21 ұстазымыз 3-деңгей, 7 ұстазымыз 2-деңгей, 32 ұстазымыз 3-деңгей барлығы 61 педагог деңгейлiк бағдарлама курсы бойынша сертификатталғаны, әрине, ауданымыздың бiлiм саласының дамуына өзiнiң үлкен әсерiн тигiздi деп толық айта аламын. Өйткенi, осы жылы американдық өнертапқышы Генри Фордтың «Бiрге жиналу – iстiң басы. Бiрге қалу – прогресс. Бiрге жұмыс iстеу – жетiстiк» деген сөзiн басшылыққа ала отырып деңгейлiк курс бiтiрген ұстаздардың «Зият» кәсiби қоғамдастығын құрдық. Кәсiби қоғамдастыққа алғашында деңгейлiк курс бiтiрген ұстаздардың барлығы тартылды. Қоғамдастық құрудағы негiзгi мақсатымыз педагог қызметкерлердiң деңгейлiк бағдарламалар бойынша бiлiктiлiгiн арттыруды сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз ету болып табылса, мiндеттерi: педагог қызметкерлердiң «Назарбаев Зияткерлiк мектептерi» ДББҰ Кембридж университетiмен бiрлесiп дайындаған деңгейлiк бағдарламалары бойынша бiлiктiлiгiн арттыру курстарын, мектеп тәжiрибесiне деңгейлiк бағдарламалардың тұжырымдамалық идеяларын енгiзу жөнiндегi курсаралық шараларды өткiзу болды. Қоғамдастықтың жұмыс жасау бағыттары: Педагогтердiң кәсiби дамуы; НЗМ тәжiрибесiн тарату; педагогтердiң кәсiби қызметтерiне ғылыми-әдiстемелiк жетекшiлiк; мұғалiмдердiң желiлiк қоғамдастықтармен жұмысы, ақпараттық-әдiстемелiк жұмыс. Құжаттар портфолиосында басшылыққа мәлiмет үшiн бағытталған ҚР нормативтiк-құқықтық актiлер, қоғамдастық отырысының хаттамалары, жылдық жұмыс жоспар, жылдық есеп, тыңдаушылар тiзiмi және қоғамдастықтың басқарушы, дамытушы, үйлестiрушi топтарының лауазымдық мiндеттрi мен нұсқаулықтары жинақталды.

Қоғамдастыққа тартылған үшiншi (базалық) деңгей бағдарламасы бойынша оқып шыққан ұстаздарымыз жетi модуль тақырыбында кiрiктiрiлген тiзбектi сабақтар серияларын iске асырып, аудандық оқу және практикалық семинарлар арқылы бiр-бiрiмен iс-

тәжірибелері арқылы алмасса, екінші (негізгі) деңгей бағдарламасы бойынша оқып шыққан мұғалімдер ауданның білім беру ұйымдарында менторинг мен коучинг ұйымдастыру арқылы мектептегі әріптестерінің жұмыс тәжірибесін жетілдірсе, бірінші (жетік) деңгей бағдарламасы бойынша оқып шыққан мұғалімдер мектепте және оның сыртындағы мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығы жұмысын, білім беру саласында мұғалімдердің зерттеу жүргізу әдістерін түсіндіруді дамытуы, мектеп көлемінде іс-әрекеттегі зерттеуді жоспарлау және өткізу әдістерімен бөлісті. Сертификатталған ұстаздардың ұранындай болған Луций Анней Сенеканың «Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз» дегендей қоғамдастық мүшелерінің қажырлы еңбегінің арқасында жалпы ауданымыздың ұстаздарының деңгейлік курс бағдарламасына деген қызығушылықтары артып, курсқа сұраныс беруші ұстаздарымыздың саны күн сайын артып отырды. Нәтижесінде 2014 жылы 33 ұстаз, 2015 жылы 42, 2016 жылы 27 ұстаз 1,2,3-деңгей бойынша курстардан өтті.

Баяндаманың басында атап кеткендей, аудан бойынша сертификатталған ұстаздарымыздың саны 200-ге тақап, «Зият» қоғамдастығының жұмысы аудан ұстаздарының кәсіби дамуына және оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруге зор ықпал ете бастады. Себебі, бүгінгі күні ұжымда ұжыммен жұмыс істей білу кәсібиліктің маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Өйткені, біз құрған қоғамдастық жоғарыда аталған ортақ мұрат, мақсат және міндеттермен біріккен, ортақ проблемаларды бірлесіп шешетін, өз құзырын дамытатын креативті ойлайтын мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығы. «Жаңа нәрсе біле алмаған және білімінді толықтыра алмаған күнді немесе сағатты бақытсыз деп біл» деп Ян Амос Коменский айтқандай «Зият» мұғалімдер кәсіби қоғамдастығының ұйымдасқан еңбегінің арқасында жоспар бойынша аудандық «Оқытуға заманауи тәсілдерді енгізу мәселелері мен келешегі», «Шеберліктің алтын кілті», «Сапалы білім беру және тәрбиелеу – Қазақстан саясатының басымдылықтары», «НЗМ тәжірибесін тарату бағыттары», «Топтық жұмыс барысында ойлаудың танымдық деңгейі арқылы оқушылардың ойлау әрекеттерінің дамуына қолдау көрсету», «Сабақ – білім сапасының негізі», «Оқушылар білімін инновациялық жүйемен бағалаудың әдіс-тәсілдері», «Үздік сабақ-2015», «Үздік портфолио», «Үздік эссе», «Ең үздік әдістемелік әзірleme», «Ең үздік рефлексиялық есеп», «Пән бойынша кездестіріні қиындықтарды шешуде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану жолдары», «Топтық жұмыс барысында кездесетін кедергілер мен олардан шығу жолдары», «Кедергілерден сүрінбей өту жолдары», «Көпіршелер қою әдістері» тақырыбында іс-шаралар іс-тәжірибе алмасу семинарлары, оқу семинарлары, нұсқаулық семинарлары, коучингтар мен менторинг, әдіскер десант, дөңгелек үстелдер, конкурстар, шебер сыныптар, фотогалерея, он-лайн конференциялар, интернет-форум өткізіліп, әр іс-шара соңынан сауалнамалар мен кері байланыстар алынып, рефлексия жасалынды. Жасалынған рефлексияның қорытындысы келесі ұйымдастырылған іс-шара барысында ескеріліп отырды. Мәселен, іс-шара мақсатын қолжетімді етіп қою, нақты нәтижеге жетуді талап ету; инновациялық әдіс түрлерін тиімді қолдана отырып, сапалы білімге қол жеткізуді көздеу; іс-шараларды заман талабына сай түрлендіру; шараларды аймақ, облыс көлемінде өткізіп, іс-тәжірибе тарату, жинақ шығару.

Әр жұмыстың соңынан кейін шығарылған қорытындының нәтижелі болуы ұстаздарымыздың педагогикалық шеберлік орталығында үлгілі коучингтер өткізуі, аудан мектептерінің базасында деңгейлік бағдарламалар бойынша облыстық, аймақтық «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда деңгейлік бағдарламаның рөлі», «Деңгейлі курс бойынша сертификатталған мұғалімдердің тәжірибесін жетілдіру», «Жаратылыстану пәндерін оқытуда критериалды бағалау жүйесін енгізудің теориялық-әдістемелік аспектілері», «Білім беруді модернизациялау: ізденіс және болашағы», «Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер – оқушының функционалдық сауаттылық дағдысын қалыптастыру кепілі» тақырыбында семинарлардың өткізілуі және ауданымыздың сертификатталған жаңа форматтағы ұстаздарының басқа аудандарда өткен іс-шараларға белсене қатысып, сертификаттарға ие болуы деңгейлік оқу бағдарламасының іс-тәжірибесін ұйымдастырудағы әдістемелік кабинет жұмысының дұрыс жолға қойылғанын көрсетеді. Сондай-ақ, Алматы

облысы білім басқармасы жанындағы облыстық әдістемелік кабинетінің ықпал етуімен бастауыш білім беру және негізгі пәндер бойынша облыс көлемінде озық іс-тәжірибе тарату мақсатында шығарылған «Оқыту мен оқу үрдісінде жаңа СТО элементтерін тиімді пайдалану», «Оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында зерттеушілік әңгімені жүргізудегі АКТ-ны қолдану», «Мұғалімнің кәсіби дамуындағы көшбасшылықтың рөлі», «Мұғалім – оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру жұмысының көшбасшысы» тақырыбындағы шығарылған жинақтар да мұғалім жұмысының жетістігі деп білеміз. Аудандық «Жылдың үздік мұғалімі», «Үздік жыл сынып жетекшісі», «Үздік бастауыш сынып мұғалімі», «Үздік педагог», «Үздік математика мұғалімі», «Үздік панорамалық сабақ», «Сындарлы оқыту: бүгін мен келешегі», «Мұғалімнің үздік портфолиосы» байқауларында қатысқан сертификатталған ұстаздарымыздың облыстық конкурстардан жүлделі 1,2,3 орындар алуы жаңа форматтағы ұстаздардың білім сахнасына шығуының көрінісі деп айтсақ қателеспейміз. «Тиыннан сом жиналса, оқу түйіршіктерінен білім жиналады» - деп Владимир Даль айтқандай ауданымыздың ҰБТ көрсеткішінің де сатылап өсуі 2012 жылы орташа балл 65,6; 2013 жылы 69,3; 2014 жылы 72,1; 2015 жылы 72,8; 2016 жылы орташа балл 86,8 болуында деңгейлік бағдарлама бойынша сертификатталған ұстаздарымыздың еңбегі жатқаны айдан анық деп айта аламын.

### **Әдістемелік жұмыс – шеберліктің шыңдалу мектебі**

*Қарабалаева Р. А.  
Панфилов аудандық білім  
бөлімінің әдіскері*

Қазіргі таңда еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында, Мемлекеттік «Балапан» бағдарламасында және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген «Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесінде» көрсетілген кәсіптік білім беру саласындағы басым бағыттарды анықтайды. Сондықтан, мектеп қабырғасындағы ғылыми-әдістемелік жұмыс қызметі қазіргі заманның талаптарына сай өзінің әдістемелік әрекетінің барлық түрлерін жүзеге асыруда және сапалы кадр, педагогикалық қызметкерлерді, даярлау үшін ақпараттық-коммуникациялық, ғылыми-әдістемелік, материалдық-техникалық, шығармашылық ізденіс басты негіз болып табылады.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс ғылым мен білімді интеграциялау, оқу және тәрбие процесін сапалы қамтамасыз ету және оны жан-жақты жетілдіру, оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын енгізу, білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатыны белгілі.

Білім беруді модернизациялау – тұрақты алға ұмтылу мақсатында білім беруді біртіндеп жүзеге асыра отырып, алынған нәтижені нақты талдау және іс жүзінде қолдану. Осы жағдайда қазақстандық қоғамның айқын проблемасы – бәсекеге қабілетті, бүгінгі күні әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге бейім жеке тұлға қалыптастыру.

Бүгінгі заманғы білім беру мазмұнын жүзеге асыруда және жас ұрпақты кәсіптік бағыт бойынша даярлау жолында жаңа педагогикалық технологиялар мен тың идеяларды, инновациялық дамудың соңғы жаңалықтарын пайдалану мектеп мұғалімдерінің әр оқу жылындағы басты бағыты болуда.

Қазіргі таңдағы орта мектептің білім мазмұны «Қолжетімділік», «Ғылымилық» және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру ұстанымдарына басымдық беру арқылы



анықталады. Бұл ұстанымдар қажет, дегенмен дайын ақпарат беру түріндегі қолжетімділік пен мазмұнды күрделендіретін ғылымилықтан арылу қажет. Себебі, «ақпараттық білімнен» «құзіреттілікке» бірден көшу оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуы екіталай. Сол себепті де қазіргі таңдағы білім мазмұны әлемдегі озық тәжірибеге сай қайта жасақталуда. Атап айтсақ, бір ғана мысал, мұғалімдердің деңгейлік курс бағдарламасы бойынша білім жетілдіруі – осы іске айғақ. Сонымен қатар, әдістемелік жұмыстың қандай да болмасын бағытының басты мақсат - міндетін орындау мүмкіндігін ескере отырып, нақты айқындап алу қажет.

Осы орайда: «Мақсаттарын нақты сипаттап алмай, педагогтар бірден оқу жоспарларын бағдарламаларды, оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдарды құрастыруға ұмтылады, бұл оқыту мен тәрбие беру көптеген мәселелерін шешусіз қалдырады», -деп В.П.Беспалько әділ сын айтқан.


Жалпы педагогикалық жүйе – әдістемелік жүйе мен дидактикалық үдерістің бірлігі деп танып жүрміз. Демек, әдістемелік жүйеміз мақсатты толығымен іске асыратын мықты жүйе болуға тиіс.

Ауданымыздағы «Х.Хамраев атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2015 жылы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 06 қарашадағы № 455 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 21 тамызында №358 бұйрығымен бекітілген 2014-2017 жылдыққа көшу іс жоспарына сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты мен орта білім беру мазмұнын жаңарту бойынша апробация басталды. 1 қыркүйекте апробациялық 1-сыныпқа 38 оқушы қабылданды. 1 «А» сыныпта дайындық сыныбында білім алған 23 оқушы, 1 «Ә» сыныпта дайындық сыныбында оқымаған 15 оқушы мектеп партасына отырды. Жыл соңында 1 сыныпты 39 оқушы тәмамдады.

Қыркүйек айында 1-сыныпқа қабылданған оқушылардың денсаулығы толық және мұқият тексерілді. Балалардың бойына, салмағына, қойылған диагнозға үлкен мән берілді. Сонымен қатар мектеп психологтары психоәлеуметтік даму деңгейін бақылау мақсатында С.А.Банковтың тестік әңгімесі жүргізілді. Мектепке дайындығын анықтау үшін Керн-Иерасик әдісі бойынша зерттеу жүргізілді. Оқушылардың темперамент типтері анықталды. Қыркүйек айында тест координаторы Г.О.Иманбаева және әдістемелік кабинеттің басшылығымен бақылау мектептің бірінші сынып оқушылары мен апробациялық бірінші сыныптардың білім деңгейін салыстыру мақсатында 1-сынып мұғалімдерінің қатысуымен тест алынды және де сәуір айында бір жылғы білім сапасын анықтау мақсатында қайта тест алынып, мониторингісі шығарылды.

Эксперимент алдында ережеге сәйкес оқушылардың ата-аналарына апробацияның мақсаты жөнінде түсініктеме жүргізіліп, семинар өткізілді.

Балаларының болашағына бейжай қарамайтындықтан апробациялық сыныпта оқытуға келісетіні жөнінде қолхат алынды. Ата-аналардың білімі, жұмыс орны жайлы деректер алынып, мониторинг жүргізілді.





Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.А.Асанова «Смак» үйірмесін ұйымдастырып, ата-аналардың бір-бірімен танысуына мүмкіндік туғызды. Ас әзірлей отырып, балаларының білімдері, жетістігі, кездескен кедергілерді қалай жеңгендері жайлы әңгіме дүкен құрды. Жыл бойы мектеп алдында хабарландыру тақтайшасына оқушылардың күнделікті білімі туралы ақпарат ілініп отырылды.



Апробация бойынша мектептің, Талдықорған қаласындағы «Назарбаев зияткерлік мектептері» және Астана қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығымен бірлескен жоспар жасалып бекітілді. Жоспар бойынша белгіленген іс-шараларды өз уақытында орындап отырды.

1-сыныпқа білім беретін мұғалімдер Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқу бағдарламасымен, оқыту әдістемелік кешендермен (көрнекі құрал, постер, суреттер т.б.) қамтамасыз етілді. Әсіресе көп көмегін тигізген ShowPen ақылды сөйлейтін қаламды айтып өтпесек болмас. 1-сыныптар үшін «Мектеп», «Атамұра», «Алматы кітап» зерттеу, салыстыру мақсатында «Назарбаев зияткерлік мектептері» баспаларынан оқулықтар, жұмыс дәптерлер, бағдарламалар берілді. «Атамұра» корпорациясы апробациялық сыныптарға сабақ беретін ұстаздарға 2 күндік семинар ұйымдастырды. Семинар барысында оқулықтар туралы пікір алысты. «Атамұра» корпорациясы апробациялық сыныптарға сабақ беретін ұстаздарға 2 күндік семинар ұйымдастырды. Семинар барысында оқулықтар туралы пікір алысты.

Әр пәннен үздік әдіс-тәсілдерінің үлгісі көрсетілді. Ұстаздарға педагогикалық шеберлігі жетік болғанына көп көңіл бөлініп отырды. Сол мақсатқа жету барысында әдістемелік кеңесте апробация бойынша мектеп ұжымына арналған микросабактарды көрсетуді ұйымдастырылып, әр пән бойынша үздік әдіс-тәсілдерінің үлгісі көрсетілді.



Әдістемелік көмек көрсету мақсатында жыл бойы АОО НИШ, Педагогикалық шеберлік орталығы, барлық ұйымдастырушылық орталықтар мен тығыз байланыста болдық. Әдістемелік кабинеттің аға әдіскері Б.Алексееваның басшылығымен Назарбаев зияткерлік мектептің ұстаздары жыл бойы семинарлар өткізіп, мұғалімдердің сабақтарына қатысып, талдау жасап, әдістемелік көмек беріп отырды. Сонымен қатар, жыл бойы әлеуметтік желіде кәсіби желілік қоғамдастық құрылып, аудандағы ең үздік мұғалімдер мен әдіскерлермен және де оқулық авторларымен де байланыста болдық. Педагогикалық шеберлік орталығынан ай сайын тегін беріліп отырған «Педагогикалық диалог» журналы мұғалімдерге үлкен әдістемелік көмек болды. Әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен бастауыш сынып, ағылшын тілі пәні мұғалімдері, педагог-психологтар, кітапханашы Талдықорған қаласындағы «Назарбаев зияткерлік мектебіне» барып, тәжірибе алу курсына қатысты. Аудан көлемінде бастауыш сынып мұғалімдері А.А.Исамдинова, Р.У.Авахриева, ағылшын тілі пәні мұғалімдері М.М.Масумова мен Н.К.Ашировалар сол мектеп мұғалімдерімен командалық оқыту әдісі бойынша сабақ өтті.

2016 жылы 24-25 ақпанда Білім сапасын бағалау департаментінің аға менеджері Байсалбаева М.К., Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясынан Бейсебекова А.М., Талдықорған қаласындағы «Назарбаев зияткерлік мектебінің» директорының орынбасары Маметаева З.А., Талдықорған қаласындағы ПШО орталығының тренерлері Абишева Р.Б., Туреханова Г.Б. және аудандық әдістемелік кабинеттің әдіскерлері келіп, ұстаздардың сабағына қатысып, әдістемелік кеңес берді, талдады. Мектеп әкімшілігінен және мұғалімдерден анкета алып, фокус топтарын құрып, 1-сынып оқушылары мен ата-аналармен әңгімелесіп, сұхбат құрды. Мектепте оқушылардың жұмыстары мен ұстаздардың үлгілі сабақтарынан көрме ұйымдастырылды. Көрмеде оқушылардың портфолио, НЗМ мен ПШО бірлескен жұмыстардан мобильді көрмесі, мұғалімдердің сабақтарынан видео роликтер көрсетілді. Нәтижесінде дөңгелек үстел ұйымдастырылып, жұмыс барысында жеткен жетістіктер мен кездескен кедергілерді жою жолдары туралы пікір алысты.



1 *Проект* Педагоги любого учебного учреждения должны соответствовать современным требованиям. Очевидно, что прекрасные условия осуществления образовательного процесса — еще не гарантия его качества. Решающим фактором является профессионализм педагогов, которые работают в этих условиях. Для повышения уровня профессиональной компетентности педагога, необходимо разработать проект «*Фабрика роста педагога*». По итогам каждого учебного года проводить рейтинг методической работы учителей с обязательным поощрением от администрации.

2 *Проект*. В последнее время в учреждение поступают дети, имеющие помимо предрасположенности к простудным заболеваниям, функциональные отклонения в состоянии здоровья. Поэтому одной из приоритетных задач физического направления деятельности по реализации образовательных областей «Здоровье» и «Физическая культура» является охрана и укрепление здоровья, формирование культуры здорового образа жизни детей.

Для успешной реализации данного направления необходимо разработать проект «*Хочу быть здоровым*», включающий комплекс психолого-педагогических, профилактических и оздоровительных мероприятий.

В перспективе для повышения мотивации родителей запланировать реализацию проекта «*Олимпийцы среди нас*», результатом деятельности которого будет создание семейно-спортивного клуба «Папа, мама, я- спортивная семья». В этих условиях возрастает значимость работы медицинского персонала по индивидуализации физкультурно-оздоровительной и лечебно-профилактической работы.

Здесь необходимо вести мониторинг положительной динамики в вопросах поддержания и укрепления здоровья воспитанников. Результатом такой деятельности будет снижение заболеваемости, подтверждаемое данными мониторинга.

3 *Проект*. Безопасность жизнедеятельности по профилактике ДТП среди школьников, особенно в сельской местности, имеет свою специфику. Реализация проекта «*Дорожной грамоте учимся с детства*», направлена на формирование у школьников дорожной грамотности, культуры безопасного образа жизни. Итогом этой работы станет отсутствие дорожно-транспортных происшествий с участием школьников, а так же призовые места в различных конкурсах по профилактике детского дорожно-транспортного травматизма.

4 *Проект*. В рамках усовершенствования работы по формированию интеллектуальных качеств школьников нужно создать проект «*Я хочу, я знаю, я умею*», который позволит педагогам решать задачи по реализации различных наук через игровые методы, создание проблемных ситуаций, коллекционирование, проектирование. К примеру, участие педагогов и воспитанников ОУ в опытно-экспериментальной деятельности по раннему обучению английскому языку позволяет развить интерес детей к общению на иностранном языке и расширить их кругозор.

5 *Проект*. Развивая творческие способности школьников, преодолевая их внешнюю закомплексованность, особенно привлекая детей с неблагополучных семей необходимо реализовать проект «*Краски твоего мира*». Он включает цикл мероприятий по рисованию, музыке, хореографии, лепке, основам театрального искусства, художественному конструированию и прикладному искусству. Итогом данного проекта станет увеличение числа творческих детей. Раскрепощенность и обретение уверенности в себе детей из неблагополучных семей.

6 *Проект*. В рамках инклюзивного образования поддержки талантливых детей среди детей-инвалидов необходимо разработать проект «*Навстречу друг другу*». Проект будет направлен на создание условий для индивидуального развития и успеха каждого ребенка. Ожидаемым эффектом реализации проекта будет усовершенствование системы психолого-педагогического сопровождения индивидуальных занятий в рамках инклюзивного образования.

*7 Проект.* С целью формирования у детей экологической грамотности и бережного отношения к природе, повышения интереса к животному миру, воспитания трудовых навыков можно сформировать проект «Экоцентр». Под управлением опытных педагогов дать учащимся возможность самостоятельно выращивать различные виды цветов, овощей, кустарников и т.д.

Причем иметь возможность на этом заработать. Если школа имеет ресурсы, организовать «Живой уголок», где учащиеся смогут реализовать свои несбыточные мечты. Фруктовый сад, огород и, возможно, зооферма могут быть своеобразной визитной карточкой учебного заведения, подчеркивая его индивидуальность и самобытность.

Результатом данного проекта станет выявление положительных индивидуальных качеств каждого ребенка.

*8 Проект.* Для формирования системного подхода к организации взаимодействия школы и семьи необходимо внедрить проект «Работаем вместе». В нем необходимо разработать план повышения педагогической и валеологической культуры разных категорий родителей через участие в различных информационно-просветительских и досуговых мероприятиях как коллективно, так и в индивидуальном порядке.

Внедрение такого проекта позволит комплексно реализовать государственные образовательные стандарты общего образования, обеспечивающие единую линию развития ребенка.

В результате внедрения данного проектного управления, по итогам учебного года будут видны позитивные изменения интеллектуальной и эмоциональной составляющих процесса развития детей, их познавательных и воспитательных интересов, уровня повышения качества здоровьесберегающих составляющих, укрепления взаимодействия семьи и школы и др.

Я могу с уверенностью сказать, что реализация подобных проектов способствует осознанному принятию школьниками ценностей здорового образа жизни, обеспечивает готовность к активному взаимодействию с окружающим миром, желание и умение учиться, формирует их инициативность, самостоятельность, навыки сотрудничества в разных видах деятельности.

#### *Список литературы*

1. Воропаев Управление проектами/ В.И. Воропаев.- М.: Аланс, 2005. - 370 с.
2. Товб А.С. Управление проектами. Стандарты, методы, опыт/ А.С. Товб, Г.Л. Ципес Г.- М.: "Олимп-Бизнес", 2003.- 350 с.
3. Управление проектами (зарубежный опыт)/ А.И.Кочетков [и др.].- СПб.: "Два Три", 2005 - 446 с.
4. Щедровицкий Г.П. Организация. Руководство. Управление.(Оргуправленческое мышление: идеология, методология, технология. Курс лекций / из архива Г.П. Щедровицкого. Т.4) / Г.П. Щедровицкий. - М.: "Путь", 2000 - 384 с.

### **Туған өлкемен таныстыру арқылы балалардың патриоттық сезімдерін тәрбиелеу**

***Шалгимбаева А. С.***  
*Павлодар қаласы*

Бізді бала кезімізден қоршайтын ортаның қандай тартымды күші бар екен? Неліктен адам ұзақ жылдарға туған жерінен кетіп қалып, оны жылулықпен еске алып отырады? Қалада тұрып, ол жолдастарына, қонақтарына үнемі туған ауылының әдемілігі мен байлығы

туралы мақтан етіп айтып отырады. Қай жақта жүрсе де, туып өскен жерін ұмытпайды, сағынады.

Бұл жастайынан баланың жүрегінде ең қымбатты сезімдер қалдырады деп ойлаймын. Сондықтан ата – аналар балаларын туып өскен жеріне сүйіспеншілігін көрсетіп тәрбиелеу керек, бұл патриоттық сезімдері үшін өте маңызды. Ал біз, педагогтар, бұл сұрақта тіпті белсенді ұстанымда тұруымыз керек деп санаймын. Үйткені патриотты тәрбиелеу – күрделі процес, оны мектепке дейінгі жастан бастау керек. Патриот болу – Отанның бір бөлігі болу. Бұл сезімдер мектепке дейін сезіледі, айналадағы әлемнің байлығына көзқарасынан басталады. Біз, тәрбиешілер, тәрбиеленушілеріміз келешекте қандай болатынына талғаусыздық көрсетпеуіміз керек.

Мен өз жұмысымда келесі бағыттар қойдым:

- 1) Айналадағы қоршаған заттар баланың жан дүниесіне әлемдік сезімін тудырады;
- 2) Фольклордың барлық түрлерін кең қолдану қажет;
- 3) Баланы мәдениетке үйрету кезеңінде үлкен орын алатын мәселе – халық мәдениетін білу;
- 4) Балаларды қолданбалы өнермен таныстыру.

Баланың тұлғалықтай толық ашылуы тек оның өз халқының мәдениетіне қосылу арқылы мүмкін болады. Балалардың Отандық мұраға бойсұнуы, сыйластықты, өзі тұратын жері үшін мақтанышты тәрбиелейді. Кішкентай бала үшін патриоттық туған үйінен, өзі және отбасы тұрып жатқан көшеден басталады.

Мектепке дейінгі баланың патриотизмын тәрбиелеу бойынша келесі шарттар қажет деп ойлаймын: балаларда патриотизм тәрбиелеуде педагогтар мен ата – аналардың дайындылығы; тәрбиешілердің отбасы мүшелерімен тығыз байланысты ынтымақтастығы; отбасы мүшелерін педагогикалық процесіне тарту.

Осы сұрақ бойынша ата – аналармен әрекеттесуі, өз халқының мәдениеті мен дәстүріне эмоционалды, ұқыпты қатынасын тұғызады. Жас ата – аналарға баланы тәрбиелеуде өзін қалай ұстау, не үйрету, Отанға деген сүйіспеншілікті тудыру деген мәселелер туындайды. Осының бәрі біздің өміріміздің тарихи және мәдениеті. Жер келбеті қайталанбас. Әр елдің өзіндік ерекшелігі бар. Біз болсақ аз шамада болса да өзіміздің ұлттық қасиетімізді ұмытудамыз. Шыдамдылық, молшылық, жан ашыр мінез – құлықтарымыз жойылып кетудің дәл алдында.

Туған өлкемен таныстыру неден басталады? Әрбір баланың отбасынан, туған үйінен, көшесінен, ауылынан, қаласынан, туған өлкенің табиғатынан, жан-жағымыздағы тарихты көре білуінен (бізді қоршап тұрған ғимараттарда, көше атауларында, тұрмыс-салт заттарында). Балалар өз отбасылары туралы көп білу үшін даярлық топта «Отбасы күнін» өткіздім. Бұл күні балалар балабақшаға отбасылық суреттерін, отбасына қымбат заттарды әкелді. Балалар суреттерді көрсетіп, өз отбасы туралы әңгімеледі, демалыс күндері немен шұғылданғанын, мереке күндерін отбасымен қалай өткізгендерін, өздерінің сүйікті ойыншықтары туралы әңгімеледі. Баланың отбасы туралы әңгімелерін прес – конференция ретінде өткіздім, қалған балалар тек таңдап қоймай, өз сұрақтарын алдын ала дайындады.

«Отбасы күніне» балаларына жақсы үлгі көрсетіп, ата – аналар белсенді қатысты. Осындай күндер отбасыларды тек отбасы мүшелерін бір – бірімен жақындатып қоймай, сонымен баланың тілін дамытады, өзіне деген сенімділік, отбасы үшін мақтаныш сезімдерін тұғызады. Отан Қорғаушылар күніне «Туған Әскер» атты суреттер көрмесін ұйымдастырдым. Балалар өздерінің әке, ата, ағаларының әскерде болған суреттерін әкеліп, оларды қызығушылықпен қарастырды және мақтанышпен айтты.

8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне өз аналары мен әжелерінің суреттерінен көрме жасадық. Олардың портреттерін салды, сыйлықтар жасады.

Отан Қорғаушылар күніне «Туған Әскер» атты суреттер көрмесін ұйымдастырдым. Балалар өздерінің әке, ата, ағаларының әскерде болған суреттерін әкеліп, оларды қызығушылықпен қарастырды және мақтанышпен айтты.

Нәтижесінде балалар өз отбасылары туралы көбірек біліп, отбасы мүшелеріне сыйластық пен сүйіспеншілікпен қарай бастады.

Соңғы кезде мектепке дейінгі мекемелердің білім беру процесінде жақсы өзгерістер болуда. Бастапқы мәселе: мектепке дейінгі балаларға білім беру барысында көне мәдениет жүйесін енгізу. Балалар өзінің тарихи бастамаларына келуін негіз етеді және халық шығармаларына, билері мен әндеріне, қолөнеріне үлкен назар аударады. Балаларды жақсылыққа, әдемілікке үйретеді, өйткені мектепке дейінгі жастағы уақыт бала үшін әлемдегі шектесу, жақсы істер жасау, қоршаған ортаны қорғауға қатысты сезімін оятады.

Қазіргі кезде біздің ұлттық санамызға бұрынғы замандағы мерекелер, салттар, әдеби мұралар және де халқымыздың заманнан өткен мәдениетіміз оралуда. Танымдылық сабақтар, серуендер, әңгімелер, адамдармен қарым – қатынас балалардың көзқарастарын кеңейтеді, сондай – ақ өз елінің өміріне қызығушылықтарын арттырады, туған еліне сүйіспеншілік тәрбиелейді.

Өзіміздің туып өскен қаламыздың көшелеріне мен өз тәрбиеленушілеріммен саяхаттаймыз. Сол кезде бала жан – жағындағы қоршаған ортаны көріп, сезініп, танып біліп, «Менің қалам» деген патриоттық сезім туындайды. Балалармен әңгімелесуде мен олардың өз қалалары туралы не білетіндерін байқадым. Нақтылап, қаламыздың бірінші тұрғындары, бірінші мектеп қашан ашылды екені туралы білмейді.

Кейін балалар өздерінің ата, әжелерінен сұрастырып, қаламызға байланысты ескі фотосуреттер әкеліп, көріп, оның жылдан – жылға өзгеріп жатқанын көреді.

Балабақшаның ауласында серуендегенде балалар қоршаған ортаны бақылайды: гүлдерді, өсімдіктерді, жәндіктерді, оларды қорғау керектігін үнемі ұғындырамын. «Менің өлкемнің табиғаты» деген сезім тудыру қажет болды. Табиғатқа қамқорлықпен қарау жайында көптеген әңгімелер өткіздім, бірақ ол аз болды, балалар гүлдерді жұлуды жалғастырды. Сонда мен балалармен бірге «Біздің елдің емдік өсімдіктері» атты арнайы альбом шығаруды ойладым. Балалармен көптеген өсімдіктерді жинап алып, гербарий жасадық, көп өсімдіктер емдейтіндерін біліп, оларға қамқорлықпен қарай бастады.

Кейін балалармен әрқайсысының «Қызыл кітабін» шығаруды ұйымдастырдық, сол кітапқа өзі қорғайтын өсімдіктің суретін салды. Өсімдіктерді жақсы білу үшін, оларды кептіріп, қалталарға салып, иістерінен ажырата бастады. Істеген жұмыстан балалар қызығып, балабақша ауласында тәрбиешінің көмегімен гүлдер, ағаштар отырғызды. Осының барысында өлкеге, табиғатқа, қоршаған ортаға деген патриоттық сезім балаларымда қалыптасты деп ойлаймын.

Балабақшада өлкетану орталығын аштық. Бұл орталықтың мақсаты: өз өлкесін жан – жақты білу. Осында жұмыс істеу нәтижесі, әңгіме, серуенде көрінеді. Орталықтағы заттар көбіне ата – аналардың, таныстардың бергендері. Осында ертеде киетін көйлектер бар, балалар оны көріп, ұстап, ол туралы әңгімелер тыңдайды. Мұнда балалар тек қана көрмей, сонымен бірге тарихқа үніліп тарихшылар болып ойнайды.

Баланың тұлғалықтай толық ашылуы тек оның өз халқының мәдениетіне қосылу арқылы мүмкін болады. Балалардың Отандық мұраға бойсұнуы, сыйластықты, өзі тұратын жері үшін мақтанышты тәрбиелейді. Кішкентай бала үшін патриоттық туған үйінен, өзі және отбасысы тұрып жатқан көшеден басталады.

Патриоттық сезімді тәрбиелеудің негізгі мәселесі, кішкентай сәбидің жанында табиғатқа, Отанға, ата – анаға, қоршаған адамдарға үнемі сүйіспеншілік пен сыйластық тудырамын. Сухомлинскийдің сөзін еске алсақ, ол былай деген: «Бала кезінде адам өзінің ата – бабаларының қаһармандық істеріне көз қарасының оның инабаттылық келбеті, қоғамдық мәселелерге қызығушылығы, Отан үшін еңбекке деген талпынысы көрінеді».

Балаларда патриоттық сезімдерді ақпараттық емес, балалар өздері танып білуге көмек беруге тырысамын. Сол арқылы отбасы мен балабақша арасында тығыз байланыс болу керек.

Бұл жұмыс ересектер тобында басталып, бірінші сыныпта аяқталады, сонымен мектепке дейінгі мен бастауыш сыныптың өзара байланысын қолдаймын.

Заман ағымы өткенге қарамай, балаларды халық шығармашылығының сәндігін, берекелігін, ұмытылмас қайраттылығын сездіріп, оған патриоттық сезімдерін тудыруға мүмкіншілік жасаймын. Балабақшада өлкетану орталығының мақсаты: өз өлкесін жан – жақты білу. Бұл жұмыс кезінде мен өлкетану әдебиеттерін оқып, өлкетану мұражайын аралап өттім. Орталықтағы заттар көбінесе ата – аналардың, таныстардың бергендері. Осында ертеде киген көйлектер бар, балалар оларды көріп, ұстап, әңгімелейді. Балалар тек қана көрмей, сонымен бірге тарихқа үніліп, тарихшылар болып ойнайды. Ата – аналармен бірге фольклорды мерекелер өткіздік.

Нәтижесінде балалар айналадағы табиғатқа басқа көзбен қарай бастады: гүлдерді жұлмайды, ағаштарды сындырмайды, басқа топтар балаларына да ескертулер айта бастады.

*Қолданылған әдебиет:*

1. Көру қабілеті бұзылған мектепке дейінгі балалардың тәрбиелеу мен оқытудың Типтік арнайы бағдарламасы. Р. А. Сулейменов. Алматы, 2010г.
2. Мектепке дейінгі білім беру. 2009 ж., №2
3. Отбасы және балабақша. 2008ж., №3
4. Таптым, таптым, эврика 2008ж., №2

### **Әдістемелік қызмет мазмұнындағы жаңашыл бағыттар**

*Даулетова Р. Қ.*

*Атырау облысы, Индер ауданы*

*Индер аудандық білім бөлімі*

*Әдістемелік кабинетінің меңгерушісі*

Аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің жұмыс бағыттарының маңыздысы – оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және білім беру ұйымының педагогына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстың әр түрлі нысандарын дайындау және өткізу. Бұл жұмыс бірнеше формада ұйымдастырылуда.

2015 жылдың сәуір айынан бері ауданда дамыған елдердің білім беру саласында табысты деп танылып отырған «серіктес мектептер» жобасымен жұмыс жасалуда. Ауданның 15 мектебі географиялық орналасу ыңғайына қарай 4 топқа біріктіріліп, алғашқы қадамдар жасалды. Бұл жоба мектеп мұғалімдерінің ынтымақтастықта жұмыс жасауына, өзара тәжірибе алмасуда еркін қарым-қатынасқа мүмкіндік береді. Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін енгізу бойынша ұйымдастырылған облыстық тірек мектептерінің ресурстық мектептерінің тобында ауданның екі мектебі (М.Әуезов, Ш.Уәлиханов) бар. Бұл мектептерде НЗМ тәжірибесін үйрену деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің тәлімгерлігі арқылы жүреді.

Желілік қоғамдастықтар коммуникацияның жаңа формаларын ұсынады. Бұл жаңа ақпарат кеңістігінде тәжірибемен алмасуды, қашықтыққа қарамастан сұрақтар қойып, оларға комментарий беруді, басқа педагогтердің озат тәжірибесін виртуальды шеберлік-сыныптарында бақылауды, өзінің біліктілік деңгейін және ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін арттыруды ұсынады.

Желілік қоғамдастық қашықтықтан оқыту, кәсіби конкурстарға қатысу, педагогтердің біліктілігін арттырудың ыңғайлы формаларын пайдалану мүмкіндіктерін де бере алады. Педагогтердің желілік қоғамдастықтары, интерактивті әдістемелік кабинеттер - кәсіби ізденісті қалыптастыратын негізгі шығармашылық орталыққа айналуға. Шекара мен қашықтықты білмейтін педагогтердің желілік қоғамдастығында маңызды міндеттерді арнайы

кездеспей-ақ, пошта, басқа да электрондық тасымалдау құралдары арқылы ақпаратпен алмаспай-ақ шешілетін болды.

Энн Либерман “Оқыту қоғамдастығында жүріп жататын ақпарат алмасу үдерісі мұғалімдердің тәжірибесі мен жұмысының мазмұнын арттырып, оған тартылған адамдарды өзара тығыз байланыстырып, олардың сырт көзге көрінбейтін күнделікті жұмысына түр береді” дегендей, адамдар тобы бірлесу қажеттілігін сезінген жағдайда қоғамдастықтар дамиды.

Мұғалімнің кәсіби дамуын қамтамасыз ету моделінің бірі – мектепте және мектептер арасында желілік қоғамдастық құру. Желілік қоғамдастық әр түрде құрылуы мүмкін. Ең бастысы- оның қызметі ашық сипатта, ерікті түрде ұйымдастырылады деп ойлаймын. Озық іс-тәжірибе алмасу үшін мүмкіндігі мол, кең сипаттағы құрылым. Желілік қоғамдастықтың тақырыбы мектептегі белгілі кәсіби проблемалардың негізінде анықталады. Ол педагогикалық проблемалар аясында құрылады.

Англияның білім беру және дағдылар департаменті (DfES) 2004 жылы зерттеулер мен талдаулар қорытындысы бойынша жасаған есебінде «Мұғалімдер мен мектептерге ынтымақтастық жасау қажет және осы үшін кәсіби қоғамдастықтар күшті ұйымдастырушылық нысан болып табылады. Оқытуға бағытталған мектепаралық кәсіби қоғамдастықтар білімге негізделген және оқыту тәжірибесіне енгізілген нақты өзгерістердің негізі болып табылады» деген қорытынды жасаған. Дамуға негізделген бұл қоғамдастықтар Ресей, Сингапур, Жапония сияқты дамыған елдерде кең қанат жайып, үлкен жетістіктерге жетуде. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасын игерген мұғалімдердің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі кәсіби қоғамдастықтардың жұмысы арқылы білім беру саласын дамыту мақсатын көздейді.

Желілік қоғамдастық іс-әрекеттің мына формаларын ұйымдастыру мүмкіндігін береді: оқыту семинары, байқау, жоба, акция, «шеберхана», немесе шебер-сынып, чаттағы талқылау, жобалар фестивалі, телеконференция. Бұл формаларды ұйымдастыру біршама жеңіл және желілік қоғамдастық мүшелері тарапынан белсенді түрде қолдау тауып отырады.

Қазақстанда педагогтерге арналған виртуальды қоғамдастықтың бірқатары жұмыс жасап отыр. Солардың ішінде Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған деңгейлік біліктілікті арттыру курстарынан өткен сертификатталған мұғалімдерге арналған <http://crtm.kz> сайтының алатын орны ерекше. Бұл сайт көп мұғалімдер үшін кәсіби дамудың қуатты құралына айналды. Сертификатталған мұғалімдерді әдістемелік қолдау мақсатында және форум мен желілік қауымдастықта пікір алмасуда, интернет желісі арқылы жеке кеңес беру жұмыстарын жетілдіру үшін Педагогикалық Шеберлік Орталығының желілік порталында Индер ауданының деңгейлік курстан өткен мұғалімдерінің қоғамдастық веб парағы құрылып, «Индер - Магистр» группасы деген атпен 2015 жылдың 26 ақпаны күні тіркелді. Группаның модераторы Атырау облысы Индер аудандық білім беру бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі, I (ілгерінді) деңгей бойынша сертификатталушы, педагогика ғылымдарының магистрі Даулетова Роза Қабышқызы. Группа ашылған күннен бастап ауданның деңгейлік курстан өткен мұғалімдерін түгелдей желіде жұмыс жасату арқылы дамыту, тәжірибе алмасу, кәсіби тұрғыдан бірге өсу, үнемі байланыста болу мақсатында жұмыс жасауда. Индер ауданы мектептерінен осы бағдарлама бойынша 192 мұғалім білімдерін жетілдіріп, дайындықтан өтті. Олар 2013 жылдан бастап өз мектептерінде және ауданда «Зияткерлер» кәсіби қоғамдастығын құру арқылы байланыс орнатып, әріптестерімен тәжірибе алмасудың жаңа тәсілін, оқытудың тиімді әрі инновациялық әдістерін ұсынуда бірлескен шаралар өткізіп келеді. Желілік қоғамдастық құру бізге көптеген мүмкіншіліктерге қол жеткізуге, соның ішінде әріптестердің іс-тәжірибесін бөлісуде, инновациялық жаңалықтарды алуда, шығармашылық ізденістерін зерделеуде жаңа идеяларға жетелеуге қолайлы жағдай



туғызуда. Алайда, кәсіби қоғамдастықты дамытудың қазақстандық үлгісінде мектеп директорлары және басқа да жоғары тұрған басшылар бірлесіп оқудың осындай үлгісін құруға әзір болмағандықтан бұл жұмыс табысты болуға мүмкіндік ала алмай отыр деп ойлаймын. Жай ғана бастамашыл адамдардың шағын тобы болып қана қоймай, оның қарқынды дамуы үшін мектеп басшылары басқа адамдардың көшбасшылығына жағдай жасап, өзге мектептермен жүргізілетін ынтымақтастықтың пайда әкелетініне сенім білдіре алуы маңызды. Деңгейлік курстан өткен мұғалімдер мен мектеп басшыларының арасында ортақ мүддеге деген түсіністікті қалыптастырудың шешімі оң бағыт алмаса, бұл жұмысты қалай жолға қоюға болатындығы туралы ой жиі мазалайтын. 2013 жылдан бастап "Зияткерлер" қоғамдастығы аудан, облыс көлемінде біраз жұмыстар жасағандай болды. Көптеген шараларға курстан өтпесем де өзімді тәлімалушы ретінде сезініп, белсенділікпен қатынасып, жақсы жұмыстар ұйымдастырылып жатқан аудан ретінде мадақталдық та. Ауданда, облысымызда, жалпы республиканың барлық облыстарындағы әріптестермен қалай бірлесіп жұмыс жасауға болатынын талпынысым болғанымен жолын таба алмай қиналып жүруші едім. Бұл сұрақтың шешімін тек курстың "Бетпе-бет" кезеңінің соңғы аптасындағы «Желелік қоғамдастық» туралы сабақтан таптым. Практикаға келген соң бірден осы жұмысты қолға алдым. Педагогикалық шеберлік орталығының мұғалімдерді ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету үшін интербелсенді қарым-қатынас орнату мақсатында құрылған «сrm.kz» желілік порталында «Индер –Магистр» группасын аштым. Қазір бұл группада ауданның 165 мұғалімі және республиканың өзге өңірлерінен (Арқалық, Түркістан, Шардара, Ақатау, Атырау, Шымкент т.б) 22 көшбасшы мұғалім, барлығы 187 ұстаз ынтымақтастықта тәжірибе алмасуда.

Қазіраудан мұғалімдерінің желідегі белсенділіктері жоғары. Республиканың барлық облыстарындағы әріптестерімен тәуліктің қалаған уақытында еркін тәжірибе алмасуға мүмкіндіктері туды. «Индер - Магистр» группасы желіде «Шымкент 2 деңгей», «Бірлік Атырау», «Зияткерлер», «Көктем жаңашылдары», «Білім, сенім, достық», «М.Сиранов жаңашылдары», «Болашақ», «Самғау», «Жаңалық жаршысы» группаларымен әріптестік қарым - қатынаста белсенді жұмыс жасауда. Желі арқылы дамудың көкжиегі кең, мүмкіндігі мол екендігін «Желідегі байланыстың көшбасшы іскерлігін қалыптастырудағы маңызы» және «Мектепті дамыту жоспарын әзірлеудегі басымдықтарды анықтау» тақырыбымен порталда онлайн байланысы арқылы өткізген аудандық семинарларда дәлелдей алдық. «Көктем» қазақ орта мектебі мен Бөдене орта мектептері базасында өткен семинар жұмыстарын порталда тіркелген барлық әріптестеріміз бақылады және пікір алмасуға қатынаса алды. Бұл көптеген мұғалімдердің қызығушылығын туғызды. «Индер - Магистр» группасының республикалық деңгейдегі танымал топ ретінде бірнеше рет тұрақты түрде топ бастап тұрғаны ондағы мұғалімдердің жұмысына, тәжірибесіне, зерттеу нәтижелеріне, жаңа идеяларына деген сұраныстың жоғары болғандығынан деп білемін.

Желіде құрылған «Индер - Магистр» группасы Исатай, Махамбет, Құрманғазы ауданындағы әріптестеріміздің желідегі группаларымен тығыз байланыс орнатты. Қазір группадағы мұғалімдер өз әріптестерімен серіктес мектептер жобасын жүзеге асыруда. Аудан орталығы Индербор кентінде орналасқан Ш.Уәлиханов және М.Әуезов атындағы орта мектептерде деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің апталығы ұйымдастырылып, онда бірлескен коучингтер өткізіліп, нәтижесі порталда оң бағасын алды. Бұл үрдісті басқа мектептер жалғастыруда. "Кәсіби дамудан – нәтижелі білімге" тақырыбымен деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің II аудандық форумы жоғары деңгейде тікелей порталдағы онлайн байланысы арқылы ұйымдастырылды. Форум жұмысына республиканың барлық өңірлерінен әріптестеріміз қызу араласып, ой-пікірлерін білдірді. Форум қорытындысымен ұсыныстары мен портал ережесі қабылданды.

«Индер-Магистр» группасының мақсаты желілік қоғамдастықтың өміршеңдігін сақтау, сол арқылы мұғалімдердің құзыреттілігін арттыру, тәжірибе алмасу, білім мен біліктілікті дамыту, оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейтетін оқытудың жаңа тәсілдерін

бірлесе талдау, қолданысқа енгізу болса, күтілетін нәтижеге: бірлескен зерттеу топтары қалыптасады, мұғалімдердің құзыреттілігі артады, бірлескен іс-шаралар жүзеге асады, басқа мектептермен жағымды іскерлік қарым-қатынас орнайды, мұғалімдер жаңа идеялармен алмасады, кәсіби біліктіліктерін үздіксіз жетілдіріп отырады деп көрсеттік.

Биылғы оқу жылы барысында желілік байланыстың түрлі формаларының ішінен серіктес мектептер жобасын таңдап алып, аудан мектептерін географиялық орналасуына қарай 4 топқа бөлдік. Әр топта 4-5-тен мектеп мұғалімдері топтастырылған. Желі арқылы байланыстың басты қағидаты- «зерттеу негізіндегі тәжірибе», яғни деректер мен дәлелдемелерге негізделген оқу екенін ескерсек, мұғалімдер «бірлескен зерттеу» арқылы білім алуға тиіс, бұл оларға қазіргі заманғы теориялар мен зерттеулер туралы біліп, ақпарат жинауға көмектеседі, сөйтіп жинақталған ақпаратқа талдау жүргізу арқылы болашақта тәжірибенің қай бағытын дамыту қажет екендігін анықтауға мүмкіндік аламыз. Серіктес мектептер жобасы аясында «Мектепті дамыту жоспары – білім беру жүйесіндегі тиімді іс-әрекет», «Кәсіби біліктілік – көшбасшылықты дамытудың негізі» тақырыптарымен мектеп басшыларының аудандық семинары ұйымдастырылып, Б.Нысанбаев атындағы орта мектеп әзірлеген мектептің даму жоспары үлгі ретінде ұсынылды.

«Өрлеу» АҚ Атырау облыстық филиалы мен аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің бірігіп ұйымдастыруымен «Желілік педагогикалық қоғамдастық қызметін тиіді ұйымдастырудың жаңа бағыттары» тақырыбымен деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің форумы және «Жас мамандардың әлеуметтік бейімделуіндегі шығармашылық ізденістер» тақырыбындағы шеберлік мектебі облыстық деңгейде ұйымдастырылып, жаңа бағыттағы жұмыстарымыз облыстық педагогтарына насихатталды.

Білім беру желілері арқылы мектептер арасында ынтымақтастық орнату ұлттық және халықаралық деңгейде қолдау тауып отырғаны белгілі. Табысты желіні дамыту жігерлі әрі табанды жұмысты талап етеді. Осылайша, желілік қоғамдастық бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінде орнығуда. Дамыту жұмыстары жүргізіліп жатырғанымен әлі де проблемалар бар. Бұл, ең алдымен, енжарлық, ақпарат алуға дайын, бірақ өз тәжірибесімен бөлісуге дайын емес мұғалімдердің болуы. Сертификатталған мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі көрсеткендей, кейбір педагогтер қоғамдастықта жұмыс жасауды біле бермейді, олардың АКТ құзыреттілігі әлі де дамытуды қажет етеді, кейбіреуі интернеттің жағымсыз әсерін атайды, көптеген педагогтерде уақыттың жетіспеушілігі мен тапшылығы, бос уақыттың болмауы орын алып отыр.

Педагогикалық интернет-қоғамдастықтар жұмысына қатыса отырып, мұғалімдер мынадай мүмкіндікке ие болады: қазіргі адамға қажетті білім, іскерлік және сапаларға үйреніп, меңгереді; қызықтырған тақырыбы бойынша ең өзекті ақпаратты ала алады; сарапшы, тренерлерден кәсіби кеңес пен көмек алады; өңдеулердің әдістемелік қоржынына қол жеткізе алады; өз материалдарын жариялайды; кәсіби конкурстарға қатыса алады.

Желілік қоғамдастық жұмысына қатысу – бұл тек уақыт талабы ғана емес, оқу процесіне жаңа стандартты енгізетін кез-келген пән мұғалімінің өнімді еңбек етуі үшін қажеттілік болып табылады.

Шығармашыл ұстаздардың тәжірибесі мен аудандық, облыстық іс-шаралар материалдары электронды нұсқада CD-R дисклері және арнайы кітапшалар арқылы ұсынылып отырады. Сондай-ақ, облыстық, республикалық, халықаралық ғылыми – практикалық конференциялар мен әдістемелік семинарлардың жинағына ұсынылады, интернет ресурстарда жарияланады.

Жұмыс нәтижесін сараптау бойынша:

- білім беру ұйымдары қызметкерлерінің электронды базасы пәндер бойынша толық жасақталған;

- оқу жылы соңында оқушылар мен мұғалімдер жетістігі бойынша рейтинг шығарылып, соның негізінде мектептердің рейтингісі жасалады. Жоғары нәтижелі көрсеткіші бар ұстаздар марапатқа ұсынылады;

- қысқа мерзімді курстан өткен мұғалімдердің курстан кейінгі жұмыс нәтижелерінің мониторингісі шығарылады;

- деңгейлік курстан өткен мұғалімдердің жұмыс нәтижесінің мониторингісі жылма-жыл жасалып отыр. Осы мониторинг нәтижесі педагогикалық кеңесте тыңдалып, қорытындысы бойынша мұғалімдер жұмысына баға беру туралы ұсыныс облыстық тамыз кеңесінің секциялық жұмысында айтылып, қолдау тапты. Биылғы оқу жылының I жарты жылдығының қорытынды мониторингі педагогикалық кеңестер мен аудандық әдістемелік және бөлім кеңесінің қарауына ұсынылмақшы.

Сөзімді Сократтың «Ізденіссіз өмір сүрудің қажеті жоқ. Мен ешкімге ешнәрсе үйрете алмаймын, мен оларды тек ойлантуға мәжбүрлей аламын» деген түйінді ойымен аяқтағым келеді.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. 2012 жыл
3. Тренерге арналған нұсқаулық. 2012 жыл
4. А.Әлімов. «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері». Оқу құралы, 2013
5. С.Мирсеитова . «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде». Оқу құралы, 2013
6. Білімдегі жаңалықтар». Ақпараттық-әдістемелік журнал. Астана, 2009 жыл.
- 7.«Әдіскер мұғалім» Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал.

**Техникалық және кәсіптік білім беру деңгейін заманауи талаптарға сай жетілдіру**

***Абдибекова А.Ж.***

*Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжі әдіскері*

Алматы облысы, Талдықорған қаласында орналасқан өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжі 1935 жылы құрылған. Бұл күнге дейін заман талабына сай ауыл шаруашылық, құрылыс, өндіріс салаларына 80 мыңнан астам білікті жұмысшы мамандар дайындалды. Қазіргі уақытта бұл білім ордасы токарь, электр газбен дәнекерлеуші, газ объектілері құрал-жабдығын пайдалану технигі, автокөлік жөндеуші секілді бәсекеге қаблетті мамандар даярлайды.

Колледждің әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде ҚР «Білім туралы» Заңы, кәсіптік және техникалық білім берудің нормативтік-құқықтық құжаттары, жарғысы мен колледж ережесі басшылыққа алынады.

Осы оқу жылында «Сапалы білім беру мен тәрбиелеу арқылы заман талабына сай инновациялық оқу технологиялары элементтерін пайдалана отырып кәсіби маман даярлау» проблемасын жүзеге асыру мақсатында жұмыс жүргізілуде. Әдістемелік кабинеттің негізгі мақсаты инновациялық оқу технологиялары элементтерін енгізе отырып кәсіби маман даярлау бағытында педагогикалық шеберлікті үздіксіз жетілдіру жүйесін құру, сапалы білім беруді ұйымдастыру, оқытушылардың шығармашылық қызыметіне жағдай жасау, болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру процессіне қатысу және әдістемелік қамтамасыздандыру мәселесі қолға алынды.

Әдістемелік қызметтің міндеттері ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы» Заңы мен «ҚР Еңбек кодексі» заңдарын, Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады:

1. Маман даярлауда оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру, жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді зерттеу, жинақтау және тарату

2. Әдістемелік және эксперименттік жұмысты ұйымдастыруда көмек көрсету (отандық және шет елдік озық тәжірибелермен таныстыру)

3. Авторлық бағдарламаларды, әдістемелік құралдарды және электрондық оқу-материалдарды құрастыруда көмек көрсету

4. Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби әрекетіне ақпаратты-инновациялық көмек көрсету.

Колледждің әдістемелік жұмысының құрылымы әдістемелік мәселеден басталып мақсаттары, міндеттері колледж миссиясы айқындалып әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары анықталады.

Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары:

-басқару

-технологиялық

-педагогикалық

-ғылыми

Қызметі:

-ұйымдастырушылық, үйлестірушілік

- диагностикалық


-коммуникативтік

-жетілдіру

Колледждегі әдістемелік жұмыс төмендегідей бағыттарды қамтиды:

- Әдістемелік қызмет
- Пәндік циклдік комиссия
- Инновациялық процестер
- Оқытушылардың жұмыс тәжірибелерін зерттеу, жинақтау, тарату
- Ғылыми – зерттеу, эксперименталды жұмыс
- Инновациялық технологияларды енгізу
- Ақпараттық-әдістемелік қызмет
- Оқу-әдістемелік жұмыстардың мониторингі
- Жас мамандармен жұмыс
- ОӘК, оқулықтардың т.б. басылымдары

### Колледждің әдістемелік жұмысының құрылымы



Әдістемелік жұмыс жеке және топтық жұмыс формалары арқылы, колледж қызметін түрлі бағыттар бойынша оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру, ҚР мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес оқу-бағдарламалық және оқу-жоспарлау құжаттарын әзірлеу мен жетілдіру бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын ұйымдастыру арқылы, сонымен қатар педагогикалық кадрлардың кәсіби біліктілігін және құзыреттілігін көтеру, ғылыми-тәжірибелік жұмыстар, педагогикалық және әдістемелік кеңестердің жұмысы, әдістемелік кабинет және пәндік-циклдық комиссия жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

«Қазіргі кезеңде жаңа педагогикалық технологиялар негізінде оқытушының кәсіптік құндылық сапасын қалыптастыру» секілді жаңа заман талабын орындау мақсатында колледжде 4 пән циклдық комиссиялары жұмыс жүргізді. Әлеуметтік –гуманитарлық пәндер циклдық комиссиясы меңгерушісі - Ш.Т. Абушарипова, жаратылыстану-математика пәндер ЦК меңгерушісі- Ш.К. Турлыбекова, өнеркәсіптік-коммуналдық ЦК меңгерушісі- Б.М.Бүйембаев, техникалық біріктірілген мамандықтар ЦК меңгерушісі-Н.М. Маукулова. Әр пәндер циклдық комиссиясы өз алдарына мақсат қойып, айқындалған бағыт бойынша жұмыс жасауда.

Педагогика ғылымындағы, пән әдістемелеріндегі жаңалықтарды шығармашылықпен сабақта қолдану, сабақты өмір талабына сай етіп құру, оқушы белсенділігін арттыру тұрғысында пәндер циклдық комиссиясы мүшелері жұмыла еңбек етуде.

Әдістемелік қызмет – ол біртұтас жүйе. Колледждің ғылыми-әдістемелік және эксперименттік, оқу-тәрбие, озат педагогикалық тәжірибені бір жүйеге келтіре отырып, біліктілікті көтеруге, шығармашылық әлеуетін (потенциалын), кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған жүйе болып табылады.

Білім беру жүйесіндегі қазіргі талап, сабақты ұйымдастырудың тиімді жолдарының бірі оқытудың жаңа технологияларын орынды қолдану болып табылады. Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану оқу процесін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білім мекемесінде өзіндік даму жолын табуға, әрбір оқытушыға өзінің әдістемелік жүйесін құруға септігін тигізеді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде ендіру – қоғам талабы.

2015-2016 оқу жылында Алматы облысының білім басқармасы мен облыстық кәсіпкерлер палатасы бірлесіп бекіткен «Дуалды оқытудың жол картасы» негізінде колледжде «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану» мамандығы «Газ объектілерінің құрал – жабдығын пайдалану технигі» біліктілігі бойынша мамандар дайындау дуалды оқыту жүйесі бойынша іске асырылуда.

Дуалдық оқытудың талаптарын орындау мақсатында облыстық білім басқармасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бөлімінің басшылығымен жаңадан оқу жоспары құрастырылып, Білім және ғылым министрлігіне қарасты «Республикалық ғылыми – әдістемелік орталығы» АҚ – ның Алматы облыстық филиалы және «Жетісу Газ» корпорациясымен келісілді.

Білім алушылар тәжірибе барысында заводта өндірілетін өнімдерге өздерінің үлестерін қосуда. Бұл оларды еңбек ұжымының атмосферасын сезінуге, еңбек тәртібін сақтауға, есейіп -ер жетуіне, өмірге деген көз қарасының қалыптасуына оң әсер етеді. Өз қабілеті мен шеберлігінің дәлелі ретінде 2016 жылы наурыз айында Талдықорған қаласында өткен аймақтық Worldskills Taldykorgan чемпионатында 34 топ білім алушысы Сибигатулин Андрей «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша Бас жүлдені жеңіп алғандығын айтуға болады.

Ұстаздардың біліктілігін көтеру мақсатында оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері Республикалық және облыстық мамандар кәсібін дамыту институттарынан курстан өтіп, әдістемелік семинарлар мен педагогикалық оқулар жыл сайын ұйымдастырылып тұрады. Атап айтсақ колледжде оқытылатын мамандықтарға үгіт насихат

жүргізе отырып, кәсіптік білім берудің сапасын арттыру, жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеру мақсатында 2016 жылдың 29 наурызында Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі» атты облыстық әдістемелік кабинетпен келісіліп, жалпы білім беретін пәндері және мамандықтар бойынша облыстық олимпиада өткізілді.

Елбасының «Мәңгілік ел» бағыты аясында «Отан ғылымына үлесі» атты тақырыпта ғылыми- тәжірибелік конференция өтті. Ғылыми – тәжірибелік конференцияға облыс колледждерінен келген өз ісінің майталманы, озық тәжірибелі оқытушылар мен білім алушылары өздерінің ғылыми жобаларын таныстырып, тәжірибелерімен бөлісті. Конференцияның басты бағыты мен алға қойған мақсаты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың дәстүрлі жолдауындағы «Мәңгілік ел» қағидасын қуаттай отырып, Отан ғылымына өз үлестерін қосу болып табылды. Сондай-ақ басты нысананың бірі ХХІ ғасырда экономикалық және нарықтық бәсекелестікке қабілетті мамандарды дайындау, білім беру үрдісінде жаңа инновациялық технологияны пайдалану, әлемдік білім стандартын қалыптастыру да көзделді.

Облыстың әр аймағынан келген алдыңғы қатарлы оқытушылар мен білім алушылар ұзақ жылдар бойы жиналған білім қоржынын ақтарып, оқу – тәрбие үрдісінде инновациялық технологияларды тиімді пайдалану жолдарын ұсынды. Әрбір қатысушы тыңнан жаңалық іздеген, шығармашыл, көкірек көзі ояу, заманмен аяқ алысы тең, отандық ғылым мен білім жүйесін алға жылжытушы прогрессивті интеллигенция өкілдері екендігін тағы бір дәлелдеп берді.

Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің ақпараттық технологияны тиімді пайдалана отырып, жаңа форматтағы педагогтардың шеберлігін шыңдау, техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнын заманауиландыру жолында білікті мамандар қалыптастыруға жаңаша тұрғыдан талдау жасай отырып тәжірибе алмасу мақсатында «Инновациялық технологиялар - кәсіби мамандарды сапалы дайындаудың негізгі жағдайы» тақырыбында қаңтар педагогикалық оқулары өткізілді.

Оқу үдерісінде сапалы білім берудің әдіс-тәсілдерін зерделеу мақсатында пәндік циклдік комиссия оқытушыларымен бірлесе отырып бірнеше семинар-тренингтер ұйымдастырылды. Қараша айында «Оқу процессінде сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын қолданудың тиімділігі» (әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклдық комиссиясы), ал практикалық бөлімінде «Колледждегі білім алушыларымен ғылыми- ізденіс жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында тренинг жүргізді, қаңтар айында «Арнайы пәндер сабақтарында кәсіби шеберлікті жетілдірудің тиімді жолдары» (техникалық біріктірілген мамандықтар циклдық комиссиясы), наурыз айында «Оқытудың инновациялық технологияларының элементтерін пайдаланып, білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттыру» (жаратылыстану – математика пәндер циклдық комиссиясы) тақырыптарында семинар-тренингтер өткізілді.

Ғылымның әр салалары бойынша дарынды білімгерлерді таңдап және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында оқытушылар мен білім алушылардың ғылыми – зерттеу жұмыстары ұйымдастырылуда.

Қазақстан Республикасы Кіші Ғылым академиясының XXV облыстық ғылыми-практикалық конференциясына колледж білім алушылары қатысып нәтижесінде екінші курс білім алушысы Жолдасқан Жомарт Пдәрежелі дипломмен ғылыми жетекшісі Рамазанов С. Ж. және III дәрежелі дипломмен екінші курс білім алушысы Ағыбаева Линара ғылыми жетекшісі Исабекова Л.К. иеленді. «Көшбасшы» оқу-әдістемелік орталығының «Ұлы дала елі-бәсекеге қабілетті көшбасшылар» атты Республикалық студенттер мен оқушылардың ғылыми-практикалық конференциясында Жаныбеков Асқардың жұмысы III орынды иеленді ғылыми жетекшісі Абушарипова Ш.Т.

Жас маманға жан-жақты көмек көрсетуде, әр аптаның бейсенбі күндері тәлімгерлер мен озық тәжірибелі оқытушылар, шебер класс, семинар сабақтар өткізіп, өз іс – тәжірибесімен бөлісіп отырды.

«Жас және дарындылар» мектебінің жұмыс жоспары бойынша озат оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері және колледж психологі жас мамандарға арналған еңбек жолын жаңадан бастаған жас мамандықтың бір – бірлерімен жақынырақ танысуға, ұжыммен тығыз байланыс орнату мақсатында тренинг-сабақтар өткізіліп тұрады. Жас мамандарға арналған «Көңілді шеңбер», «Ғажайып бақ» жаттығуы, «Жас келсе-іске», «Өзін-өзі ашу» тренингі мамандыққа байланысты «Мамандығым- мақтанышым сияқты т.б. тренинг-сабақтар өткізілді.

Осы жүргізілген жұмыстардың нәтижесі ретінде жас маман Уальбай Данель Болатұлы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Мемлекеттік Рәміздер күніне орай өткен дене шынықтыру пәні мұғалімдері арасындағы республикалық байқауға «Үздік дене шынықтыру пәні мұғалімі» төсбелгісімен марапатталды.

Сөзімді қортындыласам, білім-әр адамның ақыл-ойы мен өмір танымын қалыптастырушы тірек. Колледждегі әдістемелік жұмыстарды жүйелі жүргізіп, жаңаша жоспарлау оқу-тәрбие үрдісінің сипаты мен оқытушылардың шығармашылық деңгейлерінің артуына көп септігін тигізері сөзсіз.

### **Развитие творческих способностей студентов как фактор подготовки квалифицированных специалистов**

*Жанысбекова Г.А.*

*методист Талдықорганского  
политехнического колледжа,  
г. Талдықорган*

Каким должен быть выпускник профессионального образования, какой специалист востребован на современном рынке труда, как повысить качество профессионального образования. В этой связи одной из главных задач образования является модернизация системы технического и профессионального образования, что обеспечивает престиж данной системы образования.

Для модернизации экономики необходима профессиональная элита, обладающая развитым творческим мышлением и профессиональной компетентностью. Именно поэтому сегодня следует формировать такие качества выпускника, как: инновационность, инициативность, гибкость, динамизм, мобильность, конструктивность. Будущий профессионал должен обладать стремлением к самообразованию на протяжении всей жизни, владеть новыми технологиями, уметь принимать самостоятельные решения, адаптироваться в социальной и будущей профессиональной сфере.

Где же ключ к решению этой задачи? В решении проблем модернизации системы ТиПО возрастает роль методической службы.

При всей важности для решения этой проблемы теоретического, производственного обучения и воспитательного процесса в целом, остановимся на одном аспекте: научно-техническом творчестве молодежи.

Развитие творческого потенциала обучающихся, саморазвитие можно отнести к одной из наиболее актуальных задач педагогики, поддержка и развитие интеллектуально-творческого потенциала студентов и является одним ведущих направлений учебно-воспитательной деятельности.

Этапы формирования творческой личности студента в учебном процессе колледжа.

1-й, когда пробудившиеся интересы к творчеству перерастают в увлеченность, которая становится потребностью заниматься творчеством.

2-й, связанный с переходом студентов к самообразованию, работе над собой.

3-й, когда достижения в творчестве приводят к интеграции со сверстниками и проявлению новаторской позиции.

Подготовка специалистов требует формирования не только профессиональных, но и целого комплекса общих знаний и личностных качеств обучаемого. В процессе творчества принимают участие все духовные силы человека, в т.ч. воображение, а также приобретаемое мастерство.

Для развития творческих способностей используется самостоятельная работа студентов. Творческая активность студентов ярко выражается при подготовке курсовых и дипломных проектов, а также при выполнении графических работ.

Применяя различные формы и методы в развитии творческих способностей, проводя нетрадиционные формы занятий, заинтересовывая студентов дисциплиной по специальности, можно добиться повышения качественных показателей успеваемости. При изучении специальных дисциплин можно вовлекать каждого студента в познавательный процесс. Нетрадиционные уроки и занятия в кружках можно рассматривать как одну из форм творческого развития. В колледже работают несколько кружков по различным направлениям.

Способности к саморазвитию, самореализации являются в последнее время определяющими факторами будущей успешной профессиональной деятельности. Проектно-творческая деятельность студентов-это вид самостоятельной учебной и практической деятельности. Поэтому приоритетом образования XXI века является парадигма гарантированного качества образования через творческое саморазвитие и самореализацию личности.

Именно проектно-творческая деятельность в условиях работы над исследовательским проектами представляет широкое поле для деятельности как для преподавателя, так для студентов. Самостоятельная исследовательская работа, креативность студентов в условиях новой образовательной политики превращается в необходимость и закономерность.

Задача преподавателя состоит в том, чтобы помочь развитию и саморазвитию креативности каждого студента. Саморазвитие личности возможно в личностно-ориентированном обучении.

Проектную работу можно использовать как в индивидуальном, так и в групповом режиме. Совместная работа сплачивает коллектив, темы проектов студенты могут презентовать в виде рефератов, докладов, альбомов и др.

Преподаватель становится координатором, экспертом, консультантом, научным руководителем, а само обучение превращается в сотрудничество. Именно сотрудничество способствует раскрытию и развитию способностей и задатков, приобщению студентов к исследовательской, научной работе, начиная с первого курса. Такое творческое содружество играет важную роль в развитии личной ответственности студентов, в повышении теоретического уровня их учебы и особенно в приобщении студентов к самостоятельной научной работе. В колледже наработан достаточный опыт работы педагогов в этом направлении, в 2016 году был обобщен педагогический опыт преподавателя специальных дисциплин С.А. Спесивцевой на тему: «Из опыта внедрения проектной технологии обучения в подготовке специалистов». Преподаватель специальных дисциплин Н.К. Сакабаев является экспертом национального чемпионата «WorldSkillsKazakhstan» по компетенции «Сетевого и системного управления», проходившего в сентябре 2016 года.

Сложилась определенная система работы со студентами: конференции исследовательских работ, кружки, олимпиады. Все перечисленное является основой для создания и работы студенческого научного общества колледжа (СНОК), цель которого



раскрытие и развитие интеллектуальных и творческих способностей личности. Деятельность СНОК поддерживается педагогическим советом и администрацией колледжа.

Работает в колледже НИЦ (научно-исследовательский центр), членами которого являются студенты, преподаватели, заведующие кафедрами.

Секции СНОК ведут работу по ряду исследовательских проектов, выполнение которых рассчитано на продолжительное время, среди них: техника, информатика, экология, биология, экономика, математика, языки.

На начальном этапе научно-исследовательской работы происходит выявление творчески способных или одаренных студентов. Ведущая роль здесь отводится преподавателю-предметнику, который в процессе индивидуальной работы определяет исследовательские навыки студента и помогает ему в выборе темы исследования, определяет круг проблем, требующих решения, помогает подобрать литературу. В результате на заседании кафедры утверждается тема исследования студента, определяется научный руководитель. По графику выполнения работ представляется в начале реферат, а затем – научный доклад.

По завершении проектов экспертная комиссия выявляет «слабые» стороны исследования с целью дальнейшей ее доработки, а успешно выполненная работа рекомендуется к научно-практической конференции. Итогом исследовательской работы является ежегодная научно-практическая конференция студентов колледжа. Ее проведение стало традицией колледжа. Жюри рекомендует лучшие работы к участию в областных научно-практических конференциях.

С 2016-2017 учебного года в колледже начала свою работу группа «Жас ғалым – Техно-ROB» из числа студентов и молодых специалистов колледжа, основным направлением работы данной группы является развитие робототехники и мехатроники, также организована работа движения «WorldSkills ТПТК» по направлению ИТ систем.

Талдыкорганский политехнический колледж является обладателем Гранта Всемирного Банка по совместному Проекту МОН РК «Модернизация технического и профессионального образования» по специальности 1304000 – «Вычислительная техника и программное обеспечение». Был разработан План Институционального развития (ПИР), который представляет собой стратегический план развития колледжа, направленный на модернизацию учебного процесса, подготовленный и реализуемый совместно с работодателями. По результатам реализации ПИР внедрены новые технологии обучения, созданы более улучшенные условия для развития творческого потенциала студентов и для обучения работе с высокотехнологичным оборудованием.

Идет сотрудничество с Жетысуским государственным университетом им. И. Жансугурова, вносятся элементы вузовской организации научно-исследовательской работы, преподаватели-молодые специалисты, студенты колледжа являются членами Регионального молодежного инновационно-исследовательского центра при ЖГУ.

Современное производство требует инициативных, предприимчивых специалистов, способных предлагать и разрабатывать идеи, реализовывать экономически выгодные проекты. Сегодня же ни у кого не вызывает сомнения, что от готовности выпускника к инновации, творческой деятельности зависит успешность его будущей профессиональной карьеры.

Ежегодно студенты колледжа активно участвуют и добиваются высоких результатов в конкурсах инновационных проектов, идей, конкурсах профессионального мастерства, республиканских, областных научно-практических конференций МАН РК.

Результаты студентов Талдыкорганского политехнического колледжа:

2014 год - студенты колледжа Р. Фазилов, Н. Жақсылық, О. Сабыркен - призеры 40-ой Республиканской НПК МАН РК.

2015 год – студенты колледжа: Муканов Б. - победитель 41-й Республиканской НПК МАН РК, Зулпухаров А. – призер НПК.

2016 год- студенты колледжа Закиров Ж.,Қ.Сарсензяли I место,Б. Тойбек и Н. Тұрарбекова заняли II место в 42-ой Республиканской НПК МАН РК.

Конкурс профессионального мастерства «**WorldSkillsKazakhstan**»:

2015 год–студенты колледжа:Р.Сайлаухан - победитель, обладатель Гран –при областного конкурса профессионального мастерства WSK,

А. Беккер– призер названного конкурса.

2016 год - студенты колледжа: Е.Ержанов–Гран-при, Р.Сайлаухан -I место, Н.Қанияхметов -IIIместов областном конкурсе профессионального мастерства World Skills Kazakhstan. Победитель конкурса Е. Ержанов занялIVместо в Республиканском чемпионате WSK.

Областной конкурс «**VeryInnovativePeople**».

2014 год – студенты М.Кабылкаков и К. Қайыржан являются победителями областного конкурса«VeryinnovativePeople» - инновационных идей, проектов и технологий, обладатели Гранта Акима области на сумму 4 000 000 млн тенге.

Темы научно-творческих работстудентов:

М.Кабылкаков. Тема проекта: «Разработка измельчающей машины для резки плодов яблоневого».

К. Қайыржан. Тема проекта: «Усовершенствование технологий солнечной сушки плодоягодного, овощного сырья с использованием усовершенствованных гелиосушилок».

Проекты реализованы и применяются для обработки и сушки сельскохозяйственной продукции в селе Екпінді Ескельдинского района Алматинской области.

2015год-студент колледжа Е. Сейтбеков победитель областного конкурса«Veryinnovative People»и обладатель Гранта Акима области на сумму 2 000 000 (два миллиона) тенге. Тема работы: «Электрлік қуатын өндіретін жаттығу қондырғысы».

2016 год - студент колледжа А.Темірбек занялаI место в Областном конкурсе сочинений«Мамандығым мақтанышым».

*Использованная литература:*

1. Государственная программа развития образования и науки РК на 2016-2019 годы.
2. Хайруллина Э. Р. Системная ориентация проектно-творческой деятельности на саморазвитие конкурентоспособности студентов./Э.Р.Хайруллина.-Казань: Центр инновационных технологий, 2007.– 348с.
3. Зайцева Н.В. Развитие творческого потенциала студентов/ Н.В. Зайцева, Д.В. Зайцев// Специалист, 2006.-№2-с.31-32
4. Лачуга Ю.Ф. инновационное творчество – основа научно-технического прогресса.М., 2011.

### **Білім беру ұйымдарындағы инновациялық үдерістерді белсендендіру мен қолдаудағы әдістемелік қызметтің рөлі**

**Балтабаева М. Б.**

*Талдықорған агро-техникалық  
колледжінің әдіскері,  
Алматы облысы*

Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуды, оқытушының іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Елбасымыз жастарға айтқан өнегелі сөзінде: «XXI ғасырда Қазақстандықтар Ұзақ жасаушылар Ұлты болуы тиіс» десе, ендеше келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беру

мен білім беру оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі [1].

Әдістемелік қызмет – ғылыми жетістіктерге, озат педагогикалық тәжірибелерге, сонымен қатар ұйымның оқу-тәрбие үрдісі бойынша қорытынды талдаулары мен сараптамаларына, педагогикалық ұжымның ілімдік потенциалын арттыру мен дамытуға, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруге негізделген біртұтас жүйе. Осы орайда, педагогика қағидасындағы «Маған айт, мен оны ұмытамын, көрсет, мүмкін есімде қалар, қызықтыр, мен сонда түсінемін» деген ұстанымы бүгінгі әдістемелік жұмыстың шыңына жетер «алтын ережесі» деп бағамдауға болады.

Талдықорған агро-техникалық колледжі жоғарыдағы алтын ережелерді басшылыққа ала отырып, «Оқу-тәрбие үрдісін модернизациялау арқылы, бәсекеге қабілетті кәсіби маман дайындау» әдістемелік мәселесін, одан келесідей мақсатты көздейді: «Бәсекеге қабілетті кәсіби біліктілігі қалыптасқан жеке тұлға дайындауда колледждің ғылыми-әдістемелік қызметін жандандыру арқылы педагогтардың кәсіби құзіретін арттыру» [3].

#### **Күтілетін нәтиже:**

❖ Оқытудың инновациялық және ақпараттық – коммуникативтік технологияларын қолдану арқылы білім сапасының көтерілуі;

❖ Білім берудің әдіс – тәсілдерін меңгерген, жан-жақты құзіретті педагогтың қалыптасуы;

❖ Нәтижеге бағытталған жұмыс негізінде педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік мүмкіндігін жетілдіріп, оқу-тәрбие үрдісін модернизациялау.

Талдықорған агротехникалық колледжіндегі әдістемелік кеңес оқытушының инновациялық қызметтерін жүзеге асыру үшін әдістемелік пәндік бірлестіктерін құрайды. Колледждің 104 оқытушысы 10 пәндік бірлестіктерге топтастырылды. Әр кафедраның таңдап алған әдістемелік мәселесі бойынша онкүндік шаралары қалыптасқан дәстүрлі деңгейде жүргізіледі [4].

Осылайша құрған әдістемелік кеңес оқытушының инновациялық қызметтерін жоспарлауға кіріседі: колледжің әдістемелік даму бағдарламасын жасайды, жылдық әдістемелік жоспарын жасайды, оқу бағдарламасын түзейді, оқу жоспары мен күнтізбелік жоспарын жасауға көмектеседі. Әдістемелік кеңес оқытушының инновациялық даярлығын қалыптастыру бағытында ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруды, оқытушының шығармашылығының қалыптасуына ат салысады.

«Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді» - деген Елбасымыздың сөзіне сүйене отырып, колледжіміздің әдістемелік қызметі екі жүйемен жүргізіледі: біріншісі – мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстарындағы әдістемелік көмекті ұйымдастыру болса, екіншісі – озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау, зерттеу, жинақтау, тарату.

Аталған екі жүйе негізінде оқу-тәрбие үрдісін модернизациялау барысында колледждің әдістемелік қызметі, 9 бағытта жүргізіледі [4].

**1–Жоспарлау.** Беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермеген, өзгермейтін темірқазықтар бар. Ол – білім! Ол – еңбек!

Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақты көздеген колледждің әдістемелік кабиенті, облыстық әдістемелік кабинет жоспарын негізге алып, даму жоспарына сүйеніп, әдістемелік жоспар бойынша іс-шаралар іске асады.

**2–Ұйымдастыру.** Әсерлі ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс – қашанда өз нәтижесін бермек.

Колледждің 104 оқытушысы 10 пәндік бірлестіктерге топтастырылды. Әр кафедраның таңдап алған әдістемелік мәселесі бойынша онкүндік шаралары қалыптасқан дәстүрлі деңгейде жүргізіледі.

**3– Оқу – өндірістік жұмыс.** Біздің қоғамда адал еңбекті терең біліммен ұштастырған ғана табысқа жете алатынын қаперден шығармаған абзал». Теорияны практикамен

ұштастыру мақсатында оқу өндірістік жұмысты жандандыруда колледж оқытушыларына тәжірибелік сабақтың жоспарларын жасау барысында әдістемелік кеңестермен, нұсқаулар беріледі. Оқытушылардың ақпараттық және әдістемелік мәдениетін дамыта отырып, білім беру жүйесіндегі жаңалықтар, жаңа педагогикалық технологиялар жөнінде кеңес беру.

**4-Оқу – тәрбие жұмысы.** Қазақстандықтар елдің өркендеуі әр азаматтың еңбегіне, оның біліміне, жауапкершілігіне байланысты болып табылатын біртұтас және бөлінбейтін отбасы»

Ой – өрісі жоғары, жан дүниесі таза, шығармашылық қабілеті дамыған, жаңа өмір талабына сай кәсіби маман және тұлға тәрбиелеу мақсатында Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінің тәрбие тұжырымдамасындағы 8 бағытын басшылыққа алады. «Жас топ жетекшілермен» шебер сыныптар өткізіледі. Теориялық сабақты өткізу барысында тәрбиелік мақсатының орындауын жіті қадағаланады.

«Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деген А. Байтұрсыновтың сөзін негізге алып, оқу тәрбие жоспарының негізінде тағылымы терең тәрбие сағаттары іске асырылады.

**5- Озық-педагогикалық тәжірибе, «тәлімгер ұстаз», «жас маман» мектебі.** Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны [5].

Оқытушы мен білім алушылардың инновациялық көзқарастағы шығармашыл тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәлімгер ұстаз мектебі шығармашылық топпен тығыз байланысты жұмыс жасайды. Тәлімгер ұстаздардың іс-тәжірибесі облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі басылым беттеріне шығарылады. Жаңа буын оқулықтары мен авторлық оқулықтар «Экономика», «Сүт және сүт өнімдері» мамандықтар бойынша екі оқытушы басып шығарса, «Ветеринария» мамандықтарындағы апробациядан өткен оқулықтар іс-тәжірибеде пайдаланылуда [7].

Оқытушылар арасында тәлімгерлік жұмыстарды жандандыруда, сабақ беру сапасын барынша арттырып, оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын үйретіп әдістемелік көмек көрсету мақсатында педагогикалық жұмысты алғаш бастаған жас ұстаздарға тәлімгерлер бекітіліп, педагогтардың кәсіби шеберліктерін дамытуға көмек көрсетіледі.

- ғылыми әдістемелік жаңалықтарды шолу
- ашық сабақтар өткізу
- әдістемелік сараптама, көрмелер ұйымдастыру
- педагогикалық оқулар
- оқытушылардың кәсіптік рейтингін анықтау
- ғылыми-практикалық семинарлар, дөңгелек үстелдер, тренингтер
- Эксперименттік жұмыстар
- Кәсіби шеберлік байқауын ұйымдастыру. шығармашылық есептерге қатысады.

**6-Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізу** барысында нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық технологияларды меңгеруге дайын жұмысшы мамандар даярлау, еңбек нарығында қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында «Сүт және сүт өнімдерінің» мамандығы бойынша дуалды оқыту технологиясын, «Ветеринария» мамандығы бойынша модульдік оқыту технологиясы негізінде нәтижеге бағытталған эксперимент жұмыстары жасалуда.

**7-Ғылыми зерттеу** жұмыстарын жүргізу барысында. Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман» жастардың жеке шығармашылық қабілеттерін ашып, іріктеу және оны жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау, білім алушыларды ғылыми жұмысқа тарту және нәтижелілігін арттыру мақсатында колледждің «Жас ғалымдар» орталығы құрылып, «Шығармашылық топ» мүшелері бірлескен жұмыстың нәтижесінде қабілеті бар талантты жастарды іріктеліп, аймақтық, облыстық, республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, жүлделі орындармен марапатталды.

**8–Ақпараттық-коммуникативтік** режимде әдістемелік қызметті ұйымдастыру барысында жоғары техникалық ақпараттық заманауи сервермен қамтамасыз етіліп, аталған сервер ҚР білім ғылым министрлігінің және колледждің талаптарына сәйкес:

- Виртуалды әдістемелік бірлестік;
- Интернет - жаңалық
- Интернет - семинар
- Интернет – байқау
- онлайн конференциялар жүргізіледі.
- Білім алушылардың өзін – өзі басқару жүйесі енгізілді.

### **9 - Педагогикалық қызметтің мазмұны мен мониторингі**

Әдістемелік кеңес оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық оқыту технологиялары қалай жүзеге асырылып жатқанын бақылап, инновациялық әдістемелік қызмет атқарады: білім сапасының нәтижесін тексеріп, білім сапасының мониторингісін жасайды, нәтижесін талдап, қорытынды шығарады [6].

Колледжде оқу жылының соңында оқытушылардың біліктілігін анықтайтын 6-модульге негізделген оқытушылар арасында және кафедра меңгерушілері арасында рейтинг қорытындысы шығарылып, облыстық әдістемелік кабинеттің нұсқауымен аналитикалық есептің негізінде педагогикалық мониторинг қорытындысы шығарылады.

- Мамандықтар бойынша білім сапасы – 2014-2015 оқу жылында 82% болса, 2015-2016 оқу жылында 87% болды, бұл көрсеткіш салыстырмалы түрде өткен жылдан 5%-ға жоғарылады;

- «Ветеринария», «Сүт өнімдерінің өндірісі» мамандықтары бойынша дуальді-модульдік оқыту технологияларын эксперимент ретінде енгізіп, әлеуметтік серіктестермен кәсіби қауымдастықта жұмыс жасап, түлектердің жұмысқа орналасуы 50-65 % -ға артты;

- Колледж оқытушылары жыл сайын Мәскеу қаласындағы К.И Скрябин академиясы мен КХР Құлжа қаласындағы Іле кәсіптік институтында білім жетілдіру курстарына қатысып, кәсіби шеберліктерін арттырды. Оқытушылардың біліктіліктерін жетілдіру 2014-2015 оқу жылында 57% болса, 2015-2016 оқу жылында 68% көрсетті.

- Педагог қызметкерлерін аттестаттау барысында 2015-2016 оқу жылында колледжде 24 оқытушы аттестациядан өтті

- Колледжішілік декадалардың жүйелі өткізілу нәтижесінде қалалық, аймақтық, облыстық, республикалық пән олимпиадалары мен ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуға мүмкіндік алады;

- Колледжде 10 оқытушы педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесімен оқытушылар арасындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыруда. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру мақсатында 7 оқытушы КҒА-ның XXV-ші облыстық конференциясына студенттеріне жетекшілік жасап жүлделі орындармен марапатталды, нәтижесінде 1 студент КҒА-ның 42-ші республикалық ғылыми-практикалық конференциясында жүлделі II-орынды иеленді;

- Колледж оқытушыларының 63-нің іс-тәжірибесі облыстық, республикалық педагогикалық журналдарға жарияланды;

- Оқытушылар арасында тәлімгерлік жұмыстарды жандандыруда, сабақ беру сапасын барынша арттырып, оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын үйретіп әдістемелік көмек көрсету мақсатында әр жылда педагогикалық жұмысты алғаш бастаған жас ұстаздарға арнайы бұйрықпен тәлімгерлер бекітіп беріліп отырады. Бөлінген тәлімгерлер жас ұстаздармен тығыз жұмыс жүргізіп, жыл аяғында есеп беріледі. Облыстық әдістемелік кабинет ұйымдастырған оқыту семинарлары мен «**Жас келсе іске -2015**» байқауында Тұрсынбек Серік жүлделі II орын, «**Жас келсе іске -2016**» сырттай байқауына жас ұстаз Абдулаева Ақбота Бекмұханбетқызы қатысып, жүлделі II орынды иеленді;

- Жетістіктер: Алматы облысы Әкімдігінің Техникалық кәсіптік білім беретін мекемелер арасында өткен «Ең үздік білім беретін мекеме -2015» облыстық байқауында колледжіміз үздік деп танылып, жүлделі I орынды иелендік.

- Алматы облысының Білім басқармасы әдістемелік кабинеті ұйымдастырған облыстық «Үздік әдіскер» байқауында колледж әдіскері **М.Б.Балтабаева** жүлделі II орынды иеленді.

- Оқытушы А.М.Калышева Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының арнайы пән оқытушылары арасында өткізілген «Ең таңдаулы арнайы пән оқытушысы-2016» облыстық байқауында жүлделі II орын алғаны үшін грамотамен марапатталды.

Нәтижесінде тарихы терең Талдықорған агро-техникалық колледжінің әдістемелік қызметі межелі мүддеге жетіп, бағдарлы бағыты мен кемел келешегін қалыптастыруда.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

- 1.«Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңы. Астана, 2004.
2. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. –//Қазақстан мектебі, №4, 2006.
3. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004.
4. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. –//Қазақстан мектебі, №4, 2008.
5. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.:Өркен, 2007.
6. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.
7. <http://el.kz>, «Елбасының Жастарға арнап айтқан өнегелі 1000 сөзі».

### **Білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқытудың сапасын инновациялық бағытта дамыту**

*Абдуллина Г. М.*

*Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Гвардейский қалашығы,  
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, әдіскер*

«... Өзін «мен» деп көрсете алатын, «қалауым осы», «қолымнан келеді» және «істеуге тиіспін» деген ойларын үйлестіре білетін ұрпақ тәрбиелеп өсіру қажет, ол үшін білім беру ең алдымен тұлғаға бағытталуы тиіс» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей, білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика негізінде және адамды қалыптастыруға, кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру сияқты білім беру жүйесін одан ары дамыту көзделіп отыр. Бұл міндеттерді шешу үшін әр мұғалім жаңашыл әрекеттерді игере, оны жүзеге асыра алатын жаңа формациядағы мұғалім үлгісіне сай болуы – бүгінгі күн талабы. Ал бұған қол жеткізу үшін әдістемелік қызмет және мұғалімдердің педагогикалық қызметіне жаңартудың тиімді әдіс – тәсілдерін ұйымдастырып енгізу қажет екендігі айдан анық. Ұстаздардың тұлғалық қасиетін талдау, кәсіби біліктілігі мен шеберлігін жетілдіру, инновацияларды меңгеруге үйрету, жаңа форматты мұғалім қалыптастыруға негіз салу мақсатында мектепшілік «әдістемелік орталық жүйесі» іске қосылып, инновациялық білім берудің жаңа салаларын меңгеру, сапалы білім берудің жаңа мазмұнын құру, оқытудың жаңа – технологияларын енгізу сияқты әдістемелік жұмыс бағыттары атқарылуда.

Мұғалімдердің кәсіптік деңгейін көтерудің және оқу – тәрбие жұмысын басқарудың негізі болып табылатын әдістемелік қызмет – педагогтардың өз кәсіби шеберлігі мен ғылыми – теориялық және әдістемелік дайындығын жетілдіру бойынша атқаратын жүйелі жекелей және топтық жұмысы. Ол талдау, бағалау дағдысын қалыптастыруға, педагогикалық қызметті жобалауға бейімдейді, мұғалімдерді шығармашылық ізденіске жетелейді. Осы орайда білім беру үрдісінде тың бастамаларға жол ашылды. Түрлі жаңа идеялар туындап қолданысқа енгізетіндей жаңа технологиялар пайда болды. Жаңалыққа жаны құмар болу

жақсы қасиет екенін ескерсек, бұл қасиеттен жақсы ұстаз құр қалмауы тиіс. Ендеше Жамбыл облысы, Қордай ауданы, №43 Б.Момышұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің ұстаздары да бұл жаңалықтан шет қалып жатқан жоқ. Педагог мамандардың кәсіби деңгейін ұдайы көтеріп отыру, олардың теориялық білімі мен әдістемелік білігін үздіксіз жетілдіру, оқытудың озық әдіс-тәсілдерімен қаруландыра отырып, шығармашылық жұмыстарына жол көрсету, мұғалім мамандығын жетілдіру – нәтижеге бағытталған әдістемелік жұмыстың негізгі міндеті болып табылады. Оның дәлелі ұжымның 30 пайызы «Тиімді оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша курстарын аяқтап, сертификатталды.

Мұғалімнің кәсіби дамуы үшін тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға ерекше көңіл бөлудің маңызы зор. ХХІ ғасыр дағдылары мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық аясын кеңейтуді көздейді. Ол жағдайда мұғалімдер бірлесіп жұмыс істеп, инновациялық, тиімді идеялармен алмаса алады, сол арқылы күнделікті қызметте қолданатын оқыту мен оқудағы тәсілдердің ықпалын күшейте түседі [3]

Мектептерде көптеген өзгерістер болып жатқандықтан, мектеп көшбасшылары мұғалімдер мен оқушыларға болып жатқан өзгерістерді тиімді еңсеруге мүмкіндік берулері керек. Өз кезегінде, мектеп көшбасшыларына педагогикаға өзгеріс енгізу үшін жаңаша оқыту тәжірибесін жүргізуге мүмкіндік алу мақсатында педагогиканың жаңа нысандарын игеруге тура келеді. Осы орайда, мектебіміздегі І (ілгері) деңгейдегі көшбасшы мұғалімдер өз жұмыс жүйесін жүйелі ұйымдастырып, мұғалімдер тобынан «Даму», «Ынтымақ», «Сириус» кәсіби қоғамдастығын құрды. Қоғамдастықтың мақсаты: мектебіміздегі білім берудегі оқыту сапасын инновациялық бағыттағы әдіс-тәсілдермен жетілдіру. Аталған қоғамдастықтың мүшелері мектебімізде өзара ынтымақтастықты орната отырып, жаңа идеялармен, тәжірибелерімен алмасу арқылы мұғалімдердің кәсіби дағдыларын дамытуға өз үлестерін қосып келеді. Қоғамдастық құрамындағы «Ұйымдастырушы», «Дамытушы», «Үйлестіруші» топтар өз қызметтеріне сәйкес коучинг, тәлімгерлік қызметтермен бірге, сындарлы оқытудағы жеті модульді сабақтарына қолдану және тарату жұмыстарын тиімді атқаруда. «Даму» қоғамдастығының бағыты мектебіміздегі білім сапасын мониторингілеу болса, «Ынтымақ» тобы дарынды оқушылармен жұмыс жүйесін жетілдіру, «Сириус» тобы диалогтік оқытуды оқу үдерісіне тиімді қолдану аясында жетілдіру жұмыстарын сапалы ұйымдастыруда.

Әрбір мұғалім өз іс-тәжірибесінде көптеген қиындықтарға кездеседі, сондықтан заман көшіне ілесу үшін үнемі ізденісте жүріп, өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Ал, білімді жетілдіру үшін мектептегі тәлімгерліктің алатын орнының ерекше екенін сеніммен айтуға болады. Жаңашыл бағытта жұмыс жүргізу – барша ұстаз алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Осы міндеттерді жүзеге асыруда мектебіміздегі І (ілгері), II (негізгі) деңгей мұғалімдері тәлімгерлік жұмыспен айналысуда. Тәлім алушылар әріптестерімен бірге коучинг пен тәлімгерлік арқылы жаңа тәсілдерді пәнге енгізу үшін жұмыс істеуге мүмкіндік беретін дағдыларды игереді.

Тәлімгерлік-бұл тәлім алушыға оның тәжірибесінің тиімділігін жақсарту мақсатында тәлімгер мен тәлім алушысының арасындағы сенімді қатынастарды орнатудың ұзақ үдерісі [1]

Тәлімгерлік пен коучинг- бұл «жұмыс тәсілі», олар оқушылар үшін оқыту мен оқуды жақсарту мақсатында бірлескен кәсіби дамуға қолдау көрсетеді. Мектебімізде тәлім алушылардың кәсіби дамуындағы оң өзгерісті бақылау мақсатында «Ашық есік күні» яғни жаңа форматтағы үздік сабақтар анықталып, педагогтардың әдістемелік қорына ықпал етуде. Мектеп мұғалімдері жаңа инновациялық бағытта «Үздік бейне сабақ», «Жаңа форматты ұстаз» «Шебер тәлім алушы» т.б. байқауларға қатысып, кәсіби шеберлігін шыңдауда. Үздік деп танылған сабақтарды тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік жинаққа енгізіп, тарату көзделді. Мектепте әрбір іс-шара: сынып сағаттары, ата-аналар жиналысы, семинарлар, әдістемелік отырыстарды жаңаша түрде өткізу дәстүрге айналған. Сындарлы оқытудың оқу

үрдісінде қолданылу аясының кең таралғандығының дәлелі, мұғалімдердің авторлық бағдарламалары мен шығармашылық тәжірибелері жұмыстарында да көрініс тауып келеді.

Атқарылып жатқан әдістемелік жұмыстардың барысында мұғалімдердің кәсіби деңгейін дамыту үшін келесі талаптарды басшылыққа аламыз:

- мұғалімнің педагогикалық және психологиялық деңгейін көтеру;
- оқыту мен тәрбиелеудің жаңа инновацияларын, әдіс-тәсілдерді зерттеп, меңгеру және оны өз сабағында қолдана білу;
- өз білімін көтеруге, шығармашылық жұмыс атқаруға ынталандыру, қажетті жағдайлар туғызу, педагогтарды ақпараттық және әдістемелік нұсқаулықпен қамтамасыз ету;
- авторлық бағдарламалар, курстар, мақалалық ізденістер жасауға ұмтылдыру, жан-жақты қолдау көрсету;
- педагог мамандардың кәсіби деңгейін ұдайы көтеріп отыру, олардың теориялық білімі мен әдістемелік білігін үздіксіз жетілдіру,
- пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін меңгеруін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

Сындарлы оқыту теориясы XXI ғасырда оқушылардың сыни тұрғыда ойлау, өзін-өзі ынталандыру, өзін-өзі реттеу, оқи білу дағдыларын белсенді, әрі табысты қолдануға дайындығын қалыптастыруға ықпал ететін қажетті білім ортасын құруға мүмкіндік береді.

Бақылау баланың мінез-құлқын әр түрлі жағдайларда көруге мүмкіндік береді. Бақылау арқылы мұғалім өте құнды материалдар алады. Байқағыштық-педагогикалық біліктіліктің көрсеткіші. Л.Н.Толстой «Мұғалім баланы үнемі бақылап, ол туралы көзқарасын өзгерту үшін қайта бақылау керек» деген. Ал педагог К.Д.Ушинский: «Біз жан-жақты жеке тұлға тәрбиелегіміз келсе, ол тұлғаны жан-жақты зерттеп білуіміз керек» деген еді. Осындай зерттеулердің бірі «Іс-әрекеттегі зерттеу», «Lesson study» тәсілдері. Бұл тәсілдер Батыс елдерінде және Жапонияда өздерінің жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігін дәлелдеген. Бүкіл әлемге танылып отырған «Іс әрекеттегі зерттеу», «Lesson study» сияқты тәсілдер оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Оның тиімді тұстарын өз іс-тәжірибемізге енгізу арқылы көріп отырмыз. Ғылым өз пәнін үнемі зерттеп отырмайынша дами алмайды. Бүгінгі таңда осы ой мұғалім әрекетінің тұжырамдасуы іспестес. Соған байланысты оқушының тұлғалық құрылымымен басты белгілері мен сапаларын анықтаудың мәні зор.

Әсіресе білім мазмұнын жаңарту бағдарламасының міндеттерінің бірі критериалды бағалау жүйесін қолдана білу мұғалімге қойылған басты талаптардың бірі. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда критериалды бағалау жүйесінің орны ерекше. Критериалды бағалау жүйесі оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты орнатып, оқу үдерісі барысында қателіктерді дұрыстауға мүмкіндік береді, оқушының оқуға деген ішкі уәжін оятып, дамытатын құрал болып табылады. Критериалды бағалау – нақты анықталған, ұжымдасып жасалған критерийлермен оқушылардың оқудағы жетістіктерін салыстыруға негізделген және оқушылар, ата-аналар мен педагогтар үшін түсінікті, білім мазмұнына және мақсатына сәйкес үрдіс [1]

Бағалау критерийлері - оқытудың мақсатын және ара қатысын белгілеуге сәйкес белгі (сипаттама) [1]

Дескриптор - жетістік деңгейінің сипаттамасы [1]

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

- Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді;
- Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді;
- Ата-аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі [2]

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар: білу, түсіну, қолдану, сыни ойлану, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия,



коммуникативті дағдылар, тілдік дағдылар, жеке жұмыс жасау дағдылары, топта жұмыс жасау дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылар, IT-технологияларды қолдану дағдылары.

Критериалды бағалауды тәжірибеде қолдануды біздің мектеп тәжірибесіне толық енгізбесе де көптеген ұстаздар өз сабақтарында қолдануды дәстүрге айналдырған. Әсіресе ағылшын тілі, қазақ тілі, орыс тілі, тарих, информатика пәндері. Оқушылардың білімдерін бағалау нақты және шынайы, әділ қойылатындығын ұғынған оқушылар келесі сабақтарға құлшыныспен дайындалып, олардың алға жылжуына ықпал етіп отыратындығы қуантатын жағдай.

Оқушылардың ойлау дағдысын дамытуда сыни тұрғыдан ойлау модулі бойынша қолданылатын жаңа әдіс –тәсілдер оқушының қабілеті мен мүмкіндігін аша түседі.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі ұрпақтың қолында, ал ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деп елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай, ұстаздарға келешек ұрпақты тәрбиелеп, білім беруде жауапкершілікпен, шыдамдылықпен, жаңашылдықпен, ізденушілікпен қарау сенімі артылып отыр.

*Әдебиеттер тізімі:*

1. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.2010ж [tengrinews.kz/zakon/kaz/docs?ngr=U1000001118](http://tengrinews.kz/zakon/kaz/docs?ngr=U1000001118)
2. Вестник образования. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал. №1(8)2012 22бет.
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ,2012ж
4. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. С.Мирсеитова. Қарағанды, 2011ж
5. Педагогика мәселелері ғылыми-теориялық журнал 1/2015ж 6-4бет
6. Әдіскер қызметінің мазмұны білім беруді жаңарту тұрғысынан. Алматы, 2007ж.
7. Қазіргі мектепті басқару. Алматы, 2016ж

### **Технология «Биоинформатика и синергетика» в условиях обновленного содержания образования**

**Жаманбаева Р. К.**  
*Заведующий районного  
методического кабинета  
имени Габита Мусрепова  
Северо-Казахстанской области*

Как всех учащихся успешно обучить?

Как обучать эффективно в условиях малокомплектных школ?

Каким образом повысить интерес к знаниям у подрастающего поколения?

Все чаще поднимается вопрос о применении новых инновационных технологий в условиях малокомплектных школ, разнообразные формы и методы преподавания, новый подход к процессу обучения в условиях обновления содержания образования.

Малокомплектная школа (МКШ) – это общеобразовательная школа с малым контингентом обучающихся, совмещенными классами-комплектами и со специфической формой организации учебных занятий (Закон РК «Об образовании»).

Большинство МКШ в нашей Северо-Казахстанской (88,1 % от общего количества школ области) области.

В районе имени Габита Мусрепова Северо-Казахстанской области 86,9 % школ являются малокомплектными школами, в которых обучаются 2937 учащихся в совмещенных классах-комплектах и в классах с малой наполняемостью.

В качестве основных проблем МКШ можно выделить следующее:

1. В организация учебно-воспитательного процесса:

- преобладание традиционных методик обучения в классах с малой наполняемостью;
- неэффективная система оценивания результатов педагогического процесса, приводящая к гиперконтролю, и, как следствие, высокому уровню тревожности обучающихся;

2. по кадровому обеспечению:

- узость специализации (однопредметность) в подготовке учителя в высших учебных заведениях, специальных учебных заведениях, обуславливающая невозможность обеспечения полной учебной нагрузки педагогов-предметников и ведение ряда предметов неспециалистами;

- неподготовленность учителя к особенностям организации образовательного процесса в условиях МКШ;

- низкий уровень мотивации педагогов, обусловленный неадекватностью системы оплаты, стимулирования и социальной поддержки учителя МКШ затрачиваемым им временным и интеллектуальным ресурсам для обеспечения качества подготовки к урокам по нескольким предметам и эффективности образовательного процесса в совмещенных классах-комплектах.

3. Нормативно-правовое и программно-методическое сопровождение:

- несовершенство нормативно-правовой базы, регламентирующей деятельность МКШ;

- отсутствие типового учебного плана для МКШ;

- отсутствие образовательных учебных программ по вариативному и индивидуальному компонентам учебного плана МКШ;

- отсутствия пособий и методических рекомендаций для учителя по организации образовательного процесса в условиях МКШ на основе современных педагогических и информационно-коммуникационных технологий, учитывающих тенденции и перспективы развития казахстанского образования.

Для решения части данных проблем методический кабинет нашего района рассматривал разные варианты внедрения инновационных технологий в учебно-воспитательный процесс.

Ознакомившись с технологией «Биоинформатика и синергетика», мы попытались впервые в республике внедрить данную технологию в условиях малокомплектных школ, где достигается самое главное - качество обучения.

Развитие учащихся на уроке по технологии БИС осуществляется за счет измерителей качества:

1. Технологических карт, их 11 (6 карт для ЕМН и 5 карт для ОГН). Учебные пособия по основным предметам построены на основе государственного образовательного стандарта.

2. Нормы качества знаний должны составлять не менее 63 %.

3. Работа по обобщенному способу учебной деятельности (ОСУД), направленные на развитие деятельности учащихся с помощью организации пооперационного контроля.

4. Разработанные тренажеры по основным предметам с дифференцированными заданиями трех уровней: нижнего порога сложности (НПС), промежуточного порога сложности (ППС), верхнего порога сложности (ВПС).

5. Общий словарный запас (ОСЗ) – определяет бытовой объем памяти, а также уровни речевого и психического развития, тематический словарный запас (ТСЗ) – определяет предметный объем памяти, специальный словарный запас (ССЗ) – определяют качество развития учащихся.

Внедрение данной технологии нам позволило за короткий срок добиться развития речи, внимания, скорости мышления и памяти у учащихся.

Ценным для преподавателя - предметника являются технологические карты, которые описывают организацию урока.

Учитель - организатор процесса, ученики - активные участники. Большую часть времени на уроке работают дети. И это позволяет нам решить вопрос самообучения, самоконтроля и реализации в ходе урока знаний, навыков и умений.

В результате обратной связи учитель может сразу определить: насколько полученные знания соответствуют методическим и дидактическим стандартам. Диагностика проблем и пробелов проходит сразу же на уроке. Сущностной характеристикой технологической карты является представление образовательного процесса на уровне технологического проектирования и конструирования, включая описание действий учителя и учащихся (целеполагания, организации деятельности, контроля, регулирования). Карта является основой управления учебной деятельности.

Технологические карты позволяют учителю проводить урок с высоким качеством и с минимальным временем подготовки к уроку; учить учащихся без принуждения, без двоек, с помощью формативного оценивания, развивать у них устойчивый интерес к знаниям, потребность к самостоятельному поиску, сделать учение радостным. Формативное оценивание является процессом, который оказывает непосредственное влияние на рост и развитие учебных достижений и обеспечивает обратную связь между учителем и обучающимся. Это позволяет определить возможности обучающегося, выявить трудности, помочь в достижении наилучших результатов, своевременно корректировать учебный процесс.

При этом мы убеждаемся в обеспечении профессионального роста учителя, который определяется по критериям:

Предметный: знания предмета,

Методический: умения передать знания,

Управленческий: охват класса

Работая на уроке с матрицей посадочных мест, каждый учащийся в конце урока оценивается, согласно определенным критериям, что повышает уровень накопляемости оценок в журнале, все ученики задействованы на уроке, что позволяет концентрировать внимание учащихся на уроке. И это позволяет нам внедрять в учебно-воспитательный процесс структуру критериального оценивания.

По итогам двух срезов в 41 школе в 3 и 4 четверти 2015-2016 учебного года показана положительная динамика оси качества с 44 до 84 баллов. Ось качества замерялась в 3-4-5 классах всех школ района по математике. По итогам анализа мы увидели реальную картину качества знаний по району, которая не во всех школах соответствовала качеству знаний по итогам четверти. В связи этим методический кабинет получил реальную возможность более детально, в разрезе каждого класса и отдельного ребенка изучить картину по преподаванию предмета, по преемственности начальной и основной школы. Школы получили алгоритм дальнейшей работы по повышению качества знаний.

Более двухсот учителей района, прошедшие обучающий семинар по технологии БиС, активно внедряют данную инновацию.

50 педагогов района выезжали в г.Астана на внешний семинар в рамках программы «Экспо - 2017».

За летний период учителя нашего района выпустили методическое пособие по картам устный урок 1 (УУ1), устный урок 2 (УУ2) по русскому языку и истории Казахстана, методическое пособие по карте Биоинтернет и тренажер по предметам математика и биология.

Учителя района активно делятся опытом с коллегами посредством он-лайн уроков и внешних семинаров.

И мы уже можем выделить положительные моменты, анализируя процесс внедрения с точки зрения психологических аспектов, это:

- в урочной деятельности уделяется активное внимание развитию познавательной деятельности учащихся;

- система технологических карт предполагает неоднократное возвращение во времени к изучаемому материалу через разные виды деятельности, что является основой формирования прочной системы знаний учащихся;

- уроки, проводимые в рамках технологии, повышают мотивацию учащихся к изучению предмета;

- система работы в рамках самоуправления способствует приобретению учащимися организационных, коммуникативных и лидерских навыков.

Учитывая все положительные результаты предварительного внедрения Технологии БиС, акимат района и руководство отдела образования приняло решение о создании в составе методического кабинета специализированного центра качества с освобождёнными специалистами, которые будут заниматься непосредственно задачей по повышению качества в школах района и в том числе малокомплектных школ на основе технологии БиС. В настоящее время проведен аудит качества во всех школах района. Внедряется новая форма внутришкольного контроля с помощью планшетов. В планшете отражаются итоги срезов в разрезе каждого предметника по всем разделам по уровню усвоения учениками тем разделов.

Для каждого класса по математике на начальном этапе, а в последующем и по всем основным предметам предполагается установление неснижаемой нормы качества. Разработан подробный план индивидуального роста качества каждой школы на основе динамики ее результатов.

В заключении необходимо отметить, что современный мир формируется эффективными технологиями и одна из них в образовании – это технология БиС.

*Список используемой литературы:*

1. ГПРОиН на 2016-2019 годы от 1 марта 2016 года
2. Ф.Я.Вассерман. Методическое пособие для учителя
3. Ф.Я.Вассерман. Управление качеством обучения в общеобразовательных школах на основе ИКТ и информатики. Методическое пособие для учителя. А.,2008

### **Инновациялық әдістерді қолдану арқылы баланың жан-жақты дамуында ертегінің орны**

***Сериккалиева Г.У.***

*Атырау қаласы №4 «Бәйтерек»  
бөбекжай-балабақшасы тәрбиешісі*

Қазақстанның өркениетті әлемге қол созып, бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіруінің негізгі тетігі – білім екені анық.

Сондықтанда біздің болашағымыз – балаларды білімді, білікті, саналы азамат етіп тәрбиелеу бүгінгі біздердің міндетіміз. Адам өмір бойы тәрбиеленеді, бірақ оның бойындағы

жақсы қасиеттердің қалыптасуы – мектепке дейінгі жастағы уақыт. Ертеңгі ел тізгінін ұстар ұрпағымызды белі бесіктен шықпастан бастап жақсылыққа баулу, бойына ізгілік нұрын себуге, жан-жақты болуға тәрбиелейтін тәрбие тірегі – ертегі.

Балабақшада баланың ойлау, қиялдау, армандау қабілетін қалыптастыру үшін халық ауыз әдебиетінің түрі – ертегіні кеңінен пайдаланады.

Сонда болашақ ұрпағымызды тәрбиелейтін ертегіміздің маңызы неде?

Ғасырлар бойы атадан балаға өсиет болып келе жатқан ертегілер баланы тал бесіктен бастап біртіндеп саналы еңбекке үйрету, өтірік айтпау, мақтанбау, шындықты жақтау, көпшіл болу, туған елін сүю, атамекенді қастерлеу, үлкенді сыйлау сияқты тәрбиелік мәні зор қасиеттерге баулиды. Адамгершілігі мол елге үлгілі азамат етіп өсіру мақсатын көздейді.

Ертегі арқылы айнала қоршалған ортаны барлай алады, табиғаттың сиқырлы сырларын сезіне біледі, халықтың әдемілік және әдептілік жайлы ұғымдарын бойына сіңіреді, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы түсінік алып, адамгершілік тәрбиесінің бастауларына ден қояды.

Сонымен бірге ой-өрісі дамып, сөздік қоры молайған баланың айтар ойы да, істер ісі де өнгелі болмақ. Ертегісіз балалар арасындағы интеллектуалдың өзара қарым-қатынастарды түсіну мүмкін емес, ертегіге әуестенбейінше ұжымдық күйініш-сүйініш болмақ емес, ертегі туындамайынша оймен шабыттанған қуаныш балаға түсініксіз. «Жаста берген тәрбие жас шыбықты иегендей», - дейді халық даналығы. Балалар халық ертегілеріндегі жағымды кейіпкерлерге ұқсап, сондай адал, еңбекқор болып өсуге талаптанады. Ал, жағымсыз кейіпкерлерден аулақ немесе олардан жиренуге тырысады, оларға ұқсағысы келмейтіндерін айтып жеткізеді. Ертегілер арқылы балалар, сол ертегі кейіпкерлері туралы жұмбақтар, мақал-мәтел, жаңылтпаштар, күлдіргі әңгімелер құрастырады. Бұлар баланың жан дүниесіне әсер етіп, ізгі қасиеттерін дамытуға үлкен қызмет атқарады. Көркемдікті тани білуге, ертегіні сүйіп қадірлеуге, өз бойына әдепті мінез-құлық нышандарын қалыптастыруға, шымыр да шыдамды, батыл да батыр болуға үйретеді. Тіл шеберлігі артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбек сүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді.

Мектеп жасына дейінгі балдарға арналған ертегілер болашақ ұрпаққа жан-жақты берер тәрбиесі көп деуге әбден болады. Адалдыққа, адамгершілікке, ізеттілікке, сұлулыққа, еңбекке, жақсы азамат болып қалыптасуына ертегінің ролі зор. Олардың тақырыбы кең де әр алуан. Ертегілер арқылы балаларды олардың өмірлік тәжірибесінен тыс жатқан құбылыстарымен және оқиғалармен таныстыруға болады.

Барлық оқу іс - әрекетінде ертегілерді қолдану арқылы негізгі педагогикалық дәстүр пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады.

Мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер және тағы басқалары жатады.

Өмір талабына сай жаңа технологияларды оқу процесі мен тәрбие аясында шебер қолдана білу тәрбиешінің міндеті. Ертегілерді оқу іс - әрекетінде өз ретімен қолдана білсе, тәрбиеленушілерді жан - жақты дамытуда ертегінің аса зор мәні бар екенін айқындайды.

Ертегілерді меңгертуде инновациялық әдістерді қолдана жүргізген жұмыстарыма талдау жасасам:

1. Ертегілерді іріктеу және айлық оқу іс-әрекеті тақырыптарына сай ертегі кейіпкерлерімен дамытушы ортаны жабдықтау.

2. Ертегі кейіпкерлерін білім салалары мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалану.

3. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде ертегілерді қолдану арқылы пәндік байланысты іске асыру. Пәндердің өзара байланыс деңгейі балалардың білімін зерттеу, талдау, жүйелеу сияқты негізгі дидактикалық міндеттер арқылы шешіледі.

Балабақшада ертегіні тыңдату және әңгімелеп беру қатар жүргізіледі. Сол мақсатта ассоциация әдісі кеңінен пайдаланылады.

*Ассоциация әдісі* – сол тыңдаған ертегі жайлы мәлімет.

Мысалы: «Бауырсақ» ертегісін алатын болсақ, ортаға бауырсақ жапсырылып, тармақтарына көп қиынды суреттердің ішінен кемпір, шал, қоян, үй, қасқыр, аю, түлкіні балалар жапсырады. Мұндағы мақсатымыз балалардың ойын жинақтау, ертегіні қорытындылап талдау.

*Ой қозғау әдісі*: Балаларға ертегілерге берілген жұмбақтарды жасыру; Сұрақтар арқылы ой салу;

СТО - ның элементтерінің бірі – Венн диаграмманы пайдалану - екі ертегіні салыстыру, ортақ белгісін табу, қорытындылау, нақтылау.

Интерактивті тактаны қолдану арқылы жүзеге асыруға болады.

Мысалға, «Қарлығаш пен Дәуіт» ертегі кейіпкерін салыстырмалы түрде талдап, олардың ортақ ерекшеліктері мен қасиеттерін табу.

*Мнемотехника* - тіл дамытуда тиімді есте сақтау, оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Мнемотехника - оңай жолдан қиынына қарай құрылып, мнемоквадраттан бастап мнеможолдарға, біртіндеп мнемокестеге өтуі қажет. Мнемокестенің мазмұны – ол графикалық немесе жартылай графикалық ертегі кейіпкерлерінің бейнесінің, табиғат құбылысының кейбір іс-әрекетінің басты сюжеті.

Мысалы: «Тышқан мен Торғай» ертегісінен дәнді тең бөлісе алмай жанжалдасқаны мнемокестеде көрсетіледі. Осы ертегі желісін балалар өз қиялындағыдай өрбітеді. *Джигсо әдісі* арқылы бала өздігінен білім ала отырып, топпен жұмыс істеу арқылы бірін-бірі үйретеді және өздері де үйренеді. Жалпы мәселені алдымен топта кейін ортада талқылайды. Мысалы, әр топқа ертегіден үзінді суреттер таратылады. Балалар бұл суретті топ болып талқылайды, кейіпкерлерді атайды. Ортаға шығып сурет бойынша әр топ өздеріне түскен ертегіні баяндап береді. Мұндағы мақсат баланы еркіндікке, ойлау қабілетін дамытуға, көшбасшылыққа тәрбиелеу. Өз ойларын көпшілік алдында айта алмайтын бала ашылып, басқалармен бірге сөйлей бастайды.

Ертегінің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімен сабақтастығын айта отырып өз іс тәжірибемнен өткен сабақтарымның білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатында жазылған сабағымды ұсынып отырмын.

Таным білім беру саласымен мен ертегінің сабақтастығы.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыбы: «Ертегілер еліне саяхат».

Мақсаты:

А) Білімділік: Геометриялық пішіндер, айналадағы заттардың көлемін, формасын тікелей бақылата отырып меңгерту, логикалық ойындар.

Ә) Дамытушылық: Өздігімен жұмыс істеуге машықтандыру, ойнау қабілетін, байқампаздығын, сабаққа қызығушылығын дамыту, өздігінен талдау жасауға үйрету.

Б) Тәрбиелік: Білім мен байланысын түсіндіру, ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелеу, денсаулық шараларын дамыту.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің түрі: «Саяхат».

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, көрініс, ертегі кейіпкерлерін жандандыру.

Мектеп жасына дейінгі баланы ертегілер арқылы жан-жақты дамытып, жеке тұлға ретінде тәрбиелеу, тілін дамыту – ең бірінші ата-ананың міндеті. Бүгінгі, техникалық мүмкіндіктер дамыған заманда ата-аналардың да мүмкіндіктері кеңейді. Оған теледидар арқылы бірге көрген ертегілер, қойылымдар, ойындар, бағдарламалар септігін тигізеді. Бірақ, әрбір ата-ана өз баласының мүмкіндігін, жас ерекшелігіне тән сөздік қорын білуге тиіс. Баланың тілі жас ерекшелігіне сәйкес дамуы үшін ата-аналар баланы тек теледидар алдына отырғызып қана қоймай, ертегілерді бірге көріп, не болмаса ертегіні ата-ана өзі оқып беріп, баланың ертегіні түсінгенін, я түсінбегенін байқап, сұрақтарына жауап беруге тиісті. Күнделікті ауыз-екі сөйлесуде баланың сұрақтарына жауап беріп, сөздерді бұрмаламай,

дұрыс айтуын бақылау ата-ана парызы десек те болады. Сондықтан да ата-аналар арасында «Өнегелі отбасы» тақырыбында сайыс өткізілді. Ондағы мақсатымыз ата-аналармен балаларды сайысқа қатыстыра отырып халықтық ертегілері туралы танымын анықтау. Өзімнің іс-тәжірибемді бөлісу мақсатында әріптестерімнің арасында «Ертегілер бала тәрбиесінде» атты семинар өткізілді. Басты міндетім: ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде ертегіні кеңінен пайдалануға оның бала өмірінде маңызы зор екендігін айта отырып баланың сөздік қорын байытуға және шығармашылық шеберліктерін дамыту.

Өз жұмысымда жаңашылдыққа ұмтылып, білім мен тәрбиедегі ұтымды, нәтижелі әдіс-тәсілдерді пайдалану негізінде ертегіні бала өмірінде жан-жақты тәрбиелеу арқылы рухани жылылықты бүлдіршіндеріміздің бойына сіңіру мақсатында жүрегі таза саналы ұрпақ қалыптасады.

*Күтілетін нәтиже:*

1. Ақыл-ойды кеңейтеді, тілді ұстатады, өмірді таниды, сезімді кеңейтеді.
2. Адамгершілік сапаны жетілдіреді.
3. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
4. Эстетикалық талғамы жоғарлайды.
5. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.
6. Шыншылдық, инабаттылық пен әдептілікті дамытады.
7. Табиғатты аялауға тәрбиелейді.
8. Таныс ертегілерді айтып береді, ойыншықтарға қарап, шағын хикаялар құрайды;
9. Сахналық қойылым жасауға қатысады.
10. Отансүйгіштік, ата-ананы қадірлеу қасиеттері қалыптасады.

*Пайдаланған әдебиеттер:*

1. «Отбасы және балабақша» журналы.
2. «Бала тәрбиесі» журналы.
3. «Ертегілер» А.Айдашев – Алматы, «Жазушы», 1989ж.
4. «Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту методикасы» - А., «Мектеп» 1981
5. «Қазақ ертегілері» - Алматы 1999
6. «Ақылды ертегілер» - Алматы «Аруна» баспасы, 2008

## **Мектепке дейінгі ұйымдарда жас мамандардың кәсіби тұлғасын қалыптастыру**

**Уразалина С.Б.**

*Атырау қаласы, № 4 «Бәйтерек»  
бөбекжай - балабақша әдіскері*

Бүгінгі Қазақстанның басты мақсаты - экономикасы дамыған, бәсекелестікке қабілетті, 30 елдің қатарынан көріну. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы осы мақсатқа жеткізетін ұлы бастама. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Мәңгілік Ел біздің өз қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Биылғы жылы азат еліміз үшін айтулы мерекелерге толы. Тамыры тереңде жатырған тарихымызға, хандық дәуірімізге 550 жыл толса, елімізде егемендік орнап, тәуелсіздік таңы атқанына 25 жыл болып отыр. Мәңгілік ел болып қалыптасу жолында ұрпаққа берілетін тәрбие елбасымыздан бастап ойландырып-толғандыратын өзекті мәселелердің бірі екенін ешкім жоққа шығармайды. Білім мен тәрбие беретін орындарда жаңашылдық пен заманауилықты ұштастыра отырып, ел ертеңін тәрбиелеуге үлкен

жауапкершілік танытылады. Ел есінде бір жыл қалғың келсе-ас бер, он жыл қалғың келсе-ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе-бала тәрбиеле» дейді дана халқымыз. Баланың ой-өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына біздің тәрбиешілердің сіңіретін еңбегі орасан. Сондықтан да Сөзіміз-түзу, Еңсеміз-биік, Рухымыз-мықты болсын десек, бірегей тәрбиеші мамандығын ұлықтай білейік. Ұрпағымыздың тамырына нәр беретін мамандық екендігін естен шығармайық. Заманауи прогрессте мақсатқа жету үшін жас мамандарды үйрете отырып, заман талабына сай болу үшін білімі жоғары, мәдениетті, өзіне деген сенімі мықты, азаматтық айқындамасы орнықты, кәсіптік деңгейі жоғары, жаңалыққа жаны құмар, тың шешім таба алатын тәрбиеші болуға дайындау.

Жас маманның қоғамдық өмірге даярлығын бақылау арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге, бейімділіктерін дамытуға үйрету, рухани адамгершілікке тәрбиелеу, жаңа технологияны үйренуге, меңгеруге баулу, мотивациясын арттыру тәлімгердің міндеті. Осы бағытта жас маманмен жүргізілетін жұмыс жоспарының құрылымы үш кезеңнен тұрады:

1. Бейімделу кезеңі (жас маман үшін және ұжым үшін де бірінші жыл ең қиын кезең)

2. Кәсіби деңгейінің қалыптасуы кезеңі (үш жылда жас маман ұжымдық ортаға бейімделіп, жұмыс бағытын түсініп, ата-анамен байланыс жұмыстарын, баламен қарым-қатынасын алдыңғы қатарлы тәрбиешілерден тәжірибе жинақтайды.

3. Даму кезеңі (бес жылда әр жас маманның даму кезеңінде педагогикалық тәжірибені жинақтау, анықтау, оқып-үйрену, тарату және ұйым арасында тәжірибе алмасуы қалыптасады).

- Ата-аналармен, педагогтармен жыл бойы атқарылатын жұмыстардың айқындалып, ұйымдастыру, орындау, қорытындылау кезеңдері көрсетілуі;

- Педагогтардың ұйымдастырылған оқу іс әрекеттерінің технокарталарында интелектуалдық ойындар міндетті түрде жазылуы, жүргізілуі;

- Балалардың танымдық қабілеттері дамуы үшін, барлық топтарда интеллектуалдық аймақтар жасалып, түрлі форматтағы логикалық ойындармен толықтырылуы;

- Бөбекжайдың инновациялық технологиялармен, құралдармен (интерактивті тақта, Smartboard, компьютер, ноутбук, интерактивті білім беру құралдарымен) толық қамтылуы және бағдарлама аясындағы жұмыстарда қолданылуы.

Күтілетін нәтиже:

- Интеллектуалды ойындар арқылы балалардың ақыл- ойлары дамып, сөздік қорлары үш тілде молайып, өз ойларын еркін де нақты жеткізе алады.

- Қиялдары, зейіндері ұшқыр болып, тез, дұрыс шешім қабылдауға, ойнай отырып, ойлауға үйренеді.

- Ұжымдық сезім әрекеттері дамып, бірігіп іс-әрекет етуге тәрбиеленеді.

- Адамгершілік, сүйіспеншілік, достық сезімдері қалыптасады

- Балалардың үш тілдегі сөздік қорлары, білімдері кеңейеді, өз елінде, шет мемлекеттері туралы түсініктері қалыптасып, ойлау аясы кеңейеді;

- Үш тілді жас ерекшелігіне сай меңгерген, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиеленеді.

Эксперимент алаңы барысында жұмыстанатын педагог-экспериментаторлар жайлы деректер базасы, жалпы нормативтік-құқықтық, оқыту-әдістемелік кешендер жинақталды.



Жұмыс кезеңдері мына үш: дайындық кезеңі, негізгі кезең, қорытынды кезеңдері бойынша жүргізілуде. Бөбекжай бүлдіршіндерінің танымдық қабілеттерінің артуын, үш тілдегі сөздік қорларының молаюын – біліктілік даму деңгейін қадағалау мақсатындағы индикатор көрсеткіштері арқылы анықтап, сәйкесінше жеке жұмыстар жүргізіліп отырады.

«Балалардың логикалық ойлау қабілетін, интеллектуалдық ойындар арқылы үш тілде дамыту» тақырыбындағы тәжірибе алаңы аясында педагогтардың өз білімін, кәсіби деңгейін жетілдіруіне жағдай жасап, инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану, іс-тәжірибесімен бөлісу мақсатында 12 қалалық семинар, 5 облыстық, 1 республикалық семинар ұйымдастырылып, 136 педагог қатысып іс-тәжірибесімен бөліссе, 489 педагог тамашалап, тәжірибе жинақтады.

Бөбекжай бүлдіршіндері мен педагогтар түрлі деңгейде ұйымдастырылған 32 республикалық, 12 облыстық, 20 қалалық іс-шаралар мен байқауларға белсене қатысып, нәтижесінде 2-бас жүлде, 21-I орын, 8-II орын, 29 номинация мен алғыс хатты иелендік.

Мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекеттерін, танымдық қызығушылықтарын дамытуға бағытталған, тәрбиелеу мен оқытудың неғұрлым тиімді әдістері мен түрлерін пайдалану барысымен бөліскен 7 облыстық, 8 қалалық озық тәжірибе таратылды. Сондай-ақ, баспасөзбен байланыс орнатылып, 11 педагог республикалық басылымға, 9 педагог - облыстық, 6 педагог-қалалық басылымға іс-тәжірибесін жариялады.

Бөбекжайымызда сонымен қатар, 2015 жылдың 20 қаңтарынан ҚР Білім және ғылым министрлігінің №408 бұйрығы негізінде «Жаңа технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын мектепке дейінгі ұйымда апробациядан өткізу» тақырыбындағы республикалық тәжірибе алаңы ашылып, балалардың қажетті дағдыларды игеруіне әсер ететін, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына сәйкес жалпыадамзаттық құндылықтармен негізделген мектеп жасына дейінгі балалардың кешенді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаны апробациядан өткізудеміз. Бұл тәжірибелік алаңға жас ерекшеліктеріне қарай 4 топ (сәбилер, кішілер, ортаңғы, ересектер), 8 экспериментатор-тәрбиеші, 93 бала қамтылды. Тәрбиелеу-оқыту үрдісінде Дамыта оқыту технологиясы, Ойын технологиясы, Денсаулық сақтау технологиясы, Ақпараттық коммуникативтік технологиясы, ТРИЗ технологиясы, АРТ емдері, Монтессори әдістемесінің элементтері инновациялық педагогикалық технологияларын, ойын және жобалық оқыту әдістерін ендіре отырып, «Ақылды балапан» интерактивті оқу-танымдық кешені, «Крошка кролик» интерактивті кешені, «Фантазёры МУЛЬТИтворчество» бағдарламалы-әдістемелік кешені, «Графика» аспабы, «Электронды қазақ үйі» инновациялық білім беру құралдарын қолданамыз.

Мектепке дейінгі ұйымның әдіскері өз жұмысын мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жетілдіру мақсатында ұйымдастырады. Ізденімпаздықпен, шығармашылықпен жұмыс жасай білген әдіскер, қызмет барысында өзін жетілдіре түседі, шыңдалады. Өзгеге айтарың, үйретерің болу үшін, өзің де жан-жақты болуың қажет. «Инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы, әдістемелік қызмет жұмысын дамыту» шығармашылық тақырыбында жұмыстана отырып, қалалық, облыстық семинарларға, ғылыми-практикалық конференцияға, педагогикалық оқуға, облыстық, қалалық тамыз кеңестеріне қатысып, шығармашылығымды шыңдаудан жалықпаймын. Бөбекжай педагогтарының кәсіби шеберлігін арттыруға, жеке тұлғалық өсуіне мүмкіндік жасап, инновациялық топтар құрып, біріккен кешенді жобалар, даму бағдарламасын, әдістемелік нұсқаулықтар құрастыруда бағыт-бағдар беремін. Қазіргі уақытта «Тілашар» (ҚББ Хаттама №1, 16.11.2012ж), «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында пәндік апталықтарды ұйымдастыру жұмыстары» (ҚББ Хаттама №2, 26.12.2014ж), әдістемелік жинақтары, мектепке дейінгі ұйымдардың ортаңғы топтарына арналған үш тілдегі «Білімді қуыршақтар әлемінде», «В мире образованных кукол», «In the world of knowledge dolls» (БҚО ББ Хаттама №2, 05.06.2015ж) инновациялық жобасы, «Қызықты ағылшын әлемінде» (БҚО ББ Хаттама №1, 04.03.2016ж), «Мультишығармашыл балдырғандар» (БҚО ББ Хаттама №1, 04.03.2016ж) әдістемелік құралдарының, «Балалардың логикалық ойлау қабілетін,

интеллектуалдық ойындар арқылы үш тілде дамыту» (Хаттама №3, 29.01.2016ж) бағдарламасын құрастырушы-авторының бірімін. БҚО білім саласындағы бақылау департаментінің тәжірибелі мектепке дейінгі мамандардан жасақталған сарапшылар құрамына еніп, мемлекеттік аттестаттау комиссиясы мүшесі ретінде мемлекеттік аттестаттау жүргізуге қатысамын.

Заман талабына сай оқыту мен тәрбиенің соңғы түрлерін игеріп, кәсіби шеберлікті ұштап отыру- әр педагогтың парызы. Мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндердің болашағы үшін мектепке дейінгі ұйымдағы әдістемелік қызметті тиімді де, жаңаша ұйымдастыра білсек, егеменді еліміздің өркендеуіне тамшыдай үлесімізді қосқан болар едік.

### **Заманауи білім беруде әдістемелік жұмысты тиімді ұйымдастыру жолдары**

***Нарикова Ж. М.***

*БҚО, Орал қаласының білім беру бөлімі,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіскері*

Заманауи білім беру - білім сапасын арттыру негіздерінің бірі және бірегей болып табылады. Жаңаша көзқарас қажеттілігі - өмір талабы. Мектептерге жаңаша әдіс-тәсілдерді енгізетін жаңа формация мұғалімдері қажет. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ғұлама бабаларымыз айтқандай, біз өткенге құрметпен бас иіп, жарқын болашаққа ұмтылуымыз қажет. Бүгінгінің ұрпағы біздің болашағымыз екенін ұмытпағанымыз жөн.

Қоғам дамыған сайын, барлық құрылым бірге дамиды. Сол негізгі құрылымның бірі ретінде білімберу жүйесінің толассыз даму және тоқтаусыз өзгеріс үстінде болуы, үдерістің бір белгісі екені анық. Оған дәлел, дүние жүзі елдері, соның ішінде, атап айтар болсақ, барлық елдердің 80 пайызы 12 жылдық оқу жүйесімен жүреді.

Жаңа білімге жаңаша көзқарас, жаңаша құлшыныс қажет. ХХІ ғасырда әлемдік өркениет төрінен орын алуы үшін, Қазақстанның жан - жақты дамуының бірден-бір жолы ғылымды әр қырынан меңгеру қажет болып отырғаны белгілі. Елбасымыз Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті халық үшін», «бәсекеге қабілетті экономика үшін» - деген жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдың бірі» -деген. Осыны жүзеге асыруда жаңа формацияның педагогы қажет. Жаңа форматтағы мұғалімдерді даярлау, үйрету, озық тәжірибе алмасу, жетілдіру, кәсіби орта қалыптастыруда әдістемелік жұмыстың көмегі зор.

Педагогика саласында болып жатқан тың өзгерістерді әкелетін, білім үдерісіне енгізетін, жаңалық жаршысы болатын, әрине, әдіскерлер. Себебі, әдіскер- ұстаз, үйретуші, бағыттаушы, жаңалықты жеткізуші, шығармашыл тұлға. Әдіскердің бір бойында бірнеше қызмет бар. Сол қызметтің барысында жаңа үрдіске заманауи технологияларды енгізуде түрлі бағытта жұмыс жүргізіледі. Әдістемелік жұмыстың бағыттары:

- Тұлғалық бағдарлану,
- тиімділікке қол жеткізу,
- деңгейлеп саралау,
- нәтижеге бағдарлану;


Осы мақсатта мен өзімнің іскерлік жұмысымның мазмұнын төмендегіше жоспарлап жүргізудемін.



Елбасының білім мен ғылым қызметкерлерінің II съезінде «Болашақта еңбек етіп өмір сүрегіңдер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр» - деген Н.Ә.Назарбаев бір сөзінде.

Сондықтан да мектепке жаңадан келген әрбір жас мұғалім ең алдымен өзіне жүктелген жұмыстың сипатымен таныспай тұрып, мектеп ұжымымен, ондағы қызметкерлердің жұмыс тәжірибелерімен және ең негізгісі мектеп қай бағытта жұмыс жасайтындығын біліп алуы шарт. Және әрбір жас мұғалімге тәжірибелі ұстаздардан үлгі - өнеге көрсетіп, оларға жеке – жеке кез келген жұмыста қол ұшын беретін ұстаздар бөлінуі керек. Осы мақсатта әдіскер тарапынан жас мұғалімге үлкен көмек қажет. Жас мұғалімдермен өткізіліп отырған ашық сабақтар, оқыту-семинарлары, коуч-сессиялары, «Жас ұстаздар» байқаулары мен пән олимпиадаларының жоспарлы жүргізілуі олардың шығармашылық тарапынан өсуі мен жетілуіне бағыттайды [Жас мұғалімдерге арналған жадынама]. Білім берудің қазіргі жаңа құрылымы және оқу - әдістемелік мазмұнының өзгеруі мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жаңартуын, шығармашылық ізденістерін шыңдауын қажет етеді. Оны шешудің факторлары оқытудың жаңа әдістемелік жүйелерін құру болып табылады.

Әдіскер тарапынан мектеп мұғалімдеріне жүргізілетін жұмыс ауқымы кең. Олар төмендегі кестеде:



Аталған бағыттағы жұмыстар: ашық сабақтар, оқыту-семинары, әдістемелік- кеңес, пікіралмасу, дөңгелек үстел, шеберлік-класс, әріптестік-диалог, дискуссия, коуч-семинар түрінде жүзеге асырылып отырады. Әр жұмыстың мазмұны пән мұғалімдерінің әдістемелік шеберлігін шыңдауға, кәсіби дамуына, өзіндік білімдерін жетілдіруге бағытталған. Сонымен қатар, пән мұғалімдерінің шығармашылық қабілетін жетілдіру, кәсіби әлеуетін арттыру барысында «Үздік мұғалім», «Ақпаратты мұғалім», «Жас ұстаздар» олимпиадасы және «Ақұштап оқулары», «Қадыр оқулары» сынды байқаулар өткізіліп отырады. Нәтижесінде: білім беру бөлімінің Грамота, Алғыс хаттарымен марапатталады. Қалалық байқау-сайыстардан жүлделі орын алған мұғалімдер облыстық байқауларға ұсынылып, облыс, республика көлемінде орындарға ие болуда:

Облыстан «Өлеңмен өрілген шағала ғұмыр» Ақұштап оқуларында Зинешов Бауыржан Жасұланұлы - Бас жүлде, «Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» шығармалар байқауы Каресова Таслима Құсайынқызы Круглоозер ЖОББМ- Алғыс хатқа, «II Педагогикалық оқуларында» №38 МЛ Ажкеева Г.А. Мұхтарова Г.С.- III орын. «Панорамалық сабақтар» байқауында №26 ЖОББМ Қабдешева Ж.З. Диплом «Жаңашыл ұстаз», «Хамза оқулары» Қабдешева Ж.З.- Алғыс хат, «Абай оқулары» байқауында Жилик И.А.- II орын, №35 МЛ Нұрмұқанова А.І. «Үздік аудармашы» байқауында- 2- орын, Пән мұғалімдерінің олимпиадасында №№35 МЛ Нұрмуханова А.И. 2- орын , №47 ЖОББМ Тастемирова Г.А.- Алғыс хат, «Абайды оқы, таңырқа.. байқауында №19 ЖОББМ-де Нұрғали Г.Е.- Бас жүлде иеленді.

Республикалық байқауларда: «Ұлағатты ұстаз» атты ІҮ Республикалық мұғалімдер сайысында «Сабақ беру кезіндегі презентацияның қолданылуы» номинациясы бойынша №6 ЖОББМ Ракишева М.Е., Мукашева Т.Ж. – III орын, «Абай оқулары» байқауында №13 ЖОББМ мұғалімі Нұралиева С.Н.- Алғыс хат, Республикалық «Тіл мерейі» байқауы №35 мектеп-лицейінің мұғалімі Кереева Н.Ж. «Үздік сабақ» номинациясы, III Республикалық «Менің үздік презентациялық сабағым» номинациясында №39 ЖОББМ мұғалімдері Сузакаева С.Ж.- III орын, Сембаева Ж.Е.- I орынды алып келді.

Бұл тек өткен оқу жылындағы жетістіктеріміз. 2014 жылы республикалық «Үздік педагог» байқауынан жүлделі орынды №38 мектеп- лицейінің мұғалімі Таскарина Г.Ү. алып қайтты.

«Ұстазы мықтының – ұстамы мықты» немесе «Шәкіртсіз ұстаз - тұл» деген ұлағатты сөздер текке айтылмасы анық. Шеберлігі шыңдалған, нағыз маман иелерінен үлгі алып, жан-жақты біліммен қаруланған оқушылар да жеткілікті. Қалалық өткізілген «Мұқағали оқулары», «Абай оқулары», «Махамбет оқулары», «І.Жансүгіров оқулары», «Мағжан оқулары» және «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасында жүлделі орын алған оқушыларымыз Республикалық кезеңнен де олжалы оралып отыр.

Республикалық пән олимпиадасынан

2013-2014 оқу жылы	2014- 2015 оқу жылы	2015- 2016 оқу жылы
№27 Ф-М орта мектеп Зайнуллиева Айда 11-сынып оқушысы жолданып, III орын алып қайтты.	№27 Ф-М МЛ Қадим Қымбат 10-сынып оқушысы- III орын, Зайнуллиева Айда 11-сынып оқушысы , №35 МЛ Потап Дарья 10-сынып, Ширявскова Мария 11-сынып оқушылары - Сертификат	№38 МЛ оқушылары Ерғалиқызы Дана 10-кл. II орын; Меңдігереева Гүлзаман 11-кл. II орын Ғиззат Анель 11- кл. III орын

2016 жылдың 22-24 сәуір аралығында Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласында өткен академик, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, «Құрмет» орденінің иегері Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің Халықаралық олимпиадасында:

2013-2014 оқу жылы	2014- 2015 оқу жылы	2015- 2016 оқу жылы
№ 35 МЛ 9-сынып оқушысы Пишулина Анастасия – III орын, Таипова Элина 10-сынып оқушысы – IV орын, №38 МЛ 10-сынып Жасқайратова Айгүл – III орын, Қылышбай Гүлстан 10-сынып- Алғыс хат	№27ЖОББМ 10-сынып оқушысы Зайнуллиева Аида – II орын, 9-сынып оқушысы Қадем Қымбат-Алғыс хат, №35МЛ 9-сынып Муксенова Милана- III орын, Доля Анастасия 9-сынып оқушысы- Алғыс хат	№38 МЛ Ғиззат Әнел Алғыс хат, №34 МГ Лұқпанова Аружан 9 в – III орын, №34 МГ Сапарғалиева Әсем 11а «Үздік әдебиетші» номинациясы (сертификат), №44 ЖОББМ Сүлейменқызы Дельфина Грамота;

Петропавл қаласында өткен Республика Мағжан оқулары Зағыпар Оралхан, Түлегенов Елшат - III орын, Қазақ әдебиет пәнінен ғылыми жобадан Ерғалиқызы Дана , Түлегенов Елшат - III орын иеленді .

Сонымен қатар, Республикалық іс-тәжірибе таратуда пән мұғалімдерінің саны жылдан- жылға артып келеді. Ашық сабақ, сыныптан тыс шаралары мен мақалалар жарияланды.

2013- 2014 оқу жылында	2014- 2015 оқу жылында	2015- 2016 оқу жылында
47	63	68

Бүгінгі таңда, дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, мемлекеттің гүлденуі негізгі үш фактордан тұрады.

Олар мыналар:

- Жаңа ғылыми жаңалықтарды игеру;
- Білімнің деңгейін көтеру;
- Мамандардың кәсіби білімі мен білігі.

Олай болса, әдіскер де ұстаздардың аталған факторлардың барлық сатысынан өтуіне бірден- бір ықпал етеді. Құрамындағы әрбір ұстаздың уақытылы біліктілігін арттыру курсынан өтіп, жаңа технологияны меңгеруіне, өз ісіне қолдана білуіне жөн сілтеп, керек жерінде шығармашыл өсуіне демеу көрсетіп отырады. Әдіскерлік қызмет әрқашан өзінді

жетілдіріп отыру деген сөз. Бұл қызметтегі адамдар ешқашан «Мен өзімді жетілдіріп болдым» деп айта алмайды, үнемі «Мен өзімді жетілдіріп жатырмын» деуі керек.

Қазір «Интернет» жүйесіне ену қажеттігі туындап отыр. Біздің елімізде барлық мектептер компьютерленген. Ендеше, сол компьютерлерде пән мұғалімдері тек сабақ үрдісінде пайдаланып немесе жазу жазумен ғана шектелмей, арнайы бағдарламалар жасап, білім негіздерін ғаламдық дәрежеде меңгеру ісі қолға алынып, мұғалімдердің пән бойынша электрондық көмекші құралдар мен әдістемелік құралдары жарық көруде. Бұл уақыт талабы, ғаламдану талабы. Компьютер қызметін жетік білетін ұстаз ғана оқушылардың ақпараттық техниканың мүмкіндіктерін тиімді қолдануына көмек көрсете алады. Осы тұста әдіскердің тағы бір қызметі ақпараттық- коммуникативтік технологиялық курстардан білім алған, сертификатталған ұстаздармен бірлесіп қалалық, облыстық деңгейде оқыту-семинарларын ұйымдастырып жұмыс жасауына жағдай тудырады. Бұл бағыттағы жұмыстар:

- интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін қолдану ;
- DVD –дискілер, бейнероликтер, аудиокассеталар жұмыс жүргізу дағдыларын жетілдіру;

- Ғаламтор мүмкіндіктерін қолдануға , Веб-сайттан кез келген ақпарат іздеуді үйрету ;

- Түрлі бағдарламаларды, қосалқы ақпараттық желілерді пайдалануға көмек көрсету;

т.с.с.

Әрине, бұл жерден ұстаздар бірден біліп кетуі мүмкін емес, дегенмен сабақ үрдісінде пайдалану арқылы үйрене бастайды. Ұстаздардың жан-жақты дамып, ғылыми жетілуіне, шығармашыл өсуіне мұғалімнің өзінің қатысуы арқылы жүзеге асатын түрлі сайыстардың берері мол. Әлемде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтан құры қалмай, үйрене білуге, үйрене жүріп үйрете білуге әрқайсымыз дайын болуымыз қажет. Сондықтан да ұстаз алдындағы басты міндет - ХХІ ғасырдың есігінен еркін енетін, дүниежүзілік мәдениетті танитын, төл мәдениетін құрметтей білетін, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық өрісі кең, білімі жоғары, құқықтық, құжаттық мәдениетті, білімді, жан жақты ақпараттандырылған заман талабына сай белсенді ұрпақ тәрбиелеу.

Жақсы мұғалім – маған әр уақытта қымбат, өйткені ол мектептің жүрегі» - деп ағартушы педагог Ы.Алтынсарин айтқандай, мектеп үшін ең керегі – жақсы мұғалім. Кез келген мұғалім өзін жақсы жағынан көрсету үшін жан – жақты, ұйымшыл, ізденімпаз және сауатты болуы шарт. Себебі, адамның өзі білмегенін немесе толық түсінбегенін біреуге айтып жеткізуі мүмкін емес нәрсе.

Сондықтан өз қарамағымдағы ұстаздарға: - әрбір берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды үйреніңіздер; - қай нәрсеге де болмасын жан – жақтылық көрсетуге талпыныңыздар дегенді айтқым келеді.

Әдіскер ретінде ағымдағы жаңалықтан, өзгеріс толқынымен бірге ағу - менің ұстанымым. Сондықтан барлық уақытта ізденіс үстінде жүремін. Облыс көлемінде бірнеше әдістемелік жинақ, мақала жарық көрсе, «Үздік әдіскер» байқауына қатысып , 2011 жылы 2-орын, 2014 жылы «Зерттеуші әдіскер» номинациясын иелендім.

Қорытындылай келе, белгілі педагог К. Ушинскийдің «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» - деген екен. Олай болса, үйретуші, жаңалықты дәріптеуші әдіскер ретінде жаңадан басталған желілік қоғамдастық жұмысын нәтижеге бағыттауды жоспарлап отырмын.

## Оқыту тәжірибесін қадағалау – білім сапасын арттыруға бағытталған негізгі қадам

*Мұңайтбас Ө. О.,*

*Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай ауылы,  
№1 Дінмұхамед Қонаев атындағы мектеп-гимназиясы  
директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар  
жөніндегі орынбасары.*

Бүгінгі таңдағы мектеп – жаңалық шеңберіндегі қарбалас, пікірталас туындатқан және сол арқылы жаңаша жол іздеген, үздіксіз зерттеу үстіндегі білім ошағы. Заманауи мұғалім – шәкіртін шиырлатқан білім жолына бағыттай білетін, жаңадан жаңаны табуға қабілетті, әр ісіне шығармашылық тұрғыдан келетін тұлға. Жаңа заман шәкірті – білімді ізденіс арқылы табуға ниеттенген, коммуникативті білігін осы жолда шындай түскен саналы жастар.

Жоғарыдағыдай анықтама бере отырып, мен осындай жан-жақты дамыған оқушыға білім беретін мұғалімнің іс-тәжірибесін қалай зерттеу керектігін, олардың құзыреттілігін қалай анықтау керектігін үнемі назардан түсіргенім жоқ. Бұл тарапта маған Lesson Study зерттеуі зор көмегін тигізетінін білдім. Сондықтан директордың орынбасары ретінде осы жұмысқа ерекше ден қойдым.

Lesson Study зерттеуі бірнеше бағытта жүзеге асырылады. Біріншіден, «Оқыту дағдыларын дамыту», яғни, оқушының білім сапасын арттыруға бағытталған зерттеу ретінде қарастырамыз. Екіншіден, «Бақылау дағдыларын дамыту» – мұғалімнің әдістемесін жетілдіруді мақсат ете откізілетін зерттеу. Үшіншіден, «Бірыңғай тақырыпқа байланысты» мектептің түрлі зерттеулер арқылы анықтаған проблемасын шешуге бағытталады. Қай жағдайда да, алдыңғы кезекте білім сапасы тұрады және барлығында да А, В, С деңгейіндегі оқушылар зерттеу объектісі болады.

Осылайша, мен өзіміздің мектепте әр түрлі сыныптарда Lesson Study зерттеуін ұйымдастырып жүрмін. Сөзім дәлелді әрі нақты болу үшін, 7-А сыныбындағы зерттеу бойынша ойымды әрі қарай өрбітсем.

Алдымен, осы сыныпқа сабақ беретін мұғалімдерді жинап, Lesson Study зерттеуі бойынша коучинг өткіздім. Әрине, коучингті қазіргі деңгейлік курстарды бітірген мұғалімдердің өткізіп жүргеніндей шоу түрінде емес, нақты проблеманы шешуге бағыттадым: сыныптың білім деңгейін қай мұғалім қалай түсінеді, сыныптағы оқушылардың білім алуына не кедергі келтіруі мүмкін, жалпы оқушылардағы ортақ проблема неде екенін түсінуге тырыстым. Бекболат Тілеухановтың «Адамға баға беру» бейнебаянын көрсете отырып, оқушыны қалай бағалау керектігімен (қатысушылардан сұрау арқылы) байланыстырдым. Lesson Study-ді қалай өткізетініміз жөнінде мұғалімдермен ақылдасып, проблеманы анықтап алдық, сабақ өткізетін мұғалімдер нақтыланды. Lesson Study зерттеуін өткізу бойынша комиссия құрылды.





Зерттеудің тақырыбы: «Серіктестікте жұмыс жасай отырып, оқушының сыни ойлауын дамыту арқылы оқу сапасын арттыру» болып белгіленді.

р/с	Мұғалімі	Пәні	Тақырыбы
1	Бексаинова А.Қ.	География	«Материктің географиялық орны. Ашылу, зерттелу тарихы»
2	Ашимова Г.Е.	Орыс әдебиеті	«Жизнь и творчество В.В.Путилиной»
3	Сатыбалдиева Н.С.	Алгебра	«Рационал өрнекті түрлендіру»

Географиядан, орыс әдебиетінен және алгебрадан ашық сабақ берілетін болып шешілді. Сабақ өткізетін пән мұғалімдеріне нұсқаулар берілді, сабақ жоспарларын алдын ала әзірлеп, талқыланатыны жөнінде ескертілді. Оқушыны бақылау парағы жасалынды. Әр сабақ сайын отырыстар жасалынып, хаттама жазылды. Жалпы ұйымдастыру жұмыстары талапқа сай өткізілді.

Зерттеу бізге не берді, зерттеуден біз не алдық? Нені үйрендік? Проблема қалай шешілді немесе шешілді ме? Енді осы сұрақтар төңірегінде ой қозғап көрейік.

Сыныптағы бақылау бұл әр мұғалімнің білім беру жүйесінің маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Білім берудің тәсілдері зерттеу нәтижелеріне негізделеді. Жүргізілген зерттеуге сәйкес осындай білім беру тәсілдерінің әр компоненті оқушының оқу деңгейінің артуына әсер етеді. Мұғалімнің жоғары деңгейдегі әрекеттері оқушылардың білімдерінің жоғары көрсеткіштеріне жетуін қамтамасыз етеді.



Алғашқы өткізілген география сабағында мұғалім сабақ мақсатын дұрыс қоя білді. Оқыту әдістері сабақтың мазмұнын аша алды. Алайда оқуды бағалаудың және оқыту үшін бағалаудың өз деңгейінде өткізілмегендігі, кері байланыстың әлсіздігі сабақ сапасына кері әсер еткені талқылау барысында ескертілді. Келесі орыс әдебиеті сабағында осы мәселелерге көңіл бөлу жөнінде пән мұғаліміне ұсыныс берілді.



Сыныптағы байқау барысында бақылаушылар онда не естігенін және не көргенін назарға алуы тиіс. Пікірлерге, интерпретацияларға немесе ағат пікірлілікке көңіл бөлмеу және нақты дәйектемелер бойынша дәлелдемелерді жазу өте маңызды болып табылады. Бұл жай ғана бір мәселе емес, бұл мұғалімді оқу үрдісіне жанама шақыру болып табылады. Сондықтан бақылаушыларға да, мұғалімге де ерекше талап қойылды.

Сабақ барысында оқушылардың сыни ойлауын дамытатын тапсырмалар берілді. Оқыту әдістері түрленіп өткізілді. Оқыту үшін бағалау сабақтың әр кезеңдерінде жүзеге асырылғандықтан, ол оқушыларды ынталандырып, белсенділіктерін арттырып отырды.

Дегенмен, бақылаушы мұғалімдердің көбі сабақта не естігендері мен не көргендерін тізіп жазады немесе оқушы мен





мұғалімнің қарым-қатынасына, оқушылардың сабаққа белсене араласқанына көңіл бөледі. Бұның бәрі мұғалімнің құзыреттілігін, оның кәсіби шеберлігін толық көрсете алмайды. Сондай-ақ оқушының да сабақ барысында білім-білігінің артқанын, өсу динамикасын көрсетпейді. Сондықтан алгебра сабағында оқушылардың формулаларды дұрыс пайдаланып, есептерді саналы шешкені емес, соған барар жолды қалай өткені маңызды деп ойлаймын. Ол мұғалімнің кәсіптік деңгейінің жоғары екендігін растайды. Өйткені, ол осы формулаларды дұрыс қолданып, оқушыларды оған сәйкес есеп шығаруға үйретті.

Осылайша, Lesson Study зерттеуі мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің артуына игі ықпал етті деп тұжырым жасауға әбден болады. Себебі олар сабақты қалай бақылау керектігін, бақылау барысында неге көңіл аударуы қажеттігін үйренді. Міне, әрбір істелген жұмыстың нәтижесі бар екенін осыдан байқауға болады.

Оқушыларда да үлкен өзгеріс болғаны – мұғалімдердің көңіліне сенім ұялатты. А деңгейіндегі оқушының көшбасшылық қабілеті ашылып, өзіне сенімділігі ұлғайды. В деңгейіндегі оқушы А деңгейіне көтерілді. Ал С деңгейіндегі оқушы осы үш пәннен қанағаттанарлық бағалар алып жүрген. Мұғалімдердің ерекше ықыласынан, көңіл бөле қарағанынан ол тоқсан соңында екпінділер қатарына қосылды. Кейбір мұғалімдер ол оқушының бойындағы қабілеттерді аңғармай жүргендігі анықталды. Бұдан шығатын қорытынды: әр мұғалім алдында отырған оқушыға мұқият қарап, оның бойындағы ерекше қасиеттер мен қабілеттерін ашуға, білім алуға деген ынтасының не себептен бәсеңдегенін түсінуге тырысуы керек екендігіне пән мұғалімдерінің көзі жетті.

Әр сабақтан кейінгі кері байланыста да оқушылардың өздеріне деген сенімдерінің артқанын, оқуға деген ынтасының ұлғайғанын аңғарып отырдық.

Білім берудегі бүгінгі таңдағы жаңашылдықтың әлі ашылмай жатқан, бірақ ашылуға тиісті қыр-сырларын меңгеру үшін ерінбей, шығармашылықпен еңбек етуіміз керек. Сонда ғана мұғалім деген мәртебелі мамандықтың абыройын арттырып, өскелең ұрпақтың сапалы да терең білім алуына жол ашамыз.

### **Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтің кәсіби өсуіндегі әдістемелік қызметтің рөлі**

*Алтынбаева А.А.*

*Жамбыл облысы, Меркі ауданы әкімдігі  
білім бөлімінің № 5 Ақарал орта мектебі  
директорының оқу-әдістемелік  
ісі жөніндегі орынбасары*

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі жаңа белеске көтерілу үшін әлемдік білім беру кеңістігінде ықпалдастық қарым – қатынаста болғаны абзал. Елбасы «XXI ғасыр жоғары технологиялар дәуірі болады» деген сөзіне лайық мамандар дайындау мәселесінде ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі білім беру саласындағы проблема – әлеуметтік педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру. Қоғам талабына сай шебер мұғалім болу заман талабы болып тұрғаны анық. «Жаңа тұрпатты мұғалім – жан-жақты рухани дамыған, әлеуметтік тұрғыдан кемеліне келген шығармашыл тұлға, педагогикалық әдіс-тәсілдерді кәсіби тұрғыдан жетік меңгерген, үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын құзіретті маман. Сондықтанда жаңа формация мамандарын дамыту мен жетілдіруде мектептегі әдістемелік қызметтің маңызы зор болып табылады. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жаңаша құру ұмтылысы мұғалімнің иновациялық іс-әрекетіне байланысты болады.

Мектептің әдістемелік қызметтің тақырыбы: «Педагогтардың теориялық білімі мен әдістемелік білігін үздіксіз жетілдіру және оқытудың озық әдіс - тәсілдерімен қаруландыра отырып, құзіретті, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту» деп белгіленді.

Мақсаты: Мұғалімнің кәсіби құзырлығын арттыруға, мұғалімдер мен оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға әдістемелік жағдайлар жасау; Күтілетін нәтижесі оқыту мен оқуда білім беру мазмұнын жаңарту жұмысын жаңа тұрғыда ұйымдастыру арқылы, жеке тұлғаның өздігінен ізденіп, ой – өрісінің жан – жақты дамуына жағдай жасалып білім сапасы артады.

*Әдістемелік жұмыс негізгі үш бағытта жұмыс жасайды:*

*Инновациялық бағыт:* жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру және ғылыми-зерттеу әрекетін ұйымдастыру.

*Әдістемелік бағыт:* Жаңартылған білім беру мазмұнын енгізуде кәсіби қоғамдастық жұмысын үйлестіру; Әдістемелік конференциялар мен іс- тәжірибе алмасу семинарлары.

Мұғалімдердің тәжірибелерін зерттеу және жалпылау бағыты: мұғалімдердің шығармашылық топтары, публикациялар, әдістемелік құралдарды енгізу.

Жаңа білім беру ортасын қалыптастыруда әдістемелік қызмет төмендегідей топтармен жұмыс атқарады. Олар «Кәсіби қоғамдастық», «Әдістемелік пәндік бірлестіктер», «Заманауи технология көшбасшылары», «Тәлімгерлер мектебі», «Сабақты зерттеушілер тобы», «Диагностика және мониторинг тобы», «Озық тәжірибе мектебі».

Педагогтардың әдістемелік деңгейін көтеру жүйесі жоғары кәсіби деңгейге жетудің жаңа мүмкіндіктеріне жол аша отырып, өзгеріп тұратын білім беру жағдайын тұрақты бейімдеу мен педагогикалық әлеуетті үздіксіз дамыту үшін жаңа білім беру ортасын қалыптастыруда Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің деңгейлі бағдарламасы бойынша біліктілігін арттыру курсынан өтіп келген мұғалімдер қатарынан орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында деңгейлік бағдарлама идеяларын жүзеге асыруда «Ақарал прогресс» кәсіби қоғамдастығы жұмыс жүргізеді. Қоғамдастықтың жұмыс мақсаты: Сындрлы оқыту теориясына негізделген деңгейлі бағдарлама идеяларын оқыту мен оқу тәжірибесіне жеті модульді ықпалдастыра отырып коучинг, тәлімгерлік, сабақты зерттеу үдерістері арқылы жүйелі енгізу. Табысты кәсіби қоғамдастықтар реформа жүргізу жөніндегі көптеген жұмыс топтарын құру арқылы жүзеге асырылады. Олар Басқарушы тобы «Самғау», Үйлестіруші тобы «Шабыт», Дамытушы тобы «Зерде» топтары арқылы іске асырылады.

Басқарушы топтың негізгі жұмыс бағыты төмендегідей:

- Жаңа білім беру мазмұнына сай іс- әрекетті жоспарлау және жоспардың орындалуына басшылық жасау;

- Мектепте кездесетін проблеманы анықтауға зерттеу жүргізу;

- Мектептегі инновациялық жұмыстың жай-күйі, тиімділігі және әсерлілігін бақылау;

- Мұғалімдердің теориялық және тәжірибелік кәсіби құзіреттілігінің жоғары деңгейіне жетуге және олардың оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіруге ықпал ететін коучинг және тәлімгерлік үдерістерін іске асыру, басқару

- Білім сапасының өсуіне мониторинг жүргізу.

- Желілік қоғамдастық арқылы тәжірибе алмасу;

*Үйлестіруші тобы:*

- Мектептегі барлық оқушылардың оқыту тәжірибесін жетілдіру мақсатында іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу;

- Мұғалімдерге бағдарламаның жеті модулі ықпалдастырылған тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлауға көмектесу;

- Жиынтық және қалыптастырушы бағалауды пайдалану тиімділігін қамтамасыз етуде әріптестеріне көмек көрсету;

- Мұғалімдерді оқыту, оларды мектептегі Сабақты зерттеуге тарту мәселелері бойынша мұғалімдер тобымен кәсіби әңгімеге қатысу;

- Оқыту тәжірибесін жетілдіру мәселелері бойынша жұмыс жүргізілуіне ықпал ету.
- Коучинг қажеттілігін анықтау;
- Мұғалімдер тобына коучинг және тәлімгерлік жасау;

*Дамытушы тобы:*

- Бағдарламаның жеті модулі аясында оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді жетілдіру;
- Мұғалімдерге көптеген оқыту стратегиялары, түрлі педагогикалық тәсілдерді араластырып қолдану мүмкіндіктерін кеңейту;
- Өзінің оқыту тәжірибесіне Бағдарлама идеяларының енгізілуін талдау;
- Мұғалімдерге АКТ саласында мықты дағдыларды игертіп, оқытудың тиімді құралы ретінде пайдалануға көмектесу;
- Бағалау жүйесін жақсартуға ықпал ету;
- Мектеп қажеттілігін анықтауда сауалнама жүргізу;

Заманауи қоғамның тіршілігінде осы кәсіби қоғамдастықтың маңызы күннен күнге артып отырғаны анық. Қазіргі заманғы ұйымдар кәсіби қоғамдастықтың білім және инновациялар алмасу үдерісінде маңызды болып табылады. Қоғамдастық жұмысының әдістемелік кеңес жұмысымен бірге бірлесуі арқылы мұғалімдердің күзіреттігін арттырып, оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейту, оқыту тәжірибесімен алмасудың тікелей тетігін қамтамасыз ететіндігі байқалады. Заманауи технологиялар көшбасшылары мұғалімдерге әріптестерімен бірге жаңа тәсілдерді пәнге енгізу үшін коучинг және тәлімгерлік арқылы жұмыс істеуге мүмкіндік беретін дағдыларды ұсынады. Мұғалімдерге өз жұмысында жетістікке жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекетті талдау және ол туралы ойлануға арналған құралдарды ұсыну мүмкіндігі коучинг пен тәлімгерліктің барлық түрлерін біріктіруші фактор болып саналады.

### ***Қоғамдастық жұмысының негізгі бір бағыты коучинг үдерісі***



*Тәлімгерлік үдеріс 6 қадамнан тұрады олар:*

1. Кәсіби сұхбат, сауалнама алу;
2. Сұраныс бойынша проблеманы анықтау;
3. Тәлім алушылармен ақылдаса отырып мақсаттар қою;
4. Міндеттер бөлісу (не істейді);
5. Қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;
6. Сабақтарды, тізбектелген сабақтар топтамасын бірігіп жоспарлау;

### ***Әдістемелік қызметтің жаңаша жұмыс түрлері:***

- ✓ Сындалы оқыту теориясына негізделген деңгейлі бағдарлама идеяларын оқыту мен оқу тәжірибесіне енгізу сабақтары ;
- ✓ “Жаңа технологиялар – жаңа сабақта” әдістемелік онкүндіктер;
- ✓ Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша іс – тәжірибе алмасу семинарлары, тренингтер;
- ✓ Ашық есік күндері;
- ✓ Тәлімгерлік шеберлік сабақтар;
- ✓ «Оқытуда АКТ пайдалану үздіктері» апталығы
- ✓ «Үздік әдіс- тәсілдер» аукционы
- ✓ On-Line конференциялар, вебинарлар
- ✓ Мұғалімдер арасындағы дебат пікір сайысы
- ✓ Оқу сабақтарының өткізу сапасын бақылау, талдау, әдістемелік көмек көрсету;

Мектебімізде мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру және сабақтарында қолдану. Жаңа білім беру мазмұнына сай сындарлы оқыту теориясы негізінде жеті модульді сабақта тиімді ықпалдастыру; Түрлі оқыту құралдарын қолдануы. Әр сабақ бойы оқушылардың белсенділігін ұйымдастыру; Сабақта жаппай, топтық, ұжымдық жұмыстарды үйлестіру; Сабақта оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдануы. Қолданылған тәсілдердің сабақ мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі және жалпы сабақ мазмұнын айқындауда жүйелілігін қажет етеді. Мақсат – адам нәтижесіне кәміл сеніп, табандылықпен ұмтылатын, сол адам үшін ең маңызды болып табылатын дүние. Көзделген мақсатқа бірінші қадам- әрекеттер жоспарын жасау. Жоспардың болуы өздігінен мақсатқа жету болып табылмайды, алайда әрекеттер жоспарын жасау кезінде көзделген мақсаттарды бекіту өте маңызды. Осы үшін мақсаттарды бекіту маңызды болып саналады. Мұғалімнің оқушыларға арнап жоспарлайтын іс – жоспарлары оқу мақсаттары болып табылады. Осыған байланысты, оқыту мен оқу мақсаттарын қалыптастыруда мұғалімдер төмендегілерді ескеруге бағытталған:

- Сіздің ойыңызша оқушылар нені білулері тиіс?
- Оқушылар қандай түйінді идеяларды түсінулері керек?
- Оқушылар қандай мәселелерді зерттеп, талдаулары керек?

Яғни оқыту мақсаттары оқушы көзқарасымен болуы қажет. Оқыту мақсаты оқушының оқу барысында күтілетін нәтижесі. Оқыту мақсаты тек қана нәтижелерге жетуді көрсетпейді, яғни күтілу нәтижелеріне жету жолдарын көздейді.

#### ***Жаңа білім беру мазмұнына сай сабақты талдау әдістемесі***

✓ Сабақ мақсаты қаншалықты нақты болды? Оқушыларды сабақ мақсатымен таныстырылды ма? Жетістікке жету үшін оқушылар нені оқып үйрену керектігі ескерілді ме? Сабақтың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік үш мақсатының орындалуына бақылау жасау. Оқыту мақсатының орындалуы.

✓ Топтастыру әдісінің дұрыс ұйымдастырылуы. Топтар түрлі тәсілдермен құралады, топта жұмыс істеу ережелерімен таныстырылды ма? Оқушылар топ ішіндегі рөлдерді бөліп алды ма? Мысалы: көшбасшы, хатшы, тілші, бақылаушы, дизайнер, баяндаушы.

✓ Үй тапсырмасын бақылау. Үй тапсырмасын мүмкіндігінше саралап беру және пәнді терең меңгеруге талпынатын, қабілетті оқушылар үшін қиындығы жоғары қосымша тапсырмалар берілген бе? Үй тапсырмасының тиімділігін арттыруға арналған және оқушылардың терең білім алуына мүмкіндік беретін дидактикалық әдістер болды ма?

✓ Бірлескен оқуды жүзеге асыру. Топ қалай бірлесіп жұмыс атқарды? Топ мүшелері бір-біріне қалай көмектесті? Топ ішінде талқылау кезінде мұғалім әр топтың көзқарасын, жұмыс жүйесін мұқият бақылады ма? Бағыт берілді ме?

✓ Сабақта оқытудың қандай тиімді стратегиялары пайдаланылды? (Сабақта барлық оқушылар үшін түрткі болатын тапсырмалар болды ма? Қолданылған әдістері сабақ мазмұнын ашуға ықпал етті ме?)

✓ Жоғары қабілетті, дарынды және талантты балалар ескерілді ме? (Талантты және дарынды балаларды анықтап күрделілігі жоғары тапсырмалар болды ма? Мысалы: деңгейлік тапсырмалар, шығармашылық жоба, шығармашылық тапсырмалар, эссе, ментальді карта, тақырыптық таныстырылым жасау, т.б.)

Сонымен қатар мектебімізде енгізілген инновациялық іс – әрекеттің толыққанды нәтижесін көру мақсатында мектебімізде 2015 жылдан бастап жаңа бағыттағы мұғалім жұмысының тиімділігін бақылау моделі (бұдан әрі Модель) әзірленді. Бұл модел мұғалім жұмысына эвалюация жасауды, оның қажеттілігі, мұғалім мәдениеті, мектептің дамуына мониторинг жүргізуді, кәсіби даму және жеке тұлғалық- кәсіби ахуал, кәсіби қоғамдастықты дамыту мәселелерін қарастыруды көздейді. Бұл Модель негізгі үш бағытты қамтиды:

1. Педагогикалық ұжымның өзіндік үздіксіз кәсіби дамуына қолдау көрсету;
2. Мектептің даму іс- әрекеттерін бағалау;

3. Коучинг, тәлімгерлік, сабақты зерттеу үдерістері және кәсіби қоғамдастық бойынша мұғалім жұмысын эвалюациялау.

4. Осылайша ұсынылып отырған Модель мектеп мұғалімдерінің жұмыстарының тиімділігін бақылау арқылы табыстылығы туралы қазіргі түсінікке сай ауқымды білім мен тәжірибелік дағдыларды игеруіне, сондай-ақ енгізілген өзгерістерді бағалау, үнемі кәсіби өсуіне назар аудартуға бағытталған эвалюациялық үдерісті қамтиды.

Заман көшіне ілесе отырып, жаңашыл бағытта жұмыс жүргізу – барша ұстаз алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Осы міндеттерді жүзеге асыруда мектептің әдістемелік жұмысының алатын орны ерекше. Мектеп мұғалімдері арасында өтілетін түрлі әдістемелік отырыстар жаңаша түрде ұйымдастырып өткізуді дәстүрге айналдыру керек. Әдіс – тәсілдердің бәрін жүзеге асыру мүмкін емес. Ол үшін шығармашылық тұрғыдағы ізденіс, шыдамдылық, жүйелі жұмыс жасалуы керек. Қазіргі қоғам алдындағы қойылып отырған міндеттердің ең өзектісі бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін оқыту мазмұнын жаңартудың куәсі болып отырмыз. Жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың үйлесімді дамуына, жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа үлгідегі мектеп құру – педагог ғалымдар мен тәжірибелі мұғалімдердің бірлескен жұмысының нәтижесінде қол жеткізуге болатын ізденіс қорытындысы дегім келедеді.

### **Білім беру ұйымдары менеджерлердің басқару мәдениетін дамыту жолдары**

***Омарбекова Ғ. Ш.***

*Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы  
оқу-әдістемелік кабинетінің «Білім сапасын  
басқару және менеджмент» бөлімінің жетекшісі*

Біз әлемдік білім кеңістігіне енуге бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуына куә болып отырмыз. Барлық білім беру нәтижесіне халықаралық талаптардың күшеюіне байланысты Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – «*Ұлтымыздың әлеуетін оятуға және оны жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды төңкеріс қажет*», деп барлық білім беру жүйесінің қарқынды дамуына, ертеңгі болашағына тұғыр боларлық міндет жүктеп отыр.

Көз алдымызда білім парадигмаларының ауысуы жүріп жатыр: басқаша мазмұн, басқаша көзқарастар, басқаша қатынастар, басқаша педагогикалық менталитет ұсынылуда. Бүгінгі күннің сұраныстары әр маманнан білімді игерудің барысында жалпы білім беретін мектеппен және кәсіптік оқу орындарымен шектелмей, білім мен дағдыларды өмір бойы алу мен жаналау үдерісіне қарай бет алуды талап етеді. Сонымен қатар білім беруді басқаруға ғылыми көзқарастың, басқару мәдениетінің өзектілігін қамтамасыз ету мен негіздеуге, басқаруды ғылыми негізде ұйымдастыруға объективті және субъективті сұраныс саланы басқарудың барлық деңгейлерінде өткір сезіліп отыр. Білім беру ұйымдарын басқару деңгейінде бұл сұраныс «*Нәтижеге бағытталған сапалы білім*» моделі арқылы, жаңартылған білім мазмұнына көшу жағдайында басқару объектісі ретінде орта мектептер алдына қойылатын міндеттердің түбегейлі өзгеруімен, оның дербестігінің өсуімен, оны инновациялық үрдіс негізінде ұйымдастыру көмегімен ұдайы жаңарту қажеттілігімен, басқаруға зерттеушілік көзқарасты игерумен, мектепке және оны басқаруға әлеуметтік талаптардың күшеюінің талаптары ұсынылып отыр.

Осы орайда, білім беру ұйымдарының әдістемелік бағытта сапалы қызмет атқаруына әдістемелік қолдау көрсетуге облыстық оқу-әдістемелік кабинетінің «Білім сапасын басқару және менеджмент» бөлімі тарапынан келесі бағыттар жүзеге асырылуда.

*Негізгі бағыттары:*

Білім беру мекемелерінің басшыларына оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда ақпараттық- әдістемелік қамтамасыз ету;

Оқыту мен тәрбие жұмысының озық технологиялары бойынша ақпаратты қорытындылау және тарату.

Білім беру ұйымдары басшыларының инновациялық, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының нәтижелерін зерделеу, жүйелеу, қорытындылау және тарату.

*Күтілетін нәтиже:*

Білім беру ұйымдары басшыларын әдістемелік қамтамасыз ету арқылы басқару мәдениетінің жаңа парадигмасын құру болып табылады.

Осы орайда әдістемелік қамтамасыз ету шараларын нәтижеге бағыттау бойынша бірқатар жұмыстар атқарылып жатыр. Атап айтар болсақ, облыс көлемінде тәжірибелі мектеп директорларының озық іс-тәжірибесін тарату семинарлары, шеберлік сыныптары өткізіліп, облыс көлемінде таратылып, жас мектеп директорларының кәсіби шеберліктерін дамыту бағытындағы коучинг-сессиялары, білім сапасын арттыру бойынша тиімді әдіс-тәсілдер ұсынатын тәжірибелік семинар-практикумдар, білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру мақсатындағы халықаралық апробациялық және негізгі зерттеулер бойынша ақпараттар, мектеп директорының ғылыми әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасарларының шығармашылық белсенділіктерін арттыру мақсатында өткізілген ғылыми-әдістемелік жұмыстың ең үздік үлгісін анықтайтын байқаулар, мектеп бітірушілеріне кәсіптік бағдар беретін онлайн конференциялар, «Орта білім беретін үздік ұйым» байқаулары, таңдау курсының ең үздік авторлық бағдарламасы сияқты үздік жұмыстар облыс көлемінде таратылды. Соңғы жылдары инновациялық үрдіс тек оқыту мен тәрбиелеудің ғана емес, мектепті басқару үрдісінде де кеңінен таралуда. Қазіргі заманғы мектеп директоры дамушы мектепті басқаруға қабілетті менеджер және көшбасшы реформаторлық қабілетті ұштастыра алатын тұлға болуы керек. Сондықтан республикалық дәрежеде сыртқы байланыстарды тиімді орнату мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясымен, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының педагогикалық шеберлік орталығымен үнемі байланыс орнатылуда.

Бүгінгі күні қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдендіру мәселелері тұр. Осыған байланысты оқушылардың білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға Қазақстан 2011 жылы TIMSS халықаралық зерттеуіне қатысқаны сіздерге мәлім.

Осыған орай, Жамбыл облысында 2011 жылы халықаралық TIMSS-2011 негізгі зерттеуі өткізілді. Облыс бойынша халықаралық зерттеуге 12 жалпы орта білім беретін мектеп қатысты.

Жамбыл облысы бойынша 4 сыныптар арасындағы қазақ тілінде оқитын оқушылардың білім сапасы – 51,4% (респ. - 45,2%, респ. - 5 орын), орыс тілінде оқитын оқушылар - 60%- ды көрсетті (респ. - 54,2%, респ. - 8 орын). 8-сыныптар бойынша қазақ тілінде оқитын оқушылар - 45,2% (респ. - 42,2%, респ. - 6 орын), орыс тілінде оқитын оқушылар - 62,6% білім сапасын көрсетті (респ. - 45%, респ. - 1 орын).

Сондай-ақ, мектеп басшыларының басқару шеберліктерін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының «Кәсіби өсу мен даму» орталығымен және Қазақстан Республикасының Ұлттық білім беру статистикасы және бағалау орталығымен бірлесіп 2011, 2014 жылдары облыстың басшы кадрлары үшін семинар жұмыстары ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикалық Педагогикалық Ғылымдар Академиясының ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік директор», «Үздік директордың орынбасары» атты тәуелсіз қоғамдық республикалық байқауында облыстық «Дарынды ер балаларға арналған мамандандырылған қазақ-түрік мектеп-интернатының директоры Ахмет Гази Чолак 2015 жылғы «Үздік директоры» I Тәуелсіз қоғамдық байқауының жеңімпазы деп танылып, Қазақстан Республикасының Педагогикалық Ғылымдар Академиясының Мүшесі болып сайланды. Сондай-ақ, аталған байқауда Т.Рысқұлов ауданы №2 шағын орталықты орта

мектеп директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары – Сүлейменова Анар Кәдірбайқызы Республикалық «Үздік мектеп директорының орынбасары» тағы басқа мектеп әкімшіліктері осындай байқаулардың жеңімпаздары атануда.

Сондай-ақ, «Үш тілде оқытатын мамандандырылған дарынды балаларға арналған» мектеп директоры Раушанова Рахат Арқабайқызы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Астана қаласында өткізілген «Үздік мамандандырылған білім мекемесі-2015» байқауында бас жүлдені иеленді.

Жамбыл облысының үздік білім беру ұйымдарының басшылары «Лучшие люди в образовании» халықаралық Энциклопедиясына үздік білім мекемелері мен үздік білім беру ұйымдарының басшылары ретінде ұсынылып халықаралық энциклопедияға жарияланды.

2011 жылдан бері облыста өткізілетін «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын тағайындайтын байқауына қатысып, берілген критерийлерге сәйкес сапалы қызмет атқарып жүрген үздік білім беру ұйымдарының басшылары да жетерлік. Атап айтсақ, 2011 жылы – Меркі ауданы И.Трубицын атындағы мектеп-гимназиясы, директоры - Тлеубердиева Гүлжан Ержанқызы; 2012 жылы – Тараз қаласа №1 гимназиясы, директоры Тумабекова Алия Абдрахманқызы; 2013 жылы – Тараз қаласы Бауыржан Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы, директоры Ниязбекова Айша Бердешқызы; 2014 жылы – «Дарынды ер балаларға арналған мамандандырылған қазақ-түрік интернаты», директоры Ахмет Гази Чолак; 2015 жылы – Тараз қаласы №40 гимназиясы, 2016 жылы - «Үш тілде оқытатын мамандандырылған дарынды балаларға арналған» білім мекемелері грант иегері атанып облыс әкімінің қаржылай сертификаттарына ие болуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын іске асыру мақсатында «100 нақты қадам» Ұлттық жоспарының 76-шы қадамындағы табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру облыс бойынша жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру мекемелері қызметтерінің тиімділігін бағалау, білім беру сапасын арттыруға ынталандыру, мақсатында облыс бойынша инновация режиміндегі «Табысты мектеп» номинациясы бойынша Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №45 Бауыржан Момышұлы атындағы қазақ классикалық гимназиясы, Сондай-ақ Тараз қаласы №1 гимназиясы, Жуалы ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Г.Орджонекидзе атындағы мектеп-гимназиясы қаржылай сертификаттарға ие болуда.

Мінекей әдістемелік қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігінің түйіні осында жатыр деп ойлаймын. Алдағы уақытта бұдан да жоғары көрсеткішке ие болу үшін мектеп басшыларын ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету қызметтері дами түсуі тиіс. Әсіресе мектеп директорлары 2016 жылдан бастап, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі №243 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 86-тармағы «Мектеп директорларының қызметін бағалау мен мониторингтеуді жүргізу бойынша ұсыныстар енгізу» туралы тапсырмасына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың білім беру ұйымдары басшыларын бағалауды жүргізуіне арналған әдістемелік ұсынымдары бойынша басшылық және басқару сапасының өлшемшарттары мен дискрипторлары бойынша бағалау ұсынылуда.

Ол үшін Білім беру ұйымын басқарудағы негізгі ұстанымдар яғни, ғылымилық, басқару мәдениеті, мақсаттылық, жүйелілік, жекелей жауапкершілік, жеке тұлға ретінде қарау, адамгершілік, сауаттылық, ынтымақтастық, инновациялық даму, жаңа бағытта дамуға бағыт-бағдар беру, Блез Паскальдің *«Мектеп ұжымына әсер етудің екі түрлі жолы бар. Бірі – ынталандыру, екіншісі әр мұғалімнің білімі мен білігіне күмән келтірмеу. Соңғысы қашанда өтімдірек болмақ»* демекші ынталандыру әдістері арқылы айтарлықтай жетістікке жетуге мүмкіндік бар.

Аталған, әдістемелік ұсынымдағы өлшемшарттарға сәйкес келу үшін мектеп басшылары тынбай сапалы, нәтижелі қызмет етулеріне әдістемелік сүйемелдеу бойынша барынша ықпал етуіміз қажет.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіздіктің үшінші онжылдығына еркін қадам басқан егемен еліміздің білім беру саласындағы әдістемелік қызметтерінің міндеттері мен перспективасы айқын.

Қазақстанды әлемге паш ететін – ғылымы мен сапалы білімі - деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тілге тиек еткендей білім беру ұйымдарындағы сапалы білім беруді дамытуда табысты мектептердің қатарын көбейту, инновацияға жаңа қадам басу – басты міндет десек, болашаққа бағдарланған осы саясат аясында жүзеге асырылып жатқан қызметтің орындалуына барынша үлес қосу – әдістемелік қызметтің басты міндеті деп білемін.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. «Білім туралы» ҚР 2007 жылдың 27 шілдедегі №319-III Заңы;
2. 2016 жылғы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі №243 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
3. Білім беру ұйымының әдіскері №7 (7)-2015ж.
4. Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы № 8(72) 2016ж.

**Кәсіби құзіреттілікті дамытудағы шығармашылық топтардың үлесі**

***Бейсекеева Ф.М.***

*Жамбыл облысы, Сарысу ауданы  
«Абылай хан атындағы орта мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі,  
директордың ғылыми әдістемелік  
ісі жөніндегі орынбасары*

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жалпы білім беретін мектептерде еліміздің зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, оның тез өзгертін әлемде табысқа жетуін қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық игіліктері үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамытуды мақсат етеді. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін ақпараттық қоғамдағы өмір сүру жағдайы мен уақыт талабына сәйкес әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағдарланған жаңа білім беру жүйесі құрылуда. Дүниедегі ең абзал нәрсе –адам баласының тәуелсіздігі мен еркіндігі десек, еркін елдің ертеңі –кемел білім мен кенен ғылымда.

Біздің мемлекетіміз үшін ХХІ ғасыр –дүниежүзілік өркениетке өрлеу ғасыры, білім бәсекесі ғасыры. Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «ХХІ ғасырда білімін жетілдіре алмаған елдің тығырыққа тірелуі анық. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы басқаруларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз» -деп атап көрсеткені баршамызға аян. Мұның өзі білім беру мен мектепті басқаруда жаңаша педагогикалық құндылықтар көзқарасы тұрғысынан келуді талап етеді.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты–бәсекеге қабілетті маман дайындау. Халқымыздың заңғар жазушы М.Әуезов «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін- білім» деген пікірі үлкен көрегендік пен даналықтың белгісі. Бүгінгі таңда білім



беру саласында болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтар аса маңызды және өте тиімді дер едім. Оған дәлел Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы, деңгейлік курстың ұйымдастырылуы дер едім. Мектеп басшыларының осы кәсіби біліктілігін арттыру курсына келгелі көңіліме түйгенім, үйренгенім, өзім үшін алғаным өте көп. Қазіргі уақытта деңгейлік курстан өтіп келген мұғалімдердің жұмыстарын толық түсініп, бағыт-бағдар беріп, ынтымақтастықпен, шығармашылықпен жұмыс жасау мектеп өміріне өзгеше бір серпіліс, өзгеріс әкелгендей болды. Курс барысында алған теориялық білім мен тәжірибені бір мақсат жолында тоғыстыруды ойладым. Мектептегі тәжірибе кезеңінде мектепті дамыту жоспарын жүзеге асыру барысында коучингтер мен тренингтер, шеберлік сыныптар мұғалімдерге, оқушыларға, ата-аналарға үлкен әсер етті. Топтық жұмыс барысында өзара ынтымақтастық, түсіністік, бір-біріне қолдау көрсету, үйренуге, білуге деген талпыныс, қызығушылық, шығармашылық сияқты жақсы қасиеттердің дамитынына көзім жетті. Сабақ барысында оқытудың жеті модулін тиімді пайдалана отырып, барлық оқушыны оқуға қамту, белсенділіктерін арттыру, қызығушылықтарын ояту, сыни тұрғыдан ойлау, өз ойларын бүкпесіз айту, ізденімпаздықпен, ұйымшылдықпен жұмыс жасау сияқты көптеген жақсы қабілеттерді дамытуға мүмкіндік туатынын байқадым.

Мектеп-үйрететін орта, оның жүрегі-мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұсы-оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесінде оқыту үдерісін, тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагогтің ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жұмыс жасауына негіз болары анық.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі. Өзгермелі заман талабына сай жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және тәжірибеде ұтымды пайдалану, оқушыларға нәтижеге бағытталған сапалы білім беру, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру-әр мұғалімнің басты мақсаты. Сондықтан да мектебіміздің ұжымы *«Жаңа ақпараттық технологияға бейімделген білім беру жолдары арқылы оқушылардың білім деңгейін көтеру»* деген өзекті мәселені жүзеге асыру мақсатында жұмыс жасауда. Бүгінгі мақсат-әрбір оқушыға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау. Негізгі қағидалары: оқушыға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; оқушының танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; оқушының өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; оқушының танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс жасау; оқу үрдісін оқушылардың сезінуі. Әрбір педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновациялық технологиялар туралы білімі; оны жан-жақты меңгеруі; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеруі; инновациялық технологияларды тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны тәжірибеде дұрыс қолдану. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту-таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы. Мақсаты-оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияларды қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы жүзеге асырылады.

Осы орайда білім беруді дамыту жағдайында ғылыми-әдістемелік жұмысты басқару қалай жүзеге асырылуда? Ұрпақ тәрбиесі ұстаздардың қолында дегенмен, білім мекемесін тиімді басқару құзыреті бүгінгі әдіскердің тұлғасы мен іс-әрекетіне өте жоғары талап қояда. Білім саласын басқарушы шебер ұйымдастырушы болумен қатар ұжымның кәсіби құзыреттілігін жетілдіріп, инновациялық әдіс-тәсілдерді терең меңгерген, зиялылық пен ізгілікті бойына жинаған, жауапкершілік пен шығармашылық қасиеттерді бір арнаға

тоғыстыра білетін тұлға болуы қажет. «Мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі табан аумамай шектеліп қалуға болмайды... Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер...»,- дейді Ж. Аймауытов. Мұғалімдерге аса күрделі жауапкершілік өте жоғары міндет жүктеліп отыр. Ал мұғалім құзіреттілігін қалыптастырып шеберлігін шыңдайтын орта-мектептің ғылыми әдістемелік орталығы.

Әдістемелік жұмыс – педагог кадрлардың ғылыми-ілімдік, кәсіптік, әдістемелік, мәдени деңгейін сапалы көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жүйесін қосатын кешенді және шығармашылық даму үрдісі. Ол – оқу-тәрбие жұмысын басқару, мұғалімдерді жоғары әдістемелік мәдени рухта тәрбиелеу және өз еңбегінің сапасы мен нәтижесінде талап қоя білудің маңызды бағыты – оқыту тәжірибесінде ұтымды, тиімді әдістерді шығармашылықпен игеру, бұл оқушылардың танымдық, ойлау қызметін жандандырып, терең, берік білімді, іскерлік пен дағдыны қалыптастыратын болады.

Мектебімізде алты әдістемелік пән бірлестігі мектеп жұмысын жандандыруда бірлесе еңбек етуде. Олар: «Асыл қазына» қазақ тілі мен әдебиеті, тарих, «Болашақ» ағылшын, орыс тілі, «Шамшырақ» бастауыш сыныптар, «Жаратылыстану» география, биология, өзін өзі тану, «Эврика» математика, физика, информатика және «Әсем өнер» дене шынықтыру, технология, бейнелеу өнері пән бірлестіктері. Шығармашылық топтар саны үшеу. Олар: «Зерде» , «Шеберлер», «Қайнар». Мектебіміз аудан көлемінде озат тәжірибені тарату бойынша тірек мектебі есебінде. Көп жылғы тәжірибесі бар, шығармашыл мұғалімдердің бастамасымен «Қайнар» озат тәжірибені насихаттау мектебі жұмыс атқарады. Жалпы алғанда, кез келген жұмыста белгілі бір жетістіктерге жету үшін оның өзіндік ұстанымдарын сақтау қажет. Бұл жұмысты ғылыми негізде жүргізудің маңызды шарттарының бірі болып табылады. «Қайнар» озат тәжірибе мектебінің негізгі мақсаты: Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту, сабақта және сабақтан тыс уақытында оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру жұмыстарын жүйелеу талабы, ұстаздардың кәсіптік шеберлігін арттыру бағытында үздіксіз жұмыс жүргізу, озық жұмыстарды тарату. Талаптары:

-әдістемелік жұмыстың ғылымилығы, мұғалімдер мамандығын көтеру жүйесінің қазіргі ғылым жетістіктеріне бағыт ұстауы,

-әдістемелік жұмыстың жүйелілігі, жүйенің тұтастығы, мақсат, міндет, мазмұн мен жұмыс әдісінің бірлігі тиімді нәтижеге жетудің көрсеткіші ретінде қаралуы.

- әдістемелік жұмыс пен мұғалімдердің шығармашылық ізденісінің нәтижелі болуы үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Мұғалімдердің бастамасымен құрылған шығармашылық мектептерінің негізгі қызметі мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін шыңдау, озық жұмыстарды насихаттау. Насихаттақ көздері:

Шебер сыныптар,  
Дөңгелек үстелдер,  
Мектепшілік семинарлар,  
Аудандық іс-шараларға қатысу,  
Ғылыми-тәжірибелік конференциялар,  
Онлайн режиміндегі семинарлар,  
Коучингтер,  
Іскерлік ойындар.

Аталған іс шаралардың нәтижесі озат тәжірибе мектебінен шыңдалып шыққан қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Базарбаевамен, биология пәні мұғалімі А.Ыдырысбаеваның жұмыстары 2012 жылы республикалық ІІ халықаралық «Орта білім берудің мазмұны: дәстүрлері мен өзгерістері» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, өзекті баяндамалары мақалалар жинағына, 2012 жылы «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру

институтының «Білім сапасын басқарудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағына А.Ыдырысбаеваның «Педагогикалық технологиялар-білім беру сапасын арттыру құралы» тақырыбындағы мақаласы енгізілсе, 2016 жылы Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің «Экологиялық ғылыми зерттеу жұмыстары арқылы оқушылардың шығармашылығын арттыру» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдарының жинағына, биология пәні мұғалімі А.Ыдырысбаеваның «Экологиялық ғылыми зерттеу жұмыстары арқылы оқушылардың шығармашылығын арттыру ролі» мақаласы, география пәні мұғалімі Б.Есмуратованың «Экология және ұлттық ұғым» тақырыбындағы мақаласы енгізілді. Бұл шығармашылық топ мүшелерінің еңбегінің жемісі.

Мектебімізде I, II және III деңгей бойынша білімдерін жетілдерген 12 мұғалім бүгінгі таңда мектебімізде «Бастау» атты шығармашылық топ құрып, 2-еуі коуч ретінде жұмыс жүргізуде. Нәтижесінде өзгерістер мен қайта құрулардың тиімділігі артуы;

- Оқушыларда сыни тұрғылан ойлауының пайда болуы ;
- Топпен жұмыс жандануы ;
- Оқушы үні ;
- Кәсіби әңгіме ;
- Желілік қоғамдастықтардың құрылуы.

Бүгінгі өзгермелі заман талабына сай ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың қарқынды дамуына байланысты аудан мектептерімен желілік қоғамдастық құру арқылы нәтижеге бағытталған білім беруде инновациялық технологияларды қолдану тиімділігін арттыру мақсатында іс-тәжірибе алмасу өте тиімді. Желілік қоғамдастық- бұл ақпарат алмасу үдерісі. Сонымен қатар онлайн режимінде сабақ жүргізу және сабақтарға қатысу, талдау арқылы да мұғалімдердің инновациялық қызметін дамытуға мүмкіндік зор. Бүгінгі таңда мектебіміздің пән мұғалімдері жоғарыда көрсетілген инновациялық технологияларды қолданудың оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру кезеңдерінен өтіп, дамыту кезеңі бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл бағыттағы жұмыстарды күшейтуде семинар, конференция, тренинг, ашық есік күндері, әдістемелік күн, шебер сынып, педагогикалық оқу сияқты шаралардың ролі ерекше.

«Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады, біріншісі-ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі-құрбыларынан»,–деп ұлы Абай айтқандай, жасыратыны жоқ, қазіргі кезде ата-ананың сұраныс деңгейі биік. Баланы жан-жақты, дені сау, үйлесімді болып өсуіне ата-анасы мұқият ден қояды және түрлі танымдық қабілеттерін арттыратын түрлі үйірмелерге қатыстырады. Оның барлығы, әрине, заман талабына сай, бірақ ең бастысы – адамгершілік, инабаттылық тәрбие–тәрбиенің бастамасы. Осы тұрғыда мектебіміздің атқарып жатқан жұмыстары ата-ана талабына, оқушы мүмкіндігіне, уақыт ағымына сай дегім келеді.

*Пайдаланған әдебиеттер:*

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Ориентированное образование в современной школе. Алматы 2009 жыл, (оқу –методикалық журнал)
3. «Қазіргі кезеңдегі педагогтардың кәсіби құзыреттілігі: проблемалары және даму болашағы» атты жинағы. Алматы 2009 жыл.
4. М.Валиева. Мектеп қызметін басқару, бақылау жолдары.

## **Состояние и перспективы методической работы в средней школе**

**Пак Е. А.**  
*заместитель директора по научно-методической  
работе КГУ «Средняя школа №31 отдела  
образования акимата г. Тараз»*

Совершенствование качества обучения и воспитания в школе напрямую зависит от уровня подготовки педагогов. Общество всегда предъявляло, и будет предъявлять к педагогу самые высокие требования. Учитель должен знать не только свой предмет и владеть методикой его преподавания, но и иметь обширные знания, быть современным, эрудированным человеком, разбираться в различных сферах общественной жизни, ориентироваться в современной политике, экономике. Этот уровень должен постоянно расти.

Результат работы школы находится в прямой зависимости от кадрового потенциала, от уровня профессионального мастерства учителя. Мастерство педагога формируется через постоянную, систематическую профессиональную учебу на рабочем месте. Поэтому методическая работа является одним из действенных путей повышения профессионального мастерства педагога, оказание реальной адресной помощи учителям в развитии их профессионального мастерства.

Так как требования к учителю на современном этапе постоянно растут, то и содержание методической работы находится в состоянии постоянного развития. Методическая работа – это целостная система взаимосвязанных мер, направленных на всестороннее повышение квалификации и профессионального мастерства каждого педагога, на развитие и повышение творческого потенциала педагогического коллектива в целом, а, в конечном счете – повышение качества и эффективности образовательного процесса. Любой заместитель директора по научно-методической работе знает, что его работа в школе огромна. Это бесконечный процесс, в основе которого лежит глубокая диагностика профессиональных потребностей учителей. Научно-методическая работа является одним из важных компонентов в системе управления учебно-воспитательным процессом. Она включает целевое стратегическое планирование деятельности всех подразделений работы школы, грамотное и своевременное внедрение в учебно-воспитательный процесс инструкций, приказов, положений, изучение с коллективом и внедрение инноваций, аттестацию, работу с молодыми кадрами, подготовку методических разработок, методических рекомендаций, учебно-методических пособий, разработку учебно-методических материалов, организацию работы с одаренными детьми и многое другое.

Методическая работа сегодня направлена, в первую очередь, на развитие и саморазвитие индивидуальной творческой деятельности педагога, на социальную защиту педагогов через оказание систематической адресной помощи с учетом их потребностей и индивидуальных качеств.

В нашей школе отправным пунктом к планированию работы с кадрами является диагностика профессиональных потребностей. Какое – то время диагностика профессиональных потребностей была слабым звеном в моей работе. Знания по системе организации диагностики я получила на курсах повышения квалификации руководителей общеобразовательных организаций Республики Казахстан при Центре Педагогического Мастерства.

Практика показывает, что без диагностики нельзя оптимально управлять какими бы то ни было педагогическими процессами, ведь смысл диагностирования состоит в том, чтобы получить реальную и по возможности наглядную картину действительности, оперативную и надежную информацию о проблемах коллектива в целом и профессиональных затруднениях каждого. А как планировать работу без такой информации? Изучение деятельности и личности педагога – необходимая предпосылка повышения качества и эффективности образовательного процесса, отправная точка, с которой и начинается

методическая работа в школе. Когда мы только начали практиковать диагностику профессиональных потребностей педагогов, то столкнулись с проблемой необъективной оценки учителями своих потребностей. Возможно «комплекс отличника» является профессиональной издержкой всех учителей, ведь ни для кого не секрет, что учитель – публичный человек, который ждет исключительно положительной оценки своей деятельности. Как следствие – нежелание признавать проблемы в своей работе. При первом проведении тестирования мы получили результаты, которые были далеки от реальной ситуации. Исследование показывало, что все без исключения учителя занимаются самообразованием, постоянно читают методическую литературу, совершенствуют свое профессиональное мастерство и...успешно справляются со своей работой... Грамотно спланировать методическую работу в подобной ситуации невозможно. Развивать коллектив, где большинство убеждено в своей абсолютной компетентности и искренне верит в то, что не имеет потребностей в профессиональном развитии весьма сложно. Где же решение проблемы? – В организации комплексной целенаправленной, системной работы с кадрами. Мы разработали комплекс методических мероприятий, целью которых было заставить учителей посмотреть на свою работу и на себя в системе педагогической деятельности критически. Это было массированное и массовое погружение в новые знания, новый опыт, новую практику. Огромной и актуальной проблемой сегодняшнего дня является нежелание детей учиться, пресловутая «низкая учебная мотивация». Эта проблема остро стоит и в нашей школе. А имеют ли высокую профессиональную мотивацию учителя? Методическая работа в школе начнет приносить результаты только в том случае, если каждый педагог школы будет заинтересован в личном профессиональном развитии, и развитии школы в целом. Чем больше удовлетворен учитель своей работой, тем больше он заинтересован в совершенствовании своего мастерства. Мы начали с того, что задали учителям единственный вопрос «Если ребенку на моем уроке не интересно, если он на меня не смотрит, если я не могу найти контакт с родителями, которых вижу каждый день на протяжении 11 лет, какой вывод я могу сделать о своей работе? Я хороший учитель?»

Удивительно было наблюдать за тем, как на глазах меняются наши коллеги. Как в старой прописной истине «чем больше мы узнавали, тем обширнее становилось поле непознанного, тем больше возникало вопросов, чему и как учить».

Повторная диагностика профессиональных потребностей учителей позволила сделать вывод, что «лед тронулся», у наших коллег появились вопросы и сомнения. Планированию методической работы предшествует глубокий анализ каждого из ее звеньев с точки зрения влияния их деятельности на рост педагогического и профессионального мастерства учителя. Сегодня мы всю работу коллектива строим на основе диагностики, а учителя, зная, что им будет оказана персональная и своевременная помощь в работе, искренне участвуют в обмене мнениями, делятся опытом, говорят о проблемах.

В нашей школе не бывает сухих заорганизованных методических мероприятий. Игры, аукционы педагогических идей, круглые столы, коучинги, тренинги, где идет живое, бурное обсуждение ситуаций, предлагаются новые нестандартные решения проблем, и каждый имеет право слова. Почему? Мы поднимаем проблемы, которые волнуют каждого. В коллективе работают 11 учителей новой формации. Их планы учитываются при планировании работы школы на год. «Инновационное усовершенствование учителей» в нашей школе формируется на основании плана работы профессионального сообщества «Энтузиаст».

Огромной и пока нерешенной проблемой современного учителя является самообразование. Не открою Америки, если скажу, что проблема организации самообразования учителей пока не решена. Большинство педагогов считает «План самообразования» очередной формальностью. Можно ли директивно заставить учителей заниматься самообразованием? Опыт показывает, что невозможно. Как организовать самообразование как процесс сознательной самостоятельной познавательной деятельности?

В педагогическом словаре говорится, что «САМООБРАЗОВАНИЕ – это целенаправленная познавательная деятельность, управляемая самой личностью; приобретение систематических знаний в какой-либо области науки, техники, культуры, политической жизни и т.п.» Это говорит о том, что толчком к самообразованию должен стать внутренний посыл, потребность в знаниях, которая исходит от самого учителя. Можно ли заставить учителя заниматься самообразованием, если у него отсутствует мотив?.. Ответ лежит на поверхности.

Причины, которые чаще всего называют учителя - это отсутствие времени, нехватка источников информации, отсутствие стимулов и др. Это всего лишь проявление инертности мышления и лени ума, так как самосовершенствование должно быть неотъемлемой потребностью каждого педагога. А где её взять?

Самообразование - это потребность творческого и ответственного человека любой профессии, тем более для профессий с повышенной моральной и социальной ответственностью, каковой является профессия педагога. Научить творчеству нельзя. Развить способность к самообразованию у взрослого человека можно только в исключительных случаях. Саморазвитие - признак профессионала высокого класса. Немаловажно учитывать такие факторы, как интеллект, трудолюбие, наличие цели, высокий уровень мотивации и многое другое. Каждый ли современный учитель обладает этими качествами? Уверена, что «самообразование» ради «галочки» никому не нужно. На мой взгляд, эта работа должна быть индивидуальной и дифференцированной.

Перечисленные трудности свидетельствуют о том, что в школе необходимо создать благоприятные условия для развития самообразования педагогов с целью формирования высокого профессионального мышления, организационной культуры, устойчивой потребности в самосовершенствовании, непрерывного стремления к изучению опыта самостоятельного приобретения знаний.

И вновь нам на помощь приходит диагностика. Системная работа по организации самообразования начинается с аналитической деятельности. Это позволяет выявить как слабые, так и сильные стороны готовности педагогов к самообразованию.

Роль методической службы на первом этапе заключается в том, чтобы на основе материалов диагностики помочь учителям сформулировать, откорректировать темы по самообразованию, грамотно спланировать работу. После выбора тем составляется реестр. Самообразование каждого будет значимым в том случае, если оно определяется проблематикой конкретной школы, класса, ученика. Без внутреннего мотива самого учителя, потребности к саморазвитию, стремления к самосовершенствованию эффективность различных курсов повышения квалификации, семинаров и конференций, коучингов, менторинга и в целом вся система методических мер, - будет неэффективной, а процесс самообразования педагога останется пустой формальностью. Учителю должна быть предоставлена возможность самому выбрать направление деятельности, которое определяется уровнем его профессионального мышления и мастерства.

В каждой школе есть сложившиеся традиции. Важно с внедрением инноваций сохранить и развитие положительного опыта, накопленного годами. Участие педагогов в методической инновационной деятельности способствует в конечном итоге формированию личной педагогической системы и индивидуального стиля педагогической деятельности.

Для того чтобы справиться с проблемами, в первую очередь административному корпусу школы необходимо постоянно заниматься самообразованием. Важно не только правильно определить и ранжировать круг возникающих и интересующих проблем, подобрать литературу для изучения, но и применить приобретенные знания на практике. Результаты самообразовательной деятельности членов администрации должны становиться достоянием членов педколлектива, оказывать эффективное воспитательное влияние, как на совершенствование управления, так и на жизнедеятельность школы в целом.

## **Инновационный опыт работы школы в условиях обновления содержания образования**

*Кайкенова А.А.  
г.Павлодар, СОШ № 21*

Для реформирования образования актуальным является обновление принципов связи в системе подготовки специалистов, которая нацелена на целостное развитие личности, на создание условий и возможностей профессиональной и социальной адаптации личности в обществе [1].

Современная школа живет в условиях постоянной модернизации. Появляются новые концепции и новые общественные институты. В таких условиях педагогический коллектив не может стоять на месте, и поэтому инновационная деятельность общеобразовательного учреждения в целом и каждого члена педагогического коллектива отдельно должна стать реальностью дня. Одним из важнейших результатов работы школы в инновационном режиме является формирование управленческо - педагогического коллектива, владеющего проектно-исследовательскими, экспертными способами деятельности, способного к разработке и реализации проектов развития образовательной практики [2].

Главную роль в создании инновационного режима в школе должна сыграть методическая служба. Работа методической службы средней общеобразовательной школы представлена в виде следующей схемы (приложение А).

В данной схеме особое место отводим педагогическому совету, который определяет направление работы школы. Организация деятельности педагогических советов занимает особенное место в вопросах организационно-исполнительской деятельности администрации, способствует реализации демократических принципов в управлении школой и формировании педагогического коллектива, решению педагогических проблем, связанных с функционированием и совершенствованием учебно-воспитательного процесса[3].

Методический совет школы куда входят заместители директора по научно-методической и учебной работе, руководители методического объединения, обеспечивает выработку концепции развития, координацию и согласование действий по выполнению программ и проектов в школе. Вопросами сопровождение педагогов по вопросам качественного преподавания и выполнения программ обучения занимается методическое объединение учителей, а именно руководитель МО. Руководители методического объединения образуют центр информатизации, обеспечивая сбор, накопление, систематизацию, полное и оперативное распространение законодательных, нормативных и учебно-методических документов, координирование использования информационных ресурсов и внедрения технологий обучения в образовательной практике и передают информацию учителям методического объединения.

Каждый учитель методического объединения работает над определенной темой самообразования, планирование которого рассчитано на 3 года или 5 лет. По завершении работы по теме самообразования каждый учитель на заседании методического объединения обобщает свой передовой опыт, обсуждаются результаты его работы и даются рекомендации по распространению. Педагогов обобщающих и распространяющих свой опыт мы объединяем в педагогические мастерские, руководит которым опытный педагог (сам обобщивший опыт), освобожденный от классного руководства. Педагогическая мастерская занимается формированием действенной системы распространения и обобщения передового опыта. Учителя школы защищали свой опыт на городском, областном уровнях.

Наша школа является инновационной и реализует эксперимент по формированию конкурентоспособной личностей в условиях профилизации образования через партнерское взаимодействие Школа-Вуз. Оптимальная профессиональная и социальная адаптация

личности в обществе, как показывает практика, возможна при взаимодействии уровней образования.

*Цель эксперимента:* создание модели формирования конкурентоспособной личности в условиях профилизации образования через партнерское взаимодействие Школа-Вуз

Приоритетными направлениями реализации эксперимента являются:

1. Оптимизация учебно-воспитательного процесса, направленная на достижение высокого качества результатов обучения, успешное выполнение требований ГОСО и инновационных образовательных программ с целью развития готовности учащихся к продолжению образования после окончания школы; формирования компетенций учащихся, развития личности учащихся.

2. Работа с педагогическими кадрами: поддержка педагога, направленная на развитие его готовности к субъекту – субъектному развивающему взаимодействию.

3. Инновационная деятельность школы, включающая работу с одаренными учащимися, которая направлена на расширение проводимых мероприятий и на создание условий для раскрытия, развития и реализации творческих, учебно-исследовательских способностей учащихся, способствующих формированию конкурентоспособной личности; с родителями предполагающая повышение степени активного участия родителей в жизни школы, активизировать родителей регулярно посещать родительские собрания, общешкольные и классные мероприятия; работа по формированию физически здоровой личности через организацию профилактической работы по сохранению и укреплению здоровья.

Анализируя деятельность школы в режиме эксперимента можно отметить следующее:

1. Оптимизация учебно-воспитательного процесса заключалась в организации предпрофильного и профильного обучения в режиме взаимодействия с Вузами. Организация предпрофильной подготовки и профильного обучения осуществлялась на основе нормативных документов МОН РК. В данном направлении мы исходили из того, что профильное обучение и первый его этап – предпрофильная подготовка – призваны помочь ученику найти своё место в жизни, т.е. помочь самоопределиваться – знать четкие ответы на главные вопросы кем я хочу стать в этой жизни и почему, могу ли я выбрать именно этот путь, что и как для этого мне необходимо сделать, т.е создавали условия для формирования конкурентоспособной личности.

Профильное обучение позволяет более полно учитывать интересы, склонности и способности учащихся, создавать условия для обучения старшеклассников в соответствии с их профессиональными интересами и намерениями в отношении продолжения образования.

В связи с этим в школе внедрены спецкурсы по предпрофильной подготовке учащихся, такие как: «Теория и практика анализа текста», «Логика», «Условия успешной коммуникации», «Решение задач по химии», «Текстовые задачи и пути их решения», «Методы решения физических задач», «Биология в задачах». Курс «Логика» начинается с 1-го класса.

За годы работы в режиме эксперимента в школе сформировалась своеобразная технология профильной ориентации в 8-9 классах, включающая в себя следующие составляющие:

1. Диагностика познавательных интересов и профессиональной направленности;
2. Проведение классных часов «Выбирая профиль, выбираешь профессию», «Куда пойду учиться после 9 класса»;
3. Проведение родительских собраний в 8-9 классах «Профиль. Образование», «Карьера», в 10-11 классах «Современная ситуация на рынке труда и выбор профессии».
4. Оформление сменных стендов «Я выбираю профессию», «Выпускнику», расположенных в фойе школы;
5. Встреча с ППС Вузов региона на предмет самоопределения



Опыт работы показывает, что при всём многообразии средств педагогического сопровождения самоопределения школьников, центральным направлением работы школы со старшими школьниками должно стать информационное сопровождение профильного обучения, которое охватывает всех участников учебно –воспитательного процесса: учеников, учителей и родителей.

В рамках предпрофильной подготовки и профильного обучения формируется набор курсов по выбору. Большинство курсов рассчитано на 34 часа. Курсы направлены на профильную ориентацию и развитие интереса к определенному профилю или направлению.

В профильных классах учеными Инновационного Евразийского университета читаются спецкурсы «Специальные методы решения уравнений и неравенств», «Теория вероятности и математистики», «Научные основы познания». Учеными с Павлодарского государственного университета им.С.Торайгырова ведутся спецкурсы по следующим тематикам «Методы решения сложных задач по физике», «Физические методы исследования природы». Содержание данных спецкурсов направлено на формирование у учащихся естественно-научной картины и направляет их на выбор технических специальностей при поступлении в Вуз.

Реализация эксперимента осуществляется под руководством ученых (2- х кандидатов педагогических наук)Инновационного Евразийского университета они образуют проектную группу,занимающуюся внедрением эксперимента в образовательный процесс. Неотъемлемой частью инновационной работы являются одаренные дети. В школе работает программа «Одаренные дети» включающая подготовку и участие детей в предметных олимпиадах и конкурсах научных проектов. Данные направления работы реализуются в экспериментальных лабораториях, лаборатория «Исследователь» направлена на подготовку учащихся к выполнению научных проектов. Руководитель лаборатории объединяет всех учителей- руководителей научных проектов и учащихся. В данную лабораторию входят секции «Биология», «Охрана окружающей среды и здоровья человека», «Физика и техника», «Языкознание». В каждую секцию входит группа учащихся их разных классов (5,6,7,8,9,10 классы) по одному или два ученика из класса и все они работают над одной проблемой (готовят), у каждого есть свой индивидуальный план работы (приложение В).

Руководят данной группой учитель-руководитель и один учащийся старшеклассник (помощник педагога). Защищает проект один учащийся, это старшеклассник, а остальныепомогая собирать материал, наблюдая проводимый эксперимент получают опыт работы над проектом и на следующий год получают самостоятельные темы проектов. Работу над проектами начинали с начальной школы, где дети готовили проекты, защищали их, а переходя в 5 класс их в проектную деятельность вовлекали учителя старшей школы и продолжали с ними работать.

Лаборатория «Олимпиадец» ориентирована на подготовку олимпийских юниоров. Для этого во всех начальных классах и в среднем звене преподается спецкурс «Логика», способствующего развитию логики (для решения олимпиадных заданий требуется логика). В школе с участием ученых вуза проводится юниорская олимпиада с целью подготовки олимпийского резерва.

Несомненно, работа методической службы школы будет эффективной, если будут соблюдаться личноно – ориентированный подход к образованию, созданы условия для постоянного повышения профессиональной компетентности педагогов. Для этого мы создали в школе консалтинговый центр. Цель консалтингового центра- формирование новой, более вариативной и гибкой к современным условиям образовательной среды для профессионального, творческого развития педагогов и руководителей. В состав данного центра входят директор школы, зам. директора по НМР, руководили эксперимента (ученые Вуза). В данное время консалтинговый центр работу ведет в 4-х направлениях (экспертный сервис, библиотечно-методический сервис, информационный сервис, мониторинговый центр).

-Экспертный сервис - обеспечение экспертизы инновационных программ, проектов, результатов опытно-экспериментальной работы, помощь в диагностике проблемы, ее решение;

-Библиотечно-методический сервис - оказание библиотечно-информационных услуг и методической помощи;

-Информационный сервис - создание базы данных педагогических кадров, актуального педагогического опыта, инноваций, информирование педагогов и общественности о процессах, происходящих в системе образования;

-мониторинговый сервис-контроль выполнения инновационных проектов

Работа нашей методической службы направлена на увеличение степени самостоятельности педагога, формирование у него умения осознавать и решать возникающие в профессиональной деятельности затруднения и препятствия. Объектом управленческой деятельности должны стать сами затруднения, личностные препятствия в деятельности педагога.

#### *Список использованной литературы*

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118. – Астана, МОН РК, 2010. – 61 с.

2. Баскаев Р. В режиме инновационного развития//Учитель. -2005. -№5. -с.25-31

3. Бессолицина Р.В. Инновационные подходы к организации научно-методической работы //Методист. -2006. -№1. -с.25

4. Князева М.М. Эксперимент в школе: взаимодействие администрации и научного руководителя// Школьные технологии. -2001. -№1. -с.65

5. Куликова М.В., Муштакова Н.А. Потенциальные резервы и педагогические условия, стимулирующие инновационную методическую работу в гимназии//Управление качеством образования. -2008. -№5. -с.38-45

6. Куклев В.А. Мобильное обучение как педагогическая инновация// Стандарты и мониторинг. -2008. -№1. -с.60

7. Кулагина Н.В. Роль методической службы гимназии в реализации инновационной и экспериментальной деятельности // Инновации в образовании. -2008. -№11. -с.105

### **«Ағылшын тілін ерте жастан оқытатын жаңашыл-педагогтардың іс-тәжірибесін тарату» тілдік зертханасы**

*Медеубаева Д.М.*

*Турлыбекова З.А.*

*Қарағанды қаласы*

*Жалпы білім беретін №77 мектеп-  
балабақша кешені ағылшын тілі мұғалімдері*

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдаған жолдауында «Тәуелсіз еліміздің болашағы-жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек»- деген еді. Яғни, біздің елімізде қазіргі заман талабына сай, ағылшын тілін білу қоғамдық сұранысқа ие болып отыр.

Әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу проблемаларын шешу жөніндегі ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтің тапсырмасын сапалы орындау, көптілділікті қамтамасыз ету барысында ҚР Білім және ғылым министрлігінің 04.03.04 №174 бұйрығы бойынша Қарағанды қаласының жалпы білім беретін №77 мектеп-балабақша кешенінде ағылшын тілін ерте жастан оқыту 2-сыныптан басталды.

Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде 1 сыныптан бастап ағылшын тілін енгізуге байланысты 2012-2013 оқу жылында республикалық бағыттағы «Ағылшын тілін ерте жастан оқыту» эксперименті елбасының 17 сәуір 2011 жылғы шешімі бойынша аяқталды.

Мектебімізде бірнеше жыл жүргізілген жоғарыда айтылған эксперимент нәтижелі аяқталып, ұстаздарымыз көп тәжірибе жинақтады. Жүргізілген эксперименттің нәтижесі ретінде қалалық оқу бөлімінің тамыз маслихатының шешімі бойынша 2013 жылдың қазан айында «Ағылшын тілін ерте жастан оқытатын жаңашыл-педагогтардың іс-тәжірибесін тарату» зертханасы ашылды. Тілдік зертхана ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған «Мектептегі оқу кабинеттерінде білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық» негізінде жабдықталды.

Зертхана қазіргі заманға сай компьютерлер, проектор, аудио-бейне дискілер, электронды оқулықтар, мұғалімдердің өздері құрастырған әдістемеліктер, үлестірмелі материалдармен жинақталған интернет желісімен қамтамасыз етілген.

Тілдік зертхана құрылымы бірнеше бөлімдерден тұрады:

«Mass-Media» бөлімі:

Қызметі: ӘБ мұғалімдерінің әдістемелік өнімдер шығаруын бақылау және оларды басылымдарға беру, жетістіктер бұрышын безендіру, жаңартып отыру;

«Educational» бөлімі

Қызметі: ОЖСБ және ҰБТ жөніндегі көрсеткіштерді және сараптау, үлгермеуші оқушылармен жұмысты басқару;

«Outside communication» бөлімі:

Қызметі: Тәжірибе бөлісу және үйрену үшін басқа білім мекемелерімен және жоғары оқу орындарымен байланыс жасау;

«Methodical» бөлімі

Қызметі: Зертхананың әдістемелік әдебиеттері мен ОӘК қарау және жүйелеу;

«Innovations in ELT» бөлімі

Қызметі: Әдістемелік бірлестік жұмыстарын виртуалдық зертханаға қою;

«Дарынды балармен жұмыс» бөлімі

Қызметі: Оқушылардың әр түрлі деңгейдегі олимпиадаларға, байқауларға, конференцияларға қатысуын бақылау, қажетті есептер беру және осы бөлімнің бұрышын жасап отыру.

Зертхананың басты мақсаты ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің ерте жастан ағылшын тілін оқыту бойынша тәжірибесін көрсету және тарату.

Міндеттері:

әдістемелік және оқу құралдарын тәжірибеден өткізу және құру;  
ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің жұмыстарының тәжірибелерін тарату;  
дөңгелек үстелдер, семинарлар арқылы тәжірибе алмасу және үйрену.

Күтілетін нәтижелер:

- Әдістемелік және оқу құралдарын тәжірибеден өткізу және құру.
- Ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің жұмыстарының тәжірибелерін тарату.
- Дөңгелек үстелдер, семинарлар арқылы тәжірибе алмасу және үйрену.

Бүгінгі таңда бұл зертханада облыстың және қаланың барлық жаңашыл-педагогтары кез-келген уақытта өзінің іс – тәжірибесімен алмасуға мүмкіндігі бар.

Негізгі бағыттары:

- озат педагогикалық тәжірибені зерттеу, қорыту, хабарлау;
- қалалық, облыстық деңгейдегі семинарлар, практикум, конференцияларды өткізуге қамтамасыз ету;
- әдістемелік презентациялар өткізу;

- ғылыми-әдістемелік әдебиеттердә, тақырыптық, мерзімдік баспаларды, ең жақсы әдістемелік зерттемелерді жинақтау және жүйелеу;
- оқу процесінде жұмысты ұйымдастыру;
- мұғалімдердің өз бетінше білім алуына көмек көрсету;
- жаңа технологиялар, инновациялық жұмыстар орта білім берудің даму бағыттары мен мазмұны туралы ақпараттандыру.

Осы бағыттарды жүзеге асыру барысында мұғалімдер әдістемелік жұмыстар жүргізіп келеді.

Бүгінгі таңда бұл зертханада облыстың және қаланың барлық жаңашыл-педагогтары кез-келген уақытта өзінің іс –тәжірибесімен алмасуға мүмкіндігі бар.

Мектебіміздің мұғалімдері өздерінің бірнеше жыл бойы жинаған іс-тәжірибесімен басқа да қала мектептерінің мұғалімдерімен де тәжірибе алмасып отырады. Мысалы:шет тілі пәні мұғалімдері қалалық семинарда зертхананың тұсаукесерін жасады.

Мектебіміздің мұғалімдері зертхана мүмкіндігін қолдана отырып, мынандай іс-шаралар өткізіледі:

«Ағылшын тілін даралап, саралап оқыту» атты қалалық семинарында

1 - сынып бағдарламасы бойынша «шебер сыныптар»;

- қала мектептеріндегі директордың ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасарларының қалалық семинарында ашық сабақтар;

- 1 сыныпта ағылшын тіліне үйрету әдістері” тақырыбы бойынша өткен облыстық семинарда 1 сыныптарда панорамалық сабақтар өткізіп, өздерінің іс- тәжірибесімен бөлісті.

- бастауыш сыныптарға арналған “Speaking Club” үйірмесі ұйымдастырылып, қазақ халқының ертегілері ағылшын тіліне аударылып, осы ертегілерден қысқа үзінділер, мюзиклдар әр түрлі деңгейдегі іс-шараларға қатыстырылып келеді. Бұл үйірме жұмысын мұғалімдер жоғары бағалауда;

- оқушылардың жазғы демалысын сапалы ұйымдастыру мақсатында жыл сайын маусым айында «Friendship» бейінділагері жұмыс істейді. Лагердің жұмысын іске асыру барысында тілдік зертхана Қарағанды қаласындағы Гоголь атындағы Облыстық кітапханасындағы Американдық бұрышымен, Назарбаев Зияткерлік мектебімен тығыз байланыста. Оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту үшін осы мекемелерден Америка Құрама Штаттарынан келген еріктілер шақырылып, мұғалімдермен бірге түрлі іс-шаралар ұйымдастырады.

Кабинеттің әдістемелік жұмысын әрі қарай дамыту үшін жалпы білім беретін №77 мектеп- балабақша кешені Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің шет тілдер факультетімен өзара түсіністік меморандумына қол қойды.

Меморандум бойынша екі оқу орны бірлесе отырып,

-«Шет тілін ерте жастан оқытудың ғылыми-әдістемелік көмек көрсету» атты ғылыми жоба аясындағы зерттеулерді жүргізу;

- бірлескен конференциялар, семинарлар және олимпиадалар өткізу;

-ғылыми-әдістемелік жұмыстарды рецензиялауды жоспарлады.

Осы меморандум жұмысын жүзеге асыру барысында дәстүрлі түрде «Шет тілін ерте жастан оқытудың проблемалары мен перспективалары» атты ғылыми-практикалық конференция өткізіліп, материалдары жинақ болып басылып шығады.

Университеттің ғылыми-әдістемелік кеңесінің ұсынысы бойынша құрастырылған оқу-әдістемелік кешен негізгі оқулыққа қосымша материал ретінде біздің мектептің 1-2 сынып оқушылары үшін еңгізіліп жатыр.

Зертхананың әдістемелік жұмысын дамыту мақсатында мектептің ағылшын тілі мұғалімдері«Ағылшын тілі сабағында этнопедагогика элементтерін қолдану» тақырыбын басшылыққа ала отырып, 3 жыл бойы зерттеу жұмыстарын жүргізіп, «English in proverbs» электрондық жинағы шығарылып, қалалық білім бөлімінің әдістемелік кеңесінде бекітіліп, қала мұғалімдеріне таратылды.

«AIESEC» халықаралық жастар ұйымымен бірлесіп оқушылар , екі жыл бойы ағылшын тілінде экология мәселелерін шешу жолдары жөнінде ғылыми жобалар қорғады. Осы жұмысты атқару барысында тілдік зертхана көп қызмет атқарды.

2013 жылы Қазақстан мектептерінің барлық бірінші сыныптарына ағылшын тілі енгізілген кезде, біздің мектебімізге Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінен келген комиссия мүшелеріне зертхана жұмыс жөнінде презентация жасалынып, таныстырылды. Комиссия мүшелері зертхана жұмысына оң баға беріп, бұл жұмысты республика көлеміне таратуды ұсынды.

Жоғарыда айтылған жұмыстарға шолу жасай отырып, біз тілдік зертхананың мұғалімдер мен оқушыларға ғана емес, сонымен қатар сырттан келген қонақтарға да қызмет жасап отырғанын айта аламыз.

*Қолданылған әдебиеттер:*

1. «Мектептегі оқу кабинеттерінде білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық», ҚР Білім және ғылым министрлігі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана,2015ж.;
2. ҚР «Тіл туралы» Заң;
3. ҚР «Білім туралы» Заң;
4. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы;
5. Қазақстан мектептерінде ағылшын тілін үйрету журналы. – Алматы;
6. Амандықова Г.Н, Мұхтарова Ш.Е, Баймұқанова Б.С «Шет тілін оқыту әдістемесі»

### **Абай философиясына негізделген «Мәңгілік ел» идеясын іске асырудағы мектептің іс-тәжірибесі**

*Айтқазина С.О.*

*Павлодар қаласы, дарынды балаларға арналған Абай атындағы №10 лицей-мектебінің директоры*

*Қазиева Б.Ә.*

*Павлодар қаласы, дарынды балаларға арналған Абай атындағы №10 лицей-мектебінің директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары*

Кереку өңіріндегі білімнің қара шаңырағы саналатын дана Абай атындағы №10 қазақ мектебіне - 79 жыл. 1940 жылы «Қазақ онжылдық» мектебіне ғұлама ақын, данышпан ойшыл Абай Құнанбаевтың есімі беріледі. Содан бастап өзге ұлт өкілдері көп қоныстанған өлкедегі ұлт мектебінің негізі қаланып, бүгінде тамырын кеңге жайып отыр. Білім нәрімен сусындаған талай жас өрен бүгінде халық қалаулысы, ел өркенденуіне үлес қосқан дара тұлғалар. Мектептің ерекшелігі неде десек, ол - мектептің аталымында, себебі, мазмұнмен үйлескен атауға сәйкес болуды ниет еткен ұжым жұмыс жүйесін - мектептің басқару жүйесі мен құрылымы, яғни оқу-тәрбие жұмысын Абай философиясына негізделген. Мектеп құрылымы үш сатыдан құралған:

I саты – іріктілген бастауыш – «Ата-анаға көз қуаныш, алдына алған еркесі», бастауыш сыныпқа оқушыларды іріктеліп, тест арқылы алынады да, қосымша «Зерек», «Математикалық логика», «Математикалық әлем», «Көркемдеп оқу», «Қисынды ойлау» қосымша сабақтарын бере отырып, оқушылардың қарым-қабілеті шыңдалады, тәрбие бағытындағы іс-шаралар бүкіл мектеп үшін бірге өткізіледі [1]

II саты – талдаушы – «Көкірегіне көп жұбаныш, гүлденіп ой өлкесі», бастауыш мектеп түлегін орта буынға өткізуде өзіндік психологиялық қолдау жүйесімен, оқушы таным-талғамына қарай дамыту, дарындылықты айқындау әрекетімен жүзеге асады.

Оқушыларға пәнді ерте оқыту, жеделдете оқыту, ағылшын тіліндегі арнаулы курстар, түрлі зияткерлік сайыстар арқылы ой-өрісін шыңдауға атсалысу.

III саты – жасаушы - «Сүйер ұлын болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол», оқушы бойына дарытқан білімнің бәсекеге шығар тұсы, психологиялық тұрғыдан оны қолдау, мектепішілік тұрғыдан ынталандыру, қолдау жүйесі.

Бұдан шығатын мектеп бітіруші түлек тұлғасы: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» - бәсекеге қабілетті білім және қоғамдық-әлеуметтік көзқарасы қалыптасқан жоғары мәдениет иесі – бұл нәтижеге жетер жол. (слайд 1 мектеп құрылымы)

Назар аударар болсақ, адам баласына өсе келе әсер етер жайттың бәрі ата-анасынан, айналасы мен үлгі-өнегеден, жанындағылардың болары хақ. Ендеше, біз негіз етіп алып отырған Абай ұлағатынан үш негізгі бағыт шығады:

1. Бала және отбасы
2. Бала мен мектеп
3. Бала мен социум

Білімділік пен талаптылықты көкірегіндегі көз арқылы дамыта алған бала адамзат үшін ең қажетті ұстаным жылы жүрек, нұрлы ақыл, ыстық қайрат иесі болмақ, сондықтан өзіндік дәстүрге ұласқан жаңашылдықтың мектеп ұжымы үшін – оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналар жұртшылығы арасында сұранысы мен талабын көтере түседі. Бұған дәлел – мектептің «Евроталант фиджи» Европалық мамандандырылған мектептер торабы мүшесіне қабылдануы және Білім және ғылым Министірлігінің «Ең үздік жаңашыл мектеп» дипломымен марапатталуы (слайд 2 екі құжат).

- организовывать интеллектуальную практическую базу для совершенствования профессионального мастерства (библиотека, методический кабинет, семинары, тренинги и т.п.);

- реализовывать воспитательные и физические способности педагогов и детей;

- устанавливать положительную обратную связь между взрослыми и детьми.

*Шаг 2. Стимулирование.* «Я убежден, что жизнь любого человека должна быть наполнена постоянными и неожиданными стимулами, которые будут побуждать его держаться каждый день на высоком уровне» (Б.Т.Вашингтон)

Стимулированием для членов педколлектива могут быть:

- одобрение руководства и коллег;

- благодарность родителей и детей;
- премия, поощрения;
- публичное признание профессиональных успехов и оказание почета коллеги.

*Шаг 3. Благодарность.* «Все прочие пороки подобны львам, волкам, гиенам, тиграм, порок неблагодарности – змея» (Ф.Гильпарцер)

Благодарность свидетельствует о вашем отношении к человеку, своевременной оценке его мыслей, поступков, деятельности, повышает самооценку.

*Шаг 4. Помощь и поддержка.* «В этом мире пользу приносит каждый, кто облегчает бремя другого человека» (Ч.Диккенс)

*Кодекс деятельности успешного педагога:*

В каждой профессиональной деятельности существует свой этический кодекс. Уделим особое внимание своду правил успешного воспитателя ДО.

1. Милосердие и гуманизм – сердце воспитателя.
2. Творчество – отличительная черта.
3. Здоровый образ жизни – основа существования.
4. Уважение к коллегам, детям, родителям дошкольников – культура воспитателя.
5. Самосовершенствование, саморазвитие – доминанта поведения.
6. Профессиональная компетентность – дело чести.

Но и эти профессионалы также нуждаются в поддержке.

Чем методист может помочь педагогам:

- своевременно реагировать на все сигналы от педагогов о трудностях, связанных с коллегами, детьми и родителями;
- приглашать различных специалистов (оказывают интеллектуальную, эмоциональную, физическую поддержку педагогам, детям, родителям);
- поощрять и конструктивно критиковать педагогов;
- доверять педагогам, признавать их профессионализм;
- предоставлять сотрудникам возможность самосовершенствоваться.

*Шаг 5. Тактичность.* «При помощи такта можно добиться успеха даже и в тех случаях, когда нельзя ничего сделать при помощи силы» (Д.Леббок)

Такт, как и благодарность – значимый компонент профессиональной деятельности. Педагогический такт подразумевает:

- умение выслушать и обсудить возникшую проблему;
- принимать участие в проведении мероприятий по мере необходимости;
- одобрять удачные действия педагогов;
- соблюдать конфиденциальность. Информация о коллегах, детях, семье не подлежит распространению; исключения составляют случаи когда сокрытие подобной информации несет угрозу жизни или здоровью воспитанников;
- быть деликатным. Делать замечания, повышать тон в присутствии коллег, родителей, детей недопустимо, хвалить и поощрять всегда следует публично, порицать – наедине.

*Шаг 6. Ответственность.* «Выиграл сражение не тот, кто дал хороший совет, а тот, кто взял на себя ответственность за его выполнение и приказал выполнять» (Наполеон)

Методист ДО несет ответственность за:

- за создание и поддержку достойной репутации ДО;
- наблюдение, изучение и анализ деятельности детей;
- коллегиальное решение проблем;
- распределение обязанностей педагогов оптимальным образом, по принципу взаимозаменяемости;
- привлечение специалистов разного профиля;
- организацию мероприятий, способствующих единению коллектива, воспитанию и образованию детей;

- анализ деятельности ДО и каждого педагога, совершенствование профессиональных знаний, умений и навыков.

*Шаг 7. Творчество.* «Если отнять у человека способность мечтать, то отпадает одна из самых мощных, побудительных причин, рождающих культуру, искусство, науку и желание борьбы во имя прекрасного будущего» (К.Г.Паустовский)

Педагогическая деятельность – творческий процесс. Здесь нужно учитывать и развивать творческий потенциал каждого из педагогов, используя активные формы методической работы – бенефисы, творчески площадки, блицтурниры, творческие вечера, калейдоскопы творчества и т.п. Такие мероприятия демонстрируют все грани мастерства педагогов.

*Шаг 8. Умение признавать и исправлять ошибки.* «Чтобы избежать ошибок, надо набираться опыта, чтобы набираться опыта, надо совершать ошибки» (Лоуренс Дж. Питер)

Недопустимые ошибки воспитателя ДО:

- грубость по отношению к детям, родителям;
- физические наказания;
- высмеивание физических недостатков дошкольника;
- психическое насилие;
- сокрытие информации о травме, профилактической прививке или заболевании ребенка;
- принуждение воспитанника к приему пищи;
- недочеты в проведении мероприятий в ДО (образовательные, воспитательные, спортивные, развлекательные и т.д.), нарушение требований к организации и ходу (в том числе адекватность по возрасту, содержанию и физической нагрузке, непродолжительное время; учет всех видов деятельности; принцип всеобщего детского участия и отсутствия проигравших).

*Шаг 9. «Живое участие».* «Мне всегда была ненавистна роль наблюдателя. Что же я такое, если я не принимаю участие? Чтобы быть, я должен участвовать» (А.де Сент-Экзюпери)

Так называемое «живое участие» предполагает:

- уважение, такт, готовность прийти на помощь;
- стимулирование взаимодействия сотрудников и принятие коллегиальных решений;
- быструю и конструктивную помощь;
- предложения по оптимизации деятельности педагогов ДО;
- постоянное совершенствование педколлектива и создание новых образовательных программ;
- проведение корпоративных мероприятий.

*Шаг 10. Конструктивная критика.* «Критика тогда только плодотворна, когда она, осуждая, указывает на то, чем бы должно быть то, что дурно» (Л.Н.Толстой)

Критиковать следует действия, а не личность.

Конструктивная критика должна:

- своевременно выявлять ошибки;
- анализировать причины;
- аккумулировать предложения по коррекции;
- принимать коллегиальное решение;
- оказывать помощь.

*Заключение.* Задача методического сопровождения профессиональной успешности педагогов – создать такую образовательную среду, в которой будет полностью реализован творческий потенциал каждого педагога, всего педагогического коллектива.

Методическое сопровождение позволяет влиять на исследование инноваций, отметить наносное, поверхностное в педагогике. Глубина и продуманность в любой деятельности присуща методической службе. Не зря говорят, что методическая служба обеспечивает

завтрашний день педагогической системе. Основанная на достижениях науки и передового опыта, она умело развивает педагогическую практику.

В настоящее время эта потребность возросла в связи с переходом на вариативную систему образования и необходимостью учета многообразия интересов детей и их возможностей.

#### *Список использованной литературы*

1. Афоризмы, поговорки, высказывания мудрецов. Афоризмы о мудрости и глупости. Л.Дж. Питер [http://mudrosti.info/aforum\\_o\\_mudrosti.php](http://mudrosti.info/aforum_o_mudrosti.php).
2. Википедия. Вашингтон Б.Т. <http://ru.wikipedia.org/wiki/%D%92%DO%d%BD%%D1>
3. Вики-цитатник. А. де.Сент-Экзюпери. <http://ru.quote.org%DO%90%DO%d%BD%%D1>
4. Вики-цитатник. Римский-Корсаков Н.А. [http://ru.wikipedia.org/wiki\H\\_A\\_Римский-Корсаков](http://ru.wikipedia.org/wiki\H_A_Римский-Корсаков).
5. Вики-цитатник. Диккенс Ч. <http://ru.quote.org%DO%A7%DO%B0>
6. Лизинский В. Критерии, оценки и стимулирование педагогической деятельности как один из ресурсов управления образовательным проц\ Завуч. 2005. №8.
7. Паустовский К.Г. Афоризмы Паустовского.

### **Критериалды бағалау – оқушы білімінің деңгейін жетілдіру негізі**

***Елишманова Г. Н.***

*Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын  
Әл-Фараби атындағы арнаулы гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Қазіргі ақпараттық дамудың кезеңінде мұғалімдер алдындағы үлкен мақсат – өмірге бейімделген, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті, үш тілді қатар меңгерген тұлғаны қалыптастырып шығару. Білім беру – оқушыларға тек қана үйрету емес, сол оқыту мен оқу барысындағы белсенді әрекетті үйлестіре білу. Белсенді әрекетке құрылған ортада ғана оқушы білімі жүйеленіп, қалыптасады. Әр бала өзінің білім алуы жолында өзін – өзі бағалай алуы керек. Осыған байланысты оқушылардың, оның ішінде дарынды, шығармашыл, үш тілде білім алатын оқушылардың өз білімдерінің деңгейіне көз жеткізіп, мүмкіндігін анықтауындағы тиімді жол – критериалды бағалау.

Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі өлшемдермен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Біз осыған дейін оқушыға қарапайым бағалау жүйесін қойып келдік, бірақ бала баға алғанмен, оның не үшін, неліктен және қандай мақсатта қойылғанын біле алмады. Ал критериалды бағалау оның белгілі бір деңгейін анықтап қана қоя салмай, ары қарай не істеу керектігіне және нені жақсарту керектігіне талдау жасай алуына мүмкіндік беріп отыр. Критериалды бағалау кезінде оқушылар өзін басқа адаммен салыстыра алмайды. Тек өзіне-өзі баға беріп, өз мүмкіндіктерін анықтап отырады.

Мен өзім сабақ беретін 7 «А» сыныбында дарынды, талантты, шығармашылыққа бейім оқушылар оқиды. Әр сабақ барысында олармен бірлесе оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып іс-әрекетті жүргізгеніммен, бағалауда кедергіге ұшырап отырдым.

*Негізгі проблема:* Шығармашылық қабілеті жоғары оқушылардың өз білімін нақты бағалай алмауы. Себебі:

- Бәрі де көшбасшы болуға ұмтылады
- Өздерін жоғары бағалайды, білімдерінің қай деңгейде екенін анықтай алмайды



- Кез-келген тапсырманы орындай алатындықтарына сенімді
- Болашақ мамандықтарына байланысты (актер, журналист, тілші) шығармашылық қабілетін танытқысы келеді

- Әр сабақтан жаңа тапсырмалар күтеді, әркімнің пікірі өзіне құнды. Негізгі мәселеден шығу үшін олардың шешу жолдарын іздестірдім.

1. Оқушыларды шығармашылық қабілеттері бойынша топтастырып, анықтадым.

*Ұқсас қасиеттер:*

1. Шығармашыл; 2. Сыни тұрғыдан ойлана алады; 3. Өз ойларын ашық білдіре алады; 4. Алған ақпарат пен білімді қолдана алады; 5. Шығармашылық тапсырмаларды қызыға орындайды.

Нәтижесінде: «Болашақта мен кім болам?!», «Арманымды жалғасам...» эссе жаздырту арқылы:

1. 5 оқушы журналист

2. 7 оқушы актер, режиссер

3. 2 оқушы мұғалім

4. 8 оқушы әртүрлі мамандық иелері (елші, математик, әнші, сәнгер, дәрігер, саясаткер) болғысы келеді.

*С. Мұратбековтің “Жусан иісі” әңгімесі бойынша:*

*Журналист тобына:* Журналист рөлінде сұхбат алу немесе журналистік зерттеу жүргізу;

*Актер, режиссер тобына:* Әңгіменің ұнаған жері бойынша актерлік шеберлігін көрсету, фильм сценарийін жазу;

*Тілшілер тобына:* Әңгіме кейіпкерлері бойынша мақала дайындау;

*Кәсіпкерлер тобына:* Әңгімені оқи отырып, кәсіп көздерін қарастыру “Мен не істер едім?”

2. Әр баланың өз деңгейіне қарай білім сапасын анықтап, талдап отыру үшін критериалды бағалауды сабағыма енгіздім.

*Критериалды бағалауды енгізудегі мақсатым не болды?*

- Оқушының сабақтағы білім деңгейін анықтау арқылы мектептің білім сапасын арттыруға ықпал ету;

Өз мақсатыма жету үшін критериалды бағалаудың бірнеше міндеттерін қойдым.

*Критериалды бағалаудағы міндеттер:*

- Сабақ барысында әр оқушының дайындық деңгейін анықтап отыру;

- Тақырыпқа құрылғаноқу мақсаттарын орындау қабілеттілігін байқау;

- Жеке оқушының даму мүмкіндігін бақылап отыру;

- Оқыту барысындағы артықшылықтар мен кедергілерді анықтап отыру;

- Шығармашылық тапсырмаларды орындаудағы алған бағасының шынайылығына көзін жеткізіп отыру;

- Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы, мұғалім, ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

*Бағалау өлшемдеріне қойылған дескрипторлар*

*“Жусан иісі” әңгімесі бойынша*

Журналист	Актер, режиссер	Тілші	Кәсіпкерлер
1. Сұхбат құра алады. 2. Әңгіме бойынша сұрақтар қоя алады. 3. Журналистік қабілетін таныта алады.	1. Әңгіменің идеясын түсінеді. 2. Қабілетін көрсете біледі. 3. Әңгімедегі Аян бейнесін аша алады.	1. Мақала жазуға дағдыланады. 2. Қаламгер болуға деген құлшынысы артады. 3. Сүйікті тұлға бейнесі арқылы өз құндылықтарын толықтыра алады.	1. Әңгімеге баға бере алады. 2. Жоспар құра алады. 3. Өз ойларын ашық білдіре алады. 4. Алған білімді қолдана алады.

*Дескриптор құруда оқушылар нені ескерді?*

1. Берілген тақырыпты негізге алуды;
2. Өз көзқарасын білдіру арқылы ортақ ойға келуді;
3. Қажетті дерек көздерін теориямен ұштастыра білуді;
4. Сыни тұрғыдан ойлана отырып, өз ойын жеткізуді;
5. Дескрипторларды жазылым, оқылым, тыңдалым, айтылым әрекеттері негізінде

іске асыруды.

Критериалды бағалау қаншалықты маңызды?

*Мұғалімдер үшін:*

- Білім сапасын арттыруға ықпал ететін критерийлер құрастыра алады;
- Өз іс-әрекетін саралап, болашағына жоспар құра алады;
- Жеке оқушыны бағалап, ата – анасына ақпарат бере алады;
- Сабақберудің сапасын арттыра алады;
- Оқушының деңгейіне қарай оқытудың мүмкіндіктерін анықтай алады;
- Әр оқушының ерекшеліктерін ескере отырып, білім деңгейін нақты бағалай алады.
- Формативті бағалау арқылы өсу динамикасын кез-келген уақытта анықтап, білім сапасының артуына ықпал ете біледі.

*Оқушылар үшін:*

- Өзінің білім деңгейінің қаншалықты екенін анықтай алады;
- Бағалау критерийлері арқылы дамудың мүмкіндіктеріне жол аша алады;
- Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсе алады;
- Сыни тұрғыдан ойлана алады, еркін ой айта алады, ата-анасына өз бағасын көрсете алады.

*Ата-аналар үшін:*

- Баласының білім сапасының қандай деңгейде екенін біліп отырады;
- Оның оқуындағы табысты әрекеттерді бақылап, кедергілерін жоя алады;
- Оқуына қолдау көрсетіп отыру үшін не істеу керектігін біледі.

Алғашқы сабақта өзім дескрипторлар құрып, оқушылардың алдына таратып бердім. Оқу бағдарламасына сәйкес берілген тақырып бойынша оқу мақсатын өздері анықтады. Оқушылар деңгейлік тапсырмаларды орындап отырғанмен, дескрипторлар бойынша бағалауда түсінбей жатты. Түсінбеудің салдарынан өз-өздеріне берілген ұпайдың жоғары деңгейін қойып отырды немесе қоя алмай жатты. Сабақ соңында бағалау шкаласы бойынша өздерінің ұпай сандарын есептеп, шынайы бағаларын шығарды. Сабаққа қатысып, тапсырмаларды орындау қабілетіне қарай соңғы қорытынды бағаны өзім қойдым. Бірнеше сабақ өту барысында оқушылар берілген деңгейлік тапсырмаларды шығармашылықпен орындап, шынайы баға қоя білуге және дескрипторларды өздері құруға үйренді.

*Дескрипторлар құра отырып бағалаудың тиімділігі неде болды?*

- Оқушылар өз білімінің шынайылығына көз жеткізіп отыр;
- Өздерінің қай жерден кемшілік жіберіп, нені түсінбей отырғанын біліп, сол бойынша жұмыс жасауға мүмкіндік алып отыр;
- Білім деңгейін көтеруде алдына мақсат қоя білуге дағдыланып отыр;
- Қажетті дерек көздерін теориямен нақты ұштастыра біліп отыр.

Алда нені жақсарту керек?

Оқушылардың тақырып бойынша дескрипторларды өздерінің құра отырып бағалауы арқылы өмірге керек білім алу дағдысын қалыптастыру.

*Айдапкелова С.Т.*  
Енбекшиказахский район, село Шелек,  
Алматинская область, Казахстан

Современная жизнь, насыщенная новыми технологиями, требует кардинальных изменений во всех сферах, и прежде всего в сфере образования.

Мы знакомы с таким выражением как: «Языковая политика в Казахстане» т.е. это система мероприятий в сфере языковой ситуации Казахстана, проводимая нашими властями и общественными институтами страны.

*«Мы должны приложить все усилия для дальнейшего развития казахского языка, который является главным фактором объединения всех казахстанцев»*, - сказал наш Президент Нурсултан Назарбаев.

Дети из русских школ обычно хорошо усваивают грамматику казахского языка, но у них не развита устная связная речь, малый объём словарного запаса, не могут донести свою мысль, слабо развито установление причинно - следственных связей при работе с текстом. На уроке при выполнении заданий устного характера учащиеся понимают содержание текста, но затрудняются при воспроизведении его содержания. Поэтому, я думаю, что учителя казахского языка должны больше внимания уделять развитию речи учащихся через диалоговое обучение. Диалог занимает центральное место в преподавании многих дисциплин.

Мерсер и Литлтон (2007) в своей работе показали, что диалог в классе способствует интеллектуальному развитию учеников и их результативности в обучении. В исследовании подчеркивается, что интерактивное общение как со взрослыми, так и совместная работа со сверстниками способствуют обучению детей и их когнитивному развитию [1 с.]

За все время своей педагогической практики, наблюдая за учениками, я заметила, что большинство учащихся занимают в учебном процессе пассивную роль и поэтому уже в среднем звене начинают терять интерес к учёбе. Это приводит к тому, что среднестатистический выпускник школы, обладая творческой инициативой, не имеет навыка диалогического общения.

Я думаю, если правильно выстраивать стратегию общения на уроке, то это поможет развивать способность личности эффективно взаимодействовать с окружающими людьми, поможет решать проблемы межличностного общения, вырабатывать жизненно важные навыки.

В своей работе я внедряю идеи модуля «Новые подходы в преподавании и обучении», а именно «Диалогическое обучение». Так как я являюсь учителем казахского языка, то главной задачей ставлю перед собой не только научить детей читать, писать грамотно, применять грамматические правила, но и научить учащихся развивать устную связную речь, тем самым развивать их коммуникативные навыки.

По мнению Выготского, знания приобретаются в результате вовлечения ученика в диалог, в совместную беседу. Совместная беседа учеников в классе приносит большую пользу, так как позволяет ученикам выражать свое понимание темы, помогает им осознавать, что у людей могут быть разные идеи, содействует аргументированию учениками своих идей, способствует когнитивному развитию детей, помогает учителю понять, на какой стадии находятся ученики в процессе своего обучения. [2с.]

На этапе вызова темы урока стараюсь подобрать такие задания, которые способствуют развитию мышления учащихся. Это решение различных кроссвордов, ребусов, отгадывание загадок, выполнение таких заданий как «Собери пословицу», «Закончи предложение» и т.д. Все эти задания дают ученику возможность сформулировать тему и цели урока.

Одним из основных звеньев в обучении казахскому языку, в развитии речи учеников является словарная работа, обогащение словаря учащихся. Работа по обогащению словарного запаса, введению новых слов в активный словарь учащихся строится из раскрытия значения слова с помощью различных видов наглядности, толкования или путем перевода, организации многократного закрепления и употребления слова в речевой практике учащихся. С этой целью на уроках мною практикуются диалоги, речевые минутки, пересказ прочитанного.

Виднейший просветитель казахского народа ЫбырайАлтынсарин указывал: «Без практических устных разговоров, конечно, невозможно научиться свободно и бегло говорить на каком бы то ни было языке» [3].

На уроках казахского языка одним из обязательных элементов является работа с лексическим материалом, т.е. с текстом. В зависимости от темы урока виды заданий тоже разнообразные. Это и анализ текста с позиции «верно - неверно», восстановление авторского текста, составление вопросов низкого и высокого порядка, восстановление логической цепочки и т.д. На уроках использую новые методы и приёмы: методы «Карусель», «Джигсо», приемы «Мозговой штурм», «Горячий стул», «Ты - мне, я - тебе» «Снежный ком».

Большую роль в развитии связной речи учащихся играет применение на уроках ролевой игры. Конечно, этот вид деятельности применим не на всех уроках, но все же, если тема урока позволяет применение этого метода это дает хороший результат. Как показал опыт работы, одним из эффективных средств создания мотивации к изучению казахского языка учащимся являются нетрадиционные методы обучения. Это ролевые игры и инсценировки. Ролевая игра – это учебный прием, при котором учащийся учится свободно говорить в рамках заданных обстоятельств. В ролевой игре обязательным элементом является разрешение проблемной ситуации.

Например, при изучении темы «Сүйіспеншілік» в 8 классе, ученики с удовольствием играли роли из этой притчи, анализировали, делали выводы.

Китайская пословица гласит: «Учитель только открывает двери к знаниям, а войти в них вы должны сами». Считаю, что активизация внутренних потребностей ученика – задача современного учителя.

Раньше на уроках, когда я задавала задания, я сама читала условие задания и давала инструкцию и оценивала сама, чаще не комментируя, почему он заработал ту или иную отметку. Считала, что без помощи учителя, они не справятся. И у меня был постоянный страх за то, что если я не объясню сама, или не отвечу на вопрос, дети сами до этого никогда не дойдут. Но сейчас практика моей работы показывает, что в этих вопросах ошибалась. Даже при прохождении грамматических тем, ученики могут сделать выводы и объяснить ту или иную тему. Например: при прохождении темы «Салт, сабақты етістік» я на доске написала словосочетания в два столбика

Сабақты етістік	Салт етістік
Күресті жақсы көреді	Емханада жатыр
бәйгені ұнатады	дукенге кетті
есікті жапты	досымен кездесті
нанды турады	үйден шықты
сабақты оқыды	емтиханда отыр

и задала детям вопрос: «В чем отличие салт и сабақты етістік?» ребята смогли проследить, что салт етістік связан с табыс септік, а сабақты етістік с барыс, жатыс, шығыс, көмектес септік. Аналогично они смогли отличить болымды и болымсыз етістік.

Использование различных приёмов технологии развития критического мышления через диалог действительно, ведет к активизации познавательной деятельности на уроках, обогащает, систематизирует и закрепляет навыки, способствует к их осознанному применению.

Ученик становится активным, заинтересованным, равноправным участником обучения. У него происходит отход от стандартного мышления, стереотипа действий, что позволяет развить стремление к знаниям, создать мотивацию к обучению. Такая работа на уроке имеет большое образовательное, воспитательное, а также развивающее значение. При применении приемов критического обучения у детей развивается диалогическая речь. Использование нетрадиционных подходов в преподавании является важным средством для формирования личности, гуманного отношения ко всему живому, творческого воспитания и развития. Задания различного содержания способствуют развитию познавательных процессов.

На уроках на стадии осмысления темы урока можно использовать оформление постеров, кластеров, стратегию «Синквейн». При их оформлении ученики учатся сотрудничать в группе, высказывать свое мнение, прислушиваться к мнению товарища, раскрывают свой потенциал, а самое главное учатся вести диалог, тем самым развивая свою речь и мышление.

Для активизации мыслительной деятельности и развития речи учащихся очень важную роль играют постановка вопросов. Если обратиться к мнениям исследователей-психологов, именно в процессе обучения навыкам постановки вопросов раскрывается большой спектр дидактических возможностей для развития мышления и речи учащихся.

Например при изучении модуля «Отбасы бюджетін жоспарлау» в 10 классе сосредоточены следующие темы: «Қаржы», «Отбасыбюджеті», «Кіріс пен шығыс», «Төлемдертуралы». Изучение этих тем вызвало живой интерес учащихся, потому что эти темы связаны с жизнью и актуальны. Все задания на эти уроки были составлены по таксономии Блума. Ученики ознакомились с понятиями : қаржы, кіріс пен шығыс, төлемдер, и какое значение они имеют в нашей жизни, отвечали на вопросы «высокого и низкого порядка»

-Что входит в семейный бюджет?

-Что общего со своей жизнью вы нашли в тексте?

-Дайте объяснения, почему следует экономить семейный бюджет?

-Какова основная мысль текста? и др.

При прохождении этих тем ученики ознакомились не только с теоретическим материалом, но выполняли и практическую работу: заполняли квитанции оплаты за электроэнергию и водоснабжение. При написании эссе на тему: «Үнемділікдеген не?» несколько учеников отметили такой факт, как нехватка пресной воды на нашей планете.

Групповая работа даёт мне возможность увидеть многогранность личности своих учащихся, получить много новой информации и ещё раз убедиться, насколько такая форма работы эффективна на уроках языкового цикла. Во время групповой работы ученики, которые ранее предпочитали отмалчиваться, не проявляли интерес к предмету, стараются высказать своё мнение, занимаются сбором дополнительной информации, используют интернет-ресурсы, делают подсчёты, рисуют, и т.д.

Таким образом, хотелось бы отметить, что эффективными методами в развитии диалогового обучения является групповая работа, работа в парах, ролевая игра. Чтобы добиться результативности работы, детям надо активно обсуждать, анализировать, делать выводы, и всю эту работу провести в определенное время. При работе в группах, если хотя бы один ученик останется в стороне, группа не сможет добиться желаемого результата. А при работе в парах — такое отстранение от работы одного из участников вообще не приведет к положительному результату. То есть, активное взаимодействие через диалог помогает детям усвоить тему более простыми методами.

Конструктивистская теория обучения, требует от учителя организовывать занятия в соответствии с задачами, способствующими формированию и развитию знаний, умения и навыков у учеников. Эта теория меняет стиль общения педагога и учащихся в сторону диалога и сотрудничества, повышает мотивацию учащихся и культуру общения. Мы

постоянно должны учиться тому, как формировать у учащихся стремление к самосовершенствованию.

А самое главное, я пришла к выводу, что надо постоянно анализировать каждый урок, и сделать его интересным для всех учеников в классе.

Делая вывод: я могу сказать о том, что язык является основным инструментом общения. Для того чтобы строить диалог с учениками нужно правильно и четко выстраивать вопросы, также каждое задание должно быть продуманным и иметь цель. Нужно уметь выслушать мнение учащихся и не перебивать при этом его.

В заключении хочу привести слова О.Роя: «Хочешь перемен – действуй! Если всё время ждать и надеяться, можно остаться ни с чем, а точнее, наедине с прожитой впустую жизнью».

#### *Литература:*

1. Руководство для учителя, второй (основной) уровень, АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» издание третье, 2014г.

2. Исследование в действии совершенствует практику учителя, методические рекомендации – г. Алматы: филиал АО «НЦПК «Өрлеу» РИПКСО Республики Казахстан, 2014 г.

### **Білімді жаңғырту - баршаға ортақ іс**

**Исабекова Г. Қ.**  
*Солтүстік Қазақстан облысы,  
Ақжар ауданы,  
әдістемелік кабинет меңгерушісі*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес...» деп атап көрсеткендей, озық технологияларды пайдалану – заман талабы.

Білім беру саласын реформалау, ұлттық білім беру моделін қалыптастыру мұғалімнің кәсіби құзіреттілігіне негізделеді[3.5].

Қазақстанды жаңарту-бәріміздің ортақ ісіміз. Білім беруді жаңғырту-бүгінгі заман талабы. Қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жолға қойылып келеді. Білім беру жүйесінде жұмыс жасайтын әрбір педагогтың мақсаты-бәсекеге қабілетті маман болу. Тәуелсіз елімізге білімді, саналы, парасатты адамды тәрбиелеу үшін ұшқыр ойлы, жаны таза, денсаулығы мықты, терең білімді, шәкірт тәрбиелеу басты міндетіміз деп санаймын[1.7].

Әдістемелік кабинеті жұмысының негізгі қайнар көзі ғылым, тәжірибе және педагогикалық қызметкерлердің шығармашылығы болып табылады, педагогика саласында болып жатқан тың өзгерістерді әкелетін, білім үдерісіне енгізетін, жаңалық жаршысы деп таныр едім. Себебі, әдістемелік кабинетте еңбек ететін әрбір әдіскер - ұстаз, үйретуші, бағыттаушы, жаңалықты жеткізуші, шығармашыл тұлға. Әдіскердің бір бойында бірнеше қызмет бар. Ол жаңа үрдісте заманауи технологияларды енгізу арқылы сабақтар, семинарлар, ғылыми жұмыстар мен лигвистикалық-турнирлер және тағы да басқа сайыс-байқауларды ұйымдастырып өткізуші, басқару арқылы нәтижелерге қол жеткізуін қолдаушы болып танылады.

Әдістемелік кабинеттің мақсаты: педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттіліктерін дамыта отырып, жан- жақты көмек беріп, ақпараттық-әдістемелік базасын құру.

Әдістемелік кабинеттің жұмысының негізгі бағыттары:

- оқу-тәрбие үдерісінде жаңа ақпараттық технологияны ендіруге байланысты ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарды жүзеге асыру;
- педагог мамандардың технологияларды пайдалана алу дайындығын арттыру және олардың ақпараттық құзырлығын қалыптастыру мүмкіндіктерін дамыту;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу процесіне енгізу бойынша педагог мамандардың іс-тәжірибесін тарату;
- инновациялық және экспериментальды жұмыстарды өткізу, инновациялық жобаларды дайындау.

Әдістемелік кабинет – жаңа идеяларды ойлап табушы, теориялық білімі терең, педагогикалық үдерісті кеңінен талдай алатын, ақпараттарды сараптап, қорытынды шығарып, оны жұмыс сапасын жақсартуға дұрыс бағыт береді. Әдіскер дегеніміз – үнемі ізденіс пен еңбектің нәтижесінде тәжірибе жинақтайтын, бүгінгі қоғам дамуының үдерісінен шыға білетін, өз мамандығының шынайы фанаты [4.15].

Жалпы әдістемелік кабинет аудан мектептерінің және мұғалімдерінің ғылыми - әдістемелік орталығы болып табылады. Әдістемелік кабинетте кабинеттің меңгерушісі және 5 әдіскер жұмыс істейді. Олардың барлығы да жоғары білімді, жаңашылдыққа байланысты біліктілік курсынан өткен, ұстаз әдіскерлер.

Бүгінгі әдістемелік кабинеттің атқаратын функциялары бұрынғыдан өзгеше. Яғни, әдіскер, сарапшы (эксперт), менеджер, кеңесші(консультант) рөлдерін қатар алып жүруде.

Әдістемелік кабинет меңгерушісі кабинеттің жұмысын бағдарлап: білім беру мекемелерінің оқу ісі жөніндегі орынбасарлары қызметінің жүйесін ұйымдастырады, білім мекемелерінің оқу жұмысының жағдайын талдайды және олардың тиімділігін арттыру үшін ұсыныстар дайындайды, мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарының ұйымдастырылуын бағдарлайды, жоспарлау, әдістемелік, ақпараттық материалдарды дайындау мен диагностикалауға қатысады, әдістемелік сайыстардың дайындығы мен өткізілуін ұйымдастырады. Сонымен қатар, «Өрлеу» БАҰО орталықтарының әдіскерлерімен бірлесіп жұмыс атқарады, озық педагогикалық іс-тәжірибе жайлы ақпарат таратады, мұғалімдердің педагогикалық іс-тәжірибесін оқып-үйрену, жинақтау, тарату жұмысын ұйымдастырады, сайыстар, көрмелер, олимпиадалар, жарыстардың т.б. өткізілуіне қажетті құжаттарды жасап, ұйымдастырады, пән мұғалімдерінің озық іс-тәжірибесін анықтап, тәжірибеге енгізіп, таратады; нормативтік құжаттарға, әдістемелік хаттарға сәйкес білім беру мекемелерінің оқу жұмысын реттеп, мониторинг жүргізеді.

Ақжар аудандық әдістемелік кабинет төмендегідей міндеттермен жұмыс жасайды:

- оқу процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізу;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ тәжірибесін қазақстандық білім беру жүйесіне тарату;
- педагогикалық кадрлардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру;
- педагогикалық базалық білім беру стандарттарын, мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру талаптарын жаңарту;
- мектепке дейінгі тәрбиенің жаңа сапасына көшу. білім саласына әлемнің үздік жетістіктерін енгізу;
- Жас мамандармен жұмыс жүргізетін тәлімгерлік дамыту;
- Үштілді білім беруге көшу.

Ақжар ауданы әдістемелік кабинеттің үйлестіру қызметі бойынша негізгі бағыттары мыналар:

- ✓ әдіскер әрбір қызметкерге жұмыс барысында туындаған қиындықтар мен проблемаларын реттеуге әдістемелік көмек көрсету;
- ✓ педагогтарды білім беру жүйесінің жаңа элементтеріне бейімдеу;
- ✓ кәсіби тұрғыдан жетілу мен өзін-өзі жамыту жоспарларын жүзеге асыру;
- ✓ білім беру процесінің барысы, шарттары және нәтижелері жөніндегі мониторинг;
- ✓ озат тәжірибе элементтерін анықтау және тарату.

Өз жұмысымының нәтижесі ретінде 5 жыл қатарынан «Алтын белгі» және «Үздік аттестат» иегерлерін оқушылардың демалыс кезінде ауданымыздың ең тәжірибелі мұғалімдерден қосымша сабақ жүргізілу ұйымдастырылды. Олимпиада резервтерін дайындауда аудан педагогтері оқыту үдерісін сыныптарда ынтымақтастық ортаны қалыптастырудан, белсенді оқыту үдерістерін енгізіп, тәжірибелі жұмыстар жасап, жетістіктерге жетуде. Мектептерде дайындық жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, оқушының жас ерекшелігі ескеріліп, тапсырманы оқушының деңгейіне қарай дайындау жүзеге асырылуда. не сай біртіндеп күрделендіріліп отыруы керек. Осы мақсатта аудандық әдістемелік кабинеттің жоспарында 5 жылдан бері сыныптар аралығында пәндік олимпиадалар бастауыш, орта және жоғары буындарда ұйымдастырылып келеді. Бұл мектеп оқушыларының білімдерін тереңдетіп, танымдық қабілеттерін арттыруға бағытталған. Осындай игі істердің арқасында ауданымыздың оқушылары облыс, республика көлемінде жетістерге жетуде.

Ауданымыздағы ауылдық мектептерде мұғалім мен оқушының білім ресурстарына интернет және интербелсенді тақталар, электронды оқулықтар арқылы білімін жетілдіріп, педагогтер кәсіби өсу жолында еңбек етуде., ал оқушыларымыз өз жетістіктерін көрсетуде. Бірақ шалғай жатқан ауылды жерлердегі интернет желісінің нашар болуы, бала санының азаюы және педагог мамандардың жетіспеуі кедергі келтіреді. Осыған орай ресурстық орталықтар ашылып, шағын жинақталған мектептермен байланыс нығайтып, оқушылардың білім алуына жағдай жасалынды. Желілік қоғамдастықтың құрылуы да үлкен нәтиже беруде. Қоғамдастыққа 25 мектептен деңгейлік бағдарлама курсы аяқтаған мұғалімдер кіреді және басқа да мұғалімдер тәжірибе алмасу үшін желілік қоғамдастыққа тіркелді. Желілік қоғамдастықтың жұмысы жүйелі түрде жүргізілу мақсатында мектептер 3 аймаққа бөлінді. Әр аймақты үйлестірушілер (Бірінші (ілгері) деңгей бойынша біліктілігі бар педагогтер) басқарады. Ағымдағы жылдың 3-тоқсанында Бірінші (ілгері) деңгей бойынша біліктілігін арттырған 26 педагог тренерлік курстан өтіп, білім беру үдерісінде өзара тәжірибе алмасу ісін жалғастыруда. Аймақтық бөліністерде үйлестірушілер сертификатталған мұғалімдермен «Диалогтық оқыту, топтық жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында семинар өткізді. Семинар барысында мұғалімдер сабақта Диалогтық оқытуды қолданудың тиімді жолдарын қарастырып, өзара талдау жүргізді. Қорытындылай келгенде мектептер аймақтық бөліністердің үйлестірушілеріне фото дәлелдемелерімен рефлексиялық дәлелдемелері арқылы көруге болады. Әр мектептерде *Lesson Study* тәсілін жүргізу дәстүрге айналған.

Ауданымыздың мектептерін аймақтық бөлініске бөлінгені өте тиімді болды. Себебі, барлық мектептер үйлестірушілердің басқаруымен үнемі назарда болады.

Сонымен бірге сертификатталған мұғалімдер өзара тәжірибе алмасу мақсатында «Ақжар LEADER» атты сайтында белсенділік танытып, тәжірибе барысындағы мәселелер мен іс-шаралардың өткізілуі жөнінде өзіндік пікірлерін білдіреді. Сайттың сілтемесі ([akzharleader.kz](http://akzharleader.kz)).

Мұғалімдердің онлайн-вебинар, конференциялар, желілік қауымдастық және ашық сабақтарға қатысып, өз тәжірибе алмасу үдерістерін әдістемелік кабинет әдіскерлері жүзеге асырып отырады. Бүгінгі күні әдістемелік кабинет мектептерде жүйелі жанашылдықты ұйымдастыру қолға алынып, төмендегідей стратегиялар іске асырылуда:

- ✓ жалпы орта мектептердегі бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған НЗМ-нің СМК порталына тіркеліп, жұмыс жүргізілуі;
- ✓ оқытудағы жаңа тәсілдерді жүзеге асыруда педагогтар белсенділігін арттыру қажеттілігі;
- ✓ облыстық әдістемелік кабинет әдіскерлерімен, облыстық «Өрлеу» БАҰО» АҚФ «СҚО ПҚ БАИ», ПШО филиалдары тренерлерімен байланысты нығайту;
- ✓ облыстық Назарбаев Зияткерлік мектебі ДББҰ байланыс жасап, әдістемелік көмек алу;
- ✓ әдістемелік жұмысқа ардагер ұстаздарды қатыстыру.



Осындай игі жұмыстарды аудандық әдістемелік кабинет қызметкерлері қолданысқа енгізуде.

Аудандық әдістеме кабинетінің мазмұны келесідей жұмыстарды негізге алуда:

- Қазақстан Республикасының заңдары, нормативтік құжаттар, нұсқаулықтар, барлық әдістемелік жұмыстың мақсаты мен міндеттерін анықтайтын бұйрықтар;
- Аймақтың даму бағдарламалары, әдістеме қызметін дәстүрлі мазмұнын жаңарту және кеңейтуге арналған оқулықтар мен оқу әдістемелері;
- Ғылыми әдістемелік деңгейін көтеру үшін жаңа психологиялық- педагогикалық әдістемелік зерттеулер;
- Өздігінен білімін жетілдіру және білім беру үдерісіндегі мәселелерді, негізгі міндеттерді, білім беру ұйымының даму деңгейін, оқу – тәрбие процесімен басқару жағдайын тексеру және болжау;
- Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған электронды журналдар мен күнделіктердің бірыңғай ақпараттық жүйесі жобасын пилоттық енгізу.

Қорытындылай келе, қазіргі заман талабына сай әдістемелік кабинет қызметкерлері мектептерге педагогикалық шеберлігі жоғары, өзінің іс-тәжірибесін сын тұрғысынан қарастырып, іске асыра алатын және сабақтарында ғылыми жетістіктерді қолдана алатын мұғалімнің кәсіби өсуіне жағдай жасаушы тұлға болып табылады. Сондықтан әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, әдістемелік жұмыстың ең негізі бұл – әр педагогтің педагогикалық шеберлігін шыңдауға, кәсіби тұрғыдан өсуіне жетекші бола алатын, тәлімгерлік қызметті қатар алып жүруші, психологиялық, педагогикалық қарым-қатынастың жоғарғы дәрежесін құрушы қызметкер атануы тиіс.

*Әдебиеттер:*

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27 шілде 2007 жыл №319-III.( 24.11.2015 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).- [Электрондық ресурс]: <http://www.edu.gov.kz>.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – [Электрондық ресурс]:<http://adilet.zan.kz>.
3. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол», Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.
4. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы - «НЗМ» ДББҰ, 2012.
5. 10.2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат.

**Озық тәжірибе – көпке ортақ**

**Қалабаева Г.К.**  
*Алматы экономикалық  
колледжінің әдіскері*

Колледждерде педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау ісі күрделі және шығармашылық мәселелердің бірі болып табылады. Педагогикалық тәжірибе - оқыту, білім беру және тәрбие тәжірибесі, дәлірек айтсақ нәтижесі студенттің жеке тұлғалық сапаларынан

көрінетін, белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылатын педагогикалық процесс. Мұнда мақсатты педагогикалық процесс – бәсекеге қабілетті маман дайындау мақсатында жүргізіліп жатқанын ескеру керек.

Бәсекеге қабілетті, кәсіби дағдысы жоғары, білікті, құзыретті маман даярлау еліміздің индустриялық-инновациялық дамуының басты талабы болғандықтан, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру, үздік, жаңашыл тәжірибемен және оның идеяларын шығармашылықпен пайдалану әр педагогтың басты міндеті. Осыған орай 75 жылдық тарихы бар Алматы экономикалық колледжі «Заманауи білім технологиялары – оқу-үрдісінің әдістері мен формаларын жетілдіру факторы» (2011-2016 жылдар) әдістемелік тақырыбында жұмыс жасап келеді. Әдістемелік қызметтің басты мақсаты ғылымның заманауи жетістіктерін оқу-үрдісіне енгізу үшін оқытушылардың кәсіби құзыреттілік деңгейін үздіксіз жетілдіру, заманауи білім технологияларын оқу үрдісінде қолдану арқылы инновациялық бағытта жұмыс жасайтын кадрлармен қаматасыз ету. Мақсатқа бағытталған және жүйелілік негізде ғылыми-әдістемелік, ғылыми-педагогикалық жұмыстың сапасын арттыру; педагогикалық ұжымның шығармашылық белсенділігін және кәсіби біліктілігін арттыру; колледждің оқу-тәрбие мазмұнын жетілдіруде білім беру технологиясын тұрақты түрде жаңартып отыру; жаңашыл ұстаздардың озат педагогикалық тәжірибені насихаттау және тарату; ғылыми-ізденіс жұмыстарын ұйымдастырып, конференция, семинарлар, облыстық, республикалық байқауларға, педагогикалық оқуларға қатысуды жүзеге асыру; оқу үрдісінде инновациялық технологияларын, әдістерін, құралдары мен нысандарын әзірлеу, енгізу және жетілдіру міндеттері жүктелді.

Әдістемелік тақырыпты жүзеге асыру 3 кезеңнен тұрды:

1-кезең – дайындық кезеңі. Ол 2011-2012 жылдар аралығын қамтыды. Дайындық кезеңін жүзеге асыру барысында алқалық талқылауда әдістемелік тақырып бойынша мақсат міндетті айқындау, әдістемелік мәселені жүзеге асыру бойынша жылдық жоспарлар дайындау, әдістемелік тақырып бойынша іздену, ғылыми-әдістемелік тақырыптармен танысу және әдістемелік кабинетті сәйкес материалдармен толықтыру сияқты жұмыстар атқарылды.

2-кезең – іс-әрекеттер кезеңі 2012-2015 жылдар аралығын қамтыды. Онда міндеттерді орындау жолдарын таңдау, іс-әрекеттерді ұйымдастыру және оны жүзеге асыру сияқты түйіткілді мәселелер қаралды.

Қорытынды кезең, өз алдына 3-кезең болып 2016 жылдан бастау алды. Онда негізінен іс-әрекеттердің нәтижесін, орындалу деңгейі мен сапасын сараптау мәселесі қарастырылды.

Күтілген нәтиже – заманауи білім технологияларын жетік меңгерген, оқу- үрдісінде түрлі әдіс-тәсілдерде тиімді қолданатын, ғылым мен тәжірибені ұштастыра білетін кәсіби педагог қалыптастыру болды.

Нәтижеге қол жеткізуде Алматы экономикалық колледжінің әдістемелік қызметі төмендегідей негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет – әдістемелік қызметті жоспарлау (қысқа мерзімді, жылдық және келешекке арналған жоспар).

Колледждің әдістемелік қызметін ұйымдастыру және координациялау, түрлі іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру.

2. Аналитикалық қызмет:

- Сабақ беретін пәні бойынша кәсіби құзыреттілігін;
- Педагогика және психология саласындағы біліктілігін;
- Озат педагогикалық тәжірибені зерттеу, жалпылау және тарату;
- Кәсіби біліктілігін арттыру қажеттілігін анықтау.

3. Ақпараттық қызмет – педагогикалық қызметтегі жаңашылдық туралы мәліметтерді, әдістемелік, психологиялық және ғылыми әдебиеттермен, жаңашыл идеялар мен технологияларды;

- Нормативті-құқықтық құжаттарды, нұсқаулықтармен;
- Педагогикалық ұжымды диагностика негізіндегі аналитикалық

материалдармен таныстыру.

4. Консультациялық қызмет – жас мамандарға, оқытушыларды аттестаттау кезеңінде әдістемелік жан-жақты көмек көрсету.

Әдістемелік қызметтің ұйымдастыру формалары:

- Педагогикалық және әдістемелік Кеңестер;
- ПЦК жұмысы;
- Психологиялық және педагогикалық семинарлар;
- Теориялық және ғылыми-тәжірибелік конференциялар;
- Педагогикалық оқулар;
- Әдістемелік көрме және бюллетендер шығару;
- Тәлімгерлік жұмыс;
- Озық тәжірибе мектебі;
- Шебер сыныптар;
- Оқытушылардың шығармашылық есептері;
- Ашық сабақтар және сыныптан тыс іс-шаралар;
- Онлайнконференциялар т.б.

Колледжде дәстүрге айналған рейтингтік бағалау жүйесінің мониторингі және оқытушының кәсіби білімін жоспарлы сабақтарға қатысу, оқу жылының қорытындысын талдау барысында оқытушының жеткен жетістіктерін саралау, оқытушының актуалдық педагогикалық мәселе төңірегінде өз білімін көтеру мақсатында тақырыпқа ізденіс жасау, оқытушының жұмыс құжаттарын (жоспарларын) зерделеу, сауалнамалар алу барысында озат педагогикалық тәжірибелі оқытушылардың жұмыстарын жинақтау және жалпылау – жұмыстың негізгі аналитикалық бөлігін құрайды.

Озат педагогикалық тәжірибе – білім берудегі, соның ішіндегі педагогикадағы жаңашылдық пен зерттеушілік тәжірибеге сүйеніп, нақты дерктер мен соңғы жаңалықтарға негізделген теориялық талдау және жинақтаудан құралған білім беру мекемесінің немесе үнемі ізденісте болатын тәжірибелі педагог—маман еңбегінің жемісі. Ф.Ш.Терегуловтың [2] пікірінше, озат тәжірибенің әр кезеңінің (анықтау - зерделеу – жалпылау - көпшілікке ұсыну - енгізу) өзіндік критерийлері бар. Анықтау кезеңінің басты критерийі – тұрақты жоғары нәтиже, зерделеу кезеңінің критерийі – жоғары нәтиженің педагогикалық жетістікпен сабақтастығын талдау, жалпылау кезеңінің критерийі – тәжірибенің негізгі идеясын саралау. Көпшілікке ұсыну және енгізу кезеңдерінің басты критерийі – тәжірибе туралы мәліметтерді толықтыру, тәжірибенің базалық моделін жасау болып табылады. Озат педагогикалық тәжірибені зерттеу, жалпылау және тарату мақсатында колледжде «Озат педагогикалық тәжірибе» мектебінің ұзақ мерзімді жоспары құрылды. Жоспар аумағында келесі іс-шаралар өткізілді:

I. Ұйымдастыру кезеңі (анықтау). «Озат педагогикалық тәжірибе мектебінің Ережесі, озат тәжірибені оқып-үйрену үшін шығармашылық топ құрылды. Тәжірибелі оқытушылардың сабақтарына қатысу үшін кестелер жасалды. Тәжірибе тақырыбы бойынша әдебиеттерді оқу және материалдар картотекасы құрылды.

Озық тәжірибе тақырыптар анықталды.

Олар: Т.А.Атыхановтың «Математика сабақтарында «Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйе» педагогикалық технологияны қолдану арқылы студенттердің өз бетімен жұмыс жасау қабілетін арттыру[4]»;

Г.А.Юнусованың «Жаңа технологияның тиімді жолдарын оқу үрдісінде пайдалану арқылы студенттердің білім деңгейлерін арттыру».

II. Теориялық-тәжірибелік дайындық (зерделеу). Жоспарлы сабақтарға қатысып, талдаулар жүріп отырды. Сауалнамалар мен бақылау жұмыстары алынып, мониторингі жасалды. Оқу үрдісінде қажетті әдістемелік көмек көрсетілді (құжаттарды жазуда, тәжірибені өзіндік бақылауда, кәсіби деңгейін көтеруде т.б.) және нақты материалдарды жинау жүргізілді (әзірлемелер, сызбалар, жоспарлар, диагностикалық мәліметтер т.б.).

III. Құжаттар жиынтығы (жалпылау). Алынған мәліметтерге талдау жасалып, өңделді. Оқытушылардың сабақ жоспарлары, оқу-әдістемелік кешендері дайындалды. Басылым беттеріне мақалалары жарияланды.

IV. Таратылған тәжірибені бағалау және шешім қабылдау.

2012ж. Ғылыми-әдістемелік Кеңес №6 (28.06.2012ж) отырысында озат тәжірибе нәтижесі тыңдалды. Кеңес шешімімен Т.А. Атыхановтың «Математика сабақтарында «Оқытудың «Үшөлшемді әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологияны қолдану арқылы студенттердің өз бетімен жұмыс жасау қабілетін арттыру»; Г.А. Юнусованың «Жаңа технологияның тиімді жолдарын оқу үрдісінде пайдалану арқылы студенттердің білім деңгейлерін арттыру» тәжірибесі колледж ішінде тарқатылды.

V. Насихаттау, тарату және енгізу

2012-2013 о.ж. Озат педагогикалық тәжірибені тарату ашық сабақ апталығы, құжаттар көрмесі, шебер сыныптар апталығы, педагогикалық оқуларда баяндамалар жасау, оқу-әдістемелік кешендерін жинақтау формасында жүзеге асырылды.

2013ж. Ғылыми-әдістемелік Кеңес № 6 (28.05.2013ж.) отырысында озат тәжірибені тарату, жинақтау бойынша шығармашылық топ есебі тыңдалды. Кеңес шешімімен озат тәжірибені облыс көлемінде тарату ұсынылды.

2013 ж. (14 қараша 2013ж.) Біліктілікті арттырудың ұлттық «Өрлеу» орталығы АҚ облыстық филиалы директорының атына сұраныс жолданды.



